

Қ. Салғараұлы, Қ. Орманов, М. Ибрашев

ЖАДЫҢДА БОЛСЫН, ЖАС ҰЛАН

НЕМЕСЕ

ТӘРБИЕ ТУРАЛЫ ОЙЛАР

Қостанай, 2012

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті философия және саясаттану факультетінің Жалпы және этникалық педагогика, Дінтану және мәдениеттану кафедралары, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты педагогика кафедрасының мәжілістерінде талқыланып, жастар тәрбиесіне қажетті құрал ретінде ұсынылды.

Пікір жазғандар: Әл-Фараби атындағы ҚҰУ профессоры, ф.ғ.д. Т.Х. Ғабитов, Әл-Фараби атындағы ҚҰУ доценті, ф.ғ.д. Б.Қ.Бейсенов, осы университеттің философия және саясаттану факультетінің, жалпы этникалық педагогика кафедрасының доценті, п.ғ.к. Н.С. Әлқожаева мен осы кафедраның оқытушысы, п.ғ.к. М.Д. Шағырбаева, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты психология - педагогика факультетінің деканы, п.ғ.к. Г.А. Мұсабекова.

ЖАДЫҢДА БОЛСЫН, ЖАС ҰЛАН, немесе тәрбие туралы ойлар.

Авторлары: Қойшығара Салғараұлы – жазушы-тарихшы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (төртінші тарау).

Қуанышбай Төребекұлы Орманов – журналист (бірінші және екінші тарау).

Мейрамбек Ибрашев – заң ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі, 2007-2011 жылдары Қостанай облыстық Ішкі істер департаменті бастығының кадр мәселелері жөніндегі орынбасары (үшінші тарау).

Бұл, ұлттық тәрбие, діни тәрбие, құқықтық тәрбие, патриоттық тәрбие және ертең ел болам дейтін ұрпақтың қандай болуы керек екендігі, олар балалық пен жастықтың табалдырығынан аттамас бұрын, қоғамдық ортаның қайнаған қазанына түсіп, «өмір» деген ұлы көшке ілесу үшін қандай талаптарға сай болуы керек екендігінен аз да болса түсінік беретін еңбек. Кітап ата - аналарға, жоғарғы сынып оқушылары мен студент жастарға, ертеңгі ел болашағына, жалпы «тәрбие» деген ұлы істің мән-жайын білсем деген жастарға арналады. Еңбектің мақсаты дүние жүзі ғұламаларының ұрпақ тәрбиесі жөніндегі әр ғасырларда айтқан ойлары мен тұжырымдарын, қоғамның жастарға қояр талаптарын жастарға бір қадым болса да жақындату.

Бұл шағын еңбекті кешегі балалық шағын мен ертеңгі үлкен өмір арасындағы өткел, бірінен екіншісіне жетуге көмектесер баспалдақ деп түсінгенің дұрыс болар, жас дос.



Бұл еңбек, білсем деген жасқа арналып жазылып отыр.

**Бұл сөзді біреу алмас, біреу алар,
Құлағын біреу салмас, біреу салар.
Теп-тегіс көпке ұнау оңай емес,
Кейіне жарамаса, кейіне жарар.
Қайсысы ықласын салып тыңдар,
Жаратпай қайсыбірі теріс қарар.
Дүниеде сүйгенім бар, күйгенім бар,
Солардан аз да болса, белгі қалар.**

Ахмет Байтұрсынұлы

Ұлы ұстаздың сөзіне құлақ сал, жас дос!

Сен қандай бақытты едің, бүгінгі ұрпақ!

Біздің бабаларымыз ондаған ғасырлар бойы өзі ғана тәуелсіз болып қоймай, басқаларға да тәуелсіздіктің тәтті дәмін татуға мүкіндігінше қол ұшын бергенімен, 18 ғасырдың қырқыншы жылдары біздің ел, өзінің елі мен жерін басқалардан аман сақтап қалу үшін, амалсыздан орыстың ағаш қамытын мойнына ілген болатын. Тәуелді адамды не алға, не жан - жағына қаратпайтын, тек айдаған бетке қарай жүре беруге жетелейтін сол қамыттан құтылғанымызға жиырма жыл толып отыр. Сол тәуелсіздік алған жылы дүниеге келген жас биыл жиырмаға толды. Біреуге тәуелді болуды білмей, жан-жағына жалтақтамай, басқаның қыспағын көрмей өскен бүгінгі жас қандай бақытты!

Жас дос! Сен бүгін тәуелсіз Қазақ елінің азаматысың. Тәуелсіз елдің заңдары да, әр азаматқа қойылар тілек - талаптары да, мұндағы әр адамның туған елі алдындағы парызы да, өмірінің мәні мен мағынасы да кешегі Кеңестік дәуірдің жастарына қойған міндеттерден мүлдем басқаша. Кеше ғана ел орталыққа бағынып, олар қалай түсінер екен деп, не істесек те Мәскеуге жалтақтайтын заман өтті. Бүгінде біздің өз қолымыз өз аузымызға жетіп, өз еліміздің құрылысын өздеріміз жүргізіп жатырмыз. Енді, ел тізгіні, бұрынғыдай басқаларда емес, өзіміздің қолымызда. Біз қандай болсақ, еліміз де сондай болмақ. Себебі, бұл ел Сенің елің, бұл жер - ата - бабаңның саған қалдырған баға жетпес мұрасы. Сол байлыққа ие болу, оның тағдырына жауап беру, енді Сенің міндетің. Ендігі жерде елдің қандай болуы ең алдымен Сен мен Сенің замандастарыңа байланысты. Сондықтан да әр қазақтың баласы «Елім» деп өмір сүріп, Қазақтың туын биік көтеруге ат салысуға міндетті.

Әр адамның міндеті деген бар да, оны орындауға жол ашатын білім мен мүмкіндік, тәрбие деңгейі дегендер бар. Бүгінгі қазақ жастарының түсініктері, білімі мен мүмкіндіктері бір деңгейде емес. Көбіміздің көңіліміз әлі де болса, құлдық психологиядан, өмірге деген немқұрайлылықтан арыла қойған жоқ. Мына қолыңа алып отырған шағын ғана кітап, біраз нәрсеге Сенің көзіңді ашып, жол көрсетер деген ойдамыз.

Бұл кітап, бірінен бірі туындайтын, «Жалпы тәрбие» деген ілімді құрайтын, бірін бірі толықтыра түсетін: ұлттық тәрбие (Тәуелсіздік басы - тәрбиеде), діни тәрбие (Дін іліміне кіріспе), құқықтық тәрбие (Құқықтық тәрбиенің кейбір мәселелері) және азаматтық тәрбие (Елдік негіздері) деген төрт тараудан тұрады. Әр тараудың өзінің көтерер жүгі, сілтер бағыты мен бағдары бар.

«Тәуелсіздік басы - тәрбиеде» деген бөлімде, бір сәт болса да қазақи тәрбиеге көңіл бөліп, ұлттық тәрбиенің қыры мен сырына тоқталамыз. Соңғы жылдары біз елімізде жастарға білім беретін қазақ мектептерінің көбейгеніне қуанып жүрміз. Бұл мәселеге тереңірек үңілсек, бізге қазақша оқытатын ғана мектептер емес, шынайы қазақылыққа бет алған, ұлттық тәрбие беретін мектептер, балаларымызды қазақтың рухани байлығынан сусындататын мектептер керек екен. Мұнымен қоса біз соңғы жылдары «қазақстандық патриотизм» деген ұғымды жиі қолданатын болдық. Патриотизм - елін білу, елін сүю. Оның абыройын мен байлығын арттыруға өз үлесін қосу, кімнен болса да қай жағынан болса да туған жерді қорғауға әрдайым дайын болу. Біздің әр жасымыз өз елін сүйеді, оны қорғауға, оның экономикалық байлығын арттыруға, абыройын көтеругі қа-

шанда дайын дей аламыз. Бірақ, сол елі әр жасқа не бере алады? Оның елге деген сүйіспеншілігін одан әрі қалай арттыруға болады. Бүгінгі бала тәрбиесінде осы сұрақтарға жауап іздеген де дұрыс болар еді.

Соңғы жылдары дүниеде, міндеттері мен мақсаттары түсініксіз діни ағымдар көбейіп, көптеген жастар солардың шылауында кетіп барады. Тіпті, бір отбасының мүшелері бірнеше дін жолына түсіп, тіпті кей жерлерде туыс-туғандардың арасында түсінбеушілік те туындауда. «Дін іліміне кіріспе» деген бөлімінің міндеті жастарға, бүкіл дүние жүзіне танылған, мыңдаған жылдық тарихы бар негізгі діни ағымдардың мақсаттары мен міндеттерінен, ұстанымдары мен талаптарынан, салт-дәстүрлерінен аз да болса хабар беру.

Кітаптың «Құқықтық тәрбиенің кейбір мәселелері» деген бөлімі жастарымыздың Ата Заңымыздан бастап, білуге міндетті қоғамдық тәртіп пен заң талаптары, жалпы құқықтық тәрбиенің, осы жастарға керек-ау деген кейбір мәселелеріне арналған. Заң талаптарын біліп, оны бұлжытпай орындау кімнің болса да өмір сүруін жеңілдетені сөзсіз

Осыдан бірнеше жыл бұрын тәуелсіз ел болып, ұлттық құндылықтарымызды түгендей бастағанда, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, жазушы - тарихшы Қойшығара Салғараұлының «Ойлан, қазақ» деген үлкен еңбегі жарық көрген болатын. Біздің жастарымыз, елдігіміздің негіздерінен хабардар болулары үшін міне, осы еңбектің «Елдік негіздері» деген тарауын бұл кітапқа толығымен енгізіп отырмыз. Ұлттық сана, ұлттық намыс, ұлттық мүдде, ұлтымызды ерекшелендіріп тұратын тағы да басқа қасиеттерімізді білу - әр қазақ баласының міндеті болуы керек.

Міне, бұл кітаптың төрт тарауы сенің өмірге қанат қағар сәттегі айналаңды анық білу үшін аяқ тірер - төрт тағаның. Үлкен өмірді бастамас бұрын, алдағы уақытта сүйенер төрт тірегіңді беріктеп ал, Жас дос!

*Ұлым дейтін ел болмаса,
Елім дейтін ұл қайдан болсын...
Ахмет Байтұрсынұлы.*

Тәуелсіздік басы - тәрбиеде

Бауырым, кеше жас болдың, бүгін ер жеттің. Әр нәрсені де ойлатын кезге келдің. Ертеңін ойлайтын, өзінше ой қорытатын қай жас болсын өзіне - өзі: біз осы кімбіз, қайдан шықтық, тарихымыздың тамыры қайдан тартылады, біздің бабаларымыз кімдер болған, олар басқалардан несімен ерекшеленеді, біз немізбен мақтана аламыз,- деген сұрақ қояры заңды. Оларға айтарым - біз - түрікпіз, Дешті-Қыпшақтанбыз («Дешт-Қыпшақ» деп жүргеніміз - «Тыс қыпшақ» деген ұғым), қазақпыз және қазақ екендігімізді әрқашанда да мақтан етеміз. Сол мақтаныш сезімнің куәсіндей, біздің бабаларымыздың даңқты істеріне заманында ақындар талай жыр жолдарын арнаған болатын.

Шәкәрім:

*Қазақтың түп атасы - батыр Түрік,
Арабсың дегендердің бәрі шірік.
Пәленше сахабаның затысың деп,
Алдаған дін жамылған өңіңең жүлік...
...Астрахан, Қырым, Қазақ қаласында,
Болыпты төрт бөлік хан таласында.
Билеген бергі шетті Әбілқайыр,
1450 жыл арасында.
Осы кезде біздің «қазақ» атанғандық,
Түрікте бір әдет бар ескі заңдық.
Тамызып қанын сүтке қосып ішіп,
Анда деп жасайды екен туысқандық...
...Құралған әр рудан қазақ басы,
Анда деп қан қосылған қарындағы.
«Ел болып», өз еркімен еркін жүрген,
Деген сөз «қазақтың» мағынасы.*

Шәкәрім. «Қазақтың түп атасы» еңбегінен.

Мағжан Жұмабаев:

Түркістан - екі дүние есігі ғой,
Түркістан - ер Түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған,
Түріктің Тәңір берген несібі ғой.
Ертеде Түркістанды Тұран деген,
Тұранда ер Түрігім өсіп өнген.
Тұранның тағдыры бар толқымалы,
Басынан көп тамаша күндер кешкен.
Тұранда Түрік ойнаған ұсап отқа,
Түріктен басқа от боп жан туып па?
Көп Түрік енші алып тарасқанда,
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?

Мағжан Жұмабаев, «Түркістан».

Жұбан:

Мен - Қазақпын мың өліп, мың тірілген,

Жөргегімде таныстым мұң тілімен.

Жылағында жүрегім - күн тұтылып,

Қуанғанда, күлкімнен күн түрілген.

Мен - Қазақпын, ажалсыз анамын мен,

Құрсағыма сыйдырам даланы кең.

Пәк сәбимін бесікте уілдеген,

Дәуірлермен құрдаспын, данамын мен

Мен - Қазақпын, бір биік белеспін мен,

Еуропа да, Азия да емеспін мен.

Аралықпын - жетінші материкпін,

Бірақ, барша адаммен тел өстім мен.

Жұбан Молдағалиев. «Мен - Қазақпын» поэмасынан.

Қадыр:

...Қазақ осы - дала дейтін, күн дейтін,

Қазақ осы - «Өнер алды - тіл» дейтін...

Қадыр Марзалиев. «Қазақ осы» өлеңінен.

Бұл жазылғандардың бәрі қазақ жайлы, қазақ ақындарының айтқандары болса, кезінде поляк ақыны Густав Зелинский қазақтың елдігі мен ерлігіне таңқалғаннан, былайша жырлаған болатын.

Густав Зелинский:

Қазақ деген дархан халық, ең мықты,

Сұлтанға да ол бермеген теңдікті.

Соққан желге бөгет қандай болмаса,

Қазаққа да шексіз берген ерлікті.

Еш бөгет жоқ, көкте күні, ауасы,

Кең даласы тұрғанда оның көрікті...

...Кейде ұшқыр шартылдаған найзағай,

Кейде кек боп қадалатын саржадай.

Кейде өршіп кең даланың өртіндей,

Кейде егістей толқындаған жайма-жай...

Густав Зелинский. «Қазақ» поэмасынан.

Біз-қазақ деген мал баққан елміз.

Ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз.

Ешбір дұшпан басынбаған елміз.

Басымыздан сөз асырмаған елміз.

Басымыздан құт - береке қаипасын деп,

Найзаға үкі таққан елміз.

Достықты сақтай білген елміз.

Дәм - тұзды ақтай білген елміз...

Қаз дауысты Қазыбек бидің айтқандарынан.

Ия, қашанда да қазақ осы жазылғандарға сай болса ғой. Неге екені белгісіз, соңғы ғасырларда ер қазақтың сәл болса да белдігі босап, жоғарыда ақындар атап өткен сол ерлік пен өрлік бізден алыстап бара жатқан сияқты. Ойланатынақ жай! Көп білгіштер оның толып жатқан себептерін айтады. Ал менің түсінігімде оның кілті - қазақи тәлім мен ұлттық тәрбиені ұмытып бара жатқандығымызда сияқты. Соның нәтижесінде бүгінгі қазақ қоғамында - **кәрілерге медеу, еңбек етемін деген жасқа демеу көрсетілмей, ортаға салған асыл сөз тыңдалмай, күшті сыналмай, тепсе темір үзетін жастың жігері жанылмай, ортадан көзсіз батырлар шықпай, ен байлықтың ортасында отырып, қай жағынан болса да тапшылықты сезініп отырған елдің қара жаяу жүрісі неге жеткізер дейсің.** Ертеректе, осындай бір өтпелі заман туғанда Мұхтар Әуезов: **«Ел болам десең - бесігіңді түзе!»** десе, одан сәл бұрынырақ ұлтымыздың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы: **-«Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын»,**- деп, елдің көңілін ұрпақ тәрбиесіне ерекше аударған болатын.

Осыдан бірнеше жыл бұрын, заманында дүркіреп тұрған бір ауылға барғанда, қираған үй, күйзелген елді көріп, бұл қалай болды, деп сұрағанымызда, ортадан бір келісті де, келбетті келген, омырауын ақ сақалы әбден жапқан, үлкен кісі шығып:

- Енді қайт дейсіңдер, кезінде осы ауылда көз алдымызда жалаңбұт өскен балалар еді, бүгін сол балалар ауылды тонап, бізді жалаңбұт қалдырып кеткен жоқ па, деп күйзелген еді. Неге олай болды? Шамасы, бұл ауылдағы жастар кезінде ауыл үлкендерінен «ұлым» деген сөзді естімей, үлкендердің «ұлыма» деген қамқорлықтарын көрмей, өсе келе, олардың түсініктерінде, «мынау менің ауылым, менің жұртым, менің елім», деген ой туындайтындай жағдай жасалмағандықтан, ол жастар бүгінде елді ойламай, өздерінің қара бастарының қамымен кеткен сияқты. Бүгінгі Қазақстанда осындай халге жеткен - бұл бір ғана ауыл ма? Олар жүздеп саналады. Ол ауылдардың арғы жағында - аудан, облыс, түгелдей ел жатыр. Қазақтың қасиетіне жатпайтын бұл келеңсіздікті қалай тоқтатуға болады?

Балам дейтін жұрт болатын болсақ, жұртым дейтін баланы тәрбиелеу – бүгінгі біздің ұлт ретіндегі ұлы міндеттеріміздің бірі болуы керек. Бұл іс бүкіл қазақтың, соның ішінде ең алдымен ертеңін ойлаған ата-ананың, аға ұрпақтың, әсіресе ұстаздар қауымының басты міндеті болса керек. Өйткені, адам - адам болғаннан, әсіресе оның сана-сезімі оянғаннан бері қарай, оның тұрақты түрде тындырып келе жатқан ұлы істерінің біріншісі - күнделікті күнкөрісі мен тірлігі болса, екіншісі - ұрпақ тәрбиесі болғаны белгілі. Бұрынырақта бұл мәселе негізінен: айту, үлгі көрсету деген жолдармен атқарылса, келе-келе ұрпақ тәрбиесі, яғни, бала тәрбиелеу, оны шыңдау бір жүйеге, белгілі бір тәртіпке келтіріле бастағанын көруге болады. Тым ертеде қалай болғанын кім білсін, біз оқып – білгеннен бері қарай бала тәрбиесіне, ұрпақ тәрбиесіне арналған тәртіптер мен ережелер, талаптар мен тыйымдар қағаз бетіне түсіріліп, талай еңбектер жарық көргені белгілі. Олардың барлығының әр заманның, әр қоғамның, әр діннің тілек-талаптарына сай жазылғаны белгілі. Солардың ең алғашқыларының бірі,

бұл сөз жоқ - «Қабуснама». Аса бағалы, тәрбиелік мәні ерекше бұл еңбекті Каспий теңізінің оңтүстік жағалауын мекен еткен иранның ұсақ тайпалары билеушілерінің бірі Әмір Кейқаус өзінің немересі Гиланшахқа арнап 1082-1083 жылдары жазған екен (1. Қабуснама). Бұл аса құнды еңбек 1430 жылы - түрік тіліне, 1787 жылы ұйғыр тіліне, 1881 жылы - неміс және татар тілдеріне, 1886 жылы француз және орыс тілдеріне аударылған екен. Автор немересіне: «Менің дүниедегі жиып - терген ең қымбат асыл заттарым - саған арнап жазған осы үгіт – насихат кітабым», дей келіп, немересіне 44 тараудан тұратын насихат - нақыл сөздерін арнайды. Олар, Алла тағалаға арналған сөздерден басқа: үлкенді сыйлау, ата - ананы құрметтеу, өнер мен шешендікті меңгеру, қонақ күту, нәпсіні тыю, жігіттік және қарттық туралы, соғыс өнері туралы, ауруды емдеу, дос таңдау, перзент тәрбиелеу туралы, тағы да басқа толып жатқан ақыл - кеңестер. Оның: Ей перзентім, деп басталатын нақылдары мен өсиеттері заманында талайға өмір қараңғысын қақ жарып, айналасына жарық сәуле шашқан шамшырақ болғаны белгілі.

Араға бес ғасыр салып, әлде «Қабуснамадан» үлгі алды ма, ұрпақ тәрбиесіне арналып жазылған көлемді еңбек Еуропа құрлығындағы Францияда жарық көрді. Оның авторы - француздың ғұламасы Мишель Монтень. 1580 жылы баспадан шыққан бұл еңбектің (2. Мишель Монтен. Опыты. Москва, 1979. 703 б.) Қабуснамаға ұқсас жерлері өте көп. Ондағы мысалдар мен әңгімелер тура Қаубуснамадағыдай болып келеді. Ал, оның Қабуснамадан ерекшелігі, егер «Қабуснама» ұрпаққа арналған нақыл сөз, өсиет ретінде жазылса, адам психологиясын терең зерттеген және оның қыры мен сырын терең ұғынған Мишель Монтень өз еңбегінде жастарға ақыл айтудан гөрі, келер ұрпақ содан үлгі алсын деп, негізінен өз өмірін, өзінің көрген - білгендерін жастарға мысал етіп ұсынады. Сондықтан да болар, ол өз еңбегін - «Опыты» (Өмірлік тәжірибелер) деп атапты. Бұл еңбектің де толып жатқан тараулары достыққа, адамгершілікке, мәдениетке, қорқыныш пен сүйінішке, бала тәрбиесіне, киім киюге, ар-ожданға, атақ-даңққа, ашу-ызаны билей білу деген сияқты шынайы адамға тән қасиеттерге, оларды қалай сақтап, бұл өмірге қалай үйренуге, онымен қалай үйлесім тауып, шытырман өмірдің кемері биік шатқалынан қалай шығудың жолдарын көрсетеді.

Мишель Монтеньге дейін де толып жатқан ғұламалар, өмірден көргендері мен тергендері мол шынайы ұстаздар ұрпақ тәрбиесіне арнап қалам тартқан болатын. Олардың ішінде шығыстың жарық жұлдыздары: Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмед Яссауи, Сүлеймен Бақырғани, Әбунасыр әл-Фараби, Махмуд Қашқарилерді ерекше атап өтуге болады. Шығыстың ғұламалары ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән беріп, ұрпаққа асыл сөздерін арнап жатқанда, Еуропа ғалымдары да қарап қатқан жоқ. Олардың ішінде әсіресе француз Жан-Жак Руссо (3. 545.) Избранное сочинение. М.1961. Гос. издат. «Худ литература», глава: «Эмилъ или о воспитании» 1762 ж.) мен орыстың ұлы жазушысы Лев Николаевич Толстой да жастарға өз сөздерін арнаған болатын. Бұған дейін баланы дін жолына түсіріп, ең алдымен құдайға құлшылық етуге тәрбиелеген діндарлар, Жан-Жак Руссоның:

- Құдайға құлшылық емес, ең алдымен баланы өзінің табиғатына, мүмкіндігіне сай, тәрбиелеп, оны (баланы) ең алдымен өмір сүру өнеріне (кәсібіне) үйрету керек (3.),- деген сөздеріне қарсы шығып, оның бұл еңбегін Париждің орталық алаңында, ел алдында маскара етіп өртеп, Жан-Жак Руссо өз елінен әрең қашып шығады. Араға үш ғасырдай уақыт салып, Жан-Жак Руссоның тап осы ойларын ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин жалғастырып, қазақтың баласына кәсіп үйрететін мектептер ашса, Ыбырайдан кейін оның шәкірттерінің бірі, қазақ халқының рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы қазақ баласын тәрбиелеу ісіне жаңаша ой, жаңаша леп алып келген болатын. Ақаң: «Баланы құлша тәрбиелесең - құл болады, ұлша тәрбиелесең - ұл болады», - деп жазған еді, өткен ғасырдың басында.

Қазақ топырағында - Әмір Қейқаус, ғұлама мен Мишель Монтень бастаған, бала тәрбиесі мәселесіне арнап қалам тартқандардың бірі - ұлы Абай болды. Абайдың «Қара сөздерінің» (4. 127.) мазмұнына қарап отырып, оның алғашқы екі еңбектің ізімен жүргені көрініп-ақ тұр. Бірақ, ұлы Абай, елім дейтін ұл тәрбиелеудің жолдарын өзінше, ешкімге ұқсамайтын соқпақпен, қазақ топырағында ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық психология мен ұлттық дәстүрге сай, қазақтың бойына сіңген толып жатқан жағымды қасиеттеріне, далалықтардың өмір сүру салтына сүйене отырып жазды.

Ұрпақ тәрбиесіне ғасырлар бойы дін де ерекше көңіл бөлгені белгілі. Мысалы, Қытай жерінде туындап, ол елдің билеушілерін тәрбиелеуге арналған Конфуций ілімдері, бүгінге дейін өз елінде тәрбиелік мәнін жоя қойған жоқ. Інжіл мен Құранның талай тараулары адам тәрбиесіне арналған. Ұрпақ тәрбиесіне арналған еңбектердің бірі Мұхаммед Пайғамбардың «Хадистері» (5.). Бүгінге дейін Хадистердің санын тап басып айту қиынырақ болар, біздің қолымызда бары Н. Қазыбеков қазақшаға аударып, 1994 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Мұхаммед Пайғамбардың хадистері». Мұхаммед Пайғамбардың бұл кітапқа енген 688 хадистері шынымен де жастарды имандылыққа, ибалыққа, мәдениетке, адалдыққа, адамгершілікке тәрбиелеудің басты оқулығы болып табылады.

Басқа діндердің де ұрпақ тәрбиесіне айтарлықтай көңіл бөлгендері белгілі. Ал, Ислам дініндегі Мұхаммед Пайғамбардың Хадистері ұрпақ тәрбиелеудің сара жолы деуге әбден болады.

Өткен ғасырдың орта шенінде бүкіл дүние жүзінде ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөлініп, әр елден де ғалымдар мен жазушылар шығып, өз ойларын білдіре бастаған кезде француздың үлкен жазушыларының бірі Андре Моруа да жастардың тәрбиесіне арнап «Надежды и воспоминания» (6) деген үлкен еңбек жазған еді. Сол еңбектің: «Во что я верю», «Письма незнакомке», «Открытое письмо молодому человеку о науке жить» деген тараулары өмірлік тәжірибелері мол, кімге болса да үлгі аларлық - ақ дүниелер болатын. Әттең, қазіргі жастардың көңілдері тәрбие қағидаларына толы кітаптардан гөрі, теледидарға ауып бара жатқаны өкінішті-ақ.

Дүние жүзінде ұрпақ тәрбиесіне арналып, соңғы жылдары жарық көрген үлкен бір еңбек, бұл - 21 ғасыр басындағы ЮНЕСКО төрағасының кеңесшісі,

дүние жүзіндегі ең белгілі жазушылардың бірі - португалдық Пауло Коэльонің «Нұрдан жаралған жауынгердің кітабы» (Книга воина света) (7.47.). Бұл, қажетті дәрежеде білімі бар, жан - жағын көріп, тани білетін жастың жігерін жануға, қолына қару алып елі мен жерін қорғауға, қандай болмасын кедергіден сүрінбей өтуге дайын жас адамға арналған еңбек болып табылады. Ең бастысы, Пауло Коэльо әр жасты биік адамгершілікке, инабаттылыққа, берік достыққа, шыдамдылық пен парасаттылыққа шақырады. Ибалы, мәдениетті, білімді болу бар да, күш пен қуатқа толы қажырлы, адалдық үшін қандай болмасын күреске дайын, әділетсіздікке қарсы тура алатын адамды тәрбиелеу, бір басқа,-дейді ол. Қарап отырсақ, қай халық та ұрпағым жақсы болсын, бақытты болсын, әрқашанда да еліне, ата-анасына қызмет етуге дайын болсын дейді.

Жоғарыда атап өткен еңбектердің барлығының да басты мақсаты - өскелең жасты халықтардың дамуының әр ғасырында қалыптасқан рухани байлығынан сусындатып, солардың негізінде келер ұрпақты тәрбиелеу, оларды өмір баспалдағымен көтерілуге дұрыс жол сілтеу, елін сүйетін шынайы патриот дайындауға бағытталғандарымен, олардың жастарға көрсетер жолдары әр түрлі. Себебі, ол еңбектер авторлардың өмір сүрген замандарына, сол замандардағы қоғамның даму барысына, ол қоғамдарда жастарға қояр тілек - талаптарға, өскелең ұрпақтың заманына сай қалыптасқан сана - сезімі мен олардың білім деңгейлеріне тікелей байланысты етіп жазылған. Яғни, бұлардың барлығы өз заманының талабына сай жазылып, жарық көрген еңбектер деуге болады.

Бір кереметі, бұл еңбектердің барлығы да тәрбиенің басын ата-ананы құрметтеуден бастайды.

Хадистерден: *«Әуелі анаңа, тағыз да анаңа, тағыз да анаңа, содан соң Отаныңа жақсылық жаса», деген сөздерді оқуға болады.*

Мысалы Қабуснамада мынандай жолдар бар:

-Ей, перзентім, ата-ананы құрметтеудің қажет екенін ақыл-ой, парасат тұғырынан ойлап, білгейсің. Өйткені әр перзенттің тегі ата-ана зой. Не үшін ата-анама құрмет жасаймын деп ойыңа алма. Олар сен үшін өзін өлімге де қиятыны белгілі...

Егер әрбір перзент ақылды және дана болса, ол ата-ананың мейір-махаббатын құрметтеуден бас тартпайды... Ата-ананың міндеті- тәрбиелеу және жақсылыққа үйрету.

Ей перзентім, ата-анаңды ешқашанда да ренжітуші болма... Олардың көңіл күйіне қаяу салып, қапаландырмағын... Кімде-кім ата-ананың жақсылығын білмесе, басқа біреудің де жақсылығын бағаламайды. Егер сен, өз перзентім құрмет қылсын десең, сен ата-анаңды құрметте, сен ата-анаңа не істесең, саған перзентің де соны жасайды. Перзент жеміске, ата - ана жеміс ағашына ұқсайды. Жеміс ағашын жақсы күтсең, жемісі де жақсы, дәмді болады...

Бұлар сол заманда, осыдан бір мың жалдай бұрын айтылған сөздер болатын. Бірақ, бұл сөздердің құны бүгінде артпаса, кеміген жоқ.

Қазір заман өзгерді. Жаһандану да жан-жақтан қысып келеді. Біз бүгін тәуелсіз Қазақстанда өмір сүріп жатырмыз. Өскелең ұрпақ, осы тәуелсіз елдің

заңдарына, елімізде қалыптасқан қоғамның тілек - талаптарына сай тәрбие алулары керек. Олар бабаларымыздың мыңдаған жылдардан бері қарай жыйнақтап, ғасырлар бойы қалыптасып, аталарымыз асылдай көріп сақтап, әр қазақтың бойына әбден сіңген ұлттық тәрбие талаптарына сай болса, артық болмас еді.

Кеше ғана біздің басымыздан өткен Кеңестік дәуірде, қанша дегенмен ұрпақ тәрбиесіне айтарлықтай көңіл бөлініп, идеология да, рухани құндылықтарды насихаттау да болды. Сол дәуір талабына сай адам тәрбиелеуге де көңіл бөлінді. Біз ол заманды бастан кештік. Жақсысын да, жаманын да көрдік. Сол идеологияны дұрыс деп түсініп, коммунизм құрылысшыларының Моральдық кодексін жаттап, Кеңестік идеологияның тілек-талаптарын орындауға тырыстық. Орындадық та. Бірақ, ол заманда Кеңестік идеологиядан тыс, қазақ баласына қажетті деңгейде ұлттық тәрбие беретін, қалыптасқан үлкен орта болды. Ол кәдімгі қазақтың қаймағы бұзылмаған ауылдары еді. Ол ауылдарда, бастық, болмаса партия қызметкері емес, бірақ, көргені мен көңіліне түйгені мол, көкіректері алтын сандық, жүректері қашанда да «қазақ» деп соғатын, сол шағын ауылдағы ұлттың ұйтқысы болатын «алтын дінгек» аталар мен аналар еді. Шынайы қазақи қасиеттерді де, қазақтың тілін де, қазақтың салт-санасы мен дәстүрін де берік ұстайтын да, насихаттайтын да, елге үлгі етіп көрсететін де сол аталар мен аналар болатын.

Қазақтың, үлкенге сәлем беру деген жақсы дәстүрі бар. Ер жеткеннен кейін де ауыл жаққа жол түсіп, сол аталар мен аналарға сәлем бере барып, бар үлгі - өнегені, қазақи тәрбиенің мән жайын, салт - дәстүрді, сол кездегі ауыл қазағының ішкі дүниесінен біраз хабар алып, көптен көрмеген туыстарымызбен кездесіп, сыр шертісіп, балалақ шағымызды еске алып, мауқымызды басып қайта тынбыз. Ұрпақ тәрбиесі де, жақсы үлгі мен өнеге де, қазақылықтың негізі де, «қызға қырық үйден тыйым» да сол ауылдарда болатын. Бүгінде ол ауылдар жойылды. Жоқ болды. Кешегі, мыңдаған қазақтың жайлы мекені, талайдың туып өскен тал бесігі болған қазақ ауылдарының орындарында олардың жұрттары ғана қалды (әсіресе солтүстік облыстарда). Қазақ ауылдарын құрту - қазақтың тамырына балта сілтеумен бірдей. Сол ауылдардың «алтын дінгегі» болған аталар мен аналар тұрмыс тауқыметін көтере алмай, балаларына еріп - аудан, облыс орталықтарына, тіпті болмаса, басқа, тұрмысқа жайлы елді мекендерге көшіп кетті. Жаңа ортаға келген олар, сіңісе алмай, көпшілігі жаңа ортада өз орындарын таба алмай, көптің бірі болып қалды. Осылайша, жастарға қай жағынан болса да үлгі болар, оларға рухани тәрбие беретін, қазақи қасиеттерді олардың бойларына сіңіретін орта жоғалып, қазақи тәрбие көзден бұлбыл ұшып бара жатқан сияқты. Біздің бұл ұсынып отырған еңбегіміз сол ауылдан алар қазақи тәрбие мен үлгінің оннан, тіпті жүзден бірінің орынын толтыруға жарап жатса, құба-құп болар еді. Ол үшін бұл еңбекті зерделеп оқы, жазылғандарды ой елегінен өткіз, салмақтай - саралай келіп, керек-әу деген жерлерін кәдеңе жаратсаң болғаны, жас дос.

Тап осылай, тәрбие жайлы елге айтар сөзге келгенде ұлы Абай:

- Ел бағу? Жоқ елге бағым жоқ... Мал бағу? Жоқ баға алмаймын... Ғылым бағу? Жоқ, ғылым базарға да, ғылым сөзін сөйлесер де адам жоқ... Ақы-

ры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кім де - кім ішінен керек сөз тапса, жазып алысын, я оқысын, - деп бастайды, жастарға арналған Қара сөздерін ұлы хәкім. Абайдың жолымен жүріп, біз де, жастар бұл еңбегімізден керегін алар деген үмітпен сөзімізді жалғай берелік.

Біздің бәріміз де адамбыз және әркезде де сол атқа сай болуымыз керек. Жастардың жадында сақталсын, деген бұл әңгімені сол, «Адам» деген кім?- деген сұраққа жауап беруден басталық.

Адам - тарих үрдісінің субъектісі. Ол жер бетіндегі тірі организмдер дамуының ең жоғарғы сатысына көтерілген, ойлай, ой қорыта білетін, еңбек құралдарын жасап, оларды өз қажетіне жарата білетін, түсінікті сөз сөйлеп, қауымдаса алатын, пайдалы еңбек әрекетімен шұғылдана алатын, маңайындағылармен әлеуметтік қатынастарға түсе алатын, өзін де, өзгені де қорғауға толық қабілеті бар тұлға.

Адам - белгілі бір ортада туып, сол ортаның қалыптасқан талаптары мен тәртіптеріне сай, адамзаттың материалдық және рухани байлықтарынан сусындап, сол ортада қалыптасқан білім мен тәрбие жүйесінен сабақ алып өседі. Адам белгілі дәрежеге (жасқа) жеткенше осы құндылықтарды пайдаланып, өсіп, толып болғаннан кейін қоғамнан алғандарын, шамасы келгенше қоғамға қайтаруға міндетті. Бұл кімге болса да тән болуы керек. Ол адамды біз азамат, немесе азаматша дейміз. Азаматтық - әр адамның белгілі бір мемлекеттің азаматы қатарына жатуы. Біздің барлығымыз тәуелсіз Қазақстан Республикасының азаматтарымыз. Оны мақтан тұтамыз және де сол Қазақстан Республикасының азаматы, деген атаққа сай болу үшін бар күшімізді саламыз. Сай болу, ол ең алдымен, кіндік қаның тамып, туың тігілген жерге - менің елім, менің жұртым, менің Отаным деп қарау және сол Отанға барынша қызмет ету. Қай салада болмасын Отанның туын барынша биік көтеру. Бұл үлкен өнер, керемет біліктілік, әрқайсымыздың ел мен жер алдындағы айнымас парызымыз.

Сонымен, жұртым дейтін баланы тәрбиелеу неден басталады?

- Бала берсең - сана бер, сана бермесең - ала бер, - дейді қазақ. Яғни, бала тәрбиесінде қазақ, баланың амандығынан кейін бірінші орынға оның санасын қойған. Саналы баланы сан түрлі жолмен тәрбиелеуге, оған дұрыс жол сілтеуге болады. Санасызға не істей аласың!

Сана дегеніміз - түсінік, ұғым, ақыл, жад. Осы төрттіктің тоғысуынан басталатын саналы өмірде әр жас ендігі қалғанын - көрген, білгенімен, ойға түйгенімен, оқығанымен толықтыра береді, байыта береді.

Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі-ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады... Біреуі-білсем екен деп туады... (4). Абай. Қара сөздер).

Ғалымдардың айтқандарына сенетін болсақ, бала тумай жатып-ақ, оның ойы, мінездерінің кейбір жеке қасиеттері қалыптаса бастайды екен. Бұл жарық дүниеге келгеннен кейін, ол өзін бүкіл дүниенің кіндігіндей сезінеді де, басқаларға өзінің айналасында жүрген жай ғана қараң-құраң, тірлік иелері деп қана қарайды. Бұл кездегі оның ең басты мақсаты - өсу, салмақ қосу, денені қалпына

келтіру. Осы жолда сәбидің тұтыну қабілеттері бірінші орынға шығады. Келе-келе ол маңайындағыларды тани бастайды. Ата-анасының, ата - әжесінің, оның айналасындағы басқалардың да баланы айналып-толғанған жағымды үндерін, түсінбесе де оған арналған сөздерін, жылы алақандарын, ыстық ықыластары мен мерейлерін сезе бастайды. Бала туғаннан-ақ, оның бойына ана сүтімен толып жатқан қасиеттер дариды. Ата-ананың міндеті - баланың өсу барысында, оның бойындағы сол қасиеттерді дер кезінде оятып қана қоймай, жақсы қасиеттерді арттыра білу. Баланың көңілін аулап, қажет болса тіпті, алдап, оны жылы сезімнің, жылы-жылы сөздің күшімен өзіне ілестіру, жетелеу, өз ырқына көндіріп, оған дұрыс жол сілтеу.

Біз қаншалықты, олай емес десек те, бұл дүниедегі адамдар арасындағы түрлі көзқарас, жақсы ықылас, әсерлі сезім, жалпы материалдық та, моральдық та қарым-қатынастар - «мен - саған, сен - маған» деген негіздегі алыс пен берістен тұрады. Балаға жақсы қарасаң, ол да саған сонысымен жауап береді. Күлсең, ол да күледі. Оған қарап жылы-жылы сөйлесең, ол да «уілдеп», өзінше саған жауап қайтарады, сөйлеген болады. Сүйіспеншілік білдерсең, ол да сонысымен жауап береді. Бала мен ересек адамның арасындағы «мен - саған, сен - маған» деген осы. Ата-ананың жүрек жылуы мен мерейін рахаттана қабылдап, осыған жауап беруге тырысады. Осылайша өсіп, бала айналасындағыларды тани бастайды, олардың балаға деген көзқарастарын, ықыластарын сезініп, толысады, өседі. Бала анадан туғанда сүю, сүйіспеншілік деген сезімді біліп тумайды. Ол сезімді балаға маңайында жүрген, өбектеп еркелеткен ата-анасы, жақындары көрсетеді де, баланың оларды жақсы көруі, баланың сүйе білуі, үлкендердің балаға деген сүйіспеншілік сезімдеріне берген жауабы ретінде дамиды. Еуропаның біраз білікті мамандарды, «бесіктен белі шыққанша үлкендердің, әсіресе ата-анасының, жақындарының сүйіспеншілігіне бөленбеген бала, нағыз сормандай бала, өсе келе ол ешкімді де шынайы сүйе алмайтын болады», - дейді. Олай болмас үшін, баланы туған күннен бастап жан-жақты қамқорлыққа алып, оған бар көңілінді, ішкі энергиянды беруің керек. Осы жолда оның: анасының аялы алақанын сезу қабілеттері артып, көру, есту, білу, көргендерін, естігендерін, білгендерін есте сақтау қабілеті тұрақтана бастайды. Баланың болашағын ойлағын, балаға жақсы тәрбие беремін деген әрбір ата-ананың, тәрбиенің көрігін қыздыратын уақыты нағыз осы шақ.

Қазақта - аялы алақан, деген ұғым бар. Біз оны баланы аялау, әлпештеу деп түсінеміз. Ғылым бойынша, адамның бойы толған энергия екенін ескерсек, біз сол аялы алақанмен балаға өзіміздің мейірімізбен бірге, оның бойына қуат, өзіміздің жылуымыз бен жақсы энергиямызды сыйлаймыз. Сол арқылы бала, біздің оған деген жылы ықыласымызды, жақсы ойымызды сезінеді. Баланы - «Айналайын» дегенде, оны жәй айналып жүру емес, баланы өз жылуымымен қорғайын, жақсы энергияммен айнала құндақтайын деген ой деп түсінген жөн.

Адам туғанда оның бар болмысы ұлы үштіктің бірлігінен тұратыны белгілі. Ол баланың: **тәні, ақыл - есі және рухы**. Қазақта, тән мен жан бір, деген сөз бар. Адамды адам ететін осы ұлы үштік әбден қалыптасып болған кезде барып, кешегі өзінен басқаны біле қоймаған сәби, енді айналасындағылар: ата-анасы,

ата-әжесі, басқа да өзінен үлкендерді көріп, сезе бастағанда, оның бойында біртіндеп - әлеуметтілік (социальность) деген, ортаға үйрену, ортаға бейімделу, сол ортамен тіл табысу деген қасиеттері пайда бола бастайды. Ол дегеніңіз, баланың айналада болып жатқан жайларға, оны қоршаған адамдарға деген көзқарасының қалыптасуы. Ол біртіндеп, қоршаған адамдармен қарым-қатынас жасап, былайша айтқанда, баланың маңайындағылармен аздап болса да алыс-берісі қалыптасып, ол өзін қоршаған ортамен үйлесім таба бастайды. Жоғарыда, ұлы Абай атап өткен екі түрлі мінез осы кезде қалыптасады деуге болады. Бірі, тек қана ішсем - жесем десе, екіншісі айналасына таңқала қарап, нені болса да - көрсем, білсем деп талпынады. Ол жарыққа да, жылтыраған ойыншыққа да, сыбдыр еткен дыбасқа да, әсіресе құлағына тым жайлы, жұмсақ әрі жақын естілетін анасының үніне елеңдеп тұрады. Міне, осы кезден оның ішкі сезімі мен сыртқы әсерлерді қабылдауы дамып, солардың ықпалымен біртіндеп баланың мінезі қалыптаса бастайды.

Мінез, дегеніміз ең әуелі әр адамның тегіне, өсе келе оның ой - өрісіне, мәдениеті мен біліміне, иманы мен ибасына, сыртқы құбылыстарды қабылдауы, ең бастысы тәрбиесіне сай жылдар бойы қалыптасатын, адамның тек бір өзіне ғана тән ерекше қасиеттерінің жиынтығы. Ғалымдар мінезді адамның қан қызулығына, болмаса сол қан қызулығының қалпына сай (темпераментіне): сангвиник, холерик, флегматик, меланхолик деп төртке бөледі. Бұл ғылыми түрде адамның ішкі сезімі мен сыртқы әсерлерді қабылдауы, адамның оларға берген бағасының көріністері деуге болады. Олар жайлы түсініктер мен тұжырымдарды психология кітабынан оқып, игеруге болады. Сондықтан мінездің бұл төрт түріне тоқталмай-ақ қоялық. Біздің, Сіздерге жеткізгіміз келіп отырғаны және мінездің айнымасы, ол - **тұқым қуалаумен, ана сүтімен дарыған, яғни - туа біткен мінез.** Бұл қашанда да адамның бойында болатын, бар мінез. Жақсыдан - жақсы туады дегенде, ел әр баланы ата - анасына ұқсас мінездеріне қарап бағалайды. «Мінезі әкесіндей екен, болмаса, мінезі шешесіне тартқан екен», - дейді қазақ. Екінші мінез, ол - **жүре пайда болған, көрумен, оқу - тоқумен, тәрбиемен келген мінез,** дей аламыз. Ересек адамның мінезінің толып жатқан басқа да ерекшеліктері болады. Олар: шыдамдылық, байсалдылық, тұйықтық, жұмсақтық, қаталдық, қатыгездік, кейде «шорт» мінез, дейміз. Бұларға қосымша - мінездің қайсарлығы, мінездің мықтылығы, мінездің құбылмалылығы, сиымсыздығы, ең ақыры мінезсіздік, деген де қасиеттері болады. Бұл-бұл ма, өркөкіректік, көрсе қызарлық, қызғаншақтық, мақтаншақтық, ұрда-жық, деген де мінездер болады. Бұлар да жас баланың бойында тұқым қуалаушылықпен, анасының ақ сүтімен, айналасындағылардың үнімен, мейірімімен, тәрбиесімен, үлгісімен қалыптасады. Біздің бойымыздағы мінездің — жақсысынан, жаманы көбірек сияқты. Бірақ, көргенді, мәдениетті адам жаман мінезді барынша жасырып, жақсы мінезді асыра, жарқырата көрсетуге тырысатыны заңды. Жамандықты, бойдағы кемістікті ақылмен, біліммен, көргенмен ғана жеңуге болады.

Адам мінезінің қалыптасуында жоғарыда атап өткен, «мен - саған, сен — маған» дегендердің де рөлі өте зор. Бала сенің әр қимылыңа өзінше жауап

береді. Орыстар оны - «адекватность» дейді. Қазақтың, «Не ексең, соны орасың» болмаса, «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аларсың» деген осы болар. Яғни, жас кезінен баланың бойына не ексең, өсе келе соның барлығы бой көрсете бастайды. Жас бала құнарлы жер сияқты, сепкен затың тез өнеді, көрген білгендерін бойына тез дарытады. Ең бастысы, сол кезден бастап балаға барынша дұрыста, жан-жақты қамқорлық жасасаң, балаға дұрыс қарап, оның көңілі мен ыңғайын таба білсең, баланың бойында саған деген сенім туындап, ол: аш қалмаймын, мені уақытында тамақтандырады (емізеді), уақытында түбегімді тазартады, жаялығымды ауыстырады, жатқан жерім жылы, ұйықтағанда маған ешкім кедергі болмайды, т.т. жайларға, баланың күнделікті талабына сай, сенімі пайда бола бастайды. Ол сенім - баланың ертеңгі өміріне деген сенімінің бастауы, негізі болып қалыптасады. Сол сеніммен ол алға қарай жылжиды. Сонда ғана оның ас қорытуы, мезгілінде ұйықтап, барынша дұрыс дем алуы бір жүйеге келіп, оның бір қалыпты өсуіне жағдай жасалады. Берік сенім - батылдықтың белгісі. Сенімсіз адам - қорқақ, жасқаншақ, жалтақ болып өседі. Жүйелі тәрбие жүйесін тауып, баланың өсуі, салмақ қосуы, ой өрісінің дамуы, көргенді есте сақтауы, сенімі бір қалыпты болады. Бала тәрбиелеудегі ең басты мәселе - осы мінез бен оның бойындағы сенімді қалыптастыру болып табылады.

Адам өмір бойы оқиды, өмір бойы өзін-өзі шыңдайды десек, мінез де сол сияқты өмір бойы (негізінен, 20-25 жасқа дейін кімнің болса да мінезі қалыптасып болады дей аламыз) қалыптасады, көрген білгеніне, оқығанына сай өзгеріп, дамып отырады. Осы кезде адамның жанында ылғи да оған жан-жақты қамқорлық жасайтын ата-анасы, туған туыстары, жақсы ұстаз, өнеге көрсетер, немесе оның үлгі тұтар адамдары болуы керек. Ақыл-есі дұрыс, құлқы сау, болашаққа талпынған адам бұл өсу жолын тез игеріп, мінезі мен сенімін өз ортасына, оның талабына сай икемдей түседі.

- Адамның мінезінің ең биігі, ол - оның «Мені». «Мен» - ол еркіндік, ол толассыз әрекет, қай жағынан болса да оны өсуге ынталандыратын күш және де сол әрекеттің нәтижесі. «Мен» танымның (ғылымның) шеңберіндегі абсолюттік бастау, өйткені білімнің болу мүмкіндігінің өзі «Меннің» белсенді, өзін-өзі жасау қызметінің нәтижесі, дейді философ ғалымдар (8. 75.) Қ. Әбішев. Философия. оқулық. Алматы 2001. 256.). Яғни, әр адамның «Мені», ол оның бастаушы күші. Кімді болса да жетелеп алға шығаратын да, көштен қалдыратын да, ол - оның мінезі, оның «Мені». Кім болса да, шыққан төбем биік болсын деп армандайды. Сондықтан да кімнің болса да «Мені» күшті болғаны дұрыс. «Меннің» басты міндеті, сол «меннің» басқалардан кем болмауға, қатардан қалмауға, қай жағынан болса да, ең болмаса айналасындағылармен терезесін тең ұстауға, амалы болса, олардан озуға, өзін-өзі көрсете білуге жетелеу. Жігіттер көшеге шыққанда сәнді киініп шығуға тырысады, қыздар болса шаштарын тарап, көздері мен еріндерін бояп, беттерін опалап, «Мені көрдің бе» деп, елден ерекшеленгендей болып шығады. Бұл сөз жоқ, сол «Меннің» басқалардан ерекше болып көрінуге тырысқандығының әсері. Күшті, оданда күшті, сұлу оданда сұлу, білімді, одан да білімді болып көрінгісі келеді. Оны бұған жетелейтін, оның «Мені». Шегімен істелсе, не де болса жақсы ғой. Бірақ, кейде, мен - мендеп, айнала-

сындағыларды ұмытып, асып - тасып та кететіндер де болады. Қазақ: «Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас», деп жатады. Одан сақ болуы керек. Ненің болса да тым шектен шыққаны жақсылыққа апармайды. Міне, осы «Менді» қадағалау үшін адамға барынша, әлде мүмкіндігінше салмақтылық, қажетті дәрежеде білім керек, тәрбие керек, мәдениет керек. «Меннің» ең жаманы, кеше ғана қосылған жастардың бірінің - «менікі дұрыс», «менің ғана айтқаным болады», «менің айтқаныммен жүресің» деп, бір беткейлік танытуы. Бұл жақсылыққа алып бармайды. Бұл - нағыз тәрбиесіздік. Асып - таспай, адам боламын, азамат боламын десен, бойындағы екпіндеп күш алып келе жатқан «Менді» тізгіндеп, сабырман, ақылмен ауыздықтау керек. Ал тәрбиенің, білім мен мәдениеттің негізі педагогикада (жетелеуші) жатыр.

Жалпы баланы тәрбиелеу, тәрбие жайлы ойлар қай ұлтқа болса да тән. Қазақтың, оның арғы жағында - қыпшақтар мен түріктер, ғұндар тарихын оқи отырып, бабаларымыз бала тәрбиесіне, оның шынығып, шыңдалуына, қажыры мен қайратының қалыптасуына, ұл болса да, қыз болса да арлы, абыройлы болуына, әр адамның бойындағы «Меннің» оянуына қаншалықты мән бергендерін айқын көруге болады. Мұның барлығы ұлттық санамен, мәдениетпен, тұрмыспен, дәстүрмен атадан балаға айнымас мұра болып тарап, бүгінге дейін жетті дей аламыз. Далалықтардың, соның ішінде қазақтың бала туғаннан кейін - оны бесікке салуы, тәй-тәй баса бастағанда, ендігі өмірде адал бол, ешкімнің ала жібін аттамасын, деп екі аяғын ала жіппен байлып, тұсауын кесуі, ашамай жасап, атқа мінгізуі, алты-жетіге жетпей жатып сүндетке отырғызуы, асық ойнау, садақ тарту, баланы күрестіру, күш сынасу, аңшылыққа баулу, атқа мініп жарысу, өзін өзі үлкендер ортасында ұстай білу, үлкеннің алдына шықпау, әдеп сақтау, үлкендердің қолдарына су кую, олардың баталарын алу - бәрі - бәрі тәрбиелік мәні бар, ұлттық дәстүр болатын. Қатар, болмаса, бізден кейін өскен балалардың сүндетке отырғызғанда қожадан қорықпағандықтарын, шыдағандықтарын, жыламағандықтарын, ашамайда отырып атпен қанша жер жүргенін, асық ойнап, қанша асық ұтып алғанын, сақасының сай екенін, күресіп, кімді жыққаны, қандай әдіс пен айла қолданғаны, қалай шалғанын айтып мақтанғандарын талай естіп өстік. Бұл сөз жоқ, жас та болса, олардың «Менінің» бой көрсетуі болатын. Ата-анасының оған деген қамқорлығы, өмірінің алғашқы баспалдақтарына мән берулері, сол мақтаныш сезімдері, ертеңгі жігіттің бар болмысын, мінезін, қайраты мен қажырын қалыптастыруға, ұлтында барды өз бойына барынша сіңіруге әсер ететіні белгілі. Әсер етіп қана қоймайды, олардың барлығын ол өз өмірімен бірге ала жүреді, әр кез есінде сақтайды.

Елдің жадында жүрген, тәрбиелік мәні бар бұл жайлардың барлығын келер ұрпаққа айнытпай жеткізу үшін, олардың біразы кезінде қағаз бетіне түсірілді. Осылайша ұлттық педагогиканың жазба түрдегі негізі қалана бастады. Оған дейінгісін қайдан білейін, қазақта бала тәрбиесіне, педагогика тақырыбына арнап алғашқы жүйелі еңбек жазғандардың бірі, бұл - көрнекті ақынымыз Мағжан Жұмабаев болатын. Ол, сонау 1922-23 жылдардың өзінде «Педагогика» деген еңбек жазып, оны жастарды тәрбиелеудің негізгі құралы ретінде Ташкент пен Орынбор қалаларында бастырып, қазақ жастарына ұсынған болатын. Бұл

еңбектің құндылығы - Мағжан бабамыздың нені айтса да қазақша, әсіре ғылымилық пен мазмұнсыз аудармадан алшақтау, тәрбиенің мәні мен мақсатын, мағынасын қазақша түсінікті етіп бізге жеткізуі. Бұл жайға келгенде Мағжан айтады:

-Тәрбия ғылымдарының фактілерін таңдап алуға ұмтылдым, шамам келгенше қазақ жанына қабыстыруға тырыстым (көп пайдаланылған Рубинштейн, Скворцов, Смироновтардың педагогика туралы еңбектері болды)... (9. 9.) М. Жұмабаев. Педагогика. Қайта басылуы. Алматы. «Рауан», 1992,- 112.).

-Тәрбие, кең мағынасымен алғанда, қандай да болса бір жан иесіне тиісті рухани азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне, ой қорытуды үйреніп, дұрыс шешім қабылдауға келе алатындай дәрежеге жетуге көмек көрсету деген сөз... Тәрбиядан мақсұт адамды һәм сол адамның ұлтын, асса барлық адамзат дүниесін бақытты қылу. Ұлт мүшесі әрбір адам бақытты болса, ұлт бақытты. Адамзат дүниесінің әрбір ұлты бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты. Қысқасын айтқанда, тәрбиядан мақсұт - адам деген атты құр жала қылып жапсырмай, шын мағынасымен адам қылып шығару...

Тәрбие төрт түрлі, дейді Мағжан. Ол: **дене (тән) тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі, һәм құлық тәрбиесі**. Егер адам осы төрт тәрбиеге тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болады. Егерде адам жөпшенді ыстық, суық, аштық, жалаңаштық сықылды тұрмыста жиі ұшырайтын көріністерді елемейтін мықты, берік денелі болса, түзу ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын дұрыс ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы әуен, әдемі түрден ляззат алып, жаны толқынарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса, міне, осылай болғанда адам баласының дұрыс тәрбия алып, шын адам болғаны. Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбияны дұрыс орындасын. Бала аурулы, зағип болса, баладан емес, **тәрбияшыдан**; бала тар ойлы ақымақ болса, бала кінәлі емес, тәрбияшы кінәлі; бала сұлулықтан ляззат ала білмейтін мылқау болса, бала айыпты емес, **тәрбияшы** жазалы. «Бала істеген жауыздықтың жазасын тәрбияшы көрсін» деген иран елінің мәтелі - шын, дұрыс, дей келіп, Мағжан ұстаз, баланың қандай болуы ең алдымен ата - анасына, тәрбие берген ұстазына, оның берген тәрбиесіне тікелей байланысты екенін жазады.

Жалпы баланы тәрбиелегенде, оның бұл дүниеге, ең алдымен ата-ананың көзімін, келе - келе ұстаздың көзімен қарайтынын ешқашан да естен шығармау керек. Міне, осы кез балаға дұрыс та жан - жақты тәрбие беретін кез.

Енді, жоғарыда айтылған тәрбиенің төрт түріне көңіл бөлелік. Мағжан айтады: «Жаңа туған бала бір кесек ет қана деуге болады. Оның жан тұрмысы әлі де білінбейді. Сондықтан ата-ана жас баланы тәрбия қылғанда күшінің көбін баланың дене тәрбиясына (тән тәрбиесі) жұмсауға міндетті. Дене тәрбиясына жеңіл қарауға жарамайды. «Жанға дұрыс тәрбия қылынса болады, дененің қанша қажеті бар» деп ойлау дұрыс емес. Дене - жанның қабы. Қап берік болса, ішіндегі зат та берік болмақ. Дене - жанның құралы. Құрал мықты болса, иесі де мықты. «Сау жан - сау денеде ғана болады», деген адамзат дүниесінің ескі

мәтелі - шын, дұрыс мәтел»... (Бұл орыстың «В здоровом теле - здоровый дух» дегеніне, немесе қазақтың «Тәні саудың - жаны сау» дегеніне келеді.

Сонымен, дене тәрбиесі дегеніміз - баланың кем-тар болмай, дені сау, жасына қарай күш - қуат жинап, шынығып, қай мүшесінің болса да талапқа сай өсіп, жетілуіне алып баратын даңғыл жол, деп түсінгеніміз дұрыс болар. Дене тәрбиесі, кімнің болса да, денім сау, күшті қайратты, сымбатты болуым керек, деген жақсы ниетімен, өзін - өзі күте білумен, шынығумен, шыңдалумен, түрлі жаттығулармен, спортпен, таза су, құнарлы азық, таза ауамен келетіні белгілі.

Ал енді, жан тәрбиесі дегеніміз не? Мағжан айтады: Тегінде берік ұғу керек: адамның қымбат нәрсесі де, жұмбақ нәрсесі де сол жан. Қиын тәрбие тілейтін де сол жан...Жан деген жеке зат жоқ, **жан деген дененің тірлігі деген сөз... Яғни, жан деген ойлау, сезу, һәм басқа барлық жан көріністерінің жалпы аты...**

Көптеген ғалымдар жан тәрбиесіне келгенде, адамның жанының не екенін анықтап, жанның қайда болатынын іздеп, шыбын жанды не көре алмай, не таба алмай, сөзбұйдаға салынатыны бар. Біз жан тәрбиесінің негізі ретінде жаңағы Мағжан айтқан – «ойлау», «сезу» дегендерге ұлы Абайдың:

Әуелде бір суық мұз - ақыл зерек,

Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.

Токтаулылық, талапты шыдамдылық,

Бұл қайраттан шығады білсең керек.

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боларсың елден бөлек, дегендегі - **ақыл, жүрек, қайратты қосалық.** Тағы да Абай айтады:

Жүрек - теңіз, қызықтың бәрі - асыл тас,

Сол қызықтан өмірде жүрек қалмас.

Жүректен қызу-қызба кете қалса,

Өзге тәннен еш қызық іс табылмас.

Достық, қастық бар қызық - жүрек ісі,

Ар, ұяттың бір ақыл - күзетшісі.

Ар мен ұят сынбаса, өзге қылық,

Арын, алқын - бұл күннің мәртебесі... (10.).

Міне, бұл айтылғандарға, біз адамның ішкі дүниесінен сыртқа тасып шығып жатқан толып жатқан қасиеттерін қосатын болсақ, сонда ғана жан тәрбиесінің көріністерін анық байқай аламыз. Олай болса, жан тәрбиесі дегеніміз – адамның ішкі сезімдерінің, көрген мен естігенді қорыта білуі, яғни, жан дүниесінің тәрбиесі болмақ. Жан тәрбиесінің басы - психикада жатыр. Психикасы дұрыс адам ғана жан тәрбиесін қабылдай алады, оны бойына сіңіре алады. Мағжан айтады: Жан дене іскерлігінің, әсіресе нерв системасы мен ми іскерлігінің бір түрі. Яғни жан деген жеке зат жоқ, жан деген дененің тірлігі деген сөз...

Ақыл - дегеніміз көргенді, естігенді, өсе келе оқығанды есте сақтау, одан өзінше ой қорыту, бір тұжырымға келу, сол ойдан ой туғызып, ойды

өрбіте алатын қабылет болса керек. Яғни, ақыл дегеніміз - біздің айтылған мен көргенді есте сақтау, солардан барып ой қорыта алуымыз, ойға сақтағанымыз, зейініміз бен жадымыз. Ұстаздар, ақылды бала дейді. Ол қандай бала? Ол – айтқанды түсінетін, есте сақтай алатын, жақсы мен жаманды айыра алатын, мектеп жасына келгенде сабақта мұғалімнің айтқанын тез ұғып, есіне сақтап, үйге берген тапсырманы барынша дұрыс орындап келетін, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренетін, аламгершілік жағынан үнемі өсу жолында келе жатқан бала.

Баланың есте сақтауына келгенде, ең алдымен оның айтылар сөзге, уақиғаға, кітап жолдарына көңілін тоқтатып, зейін салатындай жайға жеткізіп, яғни көңілін аударып, екінші кезеңде айтылар сөзді бала тез ұғып алатындай етіп, қысқа да нұсқа дегендей, ойынды дәл, оның көңіліне әсер ететіндей етіп айту керек. Егер, ол сөздер баланың көңілінен шығып, құлағына жағып, ойына әсер етсе, оларды еске сақтауы да ерекше болары сөзсіз. **Осылайша - айтқанды, көрген - білгенді, оқығанды есте сақтау арқылы оның ақылы артып, біртіндеп толыса бермекші. Ақыл шексіз. Ол - әр адамның өмірден көргені мен білгендерінің, оқығанының, ойға түйгендерінің, тоқығандарының жиынтығы.** Көре-көре көсем боласың, деген осыдан туындаса керек. Ал, ақылды адамның басқалардан артықшылығы - оның оқыған, білген, өмірден алған үлгі өнегелерін барынша дұрыс пайдалана, жүзеге асыра білуінде. Мұндай адамдарды - «кеудесі алтын сандық», - дейді халық. Мишель Монтен былайша жазады:

-«Я видел на своем веку сотни ремесленников и пахарей, которые были более мудры и счастливы, чем ректоры университетов и предпочел бы походить на этих людей».

-Мен өз өмірімде тіпті, университеттің ректорларына қарағанда анағұрлым ақылды да бақытты, жүздеген кәсіпкерлер мен егіншілерді көрдім. Мен соларға ұқсап, солар сияқты болсам деймін, - дейді дана Мишель Монтень. Оның айтып отырған кәсіпкерлері мен егіншілері өмірден көргендері мен ойларына тоқығандары мол, сонысымен де даналыққа ие болған жандар болатын.

Ақылы толысып, қай жағынан да ақыл мен білімнің кемеріне жеткен адамды біз - кемеліне жеткен адам, дейміз. Қазақта: «Кемерлі белбеу - бел сәні, кемелді жігіт - ел сәні», - деген сөз бар. Кемелге жету, елдің сәні мен қамқоры болу - бұл кімнің болса да шығар биігі, арманы болуы керек.

Ертеректе, Асан қайғы:

Құйрығы жоқ, жалы жоқ,

Құлан қайтіп күн көрер.

Аяғы жоқ, қолы жоқ,

Жылан қайтып күн көрер?, - деп уайымдаса, Мөңке әулие:

Ақылы жоқ, ойы жоқ,

Адам қайтіп күн көрер! деп, Асанқайғының ойын әрі қарай өрбіте түскен болатын. Тіпті, қарапайым өмір сүру үшін де ақыл керек екен.

Ақыл жайлы Мұхтар Әуезов былай дейді:

Ақыл адамның көрігі - ақылдың сабыр серігі...

Яғни, ақыл болған жерде сабырлылық та болуы керек екен. Бұл қасиеттер бірінің - бірі айырылмас, егіздің сыңары сияқты.

Сондықтан да, қатардан қалмай өмір сүремін десең, ақылдың, ақылдының ауылына жақын болған дұрыс.

Қабуснамадан:

- Ей, перзентім, рухани сезім, яғни жадында ұстау, ойлану, қиялдау, сөйлеу шараларын жүзеге асыру жан дүниеге жиналады. Адамның тәніндегі қадірлі нәрселердің белгілі қайнар көзі жоқ. Олардың орнын көрсетуге де болмайды. Мысалы: жомарттық, данышпандық, кемелділік, қайырымдылық, ұлықтық. Бұлардың бәрінің негізі - ақыл. Сол ұлы ақылдың ықпалы мен адамның денесінде, жан - дүниесінде пайда болатын қасиеттер жоғарыдағы айтылғандар. Демек, тән-жанмен, жан- деммен, дем-ақылмен тірі. Әрбір адам тірі жансыз емес, демі бар адам ақыл ойсыз емес. Бұл жағдай жалпы адамның бәріне тән болатын жәйіт. Демек, шын мәнінде ақылсыз, ар-ождансыз тән болмайды...

Малсыздықтан жарлы болсаң да, ақылға бай болу үшін жаса. Өйткені малмен бай болғаннан гөрі, ақылға бай болған жақсырақ. Наданның жарлы болуы бір сәт. Аңдасаң, ақыл деген, бір қымбат нәрсе. Оны ұрлап алып кете алмайды. Ол отқа жанып, суға ақпайды. Егер ақылың болса өнер үйрен. Өйткені өнерсіз ақыл - киімсіз дене, яғни кескінсіз адам сияқты деуге болады. «Білім-ақылдың ажар-көркі», - деп босқа айтылмаған... Білім үйрену үшін еңбекқұмар болып, бойыңды жалқаулыққа үйретпеуің қажет... Дене деген, әрекетсіздік жан рахатымен достасып алса, ол саған өз ықтиярымен бой ұсынбайды... Сен оған жетекшілік жасамасаң, дене ешнәрсеге де басылық етпейді...

Жалпы білім мен өнердің негізі- әдеп, қанағат, ұят, пәктік, сақтық, мейрімділік, ұстамдылық, «Ұят-иманға тән» деген екен. Бірақ көп жағдайда шамадан тыс ұяңдық өзіңе зиян келтіреді. Әдеттен тыс ұялишақ болма. Ұялишақтық әр кез қателесуіңе себепкер болып, бастаған ісіңе нұқсан болады...

Абай Хәкім айтады: Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де ақымақтық...

Біз ақыл-ой дейміз ғой. Сол, ақыл мен ойды логикалық тізбекке салып, әрі қарай дамыта білу, бұл - ой өрісті дамытудың басты жолы.

Ерте-ерте заманнан түріктерден мынандай жазу қалыпты. Оны мен Қытайда тұратын қазақ жазушысы Зейнолла Сәніктің зерттеулерінен оқыдым.

-Ежелгі шығыс уағызында мынандай тәлім айтылады екен. Адамның қалауының үш қайнары бар екен. Олар: Жан, Сана және Тән. Жан қалауы - достық, Сана қалауы - сыйластық, Тән қалауы - құмарлық. Ал осы үшеуінің қалауынан махаббат пайда болады (11. 50.).

Сана. Құдырет жаратқан жан - жануарлардың ішіндегі ең саналысы - адам. Адам басқалардан сол санасымен ерекшеленеді. Сана дегеніміз - көргенді, естігенді, оқығанды есте сақтау, ой қорыту, көңілге тоқу, сол есте

сақталған жайларды өз өміріне, күнделікті тірлігіне, іс-қабылетіне пайдалану.

Біз кейде инстинкт, кейде сана, дейміз. Инстинкт - ол табиғаттың жасап берген жоспарымен атқарылады. Инстинкт - жан-жануардың бойында жоспарланып қойылған бір схема (сұлба). Қандай жағдай болмасын жан-жануар инстинктің талаптарын орындайды. Не бір қиындық болмасын, сол инстинктің талаптарын орындау жолында олар жандарын да аямайды. Баратын жерге мыңдаған километр жүріп, болмаса ұшып барады (жыл құсының ұшып келуі мен кетуі, марал басқа да жан-жануарлардың тірлігі, балықтардың уылдырық шашатын жерге жетуі, олардың көшуі, ұрпақтарын қорғауы, араның бар тірлігі (ұя салу, нәр жыйнау, бал сақтау), көп жануардың туғаннан кейін бірден жүріп кетулері, т.т.. Жан-жануардың қорғануы, көбеюі - бәрі-бәрі инстинкт. Инстинкке адам да бағынады. Қорқу, өзін-өзі сақтау, т.т. Бірақ адамның басқалардан басты айырмашылығы, ол көп дүниені инстинкт емес, саналы түрде, ақылмен жасауында. Рухани байлығымыздың бәрі бізге санамен келген. Сананың құрамдас бөлшектері көп.

Ой - ойлау - әр адамның тыс дүниенің сырын ұғынуы, өзінен тыс объектілермен ойша қатынас жасап, соның негізінде өзінің идеалдық дүниесін, бейнесін жасайтын қызметі. - Мен ойлаймын, ендеше мен бармын. Ол еш дәлелді қажет етпейтін аксиома,- дейді философтар. Ойлау - барлық психикалық процестерді қамтиды.

Адамның ойы айна сияқты. Біраз уақыт өткеннен кейін, ойдың көмегімен - көргенді, естігенді, оқығанды көз алдына алып келуге болады. Біз мұны ойға түсіру, дейміз. Ойға түсіру - естіген білгенге, көргенге, оқығанға естен берік орын алуға көмектеседі. Осылайша, ойға сақтау мүмкіндігімізді арттырамыз.

-Естіген нәрсені ұмытпастыққа - төрт түрлі себеп бар, дейді Абай: - әуелі - көкірегі байлаулы берік болмақ керек;

-екінші - сол нәрсені естігенде, я көргенде ғибрәтлану (өнеге, сабақ алу) керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек;

-үшінші - сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек;

-төртінші - ой, кеселді нәрселерден қашық болу керек...

-ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы - күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, ... Бұл төрт нәрсе - күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер...

Біреу біреуден, сол мәселені ұмытпадың ба деп сұрағанда, ол, жоқ ұмытқан жоқпын, ол әркез менің жадамда ғой деп жауап береді. Біздің күнде көріп, жұмыс істеп жүрген компьютердің, орысша «память» деген болады. Сол, «память» - біздің жадымыз. Нені болса да біз ой тізбегіне салып, жадымызда сақтаймыз. Компьютерден, біз белгілі сайт арқылы керек материалды іздеп, тауып алғандай, біз де керек ойды, көрген-білгенді жадымыздан, еске (ойға) түсіру арқылы көз алдымызға елестетеміз. Міне, осы ойға түсіруді шексіз өрбітсек, ол кейде қиялға ұласады. Біз өткенді, көргенді, оқығанды ойға түсіреміз, қиялдаймыз, қиялдың көк дөненіне мініп, кешегі жүрген жерлерімізді шарлап, кешегі

көрген адамдарымызбен ойша жолығысып, олардың асыл бейнелерін көз алдымызға алып келіп, бір сәт болса да мауқымызды басамыз. Қиял адамның ойын, оның ақылын алға жетелуші күштердің бірі. Ойдан, ой туындайды. Ойды, ой жетелейді. Ой, қиял, арман - жалпы адамзатты алға жетелеуші күш. Бүгінгі ғылымның қол жеткен табыстарының көпшілігі сол қиялдың нәтижесі екенін біз жақсы білеміз.

Қиял желісіне түскен адам, сондай болсам, сол биікке жетсем, сондай шығарма жазсам, бір жаңалық ашсам, ел мені білсе, таныса деп қиялдайды. Дұрыс ойлап, дұрыс жолды таңдай білсең, білімнің, ғылымның негізінде қиялдасаң, қиялыңның нақты тірегі болса, қиялды шындыққа айналдыру, кімге болса да әбден мүмкін. Ертеректегі фантаст жазушылардың ақылға - дұрыс ойға сүйеніп жазғандары, бүгінде шындыққа айналып жатқан жоқ па? Бірақ, орындалмайтын, өмірде жүзеге аспайтын, ғылыми тірегі жоқ қиялды ойлап, қайткен күнде де соған жетем деп қиялдап, қиялилықтың жолына түсіп кетіп жүрме! Ол - ауру.

Нерв - жүйке.

Бәрі де ойлаудан туындайды. Әрбір ойлай білетін адам, ойлаған ісін жүзеге асыра алмағанда, жүзеге асыруға оның не ақылы, не білім, не қаражаты, не күші жетпей, жалпы жағдайы келмей қиналғанда, сол амалсыздықтың, дәрменсіздіктің ең бірінші салмағы ең алдымен адамның миына, жүйкесіне түсетіні сөзсіз. Сонда қазақ - шаршадым, жүйкем тозды, дейді. Ой мен дәрменсіздік оны басқа ойға жетелейді. Оның да шешімі табылмайды. Ойын жүзеге асыра алмаған адам одан әрі шаршайды. Міне, осы кезде жүйкенің әбден тозары заңды құбылыс. Көп жағдайда адамды осындай жайға, жай ғана құбылыс (ситуация) емес, қоғамда, өз өмірінде болып жатқан не бір келеңсіздіктер, кейде бір тұрақты түрде қалыптасқан келеңсіз жайлар, бірдеңенің жетіспеушілігі, бір нәрсеге көңілі толмаушылық алып келеді. Адамға не жетпейді? Уақыт жетпейді. Оны түсінетін досы мен орта жетпейді. Қаржы (ақша) жетпейді. Шыдам жетпейді. Білім мен тәжірибе жетпейді. Жетпейтін зат көп. Жетпестің орнын толтыру жеке адамның ғана емес, бүкіл қоғамның да міндеті. Бірақ, кейде қоғам мен жеке адамның ойлары бір жерден шықпай, мақсаттары әртүрлі болып, бірі - бірін түсіне алмай, біріне-бірі қол ұшын бере алмай жатады.

Қауымдастық - қоғам о баста адамдардың бірінің - біріне қол ұшын беру, көмектесу қажеттігінен пайда болса, қоғам өсе келе, кеңейе келе, оның толып жатқан тәртіптері, талаптары, заңдары, тағы да басқа өмір ағысы қайшылықтарының пайда болу негізінде, адамдардың жүйкесін тоздыратын жайлар (реніш, өсек, өтірік, ғайбат сөз, қызғаныш, көре алмаушылық, жағымсыз мінездер) көбейіп кететін кездері де болады. Бұл ең алдымен қоғам мүшелерінің тәрбиелерінің, мәдениеті мен білімдерінің төмендігінен, мүдде бірлігінің жоқтығын, болмаса сол бірліктің нашарлығын көрсетеді. Ондай қоғамда өмір сүріп, белгілеген бір мақсатқа жетем деу, бекершілік.

Адамың жүйкесі ең алдымен оның денсаулығына, тіпті өміріне зиян келтіретіні шындық. Сондықтан, кім болса да ең алдымен жүйкесін, сосын барып өзін-өзі сақтай білуі керек. Тарихи еңбектерде, уайым-қайғысыз, ауру-сырқау-

дан ада, ойлағандарын жүзеге асырып, қоғам мүшелеріне жан-жақты жағдай жасалып, олар армансыз өмір сүретін елдерде адам аурудан емес, тек кәріліктен ғана, онда да жасағандарынша жасап, өмірдің қызығын әбден көріп болғаннан кейін өледі екен. Мишель Монтеннің еңбектерінен мынандай жолдарды оқуға болады:

-«Бразилияның байырғы тұрғындары тек жастары жетіп, әбден қартайғаннан кейін ғана өледі екен. Бұған олардың дем алатын ауасының, ішетін суының тазалығы, көңіл күйлерінің көтеріңкіліктері, жаппай жетістік, олардың арасында қалыптасқан теңдік пен еркіндіктің, ешқандай дінге, ел билеушісіне, еш заңға бағынбай, олардың үстемдіктерін сезбей, қысымдарын көрмей сүрген өмірлері мүмкіндік береді екен»...

Мұндай өмірге қазақ қашан жетер екен? Тап осындай - армансыз, өмірдің бар қызығына тойып болғаннан кейін барып, әбден қартайғаннан кейін өз еріктерімен жартастан теңізге секіріп өлетін гипербореялар жайлы кезінде Н.М. Карамзин де (12) жазған болатын. Міне, бұлар ойлағандарын жүзеге асырып, ешкімнен, еш қысым көрмей, еш заңға бағынбай, өз қалауларымен өмір сүрген жандар. Бүгінде олай емес. Адамның жауы - адам болды, адамның, қоғамның ойлап тапқан тәртібі болды. Әр қоғамның өзінің ортақ заңы бар, не істесең де қақпайлап отыратын ортаның тәртібі мен талабтары бар, қысым көрсететін күштілер мен басшылары да жоқ емес. Бұған қосымша - ішетін суымыз да, жұтатын ауамыз да, қоректенетін азық-түлігіміз де аналардікіндей тазалығымен ерекшеленіп тұрған жоқ. Сондықтан, осы ортада күн көріп, осы ортада ұрпақ өсіріп, болашаққа үмітпен қарайтындай өмір сүруге, бар көрген білгенімізді жүйкеге жеткізбей, неге болса да шыдап, шыдамды, бірімізге-біріміз кешірімді болуға үйреніміз керек. Әркезде де, айналамызда бізден басқа да адам, бізді қамқорына алған қоғам, бәрімізді қалыптасқан жолмен жүргізетін заң барын, кім болса да өзі өмір сүретін ортаға - білімі, мәдениеті жағынан сай болуын ескере отырып, өмір сүруге үйренуіміз керек болар. Сол тәртіпті сақтап, сол заңды біліп, оған бағынған күнде ғана біз жүйкемізді тоздырмай, шаршамай, шалдықпай өмір сүре аламыз. Ең бастысы - адамдар бірін-бірі сақтай, қорғай, бірін – бірі қолтығынан көтеріп, демеу болуға, қуаныш пен ауыртпалықты бөлісуге үйренулері керек. Дос осындайда керек. Сонда ғана біздің жүйкеміз тозбай, онымен келетін ауру-сырқаудан аман боламыз.

Деннің саулығы Жасағанның бізге сыйлаған үлкен бір байлығы. Өзін-өзі ойлайтын, өзінің болашағы үшін күресетін адам үшін - денсаулықты сақтау басты міндет. Күнделікті тірлікте біз, көрінетін мүшелеріміз болмаса, қалғандарының бар-жоғын сезе қоймаймыз. Сезбегенің - сенің денсаулығыңның дұрыс болғаны. Дене мүшелеріміз ауырған кезде ғана бізге өздері жайлы хабар береді. Сонда ғана біз, біздің сондай мүшеміз бар екенін біле бастаймыз. Өйткені ол мүшеміз өзі ғана ауырмайды, бізді - бүкіл денемізді ауыртады. Сол ауырған мүшемізге дер кезінде көмек көрсетіп, жалпы денсаулығымызды сақтау-біздің міндетіміз. «Денсаулық-зор байлық», дейді қазақ. Сол байлығымызды бағалай да, сақтай да білейік. Бірақ, біз сол денсаулығымыздың қадірін білмей, оны көрінген нәрсеге құрбан етіп жүрміз. Түрлі дәрілер, арақ, темекі, есірткілерді бы-

лай қойғанда, ең бірінші - ашқарақтанып, мөлшерсіз тоя ішіп, тамаққа құрбан етіп жүрміз. Екінші сәнге құрбан етіп жүрміз. «Меннің» жетегінде кетіп, сәнді көрінеміз деп, денемізді суықтан, ығзардан, желден, ыстықтан қорғамаймыз. Бізге, денсаулықтан - сәніміз артық болды. **Көп жас, сәннің бір мезеттік, ал денсаулықтың өмірлік екендігін білмейтін сияқты. Білмейді емес-ау, «Меннің» жетегінде кеткендер түсінбейді, түсінгілері де келмейді.** Сән қуып, қыста жұқа етік, туфли, жұқа шапанмен, сән мен мода қуған қыздарымыз қыстың қақаған аязында капрон шұлықпен жүре береді. Бұл, оның не өзін сыйламағандығы, не өзінің ертеңін ойламағандығы. Қыз балаларға, тіпті обал. Олар болашақ аналар ғой. Ертең одан қандай бала туады? Сен өзің ғана емес, ол бала да қазақтың байлығы, болашағы екенін біліп қой. Ол жағын ешқашанда да естен шығармайық. Деніміз сау кезде, біз денсаулықтың қадірін білмейміз. – Ауырсаң білерсің, дер едім. Бірақ, ол кезде кеш болады. Қазақтың «Баланы – жастан, қатынды - бастан», деген асыл сөздеріне қосымша, **денсаулықты туғаннан сақтай білуіміз керек**, дегім келеді. Біздің денсаулығымыз - жеке өзіміздің ғана емес, бүкіл ұлттың байлығы екенін ешқашанда да естен шығармаған дұрыс.

Халықтың арасындағы: еврейлер дәрігерге ауырудың алдын алу үшін қаралады, орыстар дәрігерге ауырғаннан кейін қаралады, қазақтар ауру әбден меңдегеннен кейін қаралады,- деген сөздері дұрыс па деймін. Бізді, қазақтың, «ертеңі» мен «әй - қойшы» жеңіп бара жатқан жоқ па, осы. Бұрынғы бабаларымыз, сәннен гөрі, өзінің ғана емес бүкіл елдің байлығы болып табылатын – денсаулықты қадірлеген. Өздерін өздері, суықтан да, ыстықтан да сақтай білген. Сұлуынан - жылуы деп, жылдың уақытына қарап киім киген. Әсіресе, **аяқтан сыздың, төбеден күннің өтпеуіне, бел мен желкеден суық ұстамауына ерекше көңіл бөлген (саптама етік, желкені жауып тұраптын тымақ дегендей).** Көзіміз ашық, білімді-ақ адамдармыз ғой, ең болмаса өз денсаулығымызды сақтауды бабаларымыздан үйренейікші. Одан біз, артық болмасақ, кем болмаймыз.

Соңғы кезде қоғамда бір жаман қасиет қалыптасып келеді. Денің сау кезінде сен бәріне керексің. Ауырсаң болды, ешкімнің саған қарайтын уақыты жоқ. Олардың өз тірліктері бар. Сен ешкімге де керек емессің. Көмектессе, туыстарың, ең жақын деген достарың көмектесер, бір сәтке көңіліңді аулар. Бірақ, бар салмақ өзіңе түседі. Емделудің бәрі бірдей тегін емес екенін тағы ойла. Соны біл. Сонда, өмір бойы не үшін сәндендің, не үшін оқыдың? Не үшін дос таңдадың? Не үшін түрлі қиындықтарды жеңдің? Аурып, қор болу үшін емес шығар... Кешегі арман қайда, жаныңдай жақсы көретін жар қайда, жоспарлаған бақытың, қызыққа толы өмірің қайда? Солардың бәрі бір сәттік сәннің құрбаны болып бара жатыр ма, қалай?

Аурудың жақсысы болмайды. Қандай болмасын аурудың, беті аулық. Өзіңді - өзің күт. Денсаулығыңды сақта, ел байлығын сақта. Сенен тілерім осы, жас дос.

Христиан діні ұлыларының бірі Әулие Иаков кезінде: Восходит солнце, настает зной и зной исушает траву, цвет ее опадет, исчезает красота (13. 2357.), - деп жазған болатын. Бұл не деген сөз? - Әр адам жайнап өскен шөп сияқты.

Ал адамның атақ - даңқы (жастардың сұлулығы, көркі, келбеті) сол шөптің гүлі іспеттес. Шөп солса, оның гүлі қурап түседі, деген сөз. Қазақтың гүлі сенсің, жас дос. Елің барда, шөп солса да, Сен солмашы, бауырым!

Мағжан бабамыз жоғарыда тәрбиенің үшінші бір түрі, бұл - қайрат тәрбиесі деп атап өткен болатын. Ақыл - есі дұрыс, ойлай алатын адам көңіліне келген бір істі тындыруға бел байлайды, делік. Бірақ сол істі тындыруға келгенде толып жатқан жөнді де, жөнсіз де кедергілер туындауы мүмкін. Мүмкін емес-ау, міндетті түрде туындайды. Сол кедергілерді жеңіп, өз ойын іске асыру үшін адамға қайрат керек. Мұны біз кейде табандылық та дейміз. Кейде жігер дейміз, кейде біз қайрат пен күшті қатар қоямыз. Бірақ, адамды өз ойын, мақсатын жүзеге асыру үшін еш кедергілерге қарамай, тоқтатпай, алға жетелейтін, бұл – қайрат пен қажырлылық. Бұл жолда адам ең алдымен табиғаттан үлгі алса, артық болмас еді. Мысалы, осы жолда ол суға ұксаса. Тұма (қайнар) бұлақтан басталған судың барар жері - теңіз. Судың мұраты - теңізге жету. Өз мұратына жету үшін, су сол бағытта еш кедергіге қарамайды. Жолда кездескен тау-тасты тесіп өтеді, тесіп өте алмаса, айналып өтеді. Әйтеуір, теңізге жету үшін, тауды бұзып, тасты жарып, талмай, алға қарай жылжи береді, жылжи береді. Теңізге жеткеннен кейін ғана ол табиғаттың күшімен қайтадан айналымға түсіп, алдымен бу, будан - бұлт болып, содан кейін жаңбыр болып, жерге жауып, өмірінің жаңа жолын тұма бұлақтан қайтадан бастайды. Күнде көріп, қаусарының дәмін татып жүрген су осындай болғанда, адам одан биік емес пе!

Екінші айтарым, қатты болма, жұмсақ бол. Су жұмсақ - тасты теседі, от жұмсақ-темірді балқытады. Мүмкіндігінше иілгіш, неге болса да икемді бол. Қатты болсаң морт сынасың, икемді болсаң, қандай қиындықтың да жолын табасың. Өсемін, өркендеймін деген адам, алдымен алдына дұрыс мақсат қоя білуі керек те, ол мақсатқа жету үшін кімге болса да қайраттылық пен қажарлылық керек.

Баланың қайратын тәрбиелеудің толып жатқан жолдары бар. Солардың ең ерекшелерінің бірі, бұл - баланың ойлау қасиетінің күштілігі мен оның еркіндігі. Баланың ой еркіндігі мен қимыл, іс еркіндігі оны алға жетелері сөзсіз. Шамаң келгенше баланың бетін қақпаған дұрыс. Бала жас кезінен түтіліп тасталса, ол жасқаншақ, майысқақ болады. Оның бойындағы қайратын өсіріп отыру үшін, атқарылған кішкене ғана жұмыс болса да, соның нәтижесін балаға көрсетуден жалықпау керек. Бос мақтау емес, жақсы істің дәлелді түрде бағасын беріп, жастың жігерін жанып, қателігі болса ретін тауып айтып, оны жаңа, будан да биік іске ынталандырып отырған жөн. Осылайша, қойылар міндет пен мақсаттың, талаптың баспалдағын біртіндеп биіктету-жастың қай жағынан болса да өсуіне әсерін тигізері сөзсіз.

Жоғарыда біз Мағжан бабамыздың, **жан - дененің тірлігі**, деген сөзін келтірген болатынбыз. Дене тірлігі - бұл адамның өмір сүруі емес пе? Ал, өмір сүру үшін, адамға жоғарыда атап өткен - тән тәрбиесі мен жан тәрбиесінен басқа да толып жатқан қасиеттер керек. Олардың барлығы адамға-көрумен, сезумен, тәрбиемен, оқумен келетіні белгілі.

Олар: сана - сезім, тіл, білім, білімділік, адамгершілік, ар мен ұят, қызғаныш, мәдениет, әдеп, көргендік, намыс, шама, өрлік пен өжеттілік, имандылық, сұлулық, сүйіспеншілік пен махаббат, сенім, батырлық, еңбек, шыдамдылық, тағы да басқа толып жатқан қасиеттер. Олардың барлығы - әр адамның бойына тән, өмірде бірге жүретін сенімді серіктері, кімнің болса да тұлғасын анықтап, азаматты қатарға қосатын, оның қоғамдағы орнын белгілеп беретін қасиеттер. Өсе келе бұлардың арғы жағында адамның мүддесі, мақсаты мен мұраты, дінге, ділге көз қарасы деген қажеттіліктер туындайды. Елім дейтін ұл, ұлтының шынайы патриоты осылардың барлығын біліп, бойына сіңіріп, қоғам мен ел алдындағы өз жауапкершілігін толықтай сезініп өсуі керек.

Тәрбиенің бұл түрі жөніндегі әңгімемізді біз **Тілден** басталық. Себебі, қай ұлттың болса да ұлт болуы үшін бірінші шарты - оның тілі болуы керек. Жануардың да тілі бар. Бірақ, ол ымның, белгі берудің, ызғар, қаһар көрсетудің, мінез көрсетудің тілі.

-«Жанның жайын жарыққа шығарушы - тіл. Жанның жайын жарыққа шығару үшін, жанның жайын сыртқа білдіру үшін адамның екі құралы бар: біреуі – мимика, екіншісі - сөз. Ым - ішкі сезім тілі. Ойдың тілі - сөз. Біз сөз арқылы ғана неше түрлі ойымызды сыртқа білдіре аламыз... Жан көріністерінің ең қымбаты - ой. Ойдың тілі - сөз. Қысқасы, адамның толық мағынасымен адам аталуы тілдің арқасы,- деп тұжырымдайды Мағжан бабамыз.

Ғалымдар: «Тіл қатынас құралы», - дейді. Тіл болмаса біз біріміз бен біріміз түсінісе алмас едік. Тіл таба алмас едік. Тіл - бірлесе әрекет етуге бастайтын басты құрал. Тіл қай ұлттың болса да зейіні, оның тарихын, өнерін, мәдениетін сақтаушы, сол ұлттың рухани байлықтарын ғасырдан - ғасырға жеткізуші.

Ертеде, Шынар деген жерде ел бірігіп, бір тілде сөйлеп, өз ара тіл табысып, бірлесе еңбек етіп, күмбезі көкке тірелетін қала (мұнара) салады. Адамның, өзіне жетер биікке шыққаны көңіліне жақпаған Құдай олардың тілдерін шатастырып, ақырында бірін-бірі түсінбеген халық, өздері салған сәулетті қаланы құлатып тынады. Ол қала Вавилон болатын. Сөз жоқ, бұл - аңыз. Бірақ аңыз болса да, адам үшін, қоғам үшін тілдің қаншалықты рөлі бар екендігін айқындап, көрсетіп беріп отырған аңыз.

Дүниеде не көп, тіл көп. Сол тілдердің біразының негізі шығыс тілдерінде жатқандығын орыстың ұлы тарихшысы Н.М. Карамзин жазған болатын. Сол шығыс тілдерінің негізін ұстап қалған, әрі ең бай тілдердің бірі біздің түрік – қазақ тілі екенін мақтанышпен айтуға болады.

КАРАМЗИН: Мнение, что сию часть мира (Орал-Алтай) должны признавать колыбелью всех народов, кажется вероятным. Ибо согласно преданиям священным, и все языки европейские, несмотря на их разные изменения, сохраняют в себе некоторые сходства, с древними азиатскими...(12.).

Сондықтан да болар, дүниеде біздің қазақ тіліне ұқсас тілдер қатарына Азия, Еуропа, Америка құрлықтарында өмір сүріп жатқан біраз халықтардың тілдері жатады. Тіпті «Авестаның» көптеген сөздері осы күнге дейін қазақ тілінде өзінің сол замандағы мағынасын әлі де болса жоғалтқан жоқ. Осыған қарап отырып, біздің тіліміздің кем дегенде бес мың жылдық тарихы бар, дей ала-

мыз. Рас, осынша ғасырдың ішінде тіліміз біраз өзгерді, көп сөздің айтылуы мен мағынасы басқаша болды. Бірақ, тамыры тереңде жатқан, көркем де көрікті тілімізді сақтау - біздің ұлтымызды сақтаудың басты шарты екені әр қазақтың есінде болғаны дұрыс.

Басқа тілдерге қарағанда біздің тіліміздің ең бір үлкен ерекшелігі - оның осынша заманнан бері қарай көптеген сөздердің өзінің мәні мен мағынасын негізінен сақтауында және өзгермеуінде. Талай халықтар бүгінде, осыдан алты-жеті ғасыр бұрын бабалары сөйлеген тілдерін түсінбейді. Мысалы біздің құдайы көршілеріміз: орыстар - ескі славян тілін, өзбектер - ескі өзбек тілін білмейді. Өзбек тілінің өзгергені соншалықты, бүгінгі өзбектер өз бабалары Әлішер Навоидің (бес дастан «Хамсаларын») шығармаларын түпнұсқадан оқи алмайды, түсінбейді. Біз оны түсінеміз, себебі, ол баға жетпес еңбектер негізінен біздің тілімізде жазылған болатын. Бес ғасырдың ішінде өзбектердің тілі, парсы тілінің әсерімен түгелдей өзгеріп кетті. Сол сияқты ағылшындар мен француздар да өз бабаларының тілдерін түсінбейтін жайға жетті. Бұл дегеніңіз, олардың жаңа, өсіп келе жатқан халықтар екендігін көрсетсе керек. Тілдердің ішінде өзінің ежелгі мәні мен мағынасын, қасиетін сақтап қалған тілдердің бірден бірі - түрік-қазақ тілі.

Бізге түсінікті топонимдерге қарап, біздің тіліміздің тарихын да, сол арқылы бабаларымыздың кім болғандықтарын, қайда барып ту тіккендіктерін анық байқауға болады. Басқа жерлерді былай қойғанда Еуропаның қақ төрінде жатқан алып тауды - «Алып», «Альпа» деп жүргендер, «Балканды» - «Балқан тау» деп жүргендер біздің бабаларымыз. Балтық теңізін өзі Балта түріктердің барған жерін көрсетсе керек. Тілді сақтау үшін, оны үйрену үшін, тілдің қадір-қасиеті мен тарихын жақсы білу керек. Мысалы, орыс тіліндегі сөздердің біразы біздің тілімізден алынғандар (топор - топ ұр, ура - ұр, баня - бу ана, штаны - іш тон, береза - бір өзі, аркан - арқан, лошадь - алаша ат, конь - құн, т.т.) Орыс сөздерінің үштен бірінің негізі түрік-қазақ тілінде жатыр. Көптеген еуропа халықтарының, корей, қытай тілдерінде түріктің (қазақтың) талай сөздері жүр. Бұлардың барлығы біздің тіліміздің - қазақ тілінің тамырының тым тереңде жатқанын, оның байлығын мен қуатын көрсетсе керек.

Тіл жайлы әңгімелегенде үн жайлы айтпай кетуге болмайды. Себебі, дыбыс (үн) тілдің құралы. Сол үн, әуез арқылы біз біріміз бен біріміз сөйлесіп, өз ойымызды тыңдаушыға жеткіземіз. Тіл мен сөз екеуінің негізі бір болғанымен, екеуі екі басқа дүние. Тіл тұрақты болса, сөз құбылмалы, уақытқа бағынады. Біз, бір сәт болса да, ауыздан шығар дыбыстың күшіне, үніне көңіл бөлелік. Сол дыбыс арқылы сөз қатты айтылса, ол айқай, ол қорқыныш, тіпті, ол үрей болуы мүмкін. Жай айтылса - тілдесу, әңгімелесу. Сондықтан да адам-адаммен сөйлескенде сөздің әуеніне, әуезіне, сөздің екпініне ерекше көңіл бөлген жөн. Жақсы сөзбен бірге жақсы үн, әуезді үн құлаққа жағымды келеді. Жағымды сөз, көңілге де қонымды. Әуезді үн мен сөздері ұйқастық тауып, оның үстіне үн бояулы болса, онда оның өлең болғаны. (Әрі қарай музыка кетеді. Ол жайлы келер бір жолы).

Адамның аузынан шыққан үн мен әуездің күші мен құдыретін ең алғаш зерттеп, олардың қасиеттеріне ерекше мән берген адам - Әбунасыр әл-Фараби бабамыз болатын. Ұлы ғалым әуездің құдыретіне тоқтала келіп, кімді болса да жақсы сөзбен ұйытып, жақсы әуезбен емдеуге болатынын дәлелдеп берген болатын (психотерапия). Қазақтың, жылы-жылы сөйлесең жылан да інінен шығады, дегені осы жайды көрсетсе керек. Сондықтан да кіммен сөйлессең де, дауыстың жағымдысы мен жағымсызы болатынын ескере отырып, баланы оқытқанда дауыстың ырғағына, әуеніне, әуезіне барынша көңіл бөлген жөн. Дұрыс және жақсы сөйлеу үшін, әрине қазақ тілінің грамматикасын, оның толып жатқа заңдылықтарын білу міндет.

Үнге келгенде қазақ қоңыр үнді жақсы көреді. Қоңыр үн -асығыстықты білмейтін кең даланың үні, даланың үнімен үндестік тапқан - үн.

Қабуснамадан:

Суық сөйлем. Суық сөз де, мысалы, бір арам шөптің ұрпағы сияқты. Одан дұшпаның пайда көреді... Егер сөз өнеріне жетік болсаң да, сөз құрылысын бұзбай, қаз-қалпында, дұрысын айтқанда, бір қалыпты ырғақпен сөйле. Қызметкер адамдармен қарапайым сөзбен сөйлегін. Қай кезде болмасын шешендік өнердің шегінен шықпа. Аузыңнан шыққан сөз тыңдаушыға, тыңдаушының жүрегіне қонымды, жеңіл болсын. Егер сен сөйлегенде бұл тәсілді қолданбай, айтар сөзіңді бар ықыласыңмен дәлелдегенмен, жұрт оны тыңдамайды. Тыңдаушының талабына қарап, көңілдегісін тауып сөйлеген кезде ғана, қиын жағдайдан қысылмай шығасың...

Сенің аузыңнан шыққан сөз, бұл сенің білімің мен ақылыңның айнасы. Ел сенің кім екеніңді айтқан сөзіңе, жеткізген ойыңа, дәлеліңе қарап бағалайды. Сондықтан да елге танылам болам, ел мені тыңдасын десең, ең алдымен ойыңды дұрыс қорытып, дұрыс жеткізуге, жақсы сөйлеуге, дәлелді сөйлеуге тырыс. Ол үшін оқу керек, білім керек, білу керек. Сөз өнерін үйрену керек.

Соңғы жылдары біздің елімізде тіл үшін күрес қаулап тұр. Мен, бұл үрдісті - тіл жанашырларының тартысы емес, тілді саясатқа айналдырып, сол арқылы ұпай жинаушылардың арасындағы тартыс деп түсінемін. Бәрі орнына келеді. Бүгінде, орыстар Қазақстан Республикасы халқының бар болғаны 23-25 пайызын ғана құрайды. Енді бір төрт - бес жылда олардың саны 10-15 пайыздан аспайды. Бар бәле орыста емес, қазақша түсінбейтін төрде отырған қазақтарымызда. Олар да азаяр. Сонда, еліміздегі Президентіміз бастаған 90 пайыз қазақтарымыз қазақша сөйлемегенде, қай тілде сөйлемек? Тек, шыдам керек. Ұлы философ М. Хайдеггер: «Язык есть дом бытия. В жилище языка обитает человек. Мыслители и поэты - хранители этого жилища», - деген болатын. Ұлы философтың бұл ойын қазақшалағанда былай болып келеді: «Тіл- болмыстың мекені. Адам осы мекенде өмір сүреді. Ойшылдар мен ақындар осы мекенді сақтаушылар». Тілімізді сақтаушылар Сендерсіңдер. Тек өзің сияқты, қаулап өсіп келе жатқан жастарымыз ана тілімізден жерімесе болғаны. Бес мың жылдан бері сақталып келе жатқан тіліміздің, енді қалған төрт-бес жылда жойылып кетеді дегенге, тіпті де сенуе болмайды.

Тәуелсіздік алғаннан кейін, Кеңестер Одағының құрамында болған барлық республикалар өздерінің ана тілдерін ту етіп, орыс тілінен іргелерін алшақтатып бақты. Метрополийдің тіліне жабысып қалған біз ғана. Бір жағынан бұл да саясат. Бұл аурумен ауырғандар, ол тілдің басқа елдің, басқа халықтың, тек орыстың ғана тілі екенін, олар әлі де болса түсінер емес. Олар бүгінге дейін Гегельдің: «Истинно великое создается только на родном языке» дегенін әлі де болса түсінбей келеді. Әлі де кеш емес, түсінер. Түсінер де Ұлы Абайдың тілін мойындар. Түрі қазақ, ойы орысшалар, екі ойлы болып жүріп ештеңе де бітіре алмайды. Олардың ішкі есептері мен сыртқы есептері ешқашанда да сай келмек емес. Екі ойлыдан ештеңе шықпайды. Олар тұрғанда, біздің елімізде ұлы істер істеледі дегенге сене де алмаймын. Ол, ұлы істердің уақыты алда. Ол – сендердің уақыттарың.

Білім - оқу, үйренумен санаға қонатын ақиқат жайлы түсінік. Рухани байлықтың негізі білімде жатыр. Білім демекші, білімнің басы оқуда. Сол білім беруді - біз «педагогика» дейміз. Ертедегі латын тілінде «педагог» деген адам, бұл - баланы мектепке жетектеп ертеп барып, жетектеп алып келетін адам болған. Екінші бір айтатын жай, бізде мектептердің бастарын біріктіретін мекемені, орысша «отдел образования» десе, қазақша «білім беру бөлімі» дейміз. Қарап отырсақ екеуі екі түрлі. Образование - «образовать человека, дать ему знание, воспитание» болса, яғни баланы оқытып қана қоймай, оны тәрбиелеу, өсіру, шынықтыру болса, қазақшасында, тек білім беру ғана болады. Неге олай?

Кезінде Шоқан бабамыз: -«Халықтың кемеліне келіп, өркендеп өсуі үшін, ең алдымен азаттық пен білім керек», деген болатын. Азаттыққа қол жетті. Енді, кімге болса да білім керек. Қазақта: «Білегі жуан бірді жығады», білімді мыңды жығады, деген нақыл сөз бар. Осының өзі, қазақтың қай заманда да қара күшке қарағанда, білімге көбірек мән бергендігін көрсеткендей. Білімді болғаннан кейін ғой бабаларымыз дүние жүзінде алғашқылардың бірі болып үйіп, үй салып, дән сеуіп, мыс пен темір қорытып, жабайы малды қолға үйретіп, атты ауыздықтап, оған ер салып, атты әскер құрып, қару-жарақтың не бір жаңаларын өмірге алып келіп, халықтардың Ұлы көшін бастап жүргендері. Сол көшпен талай біліміміз бен тірнектеп жиған талай жаңалықтарымыз бен тәжірибеміз дүние жүзіне тарап кетті. Тарап кеткені соншалықты, өзімізде ештеңе қалмай, бар байлықтың иелері басқалар, біздің жерден ертелетіп кетіп, басқа атауға ие болғандар болып шықты. Ат айналып қазығын табады демекші, шындық та айналып шынайы иесін табады, деген үміт те жоқ емес.

Білім жайында, білімнің пайдасы, білімнің артықшылығы жайында талай жазылған. Жүсіп Баласағұн:

Тағы бірі - білім қуған ғалымдар,

Ғылымменен құт - береке табылар десе, Абай бабамыз:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,

Пайдасын көре тұра тексермедім.

Ержеткен соң түспеді уысыма,

Қолымды мезгілінен кеш сермедім, деп өкінсе, Ыбырай атамыз білім мен ғылымның артықшылығын:

Өнер - білім бар жұрттар
Тастан сарай салғызды.
Айшылық алыс жерлерден,
Көзіңді ашып - жұмғанша,
Жылдам хабар алғызды,
Аты жоқ құр арбаны,
Мың шақырым жерлерге,
Күн жарымда барғызды.
Адамды құстай ұшырды,
Мал істейтін жұмысты,
От пен суға түсірді.
Отынсыз тамақ пісірді,

Сусыздан сусын ішірді, - деп білімділер мен өнерлілердің жетістіктерін өлеңге қосады, өнерлі, білімді елдерді мақтайды, соларға жетелік, деп қазақ жастарын оқуға, білімге шақырады. Ыбырай мен Абайдың кезіндегіге қарағанда шүкір, бүгінгі қазақ баласы анағұрлым білімді. Қазір қазақта оқымаған адам жоқ. Олардың алды ғалым, академиктер болды. Ол жағынан қазіргі қазақ алдыңғы қатарда келеді. Ия, ненің болса да саны жағынан біз көптен бері алдыңғы қатардамыз. Сапа ше?

Дүние жүзінің білімі тым алысқа, аспандап кетті. Ғылым мен білім иелері, енді жерді қойып, ғарышқа жетті. Оның барлығы басқалардың еншісінде. Қазаққа бүгін жетпей отырғаны, баяғыда Ыбырай бабамыз айтқандай - өзіне тән, өзінің талабынша, ертең өзінің бала - шағасына нәпәқа боларлықтай кәсіби білім болып отыр. Бұл бір емес, бәрімізге - кімге болса да артық болмас еді. Сондықтан да болашақтың барлығы білімде деген тұжырымды басшылыққа алып, білім алуға, мамандық игеруге, сол білімнен алғандарымызды, оқыған-тоқығандарымызды жүзеге асыру қай жастың болса да міндеті болуы керек. Ең болмағанда әр жастың алдына мамандық игеру деген міндетті қоюды мақсат етсек болғаны. Жоғарыда біз француз Жан-Жак Руссоның, ең алдымен баланы – Құдайға құлшылық ету емес, өмір сүруге үйретейік, деген сөздеріне діндарлар қарсы шыққандығы жайлы жазған болатынбыз. Ол кезде Рим империясына ойлайтын адам емес, айдағанға көнетін, жетектегенге жүретін құл керек болды. Бар айырмашылық осында болатын. Бүгінде, тәуелсіз Қазақстанға ойлайтын, өз ойын жүзеге асыр алатын, қолынан бір іс келетін жас керек. Ол жас - өзін де, елін де шынайы тәуелсіздікке алып баратын бастаушы болатыны анық.

Шынын айтқанда, бастауы биіктегі ғылымды былай қойғанда, сенің алған білімің ең алдымен үйдегі қара қазан мен оның айналасындағы бала-шағаның қамына жұмсалуды керек. Содан кейін ғана ел байлығы мен берекесі болса керек. Жақсы маман болсаң, ертең өз қолың өз аузыңа жетеді. Бұл дегеніңіз, мамандық бойынша еңбек етіп, тапқан табысыңды өзіңнің, бала шағанның қажетіне жаратуға қолың жетеді деген сөз. Қазақтың: еңбек етсең ерінбей, тояды қарының тіленбей, дегені осы болар. Кешегі Кеңестер Одағы мен бүгінгі жағдай - екеуі екі бөлек. Кеңестер Одағында социалистік жүйе болды. Бүгін біз «капитализм» деп жатырмыз. Сондықтан да, әр адам өз күнін өзі көріп, өз қамын өзі

ойлайтын жайға жеттік. Әр адамның өз бақыты - өзінің қолында деген күн туды. Бұл, қарақан басыңнан басқаны, ел, мемлекет, Отан дегенді ойлама, деген сөз емес, бірақ, өз күніңді өзің көретін жағдайға жетуің керек. Сен жақсы болсаң - елің де жақсы, сен бай болсаң - елің де бай. Ойланатын-ақ жай. Қазақтың алғашқы оншақты жылда біраз байлықтан айырылып қалуының да басты себебі осы заңдылықты жете ұғына қоймағандығымызда.

Қазақтың көбі әлі де болса, көзден бұлбұлдай ұшқан социализмді армандайды. Осыған орай біз жаңа елдің жаңа азаматын тәрбиелеуде, кешегі социалистік елдің азаматын тәрбиелеуге арналған, ірге тасы орыс педагогикасының негізінде қаланған кеңестік педагогикадан бас тартып, жаңа, ұлттық педагогиканың негізін қалауымыз керек болар. Сол кезде ғана біз мектеп оқушыларын, жастарымызды ертеңге жетелейтін, тәуелсіз Қазақстанның шынайы патриотын тәрбиелеуге арналған педагогиканы білетін боламыз. Ең бастысы, үлкендеріміздің бойларына меңдеп енген, «Үкімет бар, сол асырайды» деген кешегінің ауыр жүгінен құтылмай, жаңа сатыға көтеріле алмаймыз.

Білім - қай еңбекті болса да жеңілдетіп, барынша аз күш жұмсап, мол өнім алуға қол жеткізетін бірден бір жол. Жұмысты механикаландыру, жердің құнарлылығын, әр гектардың түсімділігін арттыруға, үй салсаң, не бір арзан да тиімді құрылыс материалдарын пайдалануға, не істесең де тиімді істеуге жол ашады. Еңбекті ұйымдастырудың да тиімді жолдарын көрсететін-білім. Білімге сүйеніп, біліп істеген талай елдер бүгінде шынымен де береке мен байлыққа белшесінен батып отыр (мысалы Араб эмираттары, жапондар, норвегтер мен шведтер, т.б.). Білімнің арқасында талай елдерде бір ғана адам, түрлі автоматтардың көмегімен, жүздің жұмысын атқаруда. Сағатына 500-600 километрлік жылдамдықпен жүретін поездар, дыбыстан да шапшаң ұшатын самолеттер, желмен жарысқан жүрдек автокөліктер, не бір толып жатқан автоматтар, күнделікті өзіміз жұмыс істеп жүрген компьютерлер - міне, мұның барлығы білімнің арқасы.

Кезінде біздер де коммунизмге жетеміз деп талпынғанбыз. Кеңестер дәуірінде өмір сүргендердің барлығын үкімет: біздің болашақ ұрпағымыз коммунизмде өмір сүреді, деп ұрандатып, барынша алдап келді. Коммунизмге жете алмайтынымызды біз кейін білдік қой. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары мен Қытайға барғанда, үлкен бір институтта өткен кездесуде, осы «коммунизм» деген не, деген сұраққа жауап іздеп, қытайлықтармен жарыссөзге қатысқаным да бар. Біз, «коммунизмді» марксизм - ленинизмнің негіздеріне сүйене отырып, теориялық жағынан дәлелдеп жатқанда, бір қытайлық қазақ шопаны мінберге шығып, үлкен-үлкен ғалымдарға қарап тұрып:

-«Коммунизм» дегеніміз Сіздер айтып отырғандай арман, болмаса қиял емес. Меніңше, ол - елім тәуелсіз болса, жерімде бейбітшілік болса, білім мен тәжірибеме сай екі қолыма еңбек болса, елім еңбегімді бағалап, өз бағасын беріп, мен жетерлік еңбек ақы тауып, еш қиындықсыз бала-шағамды бағып, өсіріп, ел қатарына қоссам - Коммунизм деген осы, деп тұжырымдаған болатын. Ол жолы қытайдағы қазақ шалының айтқанына онша сенбесем де, бүгінде сол кісінің ойы да, тұжырым да дұрыс екендігіне көзім жетіп отыр. Ел басқарушы емес, болмаса ғалымы емес, қатардағы шопан шалы осы-

лай ойлайтын Қытай бүгінде білімнің арқасында бүкіл дүние жүзін өзіне – Қытайға жұмыс істеткізуде. Дүние жүзінде Қытайдың кәсіпорыны ашылмаған ел жоқ. Қытайда жасалмайтын машина, шығарылмайтын тауар жоқ. Олардың өндірісінің дамығандығы соншалықты, қытайлықтар бүкіл дүние жүзін машиналар мен механизмдерге қажетті бөлшектермен қамтамасыз етіп отыр. Қытайда өндірілмейтін зат жоқ. Бізді де киіндіріп, үйімізді жиһаз бен түрлі электроникаға толтырып, біраз тамағымызды тауып беріп отырған осы Қытай. Білім мен адал еңбек деген осы.

Бүгінгі жастар оқып, қажетті білім алып, еңбекке үйреніп, ең болмаса осы қытай шопанының айтқанындай ғана коммунизмге жетсе, бізге әзірше бұдан артық коммунизмнің қажеті де жоқ. Алдымызда тұрған ең бірінші міндеттердің бірі - өндірісті ұйымдастырып, жастарымызды толықтай жұмыспен қамтамасыз ету. Әр адам жұмыс істесе, елде кедейшілік деген жойылар еді.

Ыбырай бабамыз өзінің жоғарыдағы өлеңін:

Біз надан боп өсірдік,

Иектегі сақалды.

«Өнер - жігіт көркі» деп,

Ескермедік мақалды...

Біз болмасақ, сіз барсыз,

Үміт еткен достарым,

Сіздерге бердім батамды, деп аяқтайды. Айтылғанына бір ғасырдан астам уақыт өтсе де, Ыбырай бабамыздың батасы әлі де мәнін жоғалтқан жоқ. Сондықтан да, бабамыздың батасы қабыл болсын, дегім келеді.

Өзінің алғашқы кітаптарының бірінде Ыбырай бабамыз жастар үлгі алсын, деп оқу мен білім туралы толып жатқан мақал мен мәтелдер келтіреді.

Олар былай болып келеді:

Түйедей бой бергенше, түймедей ой берсін;

Малдан жарлы қылсаң қыл, ақылдан жарлы қылма;

Оқығанның көңілі жарық, оқымағанның беті көн шарық;

Оқу түбі - тоқу...

Білім алу үшін оқу керек. Ол бәрімізге белгілі. Бірақ, шынайы білім алу үшін - оқу бар да, жай ғана диплом алу үшін оқу бар. Екеуі екі түрлі. Оны қалай түсінуге болады? Ата-ана мен мұғалімнің айтуымен оқу бар да, өзім оқимын, өзіме қажетті білім аламын, қатардан қалмаймын деген оймен, ынтамен оқу бар. Бұл екеуі де, екі бөлек. Бүгінгі жастардың көбі осы екі жолдың қайсымен жүріп келеді? Абзалы екінші жолмен жүрген дұрыс болар еді. Олай болмаған жағдайда, ертең өзің қор боласың. Өмір үйретпей қоймайды. Үйретеді. Бәріміз де кезінде сол жолдан өттік. Оқуды бітіріп келгеннен кейін, білмегендерімізді ағаларымыз желкелеп, ұялтып, бетімізді қызартып үйретті. Абзалы, оған жеткізбей, өмірдің өзі оқуға берген уақытта, оқитын кезде оқып-үйренген дұрыс. Бір жақсысы, ол кезде біздің қасымызда, бізге білмегенімізді үйрете алатын, жандары ашитын ағаларымыз болды. Ал, сендер ертең ауылға барғанда ондай адамдар болмаса ше? Табақтай- табақтай дипломдарың еш кәдеге жарамай қалғаны ғой... Сондықтан да ертең елге барып, мен мынаны біл-

мейді екенмін деп, ел алдында ұялып - қызарғанша, бүгін, жағдай жасалып отырғанда, қатарыңмен оқып, қатардан қалмай, саған сонша қаржы бөліп отырған ата-ананың абыройын түсірмейтіндей, ертең наныңды тауып жейтіндей білім алғаның дұрыс, жас дос.

Жастарға білім беру, тәрбиелеу, оларды өмірдің дұрыс жолына салуда мына жайды әркезде де есте сақтаған дұрыс. Оқыту, үйретудің екі түрі болады. Ұстаз бен жастың көрген білгендері, білім деңгейлері, алдарына қойған мақсаттары әртүрлі болғандықтан, олардың бірі - ата-ананың, болмаса ұстаздың балаға (жасқа) үйретсем дегені де, екіншісі - баланың (жастың) үйренсем, білсем дегені. Ұстаз бен шәкірттің көңілдеріндегі осы екі ой бір жерден шықпай - оқу, білу, үйрену барысында осы екі ой тоғыспай, жақсы нәтижеге жетем деу бос сөз. Екі ой тоғыссын, шәкірт пен ұстаздың ойлары мен мүдделері бір жерден шығулары үшін, ұстаз, сол мақсаттағы шәкірттің ойын, шәкірт ұстаздың жасқа білім берудегі ойын жақсы білулері керек. Қай жағынан болса да екеуі біріне - бірі жақын болулары өмір талабы. Біріне - бірі сену керек. Сол сенім - болашақ табыстың басы екенін түсінген дұрыс. Баланы оқытқанда, одан не жасыңның үлкендігін, не білімділігіңді ашық көрсетуге болмайды. Ең бастысы баланың сеніміне ие болу. Сонда ғана баланың алдында абыройлы боласың, сонда ғана дегеніңе жетесің, балаға қажетті білім бересің.

Білу керек, білім керек. Білімсіздерге арнаған бір сөзінде Абай Хәкім былай дейді:

-Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық. Қайта бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек екен деген адамның баласы екенбіз. Енді осы күні хайуаннан да жаманбыз. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп, надандығымызды білімділікке бермей, өлер-тірілерімізді білмей, күре тамырымыз адырайып кетеміз...

Хадистерден: Жаста алынған білім - тасқа ойылған нақыш;

Бір сағат ілім үйрену - бір түнгі ғибадаттан артық;

Ал бір күндік дәріс - бір ай ұстаған нәфіл оразадан абзал;

Кім ақылды болса-сол бақытты...

Бұлардың бәрі саған айтылған сөздер, жас дос. Білімнің шыңы қазір ғарышты игеруге бағытталған. Біреулер, ұшып жатыр-ұшып жатыр, осынша шығын кімге керек деп, сұрауы да мүмкін. Ғарышқа ұшу, бұл - ғылымды дамыту, ғарыштан пайдалы зат іздеу. Жер байлығы жетерлік-ақ. Бірақ оның таусылар күні де болар. Сол кезде, жер байлығын ауыстыра алатын заттарды табу. Отын, энергия көзін іздеп - табу болып отыр. Бүгінгі ғылым соған жетіп қалған сияқты.

Адамгершілік - қоғамдық сананың ең басты белгісінің бірі. Адамгершілік – адамдардың мінез-құлқымен, іс-әрекеттерімен, қоғамдық талапқа сай ізгілік пен инабаттылықты білдіретін моральдық ұғым.

Әдеп пен иба, инабаттылық - адамгершілікке тән ізгілік, әдептілік (деликатность, воспитанность).

Жас дос, біз тәрбие, білім жайлы біраз әңгіме айттық. Олардың ішінде көңіліңе қонғаны бар, қонбағаны бар дегендей, біразын ойыңа тоқыған боларсың. Бірақ, біреудің айтқаны біреуге азық болмайды, десек те, мына жайды тағы да Сенің есіңе салғым келіп отыр.

Аз ба, көп пе өмір өтті. Ауызды құр шөппен сүрте беруге де болмас, қол жеткен табыс та жоқ емес сияқты. Өттеген - әйлар да орын алғаны белгілі. Не тындырылды, неге қол жетті, неге қол жетпеді? Осы сұраққа жауап беру үшін, ешкім кедергі жасамайтын саялы бақтың ішіне, болмаса өзеннің жағасына, самалы ескен таудың төбесіне шығып, өзіңнен өзің есеп ал, болмаса, өз болашағыңа, өз тағдырыңа өзің есеп бер. Ұялма, қасыңда ешкім жоқ қой, шыныңды айт. Кімдермен қатар өсіп едің? Бүгін олар қайда? Кім болды, қандай дәрежеге жетті? Олардың мүмкіндіктері қандай еді, сенің ше? Сен олардан кем қалдың ба, әлде оздың ба? Озсаң, сен немен алдың, кем қалсаң сенің қателігің неде? Кеткен қателіктің орнын толтыруға бола ма, ал қателікті жөндеу деген, өмірден өз орныңды табуға жол іздеу деп түсінген жөн. Көңіліңді кір шалып, өкінішке орын беруге болмайды. Мақсат - мансапта емес, мақсат - адам болуда, өз қатарыңнан қалмауда, өзіңнің тапқаның өзіңе жетіп, ешкімге тәуелді болмауда. Кеше сенің бар тірлігіңді, баласына таудай сенім артқан ата-анаң бағаласа, бүгін, саған бағаны өмір сүріп жатқан ортаң, қатар өскен достарың беруде. Ертең сенің бар өміріңді, бүгінгі іс-қимылдарыңды бала-шағаң бағалайтын болады. Сонда, ұят болмасын.

Ата салған жолмен жүре алмасаң, бар мүмкіндікті пайдалан алмасаң, есерлік жасап өмірден аларыңды ала алмасаң, балаларыңа дұрыс тәрбие бере алмасаң - ұяттың барып тұрғаны осы. Тап сондай ұятқа қалма. Онда, сен үшін басқалардың алдында сенің балаң ұялатын болады. Құдай одан сақтасын.

Мәдениет.

Қазақстан ғалымдары жазған «Мәдениет тану» еңбегінде: а) мәдениет – белгілі бір халықтың қол жеткен табыстары мен шығармашылығының жиынтығы; ә) мәдениет - адамзат қауымының белгілі бір тарихи кеңістіктегі қызметі мен өзіндік ерекшеліктері; б) мәдениет - адамдық әрекеттің белгілі бір саласының жетілу деңгейі,-деп жазылған (15. 6.). Біздің ойымызша, **мәдениет – адамзаттың ғасырлар бойы қалыптасқан, ақылдың сан - салалы елегінен өткен - адами қарым - қатынастағы, ғылымдағы, тіл, әдебиет пен өнердегі, өндірістегі, қоғамдағы ақыл-ой жетістіктерінің жиынтығы деуге болады.** Әр ұлттың рухани байлығын - оның мәдениетін құрайды. Ол: тіліміз, сөйлер сөзіміз, әдебиетіміз, ғылымымыз, өнеркәсібіміз, қару - жарағымыз, киер киіміміз, ішкер тамағымыз, жүріс-тұрысымыз, салт-санамыз, әдет-ғұрыпымыз, өнеріміз, ән мен күйіміз, тіпті тарихымыз бен идеологиямыз, саясатымыз, экономикамыз - бәрі - бірі біздің мәдениетіміздің құрамдас бөлшектері (киіз үй, ою - өрнек, ән мен жырымыз, күй мен ертегіміз, ат әбзелдері, түрлі тағамдар, салт-санамыз). Бұлардың барлығы келіп біздің халқымыздың адамзат өркениетіне қосқан үлесін айқындайды. Осылардың қай жағынан болса да қазақ басқалардан кем емес. Тіпті, көп жағдайда ол басқалардан көш алда тұр. Мысалы:

-Дүние жүзіндегі музыкалық аспаптар, табиғаттың, желдің үнін беретін – сыбызғы мен қобыздан басталды десек, олар Ұлы Далада пайда болып, бүкіл дүниеге тарады. Қалған музыкалық аспаптар дүниеге араға ғасырлар салып барып келді. Олар сыбызғы мен қобыздың жаңаша, өзгертілген, жаңа кейіп алған, табиғи емес, жасанды үн шығаратын түрлері;

- адамзаттың Ұлы көшінің басы Алтайда жатыр. Сол Алтайдан кеткен тайпалардың өкілдері (ұрпақтары) бүгінде Еуропа халқының негізін құрайды.

- алғашқы дәннің өскен жері (16);

- алғашқы үйіліп салынған үйдің бой көтерген жері (17);

- алғашқы жылқының ұсталып, қолға үйретілген, ауыздықталған, ерттелген жері (18);

- алғашқы шалбардың тігіліп, киілген жері (19);

- алғашқы діннің пайда болып, қанатын кең жайған жері (20);

- алғашқы мыс пен темірдің қорытылған жері, мыстан алғашқы қарудың жасалған жері (21.);

-алғашқы тұздың дәмін татқан жер - бәрі - бәрі Ұлы Далада жатыр. Мақтанарлық-ақ жай. Бірақ, Еуропа олардың барлығын білгісі де, мойындағысы да келмейді. Оған кінәлілер, барды бар, дей алмай отырған біздің тарихшы ғалымдарымыз. Біздер бабаларымыздың өткенімен мақтанып жатқанда, басқалар мәдениетінің бүгінгісімен мақтануда. Мәдениеттің көші тоқтаусыз алға жылжиды. Бірақ, олардың барлығының бастауы Ұлы Далада жатқанын ұмытпаған жөн. Мысалы:

1. Далалықтардың күнтізбесі. Бұл мәдениет пе? Мәдениет. Оны басқа біреулер келіп біздің бабаларымыздың қолдарына ұстатпаған болар. 12 ай (наурыз, сәуір, мамыр, маусым, шілде, тамыз, қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан, қаңтар, ақпан), 12 жылдық цикл (тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз). Дүние жүзінің ғалымдары, түріктер шамамен 6 -7 ғасырларда-ақ 12 жылдық жыл санауды енгізгендерін, осы жерден ол жыл санау жүйесі дүние жүзінің басқа елдеріне тарағаны туралы жазады. Ол ғалымдардың ішінде орыстың тарихшысы Л. Н. Гумилев те бар (тарихшы, тек, «мешін» жылына қарап, ол заманда бұл жақта мешін болды ма екен, деген сұрақ қояды. Біздің жерімізде ол заманда піл мен зіл де (мамонт) болғанда, мешін неге болмасқа).

Неге 12 жылдық цикл? 12 жыл - бұл түгелдей бір өмір, қазақша айтқанда 12 жыл - бір мүшел. Медицина ғалымдарының айтуларына қарағанда 12 жылда адамның бойындағы қаны толығымен ауысып (жаңарып) болады екен. Мүшел жастың қауіпті болатыны, сол қанның ауысып болуына, жаңа қанды адам ағзасының қабылдау, не қабылдамауына тікелей байланысты екен.

Қан демекші - жеті атаның заңы. Жеті атадан жақын адаммен некелеспеу (еврейлер, тәжіктер, орыстар, тағы да басқа толып жатқа халықтарда бұл заң жоқ). Бұл заң - адамның қанының жаңарып, басқа қанмен араласып, жасарып, күш - қуат алуына жағдай жасап, халықтың мерзімінен бұрын азып-тозуына жол бермейді екен.

1. Баламда менің қанымның - елу пайызы;
2. Немеремде - 25 пайызы;
3. Шөберемде - 12,5 пайызы;
4. Шөпшегімде - 6,25 пайызы;
5. Неменемде -3,11 пайызы;
6. Туажатымда - 1,5 пайызы;

7. Жүрежатымда - менің қанымның бар болғаны 0,7 пайызы қалады екен. Осылайша жеті атаға жеткенде туыстық қан толығымен өзгеріп болады. Метистердің (аралас қаннан туғандар) сымбатты, ақылды, қай жағынан болса да күшті болатыны - қанның жаңаруынан. Оның жаңа қаннан қуат алуынан) Басқа халықтарда бұл-жеті ата заңы жоқ. Жеті атаның заңын сақтамай, жақын туыстардың бірі мен бірінің некелесуін орыстар - инцест (инцест - кровосмешение, половая связь между ближайшими родственниками) дейді. Бұл қандай болмасын халықтың қанының тозуына, халықтың қай жағынан болса да әлсіреуіне, сөйтіп, жалпы ұлттың әлсіреуіне алып келетін бірден-бір жол. Ұлы Далада ол жоқ. Бұл заңдылықтардың барлығы Ұлы Дала ұландарының ойлап тауып, өмірге келтіргендері.

Басқа халықтарға қарағанда қазақ өте бауырмал келеді. Мысалы орыстар екі атадан кейінгі туыстарын танымай кетсе, қазақтар жеті-сегіз -тоғыз атаға дейінгі ағайындарын жақын тартып тұрады. Сондықтан да олар қай туыстың қандай дәрежедегі жақындығын дәл айтады. Мысалы: әке - бала - немере - шөбере - шөпшек - немене - туажат- жүрежат- жекжат болып кете береді.

Осы «жеті ата» заңын бұлжытпай сақтау үшін қазақтар, «жеті атаңды біл» деген заң шығарған. Оны білу және бұлжытпай орындау - қай қазаққа (ғұн, түрік, қыпшақ) болса да міндет. Ұрпақтары жеті атасын білсін деп қазақтар әр рудың шежіресін жаттатқан, кейін жазған (басқа халықтарда шежіре деген жоқ. Өз шежірелерін патшалар мен ақсүйектер ғана жазған). Осы жеті атаның құрамына кіретін туыстарының жиендері мен құдалары, осы жеті ата ұрпақтарының – жиендері мен құдалары болып танылған.

Қазақтың, жұдырықтай ғана балам еді, бір жұдырық ұрпағы болса жарар еді, деген сөзі де бар. **Түсінген адамға, бір жұдырық ұрпақ дегеніміз, бұл - бір жұдырықты құрайтын бес саусақ - бес бала (орыстардың «семь - Я», деп жүргені осы. Әке-шешесі және бес баласы).** Енді осы жеті ата заңын басшылыққа ала отырып, әр баладан бес бала тарады деп есептеп көрсек, қазақтың қаншама туысы, қаншама жиені (ол да - туыс) боларын есептеп көрелік (2 - 5 - 25 - 125 - 625 - 3125 - 15625). Бұларға, олардың жиендері мен құдаларын қоссақ, бұл көрсеткіш бірнеше есе өсетіні белгілі. Қазақтың жолаушылап шыққанда, қайда қонамын, не ішемін деп ойламай, «құдайы қонақпын», деп жүре беретіні осыдан. Сұрастыра келе қарын бөле, болып келетіні де осы.

Шежіре демекші, соңғы жылдары шежірені жинастыратын, оны жарыққа шығаратын «жазушылар» көбейіп кетті. Бірақ олар, шежірені білу үшін емес, аталарымен мақтану үшін, асыра сілтеп жазып жүр. Ерекшелену, мақтану, немесе бөліну үшін емес, шежіре, әу баста бірігу үшін, ата - бабасын ұмытпау үшін жазылғанын ескерткім келеді.

2. Киіз үй, ат тұрман, неше түрлі тағамдар, тіпті қытайлардың өздері бізден үйреніп, тігіп киген киімдері - бұлар мәдениет пе? Мәдениет болғанда, қандай! Жәрдем Кейкін деген ағамыз өзінің еңбектерінде қазақта матаның жетпістен астам түрі болғанын, қыз-келіншектердің құлақтарына тағатын бір ғана сырғаның, қазақ елу түрін жасағанын, бір ғана бас киімнің алпыстан астам түрі болғанын жазады. Бұл мәдениеттің көкесін көрсетсе керек. 3. Қазақтың: «Бес қонақ», «Құстың қанаты», «Қызырдың қамшысы», «Құралай салқыны», «Өлара», «Үркер тоғысы», деген болжамдары бүгінге дейін ешқандай ғылым дәлелдеп болмаған, бірақ дәл келетін, дәлелдеуді қажет етпейтін аксиомалар болып қалыптасты. Бұлар да біздің ұлттық мәдениетіміздің құрамдас бөліктері.

4. Қазақтың: аңыз-әңгімелері, ертегілері, мақал-мәтелдері қисса-дастандары, айтыс өнері - бұлар дүние жүзі мәдениетінің шығар шыңы болып есептеледі.

5. Біздің мәдениетіміздің үлкен бір бөлігін қазақтың ұлттық тәрбиесі (ұлттық педагогикасы, этнопедагогикасы) құрайды. Ол баланың туғанынан бастап, оның өсіп, ер жетіп, ел қатарына қосылуына дейінгі мерзімді қамтитын тәрбие жайлы, адамдардың өз ара қарым-қатынасын айшықтап көрсететін ілім. Қыз тәрбиесі, қазақтың туыстық жайлары, тәрбиенің көкесі - қоғамда адамның өзін-өзі ұстауы, қонақ күтуі. Бір көрген қазақ кімді болса осы істеріне қарап бағалайды. Қазақ соның барлығын ойлап, біліп, ұлттық тәрбиені бір жүйеге келтіре білді және сол тәрбие жүйесін ғасырдан ғасырға жеткізіп келе жатыр.

Жоғарыда біз, адам бойына не де болса тәрбиемен келеді, деп атап өткен болатынбыз. Жас бала жазылмаған, тіпті, еш жеріне дақ түспеген ақ қағаздай дерсің. Сол таза қағазды жақсы ой, жақсы мінез, жақсы ниетпен толтыру - ата - ананың, тәрбиешінің, ұстаздың міндеті. Философияда, бір кеңістік жайлы теория бар. Дүниеде бір кеңістік болса, ол ешқашанда да бос болмайды. Ол кеңістік міндетті түрде бірдеңемен толады. Жаңа үй салсаң, оның бос тұрған бөлмелеріне ең қажет деген заттарыңды қоясың. Сол сияқты, баланың миын мүмкіндік барда, оны тек қана қажетті, өмірге керекті жақсы қасиеттермен, ұлттық тәрбиенің жақсы - жақсы үлгілерімен толтыра беруіміз керек. Баланың қабылдау мүмкіндігі (баланың миы тұтқыш келеді) үлкендерге қарағанда анағұрлым артық. Ол көрген-білгенді, естігенді, оқығанды сорғыш сияқты, өзіне тез сорып алады. Баланың осы артықшылығын дұрыс пайдаланып, біз оны қазақтың мәдениеті мен ұлттық тәрбиесінің кәусар бұлағынан сусындата беруіміз, сусындата беруіміз керек.

Біздің күні бойы айтып отырғандарымыздың барлығын біз басқа жақтан алғанымыз жоқ, бәрі - бәрі, мейлі ол бала тәрбиесі болсын, әдет-ғұрыптары мен салт-санасы, ұлттық тағамдар болсын, ұлттық киім, ұлттық байламдар, ұлттық кәсіп, қолөнер, қазақша күнтізбе, мақал-мәтелдері, дастандары мен жырлары, әдебиеті мен ән-күйі, музыка өнері болсын, бәрі - бәрі қазақтың ұлттық тәрбиесінің, ұлттық педагогикасының бір-бір тараулары. Бұлар жайында соңғы қырық - отыз жылда не бір еңбектер жазылды. Ең жаманы, сол еңбектер өздерінің керемет құндылықтарына қарамай, бір жүйеге келтірілмей, шашыраған күйінде, бөлек-бөлек еңбектер болып қалды. 2000 жылы Жәрдем Кейкин деген ағамыз-

дың «Қазақтың атаулары мен байламдары» (22) деген еңбегі жарық көрді. Іші толған байлық. Бірақ еңбек мектептерде оқытылмады. Көп қазақтың ол еңбекке қолдары да жете қоймады. Одан кейін де қазақтың ұлттық тәрбие-этнопедагогика тақырыбана арналған толып жатқан еңбектер жарық көрді. Осы қатарда соңғы шыққан құнды еңбектердің бірі - Кенжехан Ісләмжанұлының «Рухани уыз» деген еңбегі. Сан бар, бірақ олардың барлығын сатып алу қаражатқа тірелсе, олардың бәрі бүгінгі жастың қолына тие де бермейді. Бай мұраны әлі де болса зерттеп, ұлттық мәдениет, ұлттық психология, ұлттық тәрбиені құрайтын еңбектердің ең қажеттілерінің бастарын біріктіріп, мектеп оқушыларына арналған, студенттер мен жастарға арналған екі кітап етіп шығарса және ол еңбектерді мектеп пен жоғарғы оқу орындарының бағдарламаларына енгізсе, нұр үстіне - нұр болар еді. Бұл жайға келгенде ғалым Кенжехан Ісләмжанұлы:

-Ең өкініштісі, зерттеудің басты негізі болып табылатын халық тәрбиесінің үлгілерін жинап, толықтырумен айналысу, олардың ел арасында қолдану аясын анықтап, даму өрісін бағамдау жағы қолға алынбай отыр. Сондай-ақ, қазақ этнопедагогикасын жинау мен зерттеудің тұжырымдамалық бағдарламасы мен методологиялық бағыт - бағдары да жете айқындалған жоқ,- деп тұжырымдайды. (19. 14.) К. Ісләмжанұлы. Рухани уыз. Астана: 2008, -228 бет).

6. Ұлттық мәдениетке келгенде тағы бір айта кетер жай бұл-ұлттық киімдер үлгісі. Бүгінге дейін Қазақ жерінде (аляпистый, алабажақ емес), күнделікті тұрмыста киюге ыңғайлы, бүгінгі күннің талабына, ұлттың табиғатына сай, ұлттық нақыштары бар, жөні дұрыс киім тігілген жоқ. Жеке кәсіпкерлердің біразы қазақтың ұлттық киімдерін білмейді, білгендері, оларды толығымен ою-өрнектерге толтырып, жарқыратып, бәрін хан мен сұлтандардың киімдеріне ұқсас етіп, қымбат матадан тігіп, қымбат етіп сатады. Ел амалсыздан алады, бірақ кимейді. Нәтижесінде, қазақтың ұлттық киімдері - киім емес, экзотикалық сыйлық ретінде қалып отыр. Ұлттық киімдерді ыңғайлы, күнделікті тұрмысқа шақ, арзан етіп тігуге болады. Бірақ, пайда қуған кәсіпкерлер ол жағына тіпті де көңіл бөлмейді. Соны біле тұрып, бұл мәселені Мәдениет министрлігі өз қолына алуы керек еді - ақ. Бірақ, ол жақта да, бұл іске жанашарлар табылмай отыр. Шамасы, ол билік басында отырғандар қазақтың ұлттық киімдерін - қазақтың мәдениетіне жатқызбайтын болар. Киіміміз еуропаша, сөзіміз орысша болып келгеннен кейін бізді көп ел «түркі» не «қазақ» демейді, орыс (шурави) дейді. Әзірге, солай болып қалыптасуда. Ұлттық тәрбиенің мақсаты - қазақша ойлап, қазақша сөйлейтін, елі мен жерін сүйетін, оның абыройы үшін күресетін, қазақтың мәдениеті мен тарихын білетін, әдет-ғұрып, салт-санамызды сақтайтын, оларды әрі қарай алып баратын қазақтың патриотын тәрбиелеу десек, ішкі жан дүниемізбен қатар сыртқы бейнемізге де көңіл бөлетін кез келген сияқты. Ең болмаса, тіліміз бен киімімізді, ұлттық ерекшелігімізге сай, ел танитындай етіп алсақ, ел бізді шынайы «қазақ» деп білер еді.

Біздің, түк білмейтін - «көп білгіштеріміздің» арқасында бүгінде ата-бабамыздан бері қарай бірге жасасып келе жатқан қазақтың қымызы мен шұбаты, қазысы қолды болып кетті. Естуімше, олар бүгінде басқа халықтардың ұлттық тағамдары қатарында ресми түрде тіркеліп кеткен сияқты. Басқалардың талау-

ларына түсер енді неміз бар? Бар байлығымызды басқалар иемденіп кетпей тұрғанда, өзіміз оқып-біліп, өз байлығымызға өзіміз ие болайық, ағайын.

7. Білім мен мәдениеттің ең биікке жеткен жері - ел билеу. Бұл жағына келгенде, қазақта көпке үлгі боларлық жайлар көп-ақ. Далалық демократия, хан сайлау, ел билеудің сатылық жүйесі, сот мәселелерін шешу дегендер. Тәуке ханның «Жеті Жарғысын» зерттеушілер, оның мәнін қай жағынан болса да, әлі де болса толық ашып болған жоқ.

Ел билеуде Шыңғыс хан (оның да түп атасы түрік) мына қағидаларды қатаң ұстанған. Ол:

Сауаттыға - хат ұстат,

Ептілерге - ат ұстат,

Ер жүрекке - ел бақтыр.

Моманқанға - мал бақтыр.

Кемпірлерге - шал бақтыр (24.97.), деген қағидаларды басшылыққа алған екен. Бұл дегеніңіз әркім шамасына қарай, қолынан келетін істі атқаруы керек екенін көрсетеді. Кімнің болса да беліне, ол көтере алатын шокпарды іл, деген сөз. Көп жағдайда, біз олай істей алмай келеміз. «Мен» - «мен» деп жүргендердің көбі өздері көтере алмайтын шокпарды белдеріне іліп, не алға, не артқа жылжи алмай, қоғамның дамуына кедергі болып келе жатыр ма, қалай? Әлі келмеген, әлек деген осы болса керек.

Мәдениет деген бар да, мәдениеттілік деген бар. Ұлттық мәдениет, бұл - бір елдің, бір ұлттың ғасырлар бойы тірнектеп жинаған байлығы, елге көрсетер мақтанышы, басқалардан артықшылығы болса, мәдениеттілік - негізінен бір адамға, шағын ғана бір ортаға, болмаса түгел елге тән және де сол ұлттың жинаған мәдениетін барынша дұрыс түсініп, жөнімен пайдалана, көрсете, оны насихаттай білуде жатыр. Мәдениеттіліктің түп негізі елдің мәдениетінде, әркімнің де сол мәдениетті өз өмірінде пайдалана, елге көрсете білуінде.

Табиғат: Адамзат - табиғаттың бел баласы. Сондықтан да адамзат табиғатты аялай білуі керек.

Руханият дегеніміз - адамзаттың ой - өрісінің дамуының нәтижесімен келген байлық десек, табиғат - Жасағанның адамзатқа сыйлаған материалдық құндылықтары («Құдайдың» дей алмаймын. Дұрысы, Жасағанның, Жаратқанның болар). Адамзат сол Жасаған сыйлаған байлықтың иесі деуге болады. Жасаған адамзатқа бәрін сыйлады. Тек соны, ретін тауып, табиғатқа зиянын келтірмей, оның заңдылықтарына қарсы келмей, үнеммен пайдалана біл. Ол үшін табиғатты білу, түсіну керек. Табиғатты білу үшін де білім керек.

Заманында Кеңестік идеология табиғатты бағындырамыз деп атой салып, айғайлап, ең соңында біздің ақынымыз Олжас Сүлейменов «Земля поклонись человеку» (Қара жер адамға табын) деп, дүниеге жар салған болатын. Бұл, білместіктен. Біз бүгінге дейін табиғат жайлы көп дүниені білмейміз. Білсек, табиғатты бағындыру емес, оған бағынудың, табынудың жолын іздер едік. Бірақ, бүгінге дейін табиғатқа қалай табынарымызды, онымен қалай үйлесімдік табуды, (бала тәрбиесіндегі - мен саған, сен - маған, деген принцип, табиғатпен ара қатынаста тіпті күшейе түседі. Табиғатқа берсең аласың, бермесең түк те жоқ)

оның байлығын қалай дұрыс алып, қалай дұрыс пайдалануды үйрене алған жоқпыз. Табиғаттың бізге берері ұшан теңіз. Тек, соны ала біл.

Күн. Дүние жүзінде өмір сүрген көптеген философ-ғалымдар, күнді Құдайға балап өткен екен. Ол солай. Себебі дүниеде өмір сүріп жатқан бар тірліктің өмірі, күн көрісі - сол күннің құбылысына, қызуына, оның берер қуаты мен жылуына тікелей байланысты. Адамзат пен жан-жануардың өсуі, бар тірлігі, жерде өнетін бар байлықтың өсіп - жетілуі, жаңбыр мен қардың жаууы, таудың басын қардың шалуы, біздің дем алатын оттегінің байлығы - бәрі-бәрі күн жылуы мен қызуына текелей байланысты. Күннің бізге тікелей берері - жарық сәулесі мен жылуы. Адамзат күннің жарық сәулесін пайдаланғанмен оның қызуын (энергиясын) әлі де болса дұрыс пайдалана алмай отыр. Дүние жүзі ғалымдарының жазғандарына сенетін болсақ, адамзат күннің қызуын (энергиясын) қабылдап, оны жинақтап (аккумулировать), сақтап үйренсе, күн қызуын - жылу және электр қуатына айналдыра білсе, бізге ешқандай - атом, жылу, су электр станциялары мен газ, мұнай мен көмір, автомобиль моторларын (қозғалтқыш күштерді) пайдаланудың қажеті болмас еді, деп жазады олар. Бірақ, адамзат сол күннің энергиясын дұрыс пайдаланудың жолдарын аша алмай отыр. Оған адам баласының өресі, дұрысы, білімі жетпей жатыр. Рас, алғашқы күн станциялары іске қосылуда, бірақ олар тым әлсіз де, жеткіліксіз. Кейбір дамыған, білімді елдерде ғана күн энергиясы негізгі қуат күшіне айналып отыр. Кей елдерде күн батареялары қажетті энергияның төрттен - бестен бірін беруде. Біздің елде де, болашақта, күн энергиясын пайдалану кең қанат жаяды деген ойдамыз (Бұл үлкен ғылым. Оны түсіну үшін көп білім керек, Мысалы, Қазақстанда бір жылдың ішінде ашық күні ең көп болатын Торғай өңірі күннің қызуын пайдаланып, электр қуатын өндіретін үлкен Орталық бола алар еді).

Ай. Ай - жердің жақын серігі және де оның бар тірлігіне ерекше әсер ететін серігі. Жер бетінде болып жатқан табиғи құбылыстардың, көбіне-көп апаттардың барлығы жер мен айдың ара қашықтығының, екеуінің арасындағы өзара тартылыс, болмаса кері әсер күшінің өзгеруіне тікелей байланысты екенін ғалымдар дәлелдеп берді.

Жер. Жер - бар байлықтың көзі. Жердің - тауы да тасы да, өзені мен көлі де, теңізі мен мұхиты, орманы мен шөлі де, бәрі - бәрі байлық. Жаратқан адамзаттың алдына бар байлығын жайып тастады. Жердің беті де асты да тұнған байлық. Жер бетінде өспейтін өсімдік, өнбейтін жан-жануар жоқ. Бірақ, «соның барлығын өзіме бағындырамын» деген жат пиғылдағы, табиғат пен ара қатынастың негізін түсінбеген адамзат, сол ең байлықты басқалардың қызғанып, берекесін кетіруде. Берекесін кетіргені соншалықты, олардың біразын жойып жіберді. Жан-жануарларды тауысуға айналдық. Нәтижесінде, көптеген жан-жануарларды сақтап қалу үшін Қызыл кітапқа жаздық. Жерді дұрыстап игерудің, күтудің талаптарын білмегендіктің салдарынан жылма-жыл жердің құнарлы қабатының күші азайып (гумусы ұшып кетіп), миллиондаған гектар жер эрозияға ұшырап, аңызаққа, шөлге айналууда.

Жөнімен пайдаланатын болсақ, жерге шықпайтын өсімдік жоқ. Мысалы, біздің бала кезімізде солтүстікте жатқан Қостанай облысында - алма, алмұрт, жүзім, көк-сөктің көптеген түрлері өспейтін. Содан бері бар болғаны елу – алпыс жыл ғана өтті, қазір бұл жерде ананас пен бананнан басқаның бәрі де өседі. Бұл ғалымдарымыз бен олардың жаңалықтарын талмай жүзеге асырып келе жатқан бағбан мен дихандарымыздың еңбегі.

Тың көтерген жылдары әр гектар бидайдан 10 центнерден артық өнім алғандар қуанатын. Қазір бұл көрсеткіш, дұрыс өңделген, агротехникалық шаралар талапқа сай жүргізілген жерлерде 25-30 центнерге жетіп отыр. Ертеректе, дүние жүзінің ең мықты деген экономисі Мальтус, жер жүзіндегі адамзаттың саны төрт миллиардқа жетсе, адамзат ашаршылықтан жаппай қырылып қалады, деп жазған екен. Адамзаттың саны төрт миллиардтан асқаны қаншама (қазір жер жүзінде жеті миллиард адам мекен етеді). Білімді елдің мамандары қазір шөл даланы егіндікке айналдырып, одан адам сенгісіз өнім алуда (Израиль). Бұл жетістіктердің бәрі де, білім мен ғылымның негізінде екен.

Жердің астының байлығы ше? Алып жатырмыз, алып жатырмыз, таусылатын түрі жоқ. Мысалы, адамзат алтын өндіре бастағаннан бері өндірген алтынды жер бетіне шашып жіберсе, бес құрлықтың бетін алтынмен жауып тастауға болады екен. Мейлі, олай болмай-ақ қойсын. Сонда, дүние жүзінде, кем дегенде төрт мың жылдан бері қарай өндірген алтын қайда кетті? Біреулер, ол алтын қызғаныштың қызыл отына түсті. Жерге қайтадан көмілді, дейді. Меніңше, сол рас сияқты. Болмаса ол алтын қайда кетуі мүмкін? Басқалардан қызғанған алтын жерге апарып жасырылды. Оны көмген адам о дүниелік болды (Еділ хан мен Шыңғыс ханның көп алтыны көмілген жерлері бүгінге дейін табылған жоқ). Ол жерлерді қазір ешкім белмейді. Табиғаттың бар байлығы осылайша, қызғаныштың қызыл отына күйіп, ойсыздық пен берекесіздіктің жемі болмасын десек, ел ұланының ендігі ұраны - туған табиғатты аялау, табиғат берген бар байлықты барынша дұрыс және ысырапсыз пайдалана білу керек.

Дала ұландарының бар тірлігі табиғатпен үндестік табуға бағытталған еді. Далалықтар: малды жайып бағу, оған бір жерді әбден тапталпай, малдың артынан көшіп жүру, малды қыстаудан көктеуге, одан жайлауға, кезі келгенде күзеуге алып бару сияқты-табиғатты дұрыс пайдаланудың заңын берік ұстаса, олардың арасында: бұлақ көрсең көзін ашу, ағашты сындырмау, көкті жұлмау, жерді бекерден қазбау, құстың ұясын бұзбау, құмырсқаның илеуін таптамау, аққуды атпау, малды басынан ұрмау, суға дәрет сындырмау, жалғыз ағашты кеспеу дегендей, толып жатқан тәртіптер мен тиымдар қатаң сақталатын. Бұлар қазақ баласының қанына кішкентайынанан сіңіріліп, ол табиғатты аялауға үйретілетін. Бүгін ол жоқ. Бұл қасиеттер біздің жерімізге отаршылық заманы келгеннен кейін, бар билікті Кеңестер үкіметі қолына алғаннан кейін, әсіресе тың көтерген жылдарда жойылып кетті. Бұл жерге кімдер келіп, кімдер кетпеді. Келімсектер үшін Қазақ даласы туған жер емес, уақытша мекен болып саналды. Содан болар, олар жерді аяусыз тонады. Астық шықпаса да көлтабандарды жыртты, алыстан отын іздемес үшін ормандарды отады, одан қалғанын өртеді, бұлақтарды бірге жыртты, өзендерді қоқыстың қоймасына айналдырды. Дала-

мыздың аң - құсына келімсектер қырғидай тиді. Нәтижесінде, өзендер балықсыз, даламыз аң - құссыз қалды. Тың көтірілгенше даламызда көл деген керемет көп болатын. Олардың беттері құстан көрінбейтін. Мен туып өскен Жітіқара ауданындағы Шортанды өзенінде бүгінде шортан жоқ. Бүгінде ол жақтан, осыдан отыз-қырық жыл бұрын өмір сүріп, даламыздың сәніне айналған - бұлан мен дуадақты тіпті де көрмейсің. Даламызда мыңдап жосып жүретін ақбөкен де сиреп барады. Ең аяғы, даламыздың мәңгілік қарауылындай болып, ана жер мына жерден бой көрсетіп тұратын суыр екеш, суырдың да өзі азайып кетті. Орман-тоғайлардағы бүлдірген мен шиі де азайды. Осылай, білместікпен табиғатты тоздырған келімсектер, кезі келгенде бар жиған-терген байлықтарын алып, елдеріне кетті. Олардан қалмай, жерімізді қазақтардың өздері де аяған жоқ. Ендігі жерде - тоналған, тоқыраған жердің экологиясын бір ретке келтіру, кешегінің қатесін жөндеу, кешегі жоғалғанның орнын толтыру - біз бен Сіздің міндетіміз.

Ескі түріктер, күнді -Тәңір - әке деп, жерді - Ұмай - ана деп түсінген. Ол сенімді сақтайтын болсақ біз күнге әке сияқты, жерге анамыз сияқты қарауымыз керек. Қазақта бүгінге дейін - «Жер Ана» деген ұғым бар. Бірақ, біз көп жағдайда жердің ана екенін ұмытып кетеміз. Жерде жүріп, жерде өскенмен, жердің қасиетін әлі де білгіміз келмейді, біз туған жерді аялап үйренбедік. Адам азбаса, табиғат тозбайды. Табиғатты тоздыратын адам. Білімсіз, біліксіз, ертеңін ойламайтын адам, табиғат қана емес, тіпті өзін де құрметтемейді. Ол өзі сол табиғаттың бір мүшесі, саналы мүшесі. Ол өзінше бір дүние. Басқасын қойғанда біз осы күнге дейін сол адамды қадірлей, сақтай білмейміз. Адамның амандығы үшін күреспейміз.

Адамның денесі 12 мүшеден, толып жатқан органдардан, молекулалар мен атомдардан тұрады. Оларды, адамға барынша пайдалы етіп, рет-ретімен жүйелі басқару да оңай шаруа емес. Оған да білім мен біліктілік керек. Ең бастысы жанашырлық керек. Жоғарыда атап өткен «сен - маған, мен-саған» деген принциптің ең көрініс табатын жері, адамның өз дене мүшелерін күтіп - баптауында жатыр. Қай мүшенді қаншалықты күтсең, суық пен ыстықтан, ауру-сырқаудан сақтасаң, қажетіне қарай оларға күтім көрсетсең, асыра салмақ салмай, барынша таза ұстасаң, кезін өткізіп алмай, ауру меңдемей тұрғанда емдесең, қай мүшеңмен негізінен жұмыс істесең, олар да саған соншалықты қызмет етеді. Бұл – бұлжымайтын шындық. Көп қазақ не осыны білмейді, не түсінбейді. Немесе, «ей қойшы», деген аурудың жетегінде келеді.

Еуропа ғалымдарының жазғандарына сенетін болсақ (21.16.) Вернон У. Фостер - Германиядағы Веймар институтының медицина докторы), жалпы, адамның денсаулығын жастайынан сақтау үшін бар болғаны сегіз ғана талапты тұрақты түрде орындау керек екен. Бұл ойды бүкіл дүние жүзінің ғалымдары да қолдауда. Олар:

- уақытында, әрі дұрыс тамақтану;
- дене шынықтыру мен жаттығу;
- қажет мөлшерде су ішу (суға түсу, су тапшылығына жол бермеу);
- күнге қыздырыну (мүмкіндігінше күн сәулесін қабылдау);

- барынша таза ауамен дем алу;
- уақытында дем алу, тынығу;
- ненің болса да мөлшерін (шегін) білу;
- ең бастысы, не істесең де сеніммен істеу.

Еуропа ғалымдарының ғасырлар бойы сынақтан өткізіп, көпшілікке ұсынып отырған денсаулық философиясы бар болғаны осы сегіз талаптан тұрады. Ал біздер, осы сегіз талапты қалай орындап келеміз? Бір сәт болса да, ойланып көрелікші.

Адамның организмі өмір бойы бір секунд те тоқтамай жұмыс істейтін, өте бір күрделі құрылым - тоқтауды білмейтін машина сияқты. Кім біледі, іште де ауру бар шығар, бірақ негізгі ауру сырттан келеді. Жұтатын ауамен, ішетін сумен, қорек ететін азықпен келеді. Қазақтың: «Ішің ауырса, аузыңды тый» дейтіні, осыдан болса керек. Яғни, осы үшеуінің тазалығына ең бірінші көңіл бөлу керек. Қарапайым адам үшін ауа мен судың тазалығын сақтау, мүкін болғанынша, қиын емес. Бар пәле тамақта. Тамақтың үш қасиеті бар екенін біз жақсы білеміз. Олар: тамақтың иісі, дәмі және оның қоректілігі. Адамның асқазаны тоқтау дегенді білмейтін, бейне бір фабрика дерсің. Оған уақытында қажетті қорегін беріп тұрмасаң, паровоздың жанып тұрған оттығы сияқты, отын (тамақ) салмасаң сөніп қалады. Сырттан қорек келмегеннен кейін, тоқтаусыз жұмыс істеп тұрған адамның организмі өз жұмысына адамның өзінің ішкі резервін, жинақталған май мен ішкі энергиясын пайдаланады (асқазан аурулары содан).

Асқазаның ауырмасын десең - уақытында тамақтан.

Біз көп жағдайда тамақтың жақсы иісі мен жақсы дәміне қызығып, ашқарақтанып, ішер тамақтың мөлшерін білмей қаламыз. Көбіне-көп, оның мөлшерін асырып жібереміз. Оған қосымша, дәмді тағамның дәмін көбірек алу үшін, дұрыс шайнамай, асығыстық жасап, азуға салып, бір-екі шайнап, әрі қарай жылжытып жібереміз. Тамақты барынша дұрыс шайнап, сілекей (сөл) көп бөлінген сайын, астың қорытылуы да жеңілдеп, оның пайдасы да (қоректілігі) арта түседі. Шайнауы толмай, ас қорытуға қажетті сілекей бөлінбеген, мөлшерден тыс ішкен асты қорытуға мөлшерден тыс энергия бөлініп, ішкен астың пайдасы азая түседі. Дұрыс қорытылмаған астың екінші бір кеселі - оның адамның тез семіруіне алып келетіндігі. Тым семіз адам, бар күшін еңбек етуге емес, өзін-өзі алып жүруге жұмсайтыны да белгілі. **Қандай тамақ ішсең де (азықтансаң да) уақытында, ден қоя отырып, әбден шайнап, қорытуға жеңілдетіп, белгіленген мөлшермен ішкен дұрыс.**

Асқазан үшін тамақты мөлшерімен, әбден шайнап, қорытуға жеңілдетіп ішкен пайдалы болса, адамның басқа мүшелеріне одан әрі дамуға жол ашу үшін, салмақты сәл болса да артық салу керек. Сонда ғана дене мүшелері шынығып, шыңдалып, адамның жұмыс істеу қабілеті күн өткен сайын артып отырады. Бұл денсаулықтың бірден-бір кепілі.

Тазалықты сақтау, дене шынықтыру, күнге қыздырыну (күннен қуат алу), мөлшерден тыс шөлдемеу, уақытында дем алу (тынығу) - бұлардың барлығы кімге болса да бұрыннан таныс жайлар. Жаңағы сегіз талаптың ең соңғысы - не істесең де сеніммен істеу деген болатын. Осы сенім, қашанда да адамның қуат

алар тірегі. Бұл сенім қашанда да адамның денсаулығы жолында ішкі қуатын (резервін) іске қосар күші болып табылады. Сондықтан да не істесең де сеніммен істеген дұрыс. Сенім, сені алға жетелейді.

Сырқат адамға ем - дом (дәрі-дәрмек) қолданбастан бұрын, оның бір сәт болса да көңілін көтеріп, рухын ояту керек. Сол арқылы адамды емдеуге оның ішкі күшін (ішкі резервін) іске қоса алады. Кейде бір жақсы дәрігерлерді мақтағанда біз, ол дәрігер адамды дәрімен де, сөзбен де емдейді, деп жатамыз. Сондағы сөзбен емдеу - оның рухын ояту, көңілін көтеру, сенімін арттыру деп түсінген жөн. Ем алғанда сырқат адам, маған ем қонады, осы ем маған шипа болады, мен тәуір боламын, деген сенімде болуы керек. Онсыз, оған ешқандай ем қонбайды. Рух пен ішкі сенім қашанда да алда жүруі керек. Сенімді болған дұрыс.

Білетін елдерде денсаулық сақтауды мектептерде арнайы курс ретінде өткізеді. Мысалы, Қытайда бастауыш сыныптарда балаға дұрыс дем алу мен басын дұрыс ұстауды үйретуге көп көңіл бөледі екен. Дұрыс дем алу - бұл өнер, адамға денсаулық сыйлайтын өнер, деп дәлелдейді қытайлық ғалымдар. Дұрыс дем алу, көкірекке (кеудеге) көп күш салмай, кеудені кере дем алудан басталады екен. Оның арғы жағында Қытай философиясының толып жатқан ойлары мен тұжырымдары жатыр.

-Дұрыс дем алып, кеудесіне барынша мол ауа толтырған адам денесінің жеңілдейтіні соншалықты, ол құммен жүргенде, тіпті, құмда оның ізі де қалмайды, деп дәлелдейді олар. Кеуденді кермей, жартылай дем алсаң, мидан бастап, бүкіл денеңе қажетті оттегі де жартылай ғана барады екен. Мұрынмен дем алу керек және де әркезде де дұрыс дем алуды қадағалай білу керек екен. Оларша, дұрыс дем алудан кейінгі басты мәселе - отырғанда, жүргенде басты дұрыс ұстай білу. Басты дұрыс ұстау деген - өзінше бір философия. Оларша, басыңды дұрыс ұстасаң, денеңді де дұрыс ұстайсың. Денеңді дұрыс ұстасаң, омыртқаң сымдай тартылып, мойын мен омыртқаны бойлай кеткен қан тамырларымен қан мен оттегінің жүру жақсарады. Қанның жақсы жүруі - денсаулықтың кепілі дейді. Бұған бізді ешкім үйретпеді. Содан болар, басымыз төмен тартып, бойымыз еңкіш болып біткені. Ең болмаса сендер бастарыңды тік ұстап, алға тура қарап үйреніңдерші, достар. Бұл сендердің денсаулықтарың ғана емес, мінездеріңе де әсер етері сөзсіз.

Денім сау болсын десең, уақытыңда (ерте) жатып, ерте тұр. Ерте тұрып таңғы ауамен кеуденді кере дем ал, серуенде, түнімен қимылсыз қалған денеңді жазып, түрлі қимылдар жаса. Бойыңа қан, қанмен бірге денеге аса қажетті оттегі жүгірсін. Ерте тұрғанның қандай феномені бар екенін ғалымдар әлі дәлелдей қойған жоқ. Бірақ, исламның барлық ғұламалары Алланың үмметтерінің ерте тұрғандарын қалайды.

Солардың бірі - Сүлеймен Бақырғани (12 ғасырдың басында Яссы қаласында туған):

Таңсәріде тұруды әдет қыл.

Таңсәріде тұрмай ісің бітпейді.

Сәрі ұйқысы пайда бермейді.

Таңсәріде тұруды әдет қыл.
Сәріде тұрған ер болады.
Алладан үлес алады.
Таңсәріде тұруды әдет қыл.
Таңсәріде тұру нағыз ғибадат.
Таңсәріде тұру сүйіспеншілікке ие болу.
Таңсәріде жаратушының рақымы шоқ-шоқ.
Аяғыңнан басыңа дейін мың рақым етеді.
Саған мұндай дәулет керек болса,

Таңсәріде тұруды әдет қыл (26.180), - деп, жастарды таңның атуымен түрегеліп, бой жазуға шықырады. Қазақта, ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық, деген тұжырымның қалыптасып жүргені де сордан болар.

Шамасы, ерте тұрған адамға ерекше қуат беретін, жер ананың түнімен жинаған ерекше энергиясы ма, әлде арайлап атып келе жатқан күн сәулесінің ауаға қосар бір қуаты (әлде, оттегіне бай саф ауа ма?) болуы керек. Сол қуат пен энергиядан сен де үлесінді ал, жас дос.

Сұлулық пен үйлесімділік. Сұлулық дегеніміз, бұл - табиғат. Дүниеде не сұлу? Ең алдымен табиғат сұлу, содан кейін - сүйген сұлу.

Табиғаттың сұлулығы - оның жайқалған жасыл орманы, түкті кілемдей жайнаған кең жазира даласы, тауы мен тасы, сылдырап аққан бұлағы мен сарқырай аққан өзені, қайраңы тұнық, қамысты- қоғалы көлдері. Жазылып жатқан даланың жайнай өскен сан алуан гүлі мен көк орай шалғыны. Табиғаттың сол сұлулығын көз алдында мәңгі сақтау үшін, адам табиғаттың сұлулығын қағаз бетіне түсіріп, өзіне тарту етті. Табиғаттың таңғажайыптарын, сұлу суреттерін жырға қосты. Табиғаттан кейінгі сұлу, бұл - адам. Әсіресе - қыз бала, әйел заты сұлу.

Сұлулық сенің көзінде ме екен,
Жылылық сенің сөзінде ме екен,
Армысың қазақтың, о ару қызы,
Табылмас мін, өзінде бөтен,- дейді ақын. Қандай керемет!

Қыз бала сұлулықтың символы ретінде адамзаттың санасына мәңгі жазылып қалды. Сол сұлуларды қазақ бірде - күнге, енді бірде-айға, тағы бірде нәзік гүлге теңеп келеді. Бұл сыртқы сұлулық. Нағыз сұлулық оның бет әлпеті мен киген киімінде емес екен. Сұлулықтың мән-жайын білмеген көптеген жастар көрген құрбысының сырт сұлулығына ынтазар болып, соны бетке ұстайды. Нағыз сұлу сол дейді, өзінше...

Білетін адамдар қыз баланың сыртқы сұлулығынан да, ішкі сұлулығын жоғары бағалайды. Ол - **қыз баланың жаны мен арының тазалығы, асқақ та асыл арманы, мейірімі мен сыпайылығы, көргені мен ибалылығы, әдебі мен жан сарайының жарқырап тұруы. Бұлардың бәрі қосылып - қыз баланың бой тұмары болуы керек. Сол бойтұмарға оның білімін қоссақ - міне, нағыз сұлу дегеніміз осы.**

Сұлулыққа талай ақындар жыр арнап, адамның, әсіресе әйелдің сұлулығын суреттеп, талайды таңдай қақтырған болатын. Солардың бірі ұлы Абай.

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,
Аласы аз, қара көзі нұр жайнайды.
Жіңішке қара қасы сызып қойған,
Бір жаңа ұқсатамын туған айды.
Маңдайынан тура түскен қырлы мұрын,
Ақша жүз, ал-қызыл бет тіл байлайды.
Аузын ашса, көрінер кірсіз тісі,
Сықылды қолмен тізген, іш қайнайды.
Сөйлесе, сөзі әдепті әм мағыналы,
Күлкісі бейне бүлбүл құс сайрайды.
Жұп - жұмыр, ақ торғындай мойыны бар,
Үлбіреген тамағын күн шалмайды.
Тақтайдай жаурыны бар, иығы тік,
Екі алма кеудесінде қисаймайды.
Сорақы ұзын да емес, қысқа да емес,
Нәзік бел тал шыбықтай бұраңдайды...(27.)

Абай сұлулықты осылай жырласа, халық әнінде сұлулық былайша бейнеленеді:

Көзінің қаралығы қарақаттай,
Сөзі бар ақ қағазға жазған хаттай,
Көзіндей құралайдың ойнақтатып,
Арман не, соны құшқан адамзатта-ай.
Гүл жүзді, шырын сөзді, бал сілекей,
Аяғын келер басып, некей-некей,
Алмадай беттерінен сүйгеніңде,
Суырылар тілмен қабат сол көмекей.
Болғанда тілі жақұт, тісі маржан,
Еті аппақ жазғұтыры жауған қардан.
Қан шырын, пісте мұрын, лаһлу иек,
Пенде де жүзін көрген қалмайды арман.
Күлкісі көңіл ашар гүлстандай,
Болғанда өзі мұндай, жүрісі қандай,
Көтеріп алақанған отырсам да,
Білінбес ауырлығы бір мысқалдай...

Сұлулық жайлы ақындар жарыса жазғандарын жақсы білеміз. Солардың бірі - Сәкен Сейфуллин қыздардың сұлулығын былайша суреттейді:

Қыздары біздің жақтың қара қасты,
Тісіне ұқсатамын маржан тасты.
Сымбатты, көркем бойлы, тал шыбықтай,
Мамық төс, сұңғақ мойын, сүмбіл шашаты...
Жалпы қазақ, сұлу - сұлу емес, сүйген - сұлу дейді. Мағжан ақын:

- Өзгеден де ең сұлу, өмірлік дос, сен сұлу, өзім сүйіп ұнатқан, бәрінен де сен сұлу,- дейді. Соған қарағанда, сұлу емес адам жоқ. Тек, сол сұлулықты көре білу, түсіне білу керек. Меніңше, сұлулықтың негізі үйлесімдікте. Табиғатта бәрі-бәрі үйлесімдік тапқан. Сондықтан да табиғат сұлу. Мағжан педагог жоғарыда тәрбиенің төрт түрін айта келіп, сұлулық тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген болатын. Сұлулықты адам ең алдымен табиғаттан үйренуі керек болар. Бала табиғаттың сұлулығын көре, бағалай білсе, оны суреттей білсе, көркем сөзбен жеткізе алса, табиғаттың үнін тыңдай білсе, түсіне алса, оны суретке сала білсе, сұлулық деген осы. Сұлу сөз бен сиқырлы әуен қазақтың мәдениетінде бар жай. Тек соны тани білу, бағалай білу, зердесінде сақтай білу керек. Сұлулықты бағалай білген адам, сөз жоқ, өзі де сұлу болғаны, немесе сондай болуға тырысып баққаны.

Қыз балаға ерекше сән беретін, сұлу етіп көрсететін - оның иығынан қос өзендей төгіле түскен қолаң шашы, бұрымы. Бұрым-қыз баланың сәні мен салтанаты. Оның әйелдік белгісі болып саналады. Сондықтан да әр қыз бала бұрымның күтіміне ерекше мән беріп, оны барынша ұзын етіп өсірген. Бұрымды барынша әшекейлеген. Оған шашбау, шолпы тағып, сәндейтін болған, қастерлеген. Бүгінгі жастардай шолтитып кеспеген. Ертеректе түрік-қыпшақ елдерінде еріне опасыздық жасаған әйелдердің ғана бұрымдарын елдің алдында масқара етіп кесетін (қиятын) болған. Сондықтан да әйелдер арының пәктігін көрсету үшін, бұрымдарын сақтаған.

Бұрым жайлы екінші бір аңыз, ол - ертеде ел билеушілері, батырлар, болмаса ел қорғандары мерт болғанда, онымен бірге көрге әйелдерін де салған екен. Кейін келе, ол дәстүр біраз өзгертіліп, күйеуі өлгенде онымен бірге әйелдің орнына сол әйелдің бір бұрымын ғана салатын болған. Яғни, бұрымды – толықтай әйелге балаған. Бұрымы болмаған жағдайда ғана әйелді көрге күйеуімен бірге салған. Мезгілінен бұрын көрге түспес үшін, ол кездің әйелдері бұрымдарын сақтаған.

Қазір ғой қыздар, күтімді көп керек етеді, оған менің уақыт жоқ деп, бұрымдарын кесіп тастайтыны. Бұл қазақ қызына тән қасиет болмаса керек. Бұрым кесудің басын біраз ғалымдар, скифтер жауларын қуып бірнеше жылға кеткенде, ауылда қалған құлдарына тиіп алып, соғыстан қайтқан күйеулерін елге кіргізбей қойған амазонкаларға алып барады. Шынымен де солай болды ма, ол жағын анық айту қиындау. Біздің ата бабамыздың салтында бұрымды – қыздың көркі деп есептегені анық. Тіпті, орыстардың өздері: Руса коса, до пояса,- деп бұрымды қызды мақтайды, жырға қосады.

Қазақта не бір сұлулар болған. Баян, Қыз Жібек, Құртқа т.т. Суретшілеріміз олардың суреттерін салғанда керемет сұлу етіп салғандарымен, шығармаларда олардың жан сұлулықтары бірінші орынға қойылатыны белгілі. Яғни, қазақ қашанда да қыз баланың тән сұлулығынан гөрі, жан сұлулығын жоғары бағалаған. Сол дәстүрді жалғау бүгінгі жастардың міндеті. Қазақта: «Сырты сұлу не дейді, іші сұлу оны бұйдалап жетелейді», деген сөз бар. Осында үлкен мән жатқан сияқты.

«Сұлулық» пен «сән» деген ұғымдар өте жақын. Соңғы кезде біздің жастарымыз сұлу болып көріну үшін, шынайы сұлулық пен сәннің ара қашықтығын ұмытып кеткен сияқты. Олардың арасында - сәнді киінсем, әрленсем, боянсам «сұлу боламын» деген ой әбден қалыптасты. «Сәнге» - «мода» дегенді тағы да қосып алды. Сонда барып қыздардың етегін қысқартып көйлек киюлері, ұятты жерлерінің бәрін, ең аяғы кіндіктеріне дейін ашып тастаулары, жігіттердің тізесі жыртық, болмаса әбден тозған (әдейі тоздырған) шалбар киюлері сәнге айналды. Соңғы кездері қыздарымыз (ұят та болса айтуға тура келеді) омырауларын ашып, бәрін сыртқа шығарып қоюды да сәнге айналдырды. Бұрымдарын шолтитып кесіп, жылдың мезгіліне қарамай, көздеріне қара көзілдірік тағып, омыраулары мен кіндіктерін ашып жүрген қыздарымызды көргенде, «әй баламай, көзді көру үшін, мына сенің әлем-жәлем түрінді көрген елден ұялуың үшін, бұрымды өру үшін, ана төсіндегі анарды құдай саған сәндік үшін емес, бала емізу үшін берген, әр мүшенді өз орынына пайдалан!», дегің-ақ келеді, бірақ көпке қарсы күл шаша алмайсың, амалсыздан, ұялып, төмен қарап өтіп кетесің.

Жалпы қыз баланың етегінің ұзындығы мен қысқалығына, омыруының ашықтығы мен жабықтығына, оның жүріс - тұрысы мен киім киісіне қарап, оның тірбиесі, мәдениеті мен ар - ұятының деңгейін анықтауға болады.

Адамның бойы толған энергия. Ол біреуде аз, енді біреулерде көп болады. Кейбіреулердің көзі жаман, балаға көз тиген деп жатады, қазақ. Көз жаман болмаса, қазақ олай айтпас еді. Сол, жаман көздер қыздарға сұқтана қарағанда, олардың суық энергиясы әбден өткен, күн қақты, жел соқты болған төстен, ертең ана болғанда, сүт шықпайтынын ол жас қайдан білсін. Содан болар, соңғы кезде балаға емшек емізбей, түрлі жасанды сүтпен тамақтандыру көбейіп кетті. Айналайындар, сондықтан сұқ көзден, суық көзден сақ болыңыздаршы. Көп қасиет балаға ананың ақ сүтімен дариды дейміз. Анасының емшегін ембесе, ананың жақсы қасиеттері балаға қалайша дарымақшы?

Осылардың бәрін көріп жүріп, бұлардың ата-аналары қайда қарап жүр екен, «қызға қырық үйден тыйым» дейтін қазақы қоғам қайда, деген сұрақтарға жауап бере алмайсың. Қыз баланың олай жүргеніне әрине ол өзі де, ата-анасы да, жүрген ортасы да кінәлі. Ең кінәлі - біздің қоғамымыз. Біз бәріміз бірдей орысқа жетеміз деп, өзіміздің қазақтығымызды, қазақи қасиеттерімізді, салт-санамызды ұмытып бара жатқан сияқтымыз. Ал, бұл мәселеге тіпті тереңірек үңілетін болсақ, олардың арғы жағында үлкен саясат, қарсы идеология, жауыздық идеология жатыр.

Жоғарыда біз, бұған дейін бір-бірімен тіл табысып, бірлесе жұмыс істеп Вавилондай күмбезі көкпен таласқан мұнара (қала) салған елдің, құдай тілдерін шатастырып жібергеннен кейін, ел бірін-бірін түсінбей, өздері салған Вавилонды күл - талқан етіп бұзғандары жайлы жазғанбыз. Бұл, тілдің шатастырудың нәтижесі. Осы идеяны толық, әрі терең игерген шет елдің саясаткерлері Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары біздің тіліміз ғана емес, ұлттық құндылықтарымызды шатастыруға көп күш салды. Оның басында АҚШ - тың сол кездегі Орталық барлау басқармасының бастығы Аллен Даллес тұрғаны да белгілі. Оның айтуы бойынша, идеологияға жұмсаған бір доллар, қару жараққа

жұмсаған бес долларға тең екен. Нәтижесінде, олар еш оқ жұмсамай-ақ, біздің елдегі халықтардың түсініктерін басқа жолмен жіберіп, құндылықтарын алмастырудың нәтижесінде Кеңестер Одағын тас-талқан етіп, таратып жіберді. А. Даллес қандай данышпан адам! Осы ойларын АҚШ-тың Конгресіне ол қалай дәлелдеді, өз жоспарын жүзеге асыру үшін одан миллиардтаған қаржыны қалай алды? Керемет! Бұл жайында кезінде саяси әдебиеттерден оқыған едім. Сол ойымды Парсы еліне, Иран революциясының он жылдығына орай барған сапар кезінде болған кездесулерім тағы да дәлелдеп берді. Бір кездесуде Иранның сол кездегі мәдениет министрі Сейид Мухаммад Хатами (ол кейін Иран елінің Президенті болды):

-Шах басқарған елімізде АҚШ - тың әсерімен парсы халқының барлық құндылықтары жойылып, ел еуропаша ойлап, еуропаша киініп, тіліміз бен өнеріміз еуропаша, діліміз еуропаша болып, әйелдеріміз біртіндеп жалаңаштана бастағанда, халық деген атымызды сақтап қалу үшін Аятолла Хомени бастаған діндарларымыз бас болып, оларды бүкіл парсы жұрты қостап, бар билікті өз қолымызға алдық. Ол революция болмағанда бүгінде Иран елі жойылып, Американдықтардың көңіл көтеретін жеріне айналатын еді,- деп, өкінішпен айтқан сөздері әлі есімде. Біз де, сол жолмен, Пехлеви Иранның жолымен келе жатқан жоқпыз ба, деген сұрақ мені ылғи мазалайды. Сондықтан да, басқаның жетегінде кетпес үшін, бәрін былай қойып, өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды қайтарудың бағдарламасын жасаудың кезегі келген сияқты. «Ұлт болам десек – бесігіңді түзе» деген сөз, осындай кез үшін айтылған болар. Бесікті түзеуді, одан кейін ұлттық құндылықтарды сақтауды әркім өзінен бастаса дұрыс болар еді. **Ұлттығымызды сақтап қалу үшін, ең алдымен ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалу керек екені айдан анық.**

Біздің жастар, қаскөйлер көрсеткен жолмен кетіп - сұлулық, сән, әсемдік деп жүргенде, алпауыттар оларды үлкен саясаттың жай ғана құралы ретінде пайдалануда. Абайламасақ болмас. Онсыз да, тәуелсіздік алған 20 жыл ішінде талай ұлттық құндылықтарымызды жоғалтып, талай байлығымызды басқаларға беріп қойдық.

Қайдан, қандай жағдайда пайда болғанын білмеймін, қазақта, ел бұзылар кезде, алдымен әйел заты бұзылады, деген сөз бар. Әйел заты бұзылғаны туралы мысалды біз жоғарыда амазонкалар жайында айтып өткен болатынбыз. Әйел заты бұзылды, өз ерлерін елдеріне кіргізбеді, құлдарына тұрмысқа шықты. Нәтижесінде ол басқа ел, құлдардың, сатқындардың елі болып шықты. Өкінішке орай, жеңіл өмір іздеп, жұмыссыз жүрген қазақ баласы емес, басқаларға қосылып, басқалардың түтінін түтетіп, басқалардың ұрпағын көбейтіп жатқан қазақтың қыздары көбейіп барады. Басқаларға тисін-ау. Тимесін, дей алмаймыз. Сол басқалардың, қыздарымызға үйленіп, қазақстан азамттығын алғаннан кейін, біздің қыздарымызды тастап, қаңғыртып кетіп жатқандары - біздің қоғамымызды да, сол басқаның етегін ұстап кеткен қыздарымызды да, олардан кейін өсіп келе жатқан жастарымызды да ойлантса керек еді.

Әйелдеріміз бұзылып, еліміз басқа ел болмас үшін - қыздарымызды дұрыс тәрбиелейік, әйелдерімізді аялайық, аналарымызды әркезде алақанымызда ұс-

тап, төбемізге көтерейік. Бесігімізді түзейтін де, елдігімізді сақтап қалатын да солар.

Хабуснамадан:

Адамға сыпайылық жарасады. Айнаға қараған адамның сымбаты сұлу болса, көркіне сай мінез-құлықы да сұлу болуы тиіс. Өйткені, жақсыдан жамандық шығуы дұрыс емес. Бидайдан арпа өсуі мүмкін емес. Адам айнаға қарағанда көріксіз көрінгенмен, жақсылық істеуге міндетті. Солай етпесе, кемшілік үстіне кемшілік жасала түседі..

Сонымен қазақтың қызы қандай болуы керек? Бұл сұраққа жауап іздегенде менің көз алдыма: ішкі жан дүниесі бай, рухы жоғары, парасатты, көркем, сүмбіл шаш, мінезі көз қызығарлықтай, білімді, қазақтың салт-дәстүрін, тілі мен тарихын білетін және де сақтай да, қорғай да білетін ару келеді. Қыздарымыз осындай болсын, болмаса ұқсап бақсын, дегім келеді.

Өзін-өзі тану (Самопознание)

Бұл бір, адам бойындағы өте күрделі қасиет. Себебі, әр адам, өзі болғандықтан болар, өзін-өзі жақсы білемін деп ойлайды да, өзінің осы өзін-өзі білу, тану дегенге жөнді көңіл бөле бермейді.

Өзін-өзі білу деген, бұл әр адамның өзінің шама - шарқын, шыдамдылығын, қабілетін, білімін, күшін, рухани байлығын, мүмкіндігін, денсаулығын, тағы да басқа қасиеттерін жетік білу деген сөз. Адам өзін-өзі білгенде ең алдымен - мен кіммін, бұл дүниеге неге келдім, мақсатым мен міндетім қандай деген сұрақтарға жауап іздеуі керек. Әр адам өзін - өзі түсінбей, өзіне - өзі баға бере алмай, басқаны түсінуі, білуі, оған баға беруі мүмкін емес. Өзін-өзі білу деген, салыстырумен келеді. Биікке жетсем, сондай болсам екен деген оймен келеді. Өзін-өзі білген адам ғана басқаларды біліп, олардың жақсы мінездері мен қасиеттерін бағалап, сыйлай бастайды. Өзін-өзі бағалай алған адамды, өзін өзінің шама-шарқына қарай ұстаған адамдарды басқалар да бағалайтыны заңды.

Адамның өзін-өзі білуі бар да, өз бойындағы жақсы қасиеттерді ұдайы дамыту, арттыра түсуі бар. Даттың философы Кьеркогер кезінде былай деп жазған екен: «Существовать не означает - быть, существовать - означает становиться». Яғни, «Өмір сүру сенің бұл дүниедегі барлығың ғана емес, өмір сүру дегеніміз - қалыптасу, өзінді-өзің дамыта, ұштай түсуің», деп ұғынған дұрыс болар. Сондықтан да өзін - өзі білу дегеніміз, өзімізді - өзіміз біліп қана қоймай, өсуге, ылғи да алға жылжуға, неден болса да биіктен көрінуге талпыну. Тірі адам ешқашанда да толдым, болдым дей алмайды, өмір бойы ол жетілу, толысу процесін бойынан өткізеді.

Өзін-өзі білу дегеніміз, өзін басқалармен салыстыра білу, өз кемшілігін де басқаның кемшілігін де көре білу, шамасы келгенше ол кемшіліктің орнын толтыруға тырысу, адамның асқақ қасиеттерін қалыптастыра білу, сол жолмен жүріп отырып, қоғамның алға жылжуына үлес қосу.

Соңғы жылдары біздің елімізде «Өзін - өзі білу» дегенге барынша көп көңіл бөлініп, бұл мектептерде арнайы сабақ ретінде өткізілуде. Мақсаты – білім-

ді, мәдениетті, қоғамдағы өз орнын білетін, достықты бағалай білетін, жақсылыққа жаны құмар, шынайы патриот - елдің ертеңін тәрбиелеу.

Қазақ, «Көтере алмайтын шоқпарды беліңе ілме», немесе «Әлін білмеген - әлек», дейді. Бұл өзін - өзі білмейтін, күші мен мүмкіндігін білмейтін адамдарға айтылған сөз. Өзін-өзі білген адам - айтар сөзін де, көтерер шоқпарын да, атқарар қызметін де, берер уәдесін де, алға қояр міндетін де өз шама-шарқына қарай белгілер еді. Өзін - өзі білуге ұмтылу, өзін басқалармен салыстары білу, кімді болса да күштілер, білімділер, тәжірибелілердің қатарына бастар берік баспалдақ екенін біліп қой, жас дос. Өзін - өзі білудің ролі осыдан бір мың жыл бұрын белгілі болған екен. Қабуснамада өзін - өзі білу туралы былай жазылған:

- Алла тағаланы танығың келсе, алдымен өзіңді - өзің таны. Өз хал қадіріңнен хабарың болсын. Алдымен, әрбір жан өзін-өзі тани білсе, Алла тағаланы да таниды. Бұл айтылған сөздің төркіні, сен білмейтін жерде ол – білгіш, сен бір өрнек болсаң, ол - өрнекіші. Сен сурет болсаң, ол - суретші. Енді өз өрнегіңнің тарихына талдау жасап, Жаратушының шеберлігі жайлы ойлан...

Өзін-өзі білу - бұл Ислам дініндегі сопылардың басты бетке ұстар идеясы болатын. Дін жайлы айтқанда, біз бұл мәселеге кеңінен тоқталатын боламыз.

Сенім - адам өмірінде қалыптасқан - біреудің екінші бір жанға, болмаса қоғамға артар жүгі, салар салмағы, аяқ тірер жері. Ес біліп, етек жиғаннан кейін адамның сенімсіз өмір сүруі тіпті де мүмкін емес. Өйткені, ол бұл дүниеде жападан-жалғыз емес. Ол өзі сияқты адамдармен бірге, қоян қолтық өмір сүреді, өзіне, немесе қоғамға қажетті бір іс, шаруа тындырады. Сонда сенім артар, аяқ тірер адамы, досы, қоғамы болғаны дұрыс. Адам бірі - біріне сенбесе, екеу ара сенімсіздік туады, күдік туады. Өзара сенімсіздік болмаған жерде береке болмайды.

Сенімнің ең бірініші қалыптасатын түрі туралы біз жоғарыда баланың анасына, айналасындағыларға деген сенімі жайлы айтып өткенбіз. Бала өсе келе ол сенімнің шеңбері кеңіп, сол сеніммен атқарар істің де көлемі арта түсері сөзсіз. Қасындағы адам сенімді болсын десең, сен өзің де сол сенімге лайық болуың керек. Біз жоғарыда «мен саған - сен маған» деген қағиданы атап өткен болатынбыз. Өмір солай, түйеге артқан теңдей, сенімнің екі жағы тең болуы керек. Сенімді екі жақ бірдей сезінуі керек. Сонда ғана сеніп тапсырылған жұмыс ойдағыдай атқарылып, іс өнімді болады. Менің білетінім: достықтың тірегі – сенім, махабаттың тірегі - сенім, үйлі-баранды болғанда да от басының басты тірегінің бірі - сенім. Мейлі жолдасың, мейлі бастығың, мейлі қоғам, мейлі ел саған бір шаруаны сеніп тапсырып, сен сол шаруаны ойдағыдай орындап шықсаң, сен сенімді ақтағаның, сенімді адам болғаның. Сенімді ақтау, досыңның, өзіңнің ортаңның, қоғамның алдында сенің абыройыңды арттырады сөзсіз. Олай болмай, сен сенімді бір рет, екінші рет, үшінші рет ақтай алмасаң, сенің сенімсіз адам болғаның, ендігәрі, досыңның да, қоғамның да, елдің де саған сенім артуы неғайбыл дүние болып қалады. Ол дегеніңіз қатардан да, санаттан да қалу деген сөз. Сенімсіз адам, қоғамның толық мүшесі бола алмайды. Ел сеніміне жету - үлкен абырой.

Баланы мектепке, болмаса осынша ақша төлеп институтқа жібергенде ата-анасы - ол оқиды, білім алады, маман болады, ертең өз қатары сияқты өмірден өз орынын табады, келе-келе менің тірегім болады деп сеніп, баласы ойдағыдай болып өссе, өзінің де ертеңгі күні сенімді болады деп жібереді. Сол сенімді ақтау - сенің міндетің.

Біреуге бір қызметті сеніп тапсырғанда, басшылар оған сенім артады. Мысалы, біз Парламенттің депутаттарын сайлағанда, ол үлкен лауазымды оларға сеніп тапсырғанбыз. Сол сенімді ақтай алды ма, жоқ па, ол жағы депутаттардың жауапкершілігінде. Сенімді жоғалтпау - біздің әрқайсымыздың құдай қосқан қосағымыздың, достың, бастығымыздың, өзіміз өмір сүріп жатқан қоғамымыздың алдындағы басты міндеттеріміздің бірі. Сенім жоғалмасын. Бәріміз де ел сеніміне сай болайық.

*Қандас болса, қандасыңмен мұңдасқын,
Ол болмаса, достарыңмен сырласқын.*

*Туысың болса - мығым, берік тұрарсың,
Досың болса - бейне ордалы шынарсың.
Туыс жоқта, туыс болар ер жолдас,*

Ізгі досың - бауырыңнан кем болмас.

(Жүсіп Баласағұни «Құтты білік»)

Достық. Бұл адам өмірінде ерекше мәні бар, адам мен адамды барынша жақындастыратын қасиет. Өйткені, адам бұл өмірде жалғыз емес. Оны қоршаған ортасы, қасында жүрген серіктері, қызметтестері, ең бастысы, ол нені болса да сене алатын, иек арта алатын адамы - досы болуы керек. Бұл өмірде кімнің болса да қарым-қатынас жасайтын, серік болатын адамдары көп болады. Солардың ішінде достың, шынайы достың орны бөлек. Достықтың басы жоғарыда атап өткен сенімде жатыр.

Бірақ сол досты қалай таңдау керек. Ешкім де, мен дос таңдап жүрмін, деп жар салмайды. Достық уақытпен шыңдалып, жақсылары іріктеліп, ерекшелене бастайды. Досты іріктеп беретін - уақыт, уақиға, жағдай, еңбек, күнделікті күйбің тірлік. Қазақта, «Тең теңімен - тезек қабымен», деген сөз бар. Өте орынды айтылған сөз. Дос болу үшін онымен ақыл-ойың, білімің, оқыған-тоқығаның, пікірің мен өмірге деген көзқарасың, қабілетің, көп жағдайда көрген білгенің мен мінезің, ең ақыры байлығың мен барлығың қатар болуы керек.

Хадистерден: **Адам өз досының дүние танымы, пиғылына қарай үйлесіп кетеді. Сондықтан кіммен достасуды алдын ала ойланып алған абзал...**

Ең бірінші айтарым - қадіріңді білмеген адаммен достаспа. Оларда қасиет деген болмайды. Ол қадірлемесе, ол үшін сенің құның бір - ақ тиын болғаны. Екінші - малды адам, кедейді онша ұната қоймайды. Қазақта, «Жаяу болсаң, аттымен дос болма» деген де сөз бар. Тегіннен-тегін айтылған сөздер емес. Тап осылай болсын дей алмаймын. Бірақ, дос таңдағанда осы сөздерге құлақ асқаның да артық болмас. Бай ешқашанда да кедейді жақсы көрген емес. Бұл өмір заңы. Аттылы досың да бір-екіге шыдағанымен, бірде болмаса бірде, жолда тастап кетеді.

Рас, ақыл мен арды биік ұстағандар арасына келгенде, бұл «заңдылықтардың» рөлі болмай қалады. Себебі, шынайы достар - парасат иелері. Досыңа қандай талап қойсаң, өзің де сондай талап қоя біл. Бұл достықтың басты шарттарының бірі. Достық сатылмайды. Тіпті, жоғарыда айтылған «мен саған - сен маған» деген принципке бұл жерде орын жоқ. Достықтың негізі - адалдық, берілгендік, ой, пікір, мүдде бірлігі. Достықта өтірік - өсекке орын жоқ. Достық жыл өткен сайын тексеріліп, шыңдалып, нығая түседі дедік қой, жоғарыда. Достық ұлтқа, кейде тіпті жасқа, жынысқа қарамайды. Пікірлес болса, жап-жас жігіт пен үлкен кісілер де, ұл мен қыз да, басқа елдердің азаматтары да дос бола береді. Шынайы достықта бірінші орынға әрқашанда да - өз ара түсіністік, ой бірлігі, пікір бірлігі, мүдде бірлігі шығарылады. Дос болу үшін осы жайларды аздап болса да білген дұрыс.

Жаңа өмір, адамдардың арасындағы жаңаша қарым-қатынас, жаңаша алыс-беріс басталғаннан бері қарай достыққа деген көзқарас біраз өзгерген сияқты. Достықты байлықпен, барлықпен өлшейтіндер, барында-қасыңнан шықпайтын, жоғында-іздесең де таппайтын достар көбейіп кеткен сияқты. Дос дегенде, өзің де қадірлейтін, өзінді де қадірлейтін дос болғаны дұрыс. Сені бағалай алмаған, өзін де бағалай алмайды. Ол алдамшы.

Адам мен адам достасқанда, қоғам мен қоғам, тіпті ел мен ел де достаса береді. Ол жағдайда да өзара түсіністік, ой мен пікір, мүдде бірлігі басшылыққа алынады. Дүниедеге толып жатқан бірлестіктер мен ынтымақтастықтар сол мүдде бірлігінің, шынайы достастықтың мысалы бола алады.

Қабуснамадан:

Шапазатты және мейірбан досың болсын. Олармен әрдайым оңашада ақылдасқан жөн. Өйткені сен олармен оңашада сөйлескенде ғана ой-пікірін ойдағыдай пайдалануға болады...

Ей, перзентім, білгенің жақсы, адам тірі кезінде доссыз болмайды. Адамның доссыз болғанынан, туысқансыз болғаны жақсы. Бір данышпаннан дос жақсы ма, туыс жақсы ма деп сұрағанда, дос жақсы, деп жауап берген екен...

Әр уақытта дос-жаранды болуға әдеттен. Өйткені кімнің досы көп болса, оның айыбы ашылмайды. Бірақ жаңа дос таптым деп, ескі достан айырылма. Ескі достан теріс айналма. Достарың әрдайым көп болғаны жақсы. Жақсы дос - ол да бір үлкен дәулет. Ақылсыз адаммен дос болудан сақтан. Өйткені ақымақ дос ақылды дұшпаннан жаман. Адамгершілігі аз, мейір шапазаты кем адамдармен бірге болма. Дос болуға лайықты адамды екі қасиетінен білуге болады. Біріншісі- дәулетті кезінде малын аямайды, ал кедей кезінде одан сырт айналмайды. Екінші - досы дүниеден өтсе, оның перзенттері мен ағайын-туғандарын шақырып, қолынан келген жақсылығын істеп, достың қабіріне барып зиярат қылып, дұға оқып, еске алады...

Егер сен дәулетті болсаң, кедейді дос қылсаң орынды. Жалпы халықтың достығына көңілің ақ болсын.

Махаббат пен сүйіспеншілік

Махаббат пен сүйіспеншілік дегенде, әке мен баланың арасындағы сыйластық пен сүйіспеншілікті, әсіресе ананың балаға деген, баланың анаға деген сүйіспеншілігін ешқашанда естен шығармау керек. Жұмақ қайда дегенде, ананың аяғының астында дегені, баланың ананың алдындағы мәңгілік парызын айтқан болар. Ананың ақ сүтін ақтау, қазақ үшін қашанда да абыройлы міндет болған, болып қала бермек. Әр баланың анаға жасаған жақсылығы, оның анасының алдындағы қарызын өтеп, парызын орындағаны болып табылады.

Қабуснамадан:

Ей, перзентім, ата-ананы құрметтеуің қажет екенін ақыл - ой, парасат тұғырынан ойлап білгейсің. Өйткені әрбір перзенттің тегі ата-ана зой. Не үшін ата-анама құрмет жасаймын деп ойлама. Олар сен үшін өзін өлімге де қиятыны белгілі...

Егер әрбір перзент ақылды және дана болса, ол ата-ананың мейір-махаббатын құрметтеуден бас тартпайды.. Ата-ананың міндеті- тәрбиелеу және жақсылыққа үйрету. Ей, перзентім, ата-анаңды ешқашан ренжітуді болма. Олардың көңіл-күйіне қаяу салып, қапаландырмағын...

Сені жан-ділімен жақсы көріп, тәрбиелеп жүрген ата-ананың көңілін қалдыратын құрттай іс жасасаң, сен ешқандай да жақсылыққа лайықты жан емессің, өйткені кімде - кім ата-ананың жақсылығын білмесе, басқа біреудің де жақсылығын бағаламайды. Егер сен, өз перзентім құрмет қылсын десең, сен де ата - анаңды құрметте, сен ата-анаңа не істесең, саған перзентің соны жасайды. Перзент жеміске, ата-ана жеміс ағашына ұқсайды. Жеміс ағашын жақсы күтсең, жемісі де дәмді болады. Сол сияқты ата анаға деген ізет, құрметті аямасаң, саған деген олардың да ізгі тілегі қабыл болады...

Заманы бір, жастары шамалас әр жыныстың өкілдерінің достығы көп жағдайда алдымен өзара түсіністікке, сыйластыққа, бара-бара сүйіспеншілікке, ғашықтыққа, махаббатқа алып келетіні заңды құбылыс. Түсіністік, сыйластық, сүйіспеншілік, махаббат - бұлар білген адамға, бақытқа алып баратын тура жол. Бірақ, кейбіреулер оны біле де, сезе де бермейді. Сыйластықтың, сүйіспеншіліктің, сенімнің, шынайы махаббаттың не екенін жете түсінбегендер, көп жағдайда көрсе қызарлыққа, қызғанышқа, жалған махаббатқа жол беріп алады да, артынан қай жақ болса да опық жейді. Сүйіспендік (сүйіспеншілік), шынайы махаббат, бұл - сезім, кейде тіпті, ақылдың ырқына көнбейтін сезім. Бұл сезіммен ойнауға болмайды. Лапылдап тұрған махаббатың отына түскен жастың ол жайларды ойлайтын, ойланатын уақыты да болмайды. Оның басты себебі, көп жас жоғарыда атап өткен сыртқы сұлулық пен шынайы сұлулықтың арасын айыра алмайды. Көзге қызарғанның артынан, қиыла жүріп кете барады. Бұл жолда бір қателескен жастың алды соқпақ екенін әркезде де естен шығармаған дұрыс. Содан барып ол, өзінің өмірі алдындағы, болашақ жарының алдындағы жауапкершілігін бір сәтке ұмытады.

Қабуснамадан:

Ей, перзентім, адамның табиғи сұлулығы (сыпайы, биязы мінезі) болмаса, ғашық бола алмайды. Өйткені махаббат дегеннің өзі табиғи сұлулыққа байланысты екені даусыз. Табиғи сұлулық дегеніміз - оның ұстамдылығы. Әрбір ұнамды мінез-құлық пен келісімді көріктен әдемілік пайда болады... Егерде сенің басыңа ойда жоқ жерден ғашықтық түссе, таңданба. Ғашықтық деген сүйгеніне қолы жетпей, сағыныш сабырсыздығының нәтижесінде пайда болады...

Ғашық дегендер әуелі бір сұлудың суретін көреді. Көңіл ұнатқан соң құштарлық пайда болып, оның суретін қайта-қайта көргісі келе береді. Егер сен ғашықтықты көңілдің еркіне жіберсең, көңілің махаббат билігін қолына алып, ғашығыңды және бір көруге әрекеттендіреді. Екі рет көруге әрекет жасайсың. Үшінші рет көріп, тілдесіп, жауабын алғаннан соң өз билігің қолыңнан кетеді... Лажсыз құмарлықтың құлы боласың. Мұндай дерттің емін ақылды адамдар ғана таба алады.

Түріктің ұлы ғұламасы Жүсіп Баласағұн үйленем деген жігіттерге мынандай кеңес береді:

Әйел алмақ болсаң егер, қарарсың,
Жіті бағып, таңдаулысын аларсың.
Жақсы болсын тегі, заты, ұрығы,
Пәк ұятты, болсын жанның тұнығы.
Дұрыс үйдің қызын ал, қол тимеген,
Сенен өзге еркек жүзін көрмеген.
Сені сүйіп, басқа жанды білмесін,
Жаман, тексіз қылық істеп жүрмесін.
Тегі өзіңнен пәстеу қызды аларсың,
Асыл текке өзің құл боп қаларсың...

.....

Өз теңіңда ал, алсаң - қатын алмағын,
Ей, есті ер, ақылдысын таңдағын.
Көркін қуып, алма қылқы кемісті,
Құлқы жақсы болса - кемел, келісті.

.....

Мамық болмай, бөксе, мықын білегі,
Мамық болсын мінезі мен жүрегі.
Жан жылуы нұрландырсын ажарын,

Бірге көрсін рахат тұрмыс азабын...(28.213). Айтылғанына қанша заман өтсе де ғұламаның бұл сөздері өз мәні- мен мағынасын бүгінге дейін бір де - бір жоғалтқан жоқ.

Сүйіспеншілік (сүйіспендік), ғашықтық, махаббат, дегенде ылғи да мына жайларды есте ұстаған дұрыс. Тіл табысып, көңілдері жарасып, бұл өмірден қол ұстасып өтейік деген ғашық жұптардың сан алуан түрлері болады. Мен солардың үшеуіне ғана тоқталып өтейін.

Біріншісі - жүз ойланып, мың толғанып, бірін - бірі әбден сынап, ойы мен мүдделері, армандары бір жерден шыққан, бірінің алдында екіншісінің ары та-

зы, бар жауапкершілікті әбден сезінген, теңімді таптым деген екі жас. Бұлар, қазақша айтқанда - «Екі жақсы қосылса, күн туады айменен» дегендей, шынайы махаббат иелері. Бұлар қайда болса да қатар жүзген қос аққудай, бар қызықты да, ауыртпалықты да тең бөлісе алатын жандар. Бұлар шынымен де бақыттың иелері. Осындай жастар көп болса ғой. Кешегі Қозы мен Баян, Төлеген мен Жібектер осындай шынайы махаббат иелері.

Ақын Мұхтар Шахановтың мына өлең жолдары сол шынайы махаббат иелеріне арналған сияқты.

Қуаныш пен бақыттан мүсіндеген,
Келбетіңнен сенімнің күшін көрем.
Сен сияқты мені ешкім еркелетіп,
Сен сияқты мені ешкім түсінбеген.
Асыл жарым,
Жайнаған жасыл бағым.
Бағаласың бақытыңмын,
Сағынсаң қасыңдамын.
Арманды дара қумаймыз,
Құстың қос қанатындаймыз,
Жүректе от жанып,
Тауларды бетке алып,
Бірге ұшып барамыз болашаққа...

Өлеңнің әр жолына мән беріп қараңызшы. Бар махаббат, бар сыйластық, түсіністік, бар бақыт осында жатқан сияқты. Қызғансаң, осындай махаббатты қызған. Армандасаң, осындай махаббатты арманда. Өмірің мәнді, бақытың баянды болсын десең, жарыңды таңдай біл, шынайы махаббаттың иесі бола біл..

Екіншісі - біріне бірі, міндеттеп, салмағын сала келетін жастар. Менің мақсатым үйлену (болмаса тұрмысқа шығу), ендігі қалған салмақты анау көтереді деген жалған сенімнің жетегінде кеткен жастар. Сырт қарағанда, жоғарыда атап өткен махаббат та, сүйіспеншілік те, бәрі бар бұлардың арасында. Бұлар неке қиылғанға дейін сақталады да, некелері қиылғаннан кейін, кешегі әрқайсының жеке жүрген кезде бар жауапкершілікті күйеуіне, болмаса жарына арта салу деген кемшіліктері барлар. Бұлардың жап-жақсы басталған өмірлері, әрқайсысының шыдамына байланысты. Салмақ көтеруші жақ шыдамды болса жақсы, бұлар да, «бөрі аштығын білдірмес», дегендей сыртқа ештеңені білдірмей, татутәтті өмір сүреді. Ал, біреуінің шыдамы таусылған күні, бұлар, ештеңеге қарамай, екеуі екі жаққа кетіп отырады. Ең жаманы, міндетсу, «мен білемінге» салыну, «айттым-бітті», бірі-бірінің артықшылығын, болмаса кемістігін (ақылы, ойы, білімі, көрген-білгендері, ата-аналарының қызметтері мен байлықтары) байқалған кезден бастап, бірінің - біріне салар салмағы күрт артып, екінші жақ оны көтере алмайтын жағдайға жеткенде, шыдамы таусылған жақ бәрінен бас тартады. Қазақ, «тең - теңімен, тезек - қабымен» дегенді осындай жандарға арнап айтқан сияқты.

Үшіншісі - бұлар көрсе қызарлықтың, қызғаныштың, асығыстықтың, жауапсыздықтың нәтижесінде пайда болған жұптар. Сырт қарағанда бұлардың арасында да сыйластық пен сүйіспеншілік бар сияқты. Бірақ, бәрі жасанды, ненің болса да ірге тасы тұрақсыз жерге салынып, сәл қиындық туындағанда олар, кешегі «сүйдім-күйдім» дегенді ұмытып, біріне-бірі суый бастайды. Бұндайлардан сақ болайық.

Біздің жастарда бәрі бар, олар бәрін де түсінеді. Ең басты кемшіліктері – біріне - бірінің кешірімділіктері мен жауапкершіліктері жетіспей жататын сияқты. Кешірімді болу үшін де ақыл керек.

Елмен, әсіресе жастармен кездескенде, бәрін айтып келіп, ең аяғында өздерінің көкейлерінде жүрген сұрақтарға жауап таба алмай қиналған жастар:

- Қыз кезінде қыздардың бәрі жақсы, жаман қатын шығады, осы қайдан?- дегенге дейін барады, олар. Алғашқы кезде бұл сұраққа жауап таба алмай тосылып қалғаныммен, зерттей келе:

-Қыз кезінде қыздардың бәрі жақсы, жаман қатын шығады, осы қайдан, деген сұраққа, «байдан» деп жауап беретін болдым. Ол шынымен де солай екен, «байдан». Себебі бар кінә содан. Болашақ күйеудің бірінші кінәсі - қалыңдық таңдай (мінезін, мақсатын, мәдениеті мен ибасын, көргенін, тәрбиесін) білмеуінде, екінші кінәсі - артын ойламай, сүйдім-күйдімге ілесіп кетуінде, осынша жауапты іске жеңіл-желпі қарауында, болашақтың алдында жауапкершілікті сезінбеуінде, үшінші кінәсі - тұрмыс құруға, оның бар ауыртпалығын бірге көтеруге не өзін, не қалыңдығын дайындамай, асығыстық жасағанында. Төртінші кінәсі, қазақта «тек» деген ұғым бар. Сол ұғымды жете түсінбеуінде.

Отау деген өзінше бір мемлекет. Отау үйдің жасауы қаншалықты көп болса, шаңырағын шайқалтпай, ол үйді басқарудың әдіс - амалдары да соншалықты көп. Оны басқару, бар тірлігін ұйымдастыру, берекесін келтіру екі жастан ақылдылықты, парасаттылықты, біліктілікті, өзара сыйластықты, өзара сенім мен адалдықты, керек десен дипломатия мен қулықты талап етеді. Ол отаудың басшысы мен қосшысы, қалыптасқан, болмаса да екеуі бірдей бағынатын тілекталаптары, қажетті мөлшерде қаржысы мен күнделікті тұрмысқа қажетті мүлкі болу міндетті. Бәрі болған жағдайда, ең бастысы екеу ара сенім болу керек. Сенім болса, өсек-аяңға құлақ аспайсың.

Түсіністік пен бірліктері болса, жастардың ата-аналары да үлкен тіреу болар еді. - Екі құдағи тыныш болса - құдай да тыныш, деген тағы бар. Жас отаудың шаңырағын екі құдағи екі жақтан қолдасып көтеріссе, құба-құп болар еді. Бірақ, өкінішке орай ылғи да осылай бола бермейді. Біліп қой, жастардың бағын көбіне - көп өздері емес, маңайындағылар байлайды.

Міне, осындай қажетті тәрбиенің жетпей жатқандығы мен жалған махаббаттың, біріне - бірі салмақ сала келетін махаббатың арқасында соңғы жылдары қоғамымызда жастардың ажырасу дегені күрт артып отыр. Мысалы, өткен жылы елімізде әрбір төртінші жас отаудың шаңырағы шайқалған екен (Перламент депутаты А. Самақованың (2011ж.) есебінен). Сонда қанша бала жетім қалып, қанша жас келіншек жесір атанды!? Обалдағы-ай. Мұның аяғы неге әкеліп соғар екен?

Бұрынғы қазақ махаббат, жастардың сезімі мен сүйіспеншілігі дегенді екінші орынға қойған. Олар балаларына болашақ жар таңдағанда ең алдымен болашақ келіннің тегіне, оның ата - анасына ерекше көңіл бөлген. Олар өздеріне тең келетін (кем емес), осылармен жарасып кетеміз-ау деген құдаларды алдын-ала таңдаған. Балаларының болашақтарына сеніммен қарайтын ата-аналар тіпті, балалар туысымен - бесік құдалар да болған. Құдасын шынымен де құдайындай сыйлаған. Құдалардың өзара сыйластықтары мен берік байланыстары біртіндеп жастарға ауысып, олардың жарасты, келісті өміріне жол ашқан. Мұндай неке қашанда мықты, от басы үбірлі - шүбірлі болған. Бұл жас отауларда әркім өз міндетін жақсы білген және ол міндетті бұлжытпай орындауға тырысқан. Бүгін ше?!

Шынайы сүйіспеншілік, шынайы махаббат деген - бұл, екінің бірінің маңдайына қона бермейтін ерекше сезім. Оны кім болса да жан дүниесімен, бар болмысымен, жүрегімен түсінуі керек. Пәк сезімге дақ түсіру - қиянат. Шынайы махаббатың сезімі - үлбіреген жібек орамал сияқты. Жаңбыр жауса тез су болады да, самал ессе тез кебеді. Ол орамал, бос ұстасаң қолыңнан сусып шығып кетеді де, қатты ұстасаң жыртып аласың. Кейін оны жалғау қиынның - қиын-ау.

Хабуснамадан: Ей, перзентім. Әйел әдетте, арлы яки бай жан дүниесі, жақұттай жарқыраған нұрлы жүзі үшін некеленеді. Ал, сен арлысын таңда, сонда ғана берекен кіреді...

Әйелдің берекелісі - шығынға жұмсайтын қаржыны азырақ талап ететіні...

Алла әйелдермен қарым-қатынаста болуды маслихат етеді. Өйткені, олар: аналарың, қыздарың, әжелерің, әпкелерің, қарындастарың. Қашанда ері әйеліне, әйелі өз еріне жәрдемдесе, Алла оларға рақыммен қарайды. Егер алақанын алақынына қойса, саусақтарының арасынан күнәлары төгіледі...

Бір-бірлеріңе қайырымды, мейір-шапағатты болып, қол ұшын беріңдер, сонда іштеріңдегі арам пиғылдан тазарасыңдар...

Бір-бірлеріңді жақсы көріңдер, өйткені жақсы көру - махаббатты арттырады, ділдегі дұшпандық сезімді жояды...

Қазақ: Алпыс нарың болғанша, арлы жарың болсын. Еркек үйдің - иманы, әйел үйдің - жиғаны. Ер - елдің иесі, әйел үйдің - киесі,- дейді.

Әйел жайына келгенде Шыңғыс хан өзінен бастап, балаларына, немерешөбелеріне дейін мынандай ережеге бағынуды талап еткен.

- «Ханымның үш ері болады: ең әуелі - патша атты ері, онан соң абырой атты ері, үшіншісі - өзінің тиген күйеуі. Патшаға адал болса, абыройы азып – тозбайды. Патшаның жолынан таймаған, абыройын таза ұстаған әйел - алтын қазық. Сонда ғана өз күйеуі оны айналсоқтап, екі елі алыстап кете алмайтын болады». Шыңғыс ханның бұл талаптарын оның кейінгі ұрпақтары қалай орындады, ол жағы бізге белгісіз.

Андре Моруа: «Әйел затымен бірге тұру қаншалықты қиын болса, оларсыз өмір сүру, тіпті де мүмкін емес», деген екен.

Мүмкін ғашық болған жастарға пайдасы тиер деген оймен, Андре Моруаның «Бірінші махаббат» деген шағын ғана әңгімесін аудармай, сәл ғана қысқартып беруді жөн көріп отырмын. Оқып көр.

Первая любовь

Первая любовь на всю жизнь оставляет след в душе мужчины. Если это была счастливая пора, если женщина или девушка, которая впервые пробудила чувство юноши, ответила ему взаимностью и ни разу не дала ему повода усомниться в ее чувствах, атмосфера доверия и душевного покоя всегда будет сопутствовать ему. Если же в тот первый раз, когда он желал безоглядно довериться, его оттолкнули и предали, рана так никогда и не затянется полностью, а нравственное здоровье, пошатнувшись, долго не восстановится.

Нельзя сказать, что последствие таких разочарований всегда одинаково. Любовь-это недуг, симптомы которого каждый раз проявляются по разному. Байрон, которого Мэри - Энн Човорт презирала за его увечье, превратился в донжуана и заставлял всех остальных женщин расплачиваться за жестокосердие первой. Диккенс, отвергнутый за бедность Марией Биднелл, сделался властным, ворчливым, вечно недовольным мужем. И тому и другому первая неудача помешала найти свое счастье.

Очень часто мужчина, несчастливый в первой любви, всю жизнь грезит о женщине поэтической и нежной, по-девически чистой и по материнской доброй, дружелюбной и чувственной, всепонимающей и послушной. В постоянной погоне сильфидой он идет от увлечения к увлечению. Вместо того чтобы иметь дело с земными женщинами-пусть несовершенными, непростыми, но женщинами во плоти, он, как выражались романтические поэты, ищет ангела, а сам уподобляется зверю...

Наиболее же благоприятным для счастья является союз мужчины и женщины приблизительно одного возраста (мужчина может быть немного старше), безоглядно преданных друг другу, относящихся к своей любви предельно честно, стремящихся во что бы то ни стало сберечь взаимопонимание. Пронести первую любовь через всю жизнь - что может быть прекрасней! Для этого девушка должна отказаться от удовольствия заигрывать с другими мужчинами, что разумеется, нелегко... (29.).

* * *

Есте сақтайтын-ақ, көпке үлгі боларлық-ақ жай. Қателеспей, бірінді бірін мұқатпай, сезім мен өзара сенімнің қайығына мініп, бақытты өмірге жетуге болатынын жазып отыр француз ғұламасы.

Ар мен намыс

Ар, бұл - адалдық, ұят, тазалық және пәктік. Қандай жағдайда да адал болған адамның ары әрқашанда таза болады.

Батырдың арының тазалығы - намысты қолдан бермегені.

Елдің арының тазалығы - неге болса да, кімге болса да адал болғаны.

Қыздың арының тазалығы - пәктігі.

Ар - қазақтың рухани байлығының ең биігі. Заманында, біздің жерімізді мекендеген арийлер, біз «арийлерміз», діннің алдында арымыз таза деп, Зароас-

тризм (Күнге табынушылар діні) дінін ту етіп, ұрандатқан болатын. Біздің арымыз - дін ғана емес, бүкіл адамзат алдында тазалығымыз. Қашанда да арды – ақшадан, дүниеден, алыс-берістен биік қою керек. Себебі, **Ар - қазақтың екінші аты.**

Ар мен намыс - домбыраның қос шегіндей қатар, жарыса жүретін, бірі мен бірі үндесіп жататын біздің халқымыздың ең биік қасиеттері. Бір заманда ар мен намыс қазақтың туы болған. Қазақ жігіттері бірі мен бірі кездескенде «Армысың!» деп амандасып, «Бармын!» деп жауап қайтаратын болған. Яғни, қазақ амандықтан бұрын, оның арының тазалығын сұраған. Арының тазалығын білгеннен кейін барып қана, ел - аймақ, мал - жанның амандығын сұрайтын болған (Оңтүстік жақта, бұрынырақ отырықшы болған елдің арасында - Армысың – арыма - шаршама, деген де ұғым бар).

Батыр, арсыз адамнан аулақ жүрген. Қазір ғой біздер, кездескенде кімнің болса да арының тазалығын сұраудың орынына, «Ассалаумағалейкум», яғни «Құдайдың нұры жаусын» деп амандасамыз. Бұл, екі түрлі амандасуымыздың бірінші түрі - талап болса, екіншісі - тек, тілек қана. Маған ылғида, кешегі қазақ пен бүгінгі қазақтың айырмашылығы, осы талап пен тілектің айырмашылығындай болып көрінеді де тұрады. Тілек - тілеген жақсы ғой, қазақ, жақсы тілек жарым ырыс, дейді. Бірақ, ақ жол алдында кімге болса да тілектен бұрын, міндет пен талап қойған дұрыс сияқты. Біріміздің бірімізге деген осы, қатаң талаптың жоқтығынан соңғы кезде біздің белдігіміз босап бара жатыр ма, қалай? Ойлап көрейікші. Талапты күнде қойып отырсақ - ол бұлжытпас заңға айналары сөзсіз. Ардың тазалығы қазақтың заңы болуы керек. Ол заң орындалған күнде қоғамымызда сатқындық, ұрлық - қарлық, қиянат жасаушылық, адам өлтірушілік, нашақорлық, тағы да сондай-сондай келеңсіз жайларға орын болмас еді.

Адам тәрбиесіне арналған діни еңбектердің қайсысында болса да: өтірік айтпа, өлтірме, ұрлама, ешкімді қорлама, жаудан қашпа, сатқындық жасама, ешкімнің арына тиме, дақ салма, дегендей өсиеттер айтылады.

Ар - елдің елдігін, батырдың батырлығын айқындайтын басты көрсеткіш. Ар мен намыс қой қазақтың жігіттерін ылғида алға жетеліп, олар ешкімге дес бермей, ешқашан басқаға еншісін жібермей, бүгінде біздің осынша жерге ие болып отырғанымыз.

Қазақ қашанда да арды биік қойған. Қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді, деген қазақ. Ұлым да, қызым да арлы болсын деп тілеген. Оларды арлы етіп тәрбиелеуге бар күшін салған. Мына мақалдар сол арлылыққа тәрбиелеудің мысалдары болса керек:

Жаманның жаны қадірлі, жақсының ары қадірлі.

* * *

Малым бар деп мақтанба,

Нарым бар деп мақтан.

Нарым бар деп мақтанба,

Арым бар деп мақтан.

* * *

Нарым қымбат, Нарымнан арым қымбат, дейді қазақ.

Хадистерден: *Ар-ұяттың толық болғаны жақсы;*

Ар-ұят дегеніміз - иман;

Ар-ұят пен аз сөзділік- иманның екі түрі болып табылады...

Еңбек - қуанышы. Марксизм-ленинизмнің кемеңгерлері «Адамды адам еткен-еңбек» дейді. Меніңше, адамды адам еткен - оның санасы. Бар көрген-білгенін санаға орналастырып барып адам еңбекке жол ашып отыр. Содан кейін барып қана адам саналы, өзіне пайдалы еңбекке жетті дей аламыз.

Дүниеде, табиғи емес, қолдан жасалғандардың бәрі еңбектің нәтижесі. Ғылым болсын, өнер болсын, үй болсын, қала болсын, завод - фабрикалар мен түрлі машиналар, ғарышты игеру - бәрі-бәрі жасампаз еңбектің нәтижесі. Ән айту, кино түсіру, сурет салу - бұлар да еңбек. Еңбектің негізінен екі түрі болады. Бірі - ақыл оймен атқарылатын еңбек те (умственный труд), екіншісі - қол күшімен атқарылатын еңбек (физический труд). Білімнің арқасында, күшпен атқарылатын еңбекті жеңілдету үшін адам не кереметтің бәрін, түрлі техника мен машиналарды ойлап тапса, ақылмен атқарылатын еңбек сол қалпында қалды. Адамзат қаншама ақылды машиналар ойлап тапқанымен, адамша ойлап, саналы жұмыс істей алатын машина ойлап табылған жоқ. Сондықтан да біз дүниенің ең құндысы саналы еңбек иесі - адам дейміз. Сол дүниенің ең құндысы және қадірлісі - сенсің, құрметті жас дос.

Менің бала кезімде, анамның інісі ауылда тракторшы болып жұмыс істеді де, 1953-54 жылдары тыңды көтеруге қатысты. Ертемен кеткен механизаторлар, ауылға кешке таман ғана келеді. Сонда күні бойы жердің қыртысын айырған соқаның түрені айнадай болып жарқырап тұрады. Нағашы ағам, бері кел деп шақырып алып, әлгі түренді ұстап көрші, деп алақанымды жалтырап тұрған түренге апарып жапсырады. Жып-жылтыр темір түрен, жып-жылы болып, алақаннан өткен сол жылылық бойымды шарлап бара жатқанын сеземін. Бірақ, бұл не? Сонда нағашы ағам, бұл еңбек, еңбек тазартады, жылытады, ертең өскенде аянбай еңбек етсең, сен де осылай ел алдында жарқырап тұратын боласың,- дейтін. Ол кезде мен оның бұл сөздеріне мән де берген жоқпын, түсінген де жоқпын. Кейін ғой даттың (дерттің) іштен шығатынын түсініп жүргенім. Көңіліңді дат (дерт) баспасын десең, еңбек ет, өзіңе де, қоғамға да пайдалы еңбек ет. Бар байлық та, деннің саулығының басы да еңбекте. Ащы термен, іштегі дерт сыртқа шығады. Қазақ: «Жауынменен жер көгерер, еңбекпенен ер көгерер»,- дейді. Орынды айтылған сөз.

Бұл тарауда мен «еңбек» пен «қуаныш» деген ұғымдарды қосып, бір айтып отырмын. Себебі, нағыз қуаныш еңбекпен келеді. Атқарылған іске, орындалған арманға, өсірген балаға, жазылған еңбекке, шығарылған әнге, еңбекпен келген ақшаға сатып алған затқа, балаңның алғашқы тәй басқанына, еңбекпен келгеннің бәріне-бәріне қуанасың. Бұл - нағыз қуаныш. Өмірінде осындай қуаныш көп болсын, жас дос! Бірақ, еңбек есеппен болсын.

Абай айтады: Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнде бір мәртебе, болмаса жұмасына бір рет, ең болмаса айына бір рет, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?...

Адам баласы жылап туады, кейіп өледі. Екі ортада, бұл дүниенің рахатының қайда екенін білмей, бірін-бірі аңдып, біріне - бірі мақтанып, есіл өмірді ескерусіз, босқа, жарамсыз қылықпен, қор етіп өткізеді де, таусылған күні бір күндік өмірді бар малына сатып ала алуға таба алмайды.

Құлық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ - өнерсіз иттің ісі. Әуелі Құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегіңді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды...

Абай Хәкімнің айтып отырғаны, босқа мақтанба, босқа шаттанба, адал еңбек ет, тірлігіңде әр күніңді елеулі іспен атап өт, алда атқарар жұмысты алдын ала жоспарлап, оны орындап болғаннан кейін, өзіңе - өзің есеп бер, не істелді, не істелмеді, дұрыс болды ма, жоқ па, дегендей. Бұл дұрыс жол, сені өсу баспалдағына алып барар жол.

Бұл еңбекпен гүлденген өмірдің екінші жағы да бар. Ол - жалқаулық пен ұйқы. Хабуснамада былай делінеді:

- Ей, перзентім, білгенің жақсы, данышпандар ұйқыны кіші өлім деген екен. Сондықтан да ұйқыдағы адамды мәңгілік өлген адаммен теңейді. Бұл екеуі де дүниеден хабарсыз болады. Біріншісі - жаны жоқ, екіншісі – жаны бар өлік. Көп ұйықтау - жаман әдеттің бірі. Денеңді ауырлатып, табиғатыңды талқандап, жүзіңді кесел адамға ұқсатады. Алты нәрсе адамның жүзіне өзгеріс енгізеді: бірі - күтпеген қуаныш, екіншісі - жасынан келген қайғы - қасірет, үшіншісі - қатты азап, төртіншісі - ұйқы, бесіншісі – мастық, алтыншысы - қарттық. Адам қартайса реңі өзгереді, бірақ бұл өзгеріс басқа түрге енеді. Адам ұйықтағанда, тірі немесе өлі деп үкім шығаруға болмайды. Өлген кісіге де, ұйықтаған кісіге де үкім жоқ.

Көп ұйқының зиянындай, адамға ұйықтамау да зиянды...

Біліп алғын, денең жаныңмен тірі. Денең жаныңның мекен-жайы. Жан денеден ғана қарар тауып орналасқан. Жанның үш түрлі қасиеті бар. Олар: өмір, әрекет - қимыл, әрекетсіздік...

Аққан суда - арамдық болмайды дейді қазақ. Денеңді кір шалмасын десең, ұйқыдан - еңбекке көш, әрекетке көш. Бойың да, ойың да тазарады. Жүрегің жақсы жұмыс істеп, бойыңа қан жүгіріп, ерекше бір құлшынысқа ие боласың. Абай айтады:

Тұрғанда бойда қуат жүрген жақсы...

Басыңды тауға да соқ, тасқа да соқ,

Отырма бір орында құр мұнайып...

Өнер. Өнер - сұлулық. Өнер адамзаттың табиғатқа ұқсас боламын, деген талпынысы. Өнер сиқырлық. Бізді билейтін де, алға жетелейтін де сиқырлы сөз бен сыйқырлы үн. Қазақ қобыздың сиқырлы үнімен түйені де иіткен, сиқырлы

сөзбен елді де жұбатқан. Өнер қашан пайда болды? Бұған ешкім де жауап бере алмас. Шамасы, адамзат пайда болғаннан кейін, көп ұзамай (жүздеген, әлде мыңдаған жылдар болар) өнер де пайда болды, дей аламыз. Өнер - адамзаттың нені болса да табиғаттан үйренуінің, оған еліктеуінің нәтижесі. Адам табиғатқа қарап таң қалды, қызықты, соған ұқсас болуға тырысты. Көргенін тасқа жазды, сүрет салды, ойында жүргенін бейнеледі, қурайдың көмегімен табиғаттың үніндей үн шығаруды үйренді, үңгірдей етіп үй салды. Біртіндеп өнердің түрлері көбейіп, қазір біз өнерсіз, өмірімізді көз алдымызға елестете алмаймыз.

Солай бола тұрып, қазақ, өнер алды қызыл тіл, дейді. Сөз сөйлеу, әдемі сөйлеу, сөз құдыретін түсіну - қазақтың басты қасиеттерінің бірі. Тарихта, гректердің өзіне сөз сөйлеуді, жүйелі, мәнді де мағыналы сөз сөйлеуді үйреткен скиф Анахарсис (Арыс), деген пікір бар. Болса, болар. Бүгінге дейін қазақ сөз өнеріне келгенде ешкімге жол берген емес. Әсіресе, суырып салма айтыс өнері. Айтыс кейбір түрік тектес халықтар мен қазақтарда ғана бар. Басқалар бұл биікке әзірше шыға қойған жоқ. Шығада қоймас...

Қабуснамада мынандай жолдар бар:

Барлық өнерден сөз өнері жақсы екенін білген жөн... жаттап алу, оны ұзақ есте сақтау, қиялдау, сөз сөйлеу...

Адамзаттың ең абзал қасиеттерінің бірі-сөз сөйлеу. Бұл жағдайды жете түсін, жақсы сөйлей білуге үйрен: сыпайы, анық сөйлеуді әдет қылғайсың...

Сөзді орнымен сөйле. Орынсыз айтылған сөз жақсы болса да жаман көрінеді. Орынсыз айтылған сөз опық жегізеді. «Сөз бір шарап сияқты, одан бастың ауруы да, жазылуы да мүмкін» дейді білімдарлар... Жақсы сөз жан азығы. Жақсы сөзге сараң болма... Дөрекі сөйлемей, сыпайы, жақсы сөз айтсаң, сен де жақсы сөз естисің...

Ей, перзентім, сен өнерді наданнан үйренбесең де, данадан үйрен. Және барлық үлкен мен кішіге өнер үйрету қажет. Өйткені, тек өнер үйренумен ғана өз замандастарыңнан дәрежең биік бола алады. Әр уақытта сен өзің өнер иесі болып, замандастырың да сендегі қасиеттердің жоқ екеніне көзің жеткен жағдайда ғана, өзіңді басқалардан артықпын деп айтуыңа болады. Олар да сені өздерінен биік дәрежеде деп есептейді. Дарын даналығы мен қадір-құрметі және басқа жұрттан мәртебесі биік екенін сезініп, ілім мен өнерді үйренуге ерінбей еңбек ететінді жұрт данышпан, ақылды, дейді...

Өнер үйрен. Тыңдаудан жалықпа, білмегенді үйренуге намыстанба... Халықтың жақсы-жаман істері мен мінез-құлықтарына көз қырын салып, олардың пайдалы және зиянды істерінің қандай нәтиже беретінін бақылап, ой елегінен өткіз де, оның қайсысы өзіңе тиімді, қайсыбірі халыққа пайдалы екенін үйрен. Міне, осы айтылғандардан қорытынды шығар да, өнер үйреніп, жоғары мәртебелі болу үшін әрекет істе. Сен осы мақсатыңа екі түрлі жолмен жете аласың. Бірі - өнеріңе сай іс істеумен, екіншісі – білмеген өнерді үйренумен.

Сократ Хакім: «Өнерден - жақсы нәрсе, білімнен - үлкен, ұяттан - сұлу нәрсе, қызғаныштан асқан - дұшпандық жоқ», -деген екен... .

Бұдан артық не деуге болады? Өнердің түрі көп. Қолөнер де, үй салсаң да, сурет салып, құрал жасасаң да, зергерлік, ою - өрнек - бәрі - бәрі өнер. Қазақ: «Өнерді үйрен, үйрен де жирен» -, дейді. Өнерді үйренсең, кем болмайсың. – «Өнерлі өлмес, өнерсіз күнін көрмес», - дейді қазақ.

Қызығу - Қызғаныш

Бұл бір қызық құбылыс. Адам баласына қызығудың пайдасы қаншалықты көп болса, қызғанудың зияны да соншалықты көп болады (іш тарлық, көре алмаушылық, қызғаныш сезімінің көзі (ревность, завистливость)).

Қызығу. Бұл өте жақсы қасиет. Жаңаны көрсең қызығасын. Жақсыны көрсең қызығасың. Сұлудың көрсең - бар ынтазарың соған ауады. Адам айналасындағы барлық жақсылыққа, барлық жаңалыққа қызыға қарайды. Бұл заңды құбылыс. Олай болмаса, өсуге, дамуға, алға жылжуға жол жоқ. Жоғарыда біз, Абай бабамыздың: «Бір бала - ішсем-жесем деп, екінші бала - көрсем – білсем» деп келеді; деген сөздерін келтірген болатынбыз. Қызығу, сол Абай атап отырған көрсем - білсем деген баланың ісі. Ол жақсы әуенді, жақсы әңгімені қызыға тыңдайды, табиғаттың сұлулығына қызыға қарайды. Жақсы сурет, жақсы киім, жақсы кино, жақсы хабар, жақсы іс - олар баланың (адамның) көңілінде қызығу сезімін тудырады. Қызығады да, сондай болсам екен, сондай затым, сондай киім, болса, сондай дәрежеге жетсем екен деп армандайды. Соған жетуге тырысады. Оған бар күш жігерін салады. «Жақсыны көрмекке» деген осыдан болар. Бұл дүниеде кімнің болса да қызығу сезімін тудыратын жаңалықтар, адамдар, таңғажайыптар өте көп. Мысалы, көптеген жас белгілі адаммен кездесуден кейін олармен жеке қалып әңгімелесуге, мүмкіндігі болса сырласуға, лажы болмағанда одан қолтаңба алуға тырысады, есте қалсын дейді. Кейде оны мақтаныш та етеді. Кімнің болса да, жаңалыққа, жақсылыққа жаны құмар келеді. Ол жақсының жақсы энергиясынан қуат алады. Жақсыдан шарапат, болмаса, жақсыдан үйрен, жаманнан жирен, деген осы болар.

Дүниеде ашылған не кереметтердің (ғалым, суретші, ақын, өнер, шеберлік, т.т.) барлығының басында о баста қызығу болғаны көпке мәлім.

Қызғаныш. Бұл қызығудың шеттен шыққан, асқынған, тіпті ауруға айналған түрі. Нені көрсе де бұл адам енді қызықпайды, сондай болсам демейді, қызғанады. Ол неге олай, мен неге ондай емеспін, деген сұрақ оның бойына әбден сіңіп, қызғаныш ауруы әбден меңдеген. Енді, одан айығу қиын. Оның емі – білім мен мәдениет қана бола алады.

Бұл өмірде қызғаныштың толып жатқан мысалдары бар. Ол жағын мен айтпай - ақ қояйын. Оны өздерің жан - жақтарыңнан, ойларыңды сыртқа шығармай, өздеріңше, іштей ойлап, іздеп көріңдерші. Ондайлар жетерлік. Тіпті, өзінде де болуы мүмкін. Қызғаныш, кімді болса да біреудің сыртынан өсек айтуға, ғайбаттауға, оның арына дақ түсіруге дейін алып барады.

Қызғаншақ адамдар ашуланшық болады, олар мерзімінен бұрын қартаяды, дейді білгендер. Анау артып кетті, мен қалып қойдым, анау анандай зат алды, менің ақшам жетпеді, анау түк білмесе де емтиханнан жақсы баға алды, мен біліп тұрып жауап бере алмадым, дегендей қызғаншықтың түрі көп. Аса қызғаншықтық пен тым әсершілдік жүйкеге де әсер етуі мүмкін.

Өмір айна сияқты, ақ пен қараның, жақсылық пен жамандықтың күресінен тұрады. Қызығу соның ақ жағы болса, қызғанышты сол құбылыстың қара жағы дей бер. Бірақ, ылғида да, сәл болса да қарадан - ақ, жамандықтан – жақсылықтың биік тұратыны белгілі. Олай болмаса - өмір болмас еді. Бірақ, аққа қараның тез жұғатынын, қара жұғылған ақты тазарту қиын болатынын ешқашан да естен шығаруға болмайды. Сондықтан да, қызғаныштың қызыл оты қанша күйдіргенімен, ертеңді ойлап, шектен шықпауға тырысу керек шығар.

Шек пен шама. Бұл дүниеде ненің болса да шегі мен шамасы болуы керек. Керек емес-ау, бар. Бірақ, біз көп жағдайда сол шек пен шаманы байқамаймыз. Шамамызды білмей қаламыз да, шектен өтіп кетеміз. Сөйлесек те, күлсек те, қуансақ та, мақтансақ та, тамақ ішсек те, байлық жинасақ та шегі болуы керек. Оқудың да, ақыл айтудың да, біреуге ұрысудың да шегі бар. Тек, соны білейік. Біреуді мақтағанда, болмаса жамандағанда шек дегенді естен шығарып аламыз. Бұл енді көп жағдайда біздің қазаққа тән қасиеттердің бірі. Бұл жайында кезінде ұлы Абай да, басқа ұлыларымыз да жазған болатын.

Жердің де шегі мен шеті, елдің де шеті мен шекарасы болады. Тура сол сияқты әр нәрсенің, әр адамның өзінің шамасы мен шегі болатыны белгілі. Өзеннің шегі жағасы, судың ернеуі. Көктемде тасығанда болмаса, су ешқашанда да жағадан шығып, шашылмайды. Адам да солай, шектен шықпағаны дұрыс. Еркелесең де, қалжыңдасаң да, ренжісең де, қуансаң да, ұрыссаң да, шекті білу керек. Сондықтан да шамаға қарай сөйлеп, шамаға қарай жүк (салмақ) көтересің. Біздің халықта «мақтан» деген бір көптен жоя алмай жүрген қасиетіміз бар. Нені болса да асырып жібереміз. Тамақ ішсек, шама дегенді ұмытып, тоя ішеміз, байысақ та шамамызды білмей, әкеле бер дейміз. Машина алсақ та, үй салсақ та, соның бәрінің бізге керектігін ескермей, біздікі шамадан тыс бәсекеге айналып кетеді. Киім кисек - тек қымбатынан, әшекей тақсақ - он саусағымызды алтындатып, кейбіреулер қазір тіпті, тілерсегіне дейін алтын қарғы тағатын болды. Шектен тыс істелген істің барлығы кімге болса да зиян екенін ұмытпалық.

Шектен шығу қазаққа ғана емес, бүкіл адамзатқа тән қасиет. Оны ең бірінші рет түсінгендер дінбасылары болатын. Мұсылман дінінің бір саласын ұстаған сопылар (суфизмді ұстанушылар) осы, өздерін «мұсылманмын» дегендерді неден болса да шектеуді өздеріне ту етіп алғаны белгілі. Олардың басты ұстанымы - не істесең де өзінді - өзің бақыла, шектен шықпа, ненің болса да шамасын біл, тіпті адамға жақсылық істесең де, жамандық істесең де шамадан шықпа, дегендей болатын. Біздің елімізде сопылар жоғалғаннан бері қарай, қазақ ненің болса да шегін ұмытып кеткен сияқты. Біз біреуді мақтасақ аспанға шығарып, жамандасақ жерге кіргізіп жібереміз.

Ислам ғана емес, Христиан дінінде де әу бастан-ақ әр нәрсенің шегін білуге көңіл бөлгені белгілі. Православие дінінде оны - «воздержание» дейді.

Ішіп-жеу, киім кию, басқа да байлықтарға келгенде қазақта - «қанағат» деген сөз бар. Неде болса да, қанағат керек.

Қанағаттың бір көрінісі, ертеде, соғыстан кейін жетім - жесір өстік. Бізден тұрмысы нашарлар барма екен, деген де сұрақ келетін ойыма. Сонда, үйге кел-

ген біреулер қал - жағдайымызды сұрағанда, анам марқұм: Аллаға шүкір, біреуден ілгері, біреуден кейін жүріп жатырмыз ғой, дейтін. Міне, қанағат деген осы.

Хадистерде мынандай жолдар бар: **«Байлық - дүние мен малдың көптігі емес, нәпсінің тоқтығы»**. Қашанда қанағатшыл бол. «Қанағат - қарын тойғызар, қанағатсыздық - жалғыз атын сойғызар», - дейді қазақ.

Көңіл. Көңіл - біздің сол сәттегі психологиялық жайымыздың басты көрсеткіші. Орыстар оны «настроение» дейді. Қазақтың түсінігінде көңіл деген керемет жай. Бірденені істеуде (оқу, жұмыс, дем алуда), адаммен тілдесу (жайдары қарсы алу, жылы қабақ көрсету, жылы сөйлеп, оның көңілін көтеру, қолқабыс қылу, көмектесіп жіберу, өтінішін орындау, ақыл айтып, кеңес беру) осы көңілдің атқарар рөлі зор. Кімнің болса да көңілі ең алдымен оның ден – саулығына, ісінің жүруіне, маңайындағы туған - туыстары мен достарына, басқа да толып жатқан жағдайларға, табар табысына, бәріне - бәріне байланысты. Осылардың бәрі дұрыс, ойдағыдай болса, оның көңілінің де дұрыс болғаны. Кеудесінің көтеріңкі, жүзінің жарқын болғаны. Олай болмаған жағдайда, кімнің болса да көңілі жоқ, ешнәрсеге зауқы болмайды. Яғни, оның ойында жаңағы көңілге қаяу түсірер жайлардың бірі берік орын алғаны. Адам онан құтылғанша, ауыр жүктен босағанша асығады. Осы кезде оған, сөз бен де, іспен де көмек керек, демеу керек. Жақынның - жақындығы осындайда көрінеді.

Қазақ көңілшек халық. Қазақтың мақалына сенетін болсақ, оның көңілі бір атым насыбайдан да қалады. Бұл арада «бір атым насыбай» деп отырғаны – ойланбай айтылған бір ауыз сөз, оқыс мінез, орынсыз қимыл болуы да мүмкін. Өзі көңілді болса, басқаның да сондай болғанын, өзінің көңілі болмаса, басқа да сондай болса екен деп ойлайды қазақ. Ол, басқа мені түсінсе екен, дегені. Сондай кезде кім де болса айтар сөзіне, көрсетер мінезіне, атқарар ісіне сақ, басқаның көңіліне келместей етіп айтқаны, немесе атқарғаны дұрыс. Қолыңнан келсе жылы сөйлеп, әділдікке шақыр, қолтығынан сүйеп, демеп жібер, досыңның қуанышына болсын, қайғысына болсын ортақ екенінді білдір. «Адамның күні адаммен», - дейді қазақ. Ертең, саған да оның осындай көмегі керек болар.

«Көңілі түссе - көл, көңілі түспесе - шөл», - деп жатады қазақ. Бұл да қазақтың өміріндегі көңілдің ролін көрсетсе керек. Үлкенді сыйла, досыңның көңіліне қара. Көңілді болсаң, нені болса да бар көңіліңмен істесең - көсегең көгеретіндей табысқа жетесің. Көңілді адамға басқалар да жақын болады. Көңілмен істеген жұмыс әрқашанда жеңіл де, жемісті болады. Көңілмен оқығанды, көңілге қондыру да оңай екенін ұмытпа.

Байлық - бұл өзі бір қызық категория. Байлық болса жақсы ғой, болмаса не істейміз. Біздің өміріміз сол барлық пен байлыққа тікелей байланысты. Бар болса көңіл - күйіміз де, тірлігіміз де жақсы болары сөзсіз.

Байлықтың өзінің түрі көп. Мен сіздерге тек соның үш түрі жайлы ғана қысқаша айтып өтейін.

1. Табиғи байлық;
2. Материалдық байлық;
3. Рухани байлық.

Бұлар бірімен - бірі тікелей байланысты. Қазақ, «Жері байдың - елі бай», - дейді. Қазақтың жері бай, сондықтан да біздің табиғи байлығымызда шек жоқ деуге болады. Расында да солай. Қазір жер жүзінде жеті миллиард адам мекен етсе, оның он пайызы 700 миллион, ал бір пайызы 70 миллион адам болады. Бар болғаны 16 - ақ миллион Қазақстан халқы жер жүзіндегі адамзаттың 0,25 пайызына де жетпейді.

Көп жағдайда біздің, қай жағынан болса да, адам басына шаққандағы байлығымыз (жер көлемі, ауылшаруашылығы өндірісі, көмір, темір, вольфрам, молибден, алюминий, сирек кездесетін металдар, т.т.) дүние жүзінде алғашқы орындардан көрінсе, үстіміздегі (2011ж.) жылы баспасөз беттерінде жарық көрген деректерге қарағанда - Қазақстан қазба байлығының барланған қорларының мөлшерімен есептегенде:

- хромнан, қорғасыннан, мырыштан дүние жүзінде - бірінші;
- ураннан - екінші;
- мыстан - төртінші;
- мұнайдан - жетінші;
- алтыннан - тоғызыншы;
- табиғи газдан - 15-ші орында екенбіз.

Жақында бір газетке берген сұхбатында біздің Президентіміз: - Қазақстанда 120 жерде алтын өндіруге болады, өндіріліп те жатыр. Солардың барлығын іске қоссақ біз жыл сайын кем дегенде 70 тонна алтын өндіре аламыз, бұл дегеніңіз бұрынға Кеңестер Одағы республикалары ішінде, Ресейден кейінгі екінші көрсеткіш болмақ,- деген болатын. Бұл аз ба? Аз емес. Жыл сайын 70 тонна алтынды алтын-валюта қорына қосып отырсақ, он жылда ол 700 тонна болады. Осынша байлықты игеріп, ел кәдесіне жарату ертең Сенің міндетің, жас дос.

Жеріміздің байлығы міндетті түрде еліміздің байлығына әсер етері сөзсіз. Еліміздің екінші байлығы - біздің материалдық құндылықтарымыз, үй – жайымыз, ішетін асымыз, киетін киіміміз, мінетін көлігіміз, қалаларымыз бен ауылдарымыз, жалпы біздің елімізде адамның қолымен не жасалды - солардың барлығы біздің материалдық құндылықтарымыз. Олардың аз, болмаса көп болуы әрине табиғатқа, содан кейін біздің әрқайсымыздың еңбегімізге тікелей байланысты. Дұрыс, біліп, нені болса да іскерлікпен, ғылыми жүйеде жүргізсек, ысрапшылдық пен берекесіздікке жол бермесек, біз ертең міндетті түрде бай боламыз.

Үшінші байлық, бұл - рухани байлық («Рух»- адамның демі деген сөз. Астарлап айтқанда біз оны адамның ішкі жан-дүниесі деп түсінеміз). Біздің жан дүниеміз - біздің басты байлығымыз. Бұл байлықты тоннамен, болмаса метрмен өлшеп, қолға салып безбендеуге болмайды. Бұл байлық біздің болмысымыз, халқымыздың, ата - бабамыздың ғасырлар бойы тірнектеп жинап, ұрпақтан – ұрпаққа жеткізген, елдің - елдігін айқындайтын, қазақты басқалардан ерекшелендіріп көрсететін, ұлтымыздың мақтанышына айналған байлығымыз. Ол біздің: ақыл - ойымыз, тіліміз бен діліміз, дініміз, біліміміз, мәдениетіміз бен тарихымыз, салт - санамыз бен дәстүріміз, өнеріміз, бабаларымыздың ерлікке толы жорық жолдары мен атадан балаға мирас болып қалған, кімнің болса да жігерін

жанитын асыл сөздері мен алтындай ойлары, «түрік» - «қыпшақ» - «қазақ» деген халықтардың адамзат өркениетін дамытуға қосқан үлестері.

Бұл үш байлық та бірі мен бірі тікелей байланысты, бірінсіз екіншісі болмайтын, бірі болса, міндетті түрде екіншісін арттыруға тікелей әсер ететін байлықтар. Бірақ, кейде біз ұлы байлық - Рухани байлықты ұмытып, материалдық байлыққа көбірек көңіл бөлетін сияқтымыз. Материалдық байлықтың болғаны жақсы. Болғанға не жетсін. Бірақ, бұл байлық уақыты жеткенде тозады, ұрланады, кейде қолды болады. Тозбайтын, суға салсаң батпайты, отқа салсаң жанбайтын, уақытпен өшпейтін байлық - рухани байлық.

Бұл байлықтардың жеке адамдарға да тікелей қатысы бар. Әсіресе соңғы екеуі - материалдық және рухани байлықтар. Кім болса да, осы екі байлықтың тізгінін тең ұстаған жөн. Біріне құлай жығылып, екіншісін ұмытуға болмайды. Дұрысы, кімнің болса да рухани жағынан бай болғаны жақсы. Рухани жағынан бай адам, қашан да басқалардан бір саты болса да биік тұрады. Олар – ұлтымыздың ұлы көшін алға жетелеушілер. Сен де солардың қатарында бол - жас дос.

Дін - құдайға құлшылық етіп, бас идіруші идеологиялық ағымдардың бір түрі (Арнайы тарауда дін туралы кеңінен әңгімелейміз).

Бұл жерге келгенде мен, ешкімге діннен бас тарт, болмаса оған сенбе, әлде тек қана дінді ұстан, деп айта алмаймын. Дінге сену, немесе сенбеу, Қазақстанның Заңымен реттелген - ол әркімнің өз құқығы. Бірақ, қазір не көп, терең тарихы бар, дүние жүзіне әбден танылған, негізгі діни ағымдарға қосымша, жаңадан пайда болған діни конфессиялар көбейіп кетті. Олардың да жұмыстарына шек келтіре алмаймын. Бірақ, жаңадан пайда болған толып жатқан, қазаққа тіпті де тән емес, оның болмысына, салт-санасына қарсы діни ағымдардан сақ болған жөн. Олардың көбінің түп тамырлары: не Мекке, не Рим, не Тибет, болмаса Қытайда емес, жаңа құрлық - Америка мен Арабстанның жаңа орталықтарында жатыр. Олар жаңадан пайда болған, тіпті жаңаша тілек талаптары бар, жалпы дінге өзгеше көзқарас қалыптастыруға бағытталған діни ағымдар. Сондықтан да олардың негізгі ұстанымдары діни уағыздардан гөрі әлде саясат, әлде экономикалық пирамиданың принциптеріне көбірек ұқсайтын сияқты. Содан барып олар дін арқылы мемлекеттің саясатына да, жастардың көңілдеріне, күнделікті тәрбиесіне де ықпал етуге тырысып бағуда.

Ислам дініндегі міне, осындай діни ағымдардың бірі - уаһабилер, немесе сәләфиліктер ағымы. «Сәләф», болмаса «сәләфи» дегеніміз - өткендер, немесе бұрынғылардың жолымен жүру деген ұғымды білдіреді. Еуропа мен орыс ғалымдарының «фундаментализм» (ірге тас, о бастағы негіздер) деп жүргендері осы. Бұл, бұрынғылардың жолымен жүретін діни ағымның басында белгілі діндар Ибн Таймийан (13-14 ғасырлар) тұрса, араға жүздеген жылдар салып, бұл идеяға жаңаша көзқарас қылыптастырып, арабтарды бұрынғылардың жолымен жүруге шақырған Мұхаммед ибн Әбдәл - Уаһһаб ибн Сүлеймен (18 ғасырдың аяқ жағы) болатын. Кейін келе Әбдәл - Уаһһабтың атымен аталған бұл қозғалыс заманында Ислам дініне жаңаша күш бергені де рас. Жиырмамыншы ғасырдың орта шенінде бұл - уаһһабилік қозғалыстың тізгінін, Сауд Арабиясының негізін

қалаушы және бірінші королі ханзада Әбдел Әзиз ибн Сауд ұстап, Исламды Мұхаммед Пайғамбардан кейінгі жағдайға жеткізетін, жол бастаушы, «уаһһабизм» деп сәләфилердің қозғалысын Сауд Арабиясында үстемдік ету биігіне көтергені белгілі. Қарап отырсақ, уаһһабизмнің атында, олардың бұрынғылар салған жолмен жүруінде еш кінәрат жоқ. Араб елінде туындаған бұл қозғалыс арабтарға біраз жақсылық әкелгені де рас. **Бар бәле, ол қозғалысты біздің қазақ даласын алып келулерінде, бүгінгі уаһһабизм ілімін қолдаушылардың, арабстаннан тыс жатқан зайырлы мемлекетте діннің үстемдігін орнатып, сол ортада өздерінің, қазақтың әдет - ғұрпы мен салт - санасына, ділі мен мәдениетіне жат, діни доктринасын насихаттап, елді сол жолмен жүруге шақыруында. Бүгінгі сәләфиліктердің түпкі армандары - өткен күнге қайтып келу, аяқтары жеткен аймақтардың аспанында кешегі халифаттың жасыл туын желбірету.**

Бар кінә - біздің діни сауатсыздығымызда, уәһһабизм сияқты толып жатқан діни ағымдардың мақсаттары мен мұраттарын түсінбей, соларға есік ашып беруімізде. Имамдарымыздың бізге насихаттап жүрген мұсылманның бес парызы, «Дін» деген алып айсбергтің үстіңгі, көзге көрінетін кішкене ғана бөлшегі. Исламның нағыз құндылықтары сол алып айсбергтің бізге көрінбейтін жағында жатыр. Соны көріп білсек, аз да болса түсінсек, Ислам дініне деген көзқарасымыз өзгерер ме еді... Сонда ғана біз қай діни ағымды құшақ жая қарсы алып, қай діни ағымға есігімізді тарс жабатынымызды білер едік.

Заман өзгерді, осыған орай дінге, жалпы саясатқа деген көзқарас өзгеріп жатқанда, арабтардың ескіден қалған ауруларын біздің елге алып келулері еш ойға сыймайтын жай. Соған қарамай сәләфиліктер біздің елде, әсіресе жастарымыздың арасында өздерінің діни уағыздарын кеңінен насихаттауда. Олардың арттарында кімдер тұр? Бар бәле сонда. Сәләфилер талай діни идеяларды өршене насихаттап жүргені белгілі. Ол насихат жұмыстары адам өмірінің сан қырын қамтуда. Мақсаттары - елдің көңілдерін өздеріне қарату. Бұл дүниеде өздерінің бар екендіктерін, олар бастаған діни идеяның өміршең екендігін және қандай жағдайда болса да мұсылмандарға көмекке келе алатындықтарын дәлелдеу. Олардың шулатып жүрген идеяларының бірі - қыз балаларымызға хиджап кигізу болып отыр. Егер, сол діни ағымдардың мүшелері бұл әңгімені тұрақты түрде қоздырмаса, біздің елімізде хиджап туралы әңгіме болмас та еді.

Бұл мәселеге келгенде, ең бірінші айтарымыз - қасиетті **Құранның «Нұр» сүресінің 31- аятында былай деліген: Мүмін әйелдерге айт: (Бөгде ерлерден) көздерін сақтасын. Әрі ұятты жерлерін (зинадан) қорғасын және бүркеншектерін омырауларына дейін түсіріп, зейнептерін көрсетпесін...(30. 353).** Бұл яғни, ашық тесік жүрмей, ұятты жерлерін жауып жүрсін, деген сөз.

Жалпы түсінікте киім - ұлттық болады. Әр ұлт - өзіне жарасатын, күнделікті тұрмыс-тірлігіне ыңғайлы, өзіне сән беретін киімімен көрікті. Яғни, әр ұлт өзінің ұлттық киімімен ерекшеленеді, ұлттық киімімен танылады. Ұлттық киім сол ұлттың өмірін, бар болмысын, керек десең тарихын айқындайтын атрибуты.

Рас, діни киімдер де болады. Бірақ, ондай киімдерді мешіт, шіркеулердің маңында жүргендер ғана киген.

Хиджап болса - ежелден құмда, шөл мен шөлейт аймақта, ыстық пен аптаптың, құмды боранның арасында өмір сүрген араб халықтарының ұлттық киімдері. Хиджап арабтарды құмнан да бораннан да қорғаған. Яғни, хиджап біз үшін өзге халықтың киімі. Біздің өзіміздің, керемет-керемет ұлттық киімдеріміз тұрғанда, кейбір жастарымыздың «өзгенің қаңсығын таңсық көретінін» қалай түсінуге болады? Оларға, өзіміздікінен өзгенікі жақын болғаны ма? Хиджап киіп араб болмайсың, айналайын. Қазақ болып туғаннан кейін, қазақ болып қаласың. Ұлттық құндылықтарды сақтай да, сыйлай да білу - әр қазақтың міндеті. Ал, қазақтың ұлттық киімі - біздің ұлтымыздың басты құндылықтарының бірі.

Біз ең алдымен түрік - қыпшақ - қазақпыз. Хиджап емес, осы халықтардан мұра болып қалған киім үлгілері біздің ұлттық киіміміз. Ұлттық киіміміз, тіліміз бен діліміз сияқты ұлтымызды басқалардан ерекшелендіріп көрсететін белгіміз. Осы жасқа келгенше мен ешқандай тарихтан, қисса дастандардан, ерлік жырларынан қазақтың қызы хиджап киді дегенді оқыған жоқпын. Суретшілеріміздің қазақтың қызын хиджап кигізіп салған суреттерін де көрген емеспін. Яғни, хиджап біздің ұлтқа тән киім емес. Баяғыда қазақ қыздары үлкендерше – кимешек кимей-ақ, арабтарша - хиджап кимей-ақ, даланың гүліндей жайнаған қазақтың әр алуан ұлттық киімімен де ұятты жерлерін жауып, әдеп сақтаған еді.

Екінші айтарымыз - біздің еліміз діни емес, зайырлы мемлекет. Одан кейін біздің елде дін мен мемлекеттің жігі айырылғанын ескеру керек болар. Қазақтың салтында, қыз баланың бетін жабу деген жоқ. Қазаққа ондай әдеп сіңбеген. Қазақ қызының бетін тұрмысқа шығарда, туған үйінен шығып, басқаның босағасын аттарда, беташар рәсімі өткенге дейін ғана жабады. Қыз баланың бетін жабуы - оның теңдіктен алшақтату деп түсіну керек. Бір жаманы, бұл пікірталасқа сол қыздардың аналары мен үкіметтен талмай билік сұрап жүрген әйелдер қоғамы белсенділерінің қатыспай отырғаны. Бұл мәселеде діндарларымыздың да екі ойлы болып отырғаны, біздің қоғамымызды ойлантса керек. Діндарларымыз, өздері діннің талабына сай киінгіннен кейін, басқалар да солай киінсе екен, дейтін сияқты.

Даланың ерке өскен баласын хиджаппен қаптап қою, оны кеміту, тіпті қорлау деп түсінемін. Көптеген мұсылман елдерінің қыз-келіншектері құтыла алмай жүрген хиджапты қазақтың қызына кигізу, оның мойнына құлдықтың қамытын кигізгенмен тең, деп ойлаймын.

Қыздарымыз тұмшаланып хиджап кесе, оларға қос бұрымның, сырғаның, алқаның, шашбау мен шолпының қажеті не? Ал, сырға мен алқа, шолпы, шашбаулар - біздің ұлттық мәдениетіміздің, ұлттық өнеріміздің мақтан тұтар үлкен бір бөлігі. Сондықтан да мектептерде, институттарда да, қоғамдық орындарда қыз баланың хиджап киюін, өзім қолдамаймын. Бұл проблема Білім және ғылым министрлігіндегі бастықтарды да ойлантса керек еді... Хиджап кигісі келіп бара жатқандар, мешітке барғанда кисін. Тәуелсіз Қазақстанның төріне шығып, арабтардың ұлттық киімі - хиджап үшін дауласып жүргендер бар күш жігерле-

рін омырауларынан бастап кіндіктеріне дейін ашып тастағандармен күреске жұмсаса, нұр үстіне нұр болар еді.

Дәл осы жерге келгенде, қазақтың мәдениетін, оның бір үлкен құрамдас бөлігі болып табылатын қазақтың ұлттық киімінің бүгінгі күнге сай үлгілерін тігіп, соларды насихаттауға сараңдық жасап отырған Мәдениет министрлігіндегі бауырларымызға айтар назымыз да, тіпті өкпеміз де жоқ емес. Ұлттық нақышпен өрнектелген, күн талабына сай киімді олар тігіп, жастар кимесе, бірде-не деуге болар еді. Ұят болғанда, біздің Мәдениет министрлігіндегілер, ұлттық мәдениетіміздің аясын тарылтып, ән мен күйден басқа өнеріміздің барлығын мәдениетімізден сырт қалдырып жүр.

Жаңа діни ағымдардың тағы да басқа, мән бере қарауды қажет ететін тұстары баршылық. Жалпы, діни ағымдарға бірдей қарап, жаппай сенуге болмайды. Сақ болған дұрыс. Байқамай, біреудің алдағанына көніп, жылы-жылы сөйлегеніне сеніп, сенімсіздердің қолжаулығы болып кетпеңдерші. Абай болған жөн (Дін жөніндегі әңгіме алда).

Ерлік пен батырлық. Батырды заман туғызады. Ол заманның қалауы. Әр заманның батыры, әртүрлі болады. Батырлық, ол - мінез, магия. Ол - адамның ішкі сезімінің, ой түйінінің сыртқа көрінісі. Қолына қару алып, жауға шапқандардың барлығы бірдей батыр емес.

- Біздің қазақтың жүректі кісі дегені - батыр кісі дегені,- дейді Абай Хәкім (14 сөз).

Мөңке би адамдарды өлетін адам, өлмейтін адам, деп екіге бөледі. Тірі жүрген өліктер де бар дейді, ол ғұлама. Өлмейтін адамның артында аты, халқы үшін атқарған ісі, даңқы қалады. Бұлардың алдыңғы қатарында нағыз батырлар тұрады.

Батырлық, көрген - білгенімен, ойға түйгенімен тәрбиеленеді. Батырлық мінез ішкі қажеттіліктен туындайды да, нағыз кезінде барып, сыртқа шығады, жарқ етіп көрінеді. Бұл, Отан, ел, әділдік, ар мен намыс жолында қолына қару алған жанның іс-қимылы - батырлығы. Сонау, Ақтабан шұбырынды заманынан бастасақ, еліміздің азаттығы жолында қандарын да, жандарын да аямай жаумен күрескен ондай батырлар қазақта - жүздеп-мыңдап саналады. Қай ғұламаның айтқаны есімде жоқ, он батырдың тоғызы көзсіз батыр болса, соның бірі ғана батырлыққа оймен, ақылмен жетеді, деген екен. Жоғарыда атап өткен батырлардың біразы көзсіз батырлар болатын. Бірін атасаң, бәрін атау керек. Сондықтан мен ол батырлардың есімдерін қағаз бетіне тізбей-ақ қояйын. Оларды ел жақсы беледі деп ойлаймын. Бірақ, бір жаманы, тәуелсіздік алғаннан бері қарай ата - тегімізді түгендеп, кешегі өткен батырлардың есімдерін еске алып, оларға арнап әр ауылда, әр ауданда ескерткіштер орнатып жатырмыз. Қарап отырсақ, қазақта, батыр емес адам жоқ екен. Ешкімнен, ешнәрсені қызғануға болмайды. Құдай сақтасын... Дегенмен де, осындай - жасанды, жалған батырлардың көбейіп кетуі, қазақтың шынайы батырларының есімдеріне нұқсан келтірері сөзсіз. Сондықтан да, нағыз халықтың батыры мен ауылдың, жеке бір ру батырының арасын ажырататын кез келген сияқты. Олай болмаса, қазақтың «Батыр» деген құрметті сөзінің құны жоғалып кетпесіне кім кепіл.

Қарусыз-ақ, кемеңгер оймен, ақылды сөзбен, мінезбен де батыр болуға болады. Сондай батырлардың бірі - өткен ғасырдың жетпісінші жылдары Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметін атқарған Жұмабай Тәшенов ағамыз еді. Кеңестер Одағының бірінші басшысы Н.С. Хрущевтың түкірігі жерге түспей тұрған заманда, КПСС Орталық Комитетінің Пленумында Н. С. Хрущевке қарсы сөз сөйлеп, сол кездегі Тың өлкесіне қарайтын бес облыстың жерін Ресейдің құрамына беруге қарсылық білдіріп, дүйім елдің алдында елдің бірінші басшысының аузынан шығып, партияның бүкіл басшылары қолдап отырған ол идеяға үзілді кесілді тойтарыс беру, бұл - Жүмекеңдей азаматтың нағыз батырлығы болатын. Жұмабай Ташенов болмағанда, сол кездегі: Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Целиноград, Павлодар облыстары Ресейге беріліп кететін еді.

1962 жылы сол кездегі КПСС Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Н.С. Хрущев Қазақстанның мақталы аудандарын Өзбекстанға, бұрынғы Гурьев облысының Маңғыстау жағын Түркменстанға беру туралы сөз қозғағанда, сол кездегі Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев, Н.С. Хрущевтың бұл ұсынысына қарсы шыққандығы үшін, сол күні өз қызметінен босатылған болатын.

Бұған дейін, тап осындай жағдай 1954 жыл болған. Онда Н.С. Хрущев, соңғы үш-төрт ғасыр бойы Ресейдің құрамында болған Қырымды, украиндардың Ресеймен достастығына 300 жыл толуына орай Украинаға сыйға тартып жіберген болатын. Сол кезде, Ресейден Жүмекең, болмаса Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев сияқты бір де бір батыр шықпай, Қырым қолды болып, Украинаның құрамына өтті де кетті. Содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, орыстар мен украиндер бүгінге дейін Қырым үшін тартысып келеді.

Батыр болу үшін мінез керек, сенім керек. Батырдың мінезіне орай қазақта мынандай сөз бар: **Нақ жомартқа жолықсаң, су сурасаң бал берер, нақ батырға жолықсаң сен үшін ол жан берер.** Сол жолы, нағыз батыр Жұмабай Ташенов пен Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтар қазақтың жері үшін жандарын бермесе де, қызметтерінен айырылып шыққандары белгілі.

Ал батырдың сенімі деген ерекше сезім. Ол ең алдымен өзіне сенімді болуы керек, одан кейін артындағыларға - еліне, достарына сенімді болуы керек. Сол жолы Жұмабай Ташенов, ешкімнен тайсалмай, қазақ жері үшін өзінің жанын беруге дайын екенін көрсетті. Сол уақиғадан кейін Жүмекең қызметтен алынып, өле-өлгенше батырлықтың ауыртпалығын тартты. Бірақ, қазақтың жері өзінде қалды. Бұған дейін мұндай биіктен, орыстарға кетіп қалған Қостанай уезінің жерін қайтарып алу кезінде, Ресейдің Челябі облысы басшыларымен өткен үш күндік келіссөздің нәтижесінде, іс бітпеген соң, Москваға дейін барып, В. И. Ленинмен пікір таластырып, ең соңында, Қостанай қазақтың жері екенін дәлелдеп берген Ахмет Байтұрсынов қана көрінген болатын. Нәтижесінде, Қостанай уезінің жері Қазақстанға қайтарылды.

Ақаңның бұл ерлігін кейін, сол кездегі Қазақ Орталық Атқару комитетінің жауапты хатшысы Жанайдар Сәдуақасов қайталады. Ол кезде Сырдария (Қызыл - Орда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстары мен қазіргі Қарағанды об-

лысының біраз жерлері) мен Жетісу (қазіргі Алматы облысының жерлері) облыстары Түркістан Республикасының құрамында болатын. Жанайдар Сәдуақасов Қазақстан басшыларының алдына, осы екі облысты Қазақстанға қайтару жөнінде мәселе қойып, олардың келісімін алғаннан кейін, өзі делегацияны басқарып, алдымен Ташкентке барып, Түркістан Республикасы басшыларымен келіссөз өткізіп, олардан ештеңе шықпағаннан кейін Мәскеуге барып, Халық Комиссарлары кеңесінің кезекті отырысында өз ойын ортаға салып, бұл екі облыстың жері ежелден қазақтың Отаны, бұл жерлерде Қазақ хандары ту тіккен, қазірде де ол облыстарда негізінен қазақтар мекендеп жатқанын дәлелдеп, басын оққа байлап, Мәскеу басшыларымен пікір таластырып, өз ойын дәлелдеуге бар күші мен білімін, жігерін салады. Нәтижесінде, 1925 жылы Сырдария мен Жетісу облыстары, олармен қоса Қарақалпақ губерниясы да Қазақ ССР-нің құрамына беріледі (31. 345).

1925 жылдың 19 қазанында Жанайдар Сәдуақасов Ресей үкіметінің, Елек уезі мен Ақтөбе губерниясын Ресейдің құрамына беру туралы ұсынысына үзілді - кесілді қарсы шығып, нәтижесінде, ол жаққа Елек уезі кеткенімен Ақтөбені түгелдей Қазақстанның құрамында қалдыруға мұрындық болған еді.

Қазақ жерінің бүтіндігі жолында өздерін оққа байлап, арыстанның аузындағысын жұлып алып жүрген: Ахмет Байтұрсынов та, Жанайдар Сәдуақасов та, Жұмабай Тәшенов та, Дінмұхаммед Қонаев та - нағыз батырлар! Бүгінгі: Қызыл - Орда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы, Павлодар, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қостанай облыстарынсыз Қазақстанды көз алдарыңызға елестетіп көріңіздерші, елестете алмайсыз. Себебі, бұл жерлерсіз Қазақстан толық қанды ел болуы мүмкін емес. Қазақстан сол жерлермен толысып, сол облыстармен кемелденіп отыр.

Осындайда қазақтың ескі: Ердің ерден несі артық? Баптап айтқан сөзі артық» деген нақылы еске түседі. Яғни, ердің баптап айтқан сөзінде - ерліктің күші болғаны ғой. Солайы, солай - ау. Бірақ, қазақ, батыр аңғал келеді, дейді. Ол рас. Кейде мың батырды, бір қу алдап кетеді. Сол қулардан сақ болайықшы. Қазақтың аналары талай батырларды өмірге алып келер, біз тек, сол нағыз батырларды көре білейік, тани білейік, ардақтай білейік.

Түйе батыр, шөл даламен өткенде,

Жігіт батыр, еліне жау жеткенде, дейді қазақ.

Отан. Отанды сүю.

Қазақ: «Отан - отбасынан басталады», - дейді. Ол шынымен де солай. Менің Отаным - менің ата-анам, менің үйім. Менің туып - өскен жерім. Мені тәрбиелеп, оқытып, қолдап, қатарға қосқан ортам. Менің елім. Мен оларсыз өмір сүре алмаймын. Менің қаным да, жаным да ата - анаммен, сол туыстарыммен, мені өсірген ортаммен, еліммен бірге. Мен сол ортаның, сол елдің бір азаматымын. Сен де сондайсың, жас дос. Оған күмәнданба.

Біздің Отанымыз - күннің өзі үш сағатта әрең айналып өтетін, солтүстігі қалың орманмен, оңтүстігі таумен көмкеріліп, шығысы Алтайдан басталып, батысы Каспий теңізінің жартысын алып жатқан, асты да үсті де байлыққа толы тамаша - Қазақ жері, Қазақ елі. Бұл жер біздің ғана емес, мыңдаған жылдардан

бері қарай біздің бабаларымыздың табан тіреген, маңдай терілерін төгіп мал баққан, егін өсірген, ел байлығы мен берекесін арттыруға үлес қосқан жерлері – біздің Отанымыз. Олар осынау кіндік қандары тамған жерді сандаған ғасырлардан бері қарай білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғап келді. Осынау ғажайып жерді бізге аманат етіп қалдырды. Осы жерде өмір сүру, оны гүлге айналдыру, оны қорғау енді біз бен Сендердің міндеттерің.

Бауыржан батыр: «Отан үшін отқа түс - күймейсің», - дейді. Шын сөз, дей аламын. Сен туған, сені әлдилеп өсірген, тәрбиелеген, білім берген, қанатыңа қуат бітіріп, қатарға қосқан Отанды сүю, оны қорғау - әр адамның азаматтық борышы. Ол борышты орындау - кімге болса да абырой. Бұған қосарым, бірденені, болмаса бір адамды сүю үшін, сен оны көруің керек, білуің керек, оның ерекше қасиеттерін сезінуің керек. Отанды сүю үшін де - оны білу керек. Тауы мен тасын аралап, таңғажайып табиғатына таңқалып, туған жерді сүйіп өсу керек. Онда өмір сүріп жатқан халықтың тарихын, тілін, мәдениетін салт - санасы мен әдет ғұрпын, халқымыздың басқаларға ұқсамайтын, талайлардан артық ділі мен басқа да толып жатқан қасиеттерін білу керек. Күнінің ыстығын маңдайыңмен, жерінің жылуын табаныңмен сезіну керек. Сонда ғана Отанның оттай ыстық екенін толық сезінесің. Сонда ғана кімді қорғап, кім үшін отқа түсетініңді білесің, ел алдындағы асқан жауапкершілігіңді сезінесің, оққа ұшсаң да ойланбайсың.

Бұл Отанды қорғауға келгендегі біздің міндетіміз болса, бейбіт өмірде де ерлікке орын бар. Тек соны түсіне, сезіне білу керек.

Бауыржан батыр: «Ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жүгініп қызмет етіп, халық үшін қан төгуден аянба», - дейді. Тағы да Бауыржан батыр: - «Ерлік аспаннан түспейді. Ерліктің екі түрі бар: Еңбектегі ерлік - соның бір түрі. Бәрінен де жоғарғысы - от басындағы ерлік. Әкеңді, шешенді сыйлай білу де ерлік. Жұбайыңның қадірін білу - бұл да ерлік. Бүгінгі күннің ерлігі осы», - дейді ол. Осылардың барлығына қосарым: Еліңді қорғау үшін, міндетті түрде қолыңа қару алу керек емес. Еліңді жақсы ісіңмен, білікті біліміңмен де, парасатты ісіңмен де қорғай аласың. Еліңе адал қызмет ету, ел байлығы мен абыройын арттыруға үлес қосу, бұл да ерлік. «Көп түкірсе көл болады», - дейді халқымыз. Көп болып қолдап, тәуелсіз еліміздің туын биікке көтере берейік, бауырым!

Тәуелсіздік

Тәуелсіздік ғасырлар бойы миллиондардың арманы болды, бірақ тәуелсіздікке таңдаулылардың ғана қолдары жетті. Талайлар тәуелсіздік үшін айқасты, қан төкті. Сол жолда олардың көбі мерт болды. Біздің бабаларымыздың арғы тарихына көз жүгіртетін болсақ, олар өздері ғана тәуелсіз болып қоймай, басқаларды өздеріне бағындырып, Еуразия кеңістігінің кең даласын ат тұяғының астында қалдырған екен. Былайша айтқанда, олар маңайдағы бүкіл елді ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған Еуразия құрлығының төрелері болған.

Заманында Моде қаған бүкіл шығысты билесе, Баламбер (Баламір) деген бабамыз, ел шекарасынан батысқа қарай жол салып, алғашқы болып Еуропаның біраз жерін өзіне қаратыпты. Оның ізін суытпай Еділ хан алып тау Альпіге («алып» деген ұғымды білдіреді. Еуропалықтар Альпі тауын бүгінге дейін Эт-

целево Альпа дейді, яғни Еділ ханның Альпісі дегені) дейін жетіп, Рим империясының билеушілерін тәуелді еткен. Оларды тәуелді етіп қана қоймай, Еуропа құрлығының біраз халықтарына тәуелсіздік сыйлаған жаужүрек қолбасшы болған екен (бұл өзінше үлкен тарих). Содан болар Еуропа құрлығының халықтары оның осыдан біржарым мың жыл бұрын жасаған жақсылықтарын ұмытпай, оны бүгінге дейін төбелеріне көтеріп, Еділ ханның, олардың елдерін Рим империясының тепкісінен азат етуде жасаған ерліктерін жастарға үлгі етуде.

Ірге тасын Шыңғыс хан ұрпақтары қалаған алып Алтын Орда империясы күйрегеннен кейін біздің бабаларымыз өздерінің тәуелсіздіктері үшін талаймен жаға жыртысып, әсіресе жоңғарлармен талай итжығысты бастан өткеріпті. Қазақ, 1731 жылдан бастап орыстарға тәуелді болып, сол орыстың ағаш қамытынан тек 1990 жылы ғана босады. Тәуелсіз ел болдық. Солай десек те, бүгінге дейін бүкіл әлемде толық тәуелсіздікке ешкімнің де қолы жеткен жоқ. Себебі, тәуелсіздіктің толып жатқан түрлері болады. Олар: саяси тәуелсіздік, экономикалық тәуелсіздік, шекара тәуелсіздігі, әскери тәуелсіздік, ақпарат тәуелсіздігі, азық-түлік тәуелсіздігі, фармакологиялық (дәрі - дәрмек) тәуелсіздігі, энергетикалық тәуелсіздік, су тәуелсіздігі (суармалы жер үшін), транспорт тәуелсіздігі дегендей, тәуелсіздіктің елу шақты түрі болады екен. Осының барлығын біле отырып, біз, еліміз толығымен тәуелсіз деп айта аламыз ба? Жоқ. Тәуелсіздікке қолымыз жеткенімен, әлі де толық тәуелсіз ел болған жоқпыз. Оның толып жатқан себептері мен салдары бар. Бірақ, сол толық тәуелсіздікке жетуді, дәлірек айтқанда, басқаларға тәуелділікті барынша азайтуды алдымызға мұрат етіп қоюымыз керек.

Біз - Қазақстан қазір ешкімге бағынбайтын, тәуелсіз, өз алдына дербес елміз. Мемлекетіміздің атауы бар, Ата Заңымыз бар, Туымыз, Әнұранымыз, Елтаңбамыз бар, шекарамыз белгіленген (берік бекітілген), басқалармен тереземіз тең елміз. Бұған да, шүкір. Ғасырлар бойы бұған да зәру болғанбыз. Тәуелсіздігімізді нығайта түсі үшін алда толып жатқан міндеттер тұр. Олардың ең бастылары:

- **Азық-түлік тәуелсіздігі.** Қазақстан жерге бай, ауыл шаруашылығы дамыған мемлекет. Қазақ даласында өспейтін, барынша мол өнім бермейтін: өсімдік, азық-түлік дақылдары, жеміс-жидек, бау-бақша өнімдері жоқ деуге болады. Өзен-суымыз балыққа толы. Бәрі бар, бәрі де мол өнім бере алады. Тіпті, қазір Алатаудың баурайында жаңғақ та өсетін болды. Тек, біліктілік пен еңбек керек. Солар ғана жетпей жатыр. Бар мүмкіндікті кеңінен пайдаланып біз ең алдымен азық-түлік тәуелсіздігіне қол жеткізуіміз керек (бүгінде біз, астықтан басқа азық - түліктің жартысына жуығын шет елдерден алып отырмыз. Оған қаншама қаржы кетіп жатқанын бір құдай білсін). Шынымен де, тәуелсіз ел болғымыз келсе, барымызды базарламай, жоқты сырттан іздеуді қойятын кез келген сияқты. Ол үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттырып, олардың өзіндік құнын кемітіп, бар өндіргендерімізді өзіміз өндеп, азық - түлікпен өзімізді ғана қамтамасыз етіп қоймай, өнімдерімізді шетке шығара білуіміз керек. Байлықтың басы жерде жатыр. Сол жер мен суды дұрыс пайдалана алмай отырмыз. Ол үшін жерде еңбек ететін, жерді сауа алатын жұмысшы керек, маман керек.

Оған қажетті техника керек. Ең бастысы - оған табысты еңбек етуге жол ашатын Заң керек. Егер, заң жөнделіп, бұл салада қажетті мамандар дайындалып, қажетті мөлшерде инвестиция бөлініп, еңбек етемін деген адамға жағдай жасалатын болса, Қазақстан азық-түлікпен өзін ғана қамтамасыз етіп қоймай, өз өнімдерін дүниежүзілік аренаға шығаратын қуатты ел болары сөз.

Жер жүзінің халқы жеті миллиардқа жетті. Ертең, бір үзім нан да, бір ұрт-там ауыз су да алтынға пара-пар болары сөзсіз. Осының барлығын бүгіннен ойлауымыз керек.

-Өнеркәсіптік тәуелсіздік. Бұл жағына келгенде тіпті ұяттымыз. Кеңестер дәуірінде талай өнім беретін кәсіпорындарымыз жабылып, біз қазір өзімізге қажетті киім-кешекті, басқа да өнеркәсіп өнімдерінің (техника, машина, компьютер, самолеттер, танктер т.т.) шамамен тоқсан пайызға жуығын шеттен алып (негізінен: Қытайдан, Түркиядан, Ираннан, Ресейден, Белоруссиядан, Қырғызстаннан т.б. елдерден), солардың экономикасын көтеруге үлес қосып жатырмыз. Осы кітапты оқып отырған әрқайсың өздеріңізге қарап көріңіздерші, киіп –отырған киімнің қайда тігілген, қайдан әкелінген. Өзін-өзі сыйлайтын елдерде (тіпті анау моңғолдар да) басшысынан бастап, барлығы өздерінің киімдерін киіп, өздерінің өнімдерін көрсетуге тырысады. Бізде, ол жоқ. Осы, «қазақтыкі» дегенді кеудесінен итерген саясаттың арқасында, егер әр қазақстандық жылына, орта есеппен ең кем дегенде 50 мың теңгенің киімін киеді десек, елу мыңды он алты миллионға көбейтіңіз (50 000 x 16 000 000), сонда, біздің жылма-жыл қанша ақшаны басқа мемлекеттің экономикасына құйып жатқанымызды көретін боласың. **Бұл, ең кем дегенде - 800 миллиард теңгені құрайды.** Яғни, біз жыл сайын өзімізді - өзіміз киіндіру үшін 800 миллиард теңгені сыртқа жіберіп жатырмыз. Бұл, тек қана өзімізді-өзіміз киіндіру үшін және де кедейдің есебімен шығарылып отырған есеп. Байдың есебімен есептесек, бұл көрсеткіш бұдан бірнеше, тіпті ондаған есе асып түсері сөзсіз. Бүгінгі күні біздің алдымызда тұрған ең күрделі мәселелердің бірі осы өнеркәсіптік тәуелділіктің қысымын біршама болса да бәсеңдету. Ол үшін ең болмаса, ешкім көрмейтін ішкі киімдерімізді өзіміз тігіп, керек жарағымызды (қасық, күрек, балта, балға, қоларба, шағын машиналар мен техниканы, көйлек-көншек пен аяқ киім, шапан, тон дегендей) өзіміз өндіруіміз керек. Кезінде бұлардың көбін Қазақстан өзі-ақ өндіретін. Семейдің тоны мен жиделері, Шымкенттің костюмдері, Алматының туфлилері мен пальтолары, трикотажи, маталары, Көкшетау мен Қапшағайдың фарфоры. Әр облыста аяқ киім фабрикалары жұмыс істейтін.

Өзімізге қажет өнімдерді өзіміз өндірудің төрт түрлі пайдасы бар.

Біріншіден – сонша ақшаны (жылма-жыл 800 миллиард теңгені) қазақтың аузынан жырып, сыртқа жібермейміз;

Екіншіден – қаншама адамды жұмыспен қамтамасыз етеміз;

Үшіншіден – өзіміздің ұлттық киімімізді, басқа да өнімдерімізді басқаларға танытып, елдігімізді білдіреміз, басқалармен тереземіз теңеледі;

Ең бастысы, бұл мәселеге келгенде біз өзімізді басқалардан тәуелсіз етеміз. Алғашқы кезде, мейлі, сапасы да онша бола қоймас. Көш жүре түзеледі демекші, ол жағы біртіндеп ретке келетініне сенім мол. Ең жаманы, басқаның

тауарының жыл сайын қымбаттайтын ауруы болады. Оған біз ешқашанда да төтеп бере алмаймыз. Амалсыздан, керек тауар үшін біз бар тапқанымызды басқаның аузына тосып отырамыз. Нағыз тәуелділік деген осы.

- **Ақпараттық тәуелсіздік.** Қазір Қазақстанның ақпарат нарығында орын алып отырған ақпараттың тоқсан пайызынан астамы басқа елдердің ақпараты (күнделікті оқитынымыз да, көретініміз де Ресейдің газет журналдары мен Ресей елінің теледидары. Біздің эфирде бар болғаны таза қазақша сөйлетін бір-ақ телевизиялық канал болса, Ресейдің отыздан астам телевизиялық каналы күндіз-түні орысша сайрап, сол елдің саясатын, мәдениетін, орыстың салт-санасымен, әдет - ғұрпын, орыс елінің тірлігін насихаттауда). Соңғы 20 жылдың ішінде көршілес жатқан Ресейдің ақпарат құралдары күрт дамып, біздің елдің газеті де, теледидары мен радиосы да мешеулеп қалды. Тәуелсіз радио мен теледидарлар, газеттер көптеп ашылуларына байланысты, тыңдауға жарайтын, көңілге қонымды ақпарат пен хабарлар дайындайтын маман - білікті журналистер де жетіспейді. Ақпарат кеңістігіндегі біздің естілер - естілмес қазақша үнімізді орыстың қуатты ақпараттары басып тастады. Ал, ақпараттың дүниежүзілік үндестігінде қазақтарға тіпті орын болмай қалған сияқты. Дүние жүзінің алдыңғы қатарлы елу елінің қатарына қосыламыз деп жатырмыз. Олай болса, сол елудің ішіне ең алдымен біздің бұқаралық ақпарат құралдарымыз енуі керек. Себебі, дүниежүзілік көрсеткіш бойынша, ақпарат – бұл сол елдің тыныс - тірлігі, көңіл күйі, өнері мен қай салада болмасын жетістіктерінің айнасы болып есептеледі.

-Энергетикалық тәуелсіздік.

Бізде не көп – отын көп. Көмір де, мұнай да, газ да жеткілікті. Солай бола тұра біз әлі де талай көршілерімізге энергетика жағынан: бензин, керосин, солярка, газ жағынан тәуелді болып отырмыз. Дамыған елдерде күн энергиясын, жел энергиясын пайдаланып жатыр. Ана бір жылы Қытайға барғанда Үрімшіден Турфанға барар жолда, бірінен-бірі 70-80 метр қашықтықта орналасқан зәулім жел электр станцияларын көрдім. Ұзындығы елу шақырымдай, екі жағын таулар тізбегі көмкерген аңғардың жартысынан көбінде сол жел электр станциялары жұмыс істеп, мамандардың айтулары бойынша, Үрімшіге қажетті энергияның жартысынан көбін береді екен. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Қазақстанның желі Қытайдың желінен күшті болмаса, кем емес. Бірақ біз оны бүгінге дейін пайдаланбаймыз. Бізде, энергия берерлік күн қызуы да жетерлік. Бірақ, біздің оларды пайдалануға ниетіміз де, икеміміз де, біліміз де жетпей жатқан сияқты. Кеңестер заманында, алыста отырған үш-төрт үй шопандар ауылына, электр желісін тартпай-ақ, шағын ғана жел қуатымен істейтін электр станциясын орнатып беретін. Соның энергиясы шағын ғана шопандар ауылына жарық та, құдықтан су да тартуға мүкіндік туғызатын. Ең болмаса, сол өткеннен үйрене алмай отырмыз.

Транспорттық тәуелсіздік деген тағы бар. Осындай-осындай, толып жатқан тәуелділіктер жан-жағынан қысқанда, амалсыздан өзіңе-өзің, біз шынымен де тәуелсіз елміз бе, деген сұрақ қойғың келеді.

Ең боламаса таяудағы жиырма жылдың ішінде осы айтылған тәуелділіктердің қысымын біраз азайтып, өндірісімізді өркендетуге жол ашсақ, бұл салаларда біз айтарлықтай жетістіктерге жеткен болар едік. Оған жету үшін, айтылған кемшіліктердің орынын толтыру үшін - оқу керек, жаңа мамандықтар игеру керек, аянбай еңбек етуге машықтану керек, жаңаша ойлауға үйрену керек, жаңалықтардың көзін ашу керек. Жаңа өндірістер мен жаңа бірлестіктер, ең болмаса жаңа кооперативтер ұйымдастырып, жастардың жұмыссыздығын жоюдың жолын іздеу керек. Мұндай, толып жатқан «керектердің» тізімін ана заманда Ыбырай бабамыз айтқан болатын. Ұлы ұстаздың ол айтқандарының біразын бүгінгі қазақ жастары орындады, біразын орындау жақын болашақтың міндеті.

Мемлекетіміз әйтеуір, тәуелсіз ғой. Енді жеке адамдардың тәуелсіздігі жайлы ойымызды ортаға салайықшы. Жалпы, қандай болмасын мемлекеттің толық тәуелсіздікке қолы жетпейтіні сияқты, жеке адамның да толығымен тәуелсіз болуы мүмкін емес. Кім болса да, белгілі қоғамда өмір сүреді. Ол сол қоғамның рухани құндылықтарын күнбе - күн пайдаланып, қоғам өндірген өнімді өз қажетіне жаратып, қоғам өндірген азық-түлікпен қоректенеді. Олай болмаса, адам өзіне қажеттілерді өндіру үшін бар ғұмырын жұмсар еді. Күнделікті өмірде қоғамның құндылықтарын пайдаланғаннан кейін - ол, қоғамға тәуелді. Ал, ол қоғамның өзіндік талап-тілектері, ережелері, нұсқаулары, тәртіптері бар. Ол, соларды бұлжытпай орындауға міндетті. Бір елде тұрып жатқаннан кейін, сол елдің азаматы болғандықтан - ол елдің заңдарын орындауға міндетті. Сондықтан да, қоғамда толық тәуелсіз адам бар деуге болмайды. Бірақ, Еуропаның ғұламасы Мишель Монтень:

- Әр адамды басқалармен тең, тіпті басқалардан биік және тәуелсіз ететін - оның білім дәрежесі мен мәдениеті, деген болатын. Шынында да білімді адам - тәуелсіз адам, ол басқалардан сәл де болса жоғары тұратын адам. Ашық айтқанда, шебердің қолы - алтын. Біз шеберге тәуелдіміз. Ақынның сөзі - алтын. Бір жағынан, сиқырлы сөз шеберлеріне де тәуелдіміз. Білімдіге де біз тәуелдіміз. Олардан үйренеміз. Олар бізді оқытады, білім береді, өмірге үйретеді.

Ол, ол ма, ел тәуелсіздік үшін күресіп жүргенде, өздерінің мойындарына тәуелділіктің қамытын кигізіп жүрген замандастарымыз, әсіресе жастарымыз да жоқ емес, айналамызда. Біз оларды көрмей, білмей тұра алмаймыз. Олар: дәрі-дәрмекке тәуелділер, араққа тәуелділер, темекісіз өмір сүре алмайтындар, соңғы жылдары оларға нашақорлар мен есірткешілер де қосылды. Адасып, кейбір діни секталармен кеткендер қаншама? Бұлардың - бірі дәрісіз, бірі арақсыз, енді бірі темекісіз, біреулері есірткісіз тұра аламайды. Бұлар - осы ауруларға өздерін - өздері байлап беріп, тәуелді болғандар. Бұларды, осы ауруларынан қалай құтқара аламыз, қалай тәуелсіз ете аламыз? Бұларды емдеу керек.

Денсаулық, бақытты өмір, тәуелсіздік, қоғамның басқа да құндылықтары - олардың таңдаған ауруларынан әлде қайда артық екенін дәлелдеу керек. Егер, оларды жөнге сала алмасақ та, басқалардың, әсіресе жастардың, қасымыздағы замандасымыздың ол аурулардан сақтап қалудың жолын ойластыруымыз керек.

Ең бастысы, кімді болса да басқалардың тәуелділігінен құтқаратын бір жай бар, ол - қай мемлекеттің болмасын Заңы. Ол Заңның талап-тілектерін орындау

көп жағынан шектеу қойғанымен, басқаларды шектеумен саған тәуелсіздік береді. Егер Заң болмаса, қоғамың не боларын кім білсін?! Тәуелсіз болғың келсе - өмір талаптарын, Заң талаптарын сақта. Білігің мен біліміңді көтер.

Мақсат пен мұрат.

Мұратымыз біреу – қазақтың туын биік көтеру, қашан болса да қазақ баласын алға шығару, алдан көру, тіпті болмағанда, қазақтарды қатардан көру. Ол мұратқа жету үшін біз алда талай міндеттерді орындап, мақсаттарға жетуіміз керек шығар.

Ата-бабамыз бізге мұра етіп қалдырған қазақтың жері қай жағынан болса да басқалардан артық. Оның географиялық орны. Қазақстан Еуразия құрлығының қақ ортасынан орын алған. Кім болса да қол ұшы жетерлік жерде жатыр. Аласың ба, бересің бе, сауда жасайсың ба - бәрі мына жерде, ана қырдың астында, тіпті, жақын жатыр. Бұны бір делік. Екіншіден, Қазақтың жері дүниедегі ең бай жерлердің бірі. Жерден алынатын не байлық болса да, ол байлық қазақта бар және де олардың қоры дүние жүзінде алғашқы ондықтың қатарында. Уран ба, мұнай ма, газ ба, темір ме, көмір ме, алтын ба, мыс па, минералдар ма - бәрі - бәрі жеткілікті (Бұл байлықтардың көрсеткіштері жыл сайын өзгеріп, өсіп отыратындығын ескере отырып, бүгінгі нақты цифрларды жазбай-ақ қояйын). Ең кереметі, дүниеде сирек кездесетін ең қымбат металдардың (редкоземельные металлы) негізгі қоры біздің жерімізде жатыр. Бұл жағына келгенде қазаққа осынша байлық сыйлаған құдайға да, осынша байлықты бізге аманат етіп, қолымызға ұстатып кеткен бабаларымызға да ренжитін, тіпті де жөніміз жоқ. Тек, ретін тауып, сол байлықты игере біл. Одан түскен пайданы қазақтың болашағының алдына жайып сал. Адам басына шаққанда, біздің байлығымыз дүние жүзінде ешкімнен кем емес. Кем болып отырған өздеріміз. Тәуелсіздік алғанымызға қаншама уақыт өтсе де, біз әлі күнге дейін, судан шығып қалған балықтай, бүгінге дейін үкіметке қарап аузымызды ашып отырмыз. Баланың әкеге тәуелділігі, болмаса үлкеннің айтқанынан шыға алмайтындығы соншалықты, әкелеріміздің, үкімет бар, өлтірмейді деген кері психологиясының әсерінен бүгінге дейін құтыла алмай отырмыз. Бұл арада ең бір ескеретін жай, бұл – халқымыздың мүдде бірлігінің жоқтығында. Байлар бір жаққа, басқалар бір жаққа, халықтың бір жаққа тартуында. Елдегі бар халықтың мүддесі бірленбей, бір салаға түспей, белгілеген мұратқа жетуіміз қиындайтыны сөзсіз.

Біздің ең басты кемшіліктеріміз. Біздің өзімізді өзіміз білмейтінімізді, біз жоғарыда атап өттік. Сол кемшілігіміз болмаса, жалпы қазақ деген дүниедегі сұңғыла халықтардың бірі. Қазақ – өте алғыр халық. Ол өнер, білім, ғылымға келгенде, артық болмаса, ешкімнен кем емес. Солай бола тұра қазақ, өзіне тән толып жатқан кемшіліктері бар халық. Енді, солардың бір екеуі жайлы айтып өтейік.

Қатар жүрген құрбылардың ешқайсысы өзін басқадан кем санамайды. Қайта ол өзін басқадан, қай жағынан болса да артық санайды. Артық болса жақсы болар еді. Бірақ, ылғида олай бола бермейді. Көп жағдайда біз, біліміміз болсын, мәдениетіміз болсын, тәрбиеміз болсын, қара күшіміз болсын, сұлулық болсын, т.б. толып жатқан қасиеттерімізді биіктен көргіміз келеді де, көзге ұр-

ып тұрған кемшіліктеріміз болмаса, басқа жағынан біз өзді - өзімізді басқалардан биік қоямыз (орыстар оны – «недооценивая других, переоцениваем себя», – дейді). Міне, бұл біздің басты кемшіліктеріміздің бірі. Кемсіткенім емес, кейде осы қасиет, әсіресе қазақ балаларына тән бе деп қаламын. Сондықтан да, елден қалмас үшін, бізге ең адымен өзімізді - өзіміз білуіміз қажет, өзіміздің ішкі дүниемізге үңіліп, бар байлығымызды безбенге салып барып, өзімізді - өзіміз бағалай білу, өзімізге - өзіміз сын көзбен қарай білу, ең бастысы әрқайсымыз өзіміздің қай жағынан болса да шамамызды, елден, қатар жүрген құрбыларымыздан артықшылықтарымыз бен кемшіліктерімізді білсек қой. Денемнің шынығуы, күшімнің мөлшері, оқу-білімім, мәдениетім қай мөлшерде? Не істей аламын, қолымнан не келеді, жаңа ортада өмір сүре аламын ба, елмен сөз таба аламын ба, басқа түссе шағын болса да топты басқара аламын ба, біреуге еріп кетпеймін бе, осындай, осындай толып жатқан өмірлік сұрақтарға жауап іздеу керек болар. Өзіңнің шамаңды білгеннен кейін барып қана - оқитын оқуынды, алар мамандығыңды, тіпті, өмірлік қосағыңды да таңда.

Соңғы кезде не көп, оқу көп. Әр облыста ондаған институттар мен жүздеген колледждер ашылып, ештеңені сезбей, оқудың мақсаты мен алар (игерер) мамандықтың болашағын ойламай, көптеген жастарымыз мектепті бітіре сала, қатар - құрбыларының «оқуға барамыз» деген жалпы дақпыртына ілесіп, ата – аналарының, «баламды қатардан қалдырмаймын»,

«артық болмаса, оқуға түсіп жатқан балалардан оның қай жері кем?», деген бәсекелерінің көрсеткіштері ретінде, талай жас әке - шешесінің малын сатқызып, оқуға түсті. Біраз ата - аналар, балалары оқуға түсе алмаса, өздерін қатардан қалғандай сезінеді. Аты оқу болмаса, алдына мақсат қоймай, ертеңін ойламай, әйтеуір бәсекемен келіп түскен оқудың аты - оқу ғана. Нәтижесінде, бүгінде жүздеген, мыңдаған жас қалтасына табақтай - табақтай дипломдарын салып, жұмыссыз жүр. Ауылда оның мамандығы бойынша жұмыс жоқ. Жұмысы бар жерге барайын десе, ауылдан ұзағысы келмейді. Нәтижесінде, не болды? Бір құдай біледі.

Біздің екінші кемшілігіміз – кешегі Кеңестер заманында өмір сүрген, сол заманда оқыған, бүкіл ойы сол заманның тәртібімен қалыптасқан әке-шешелерімізше ойлау. Солардың айтқандарынан шықпау. Олар не дейді? Олардың ойларында осы күнге дейін – Үкімет бар, өлтірмейді, деген қағида қалыптасқан. Жиырма жылдан бері қарай сол қағидадан құтыла алмай келеміз. Олар әлі күнге дейін сол жоқ үкіметке сенеді. Ол заманның кеткеніне, социализмнің күйрегеніне жиырма жылдай болса да, біздің біраз ағаларымыз бен апаларымыз социализмнің категорияларымен ойлап, балаларын да сол жолмен алып келеді.

Үкімет жоқ емес, бар ғой. Бірақ біздің үкіметіміз кәмелетке жатпеген балаларға, еңбекке жарамыз мүгедектерге, зейнеткерлерге ғана көмектеседі. Қалғандар, ең алдымен өзіне, өзінің біліміне, өзінің күшіне сену керек. Бүгінгі заманның адамы - қолынан іс келетін, қажетті өнім өндіретін, содан өзінің бақытын табатын адам. Ондай болмаған жағдайда, қолынан іс келетін адаммен бірлесіп еңбек етіп, соның айтқанымен жүру ғана қалды. Үкіметтің міндеті аш адамға балық аулап бермей, сол балықты аулайтын құрал тауып беру. Қалғаны өзіңе

байланысты. Балық аулап жейсің бе, аулаған балықты сатып байлықтың басын құрайсың ба, әлде тамағыңды асырап, өзен жағалап кетесің бе. Ендігі жерде мұның барлығы тікелей өзіңе байланысты. Абайдың: «Кетігін тап та, бар қалан» деген заманы келді. Бүгінгі әрбір жастың басты міндеті – өмірден өз орынын тауып, сол жерге орнығу. Еңбек етіп, ел байлығын арттыруға өз үлесін қосу.

Қазақтың тағы бір кемшілігі бар. Бұл – оның көп дүниеге немқұрайлылығы. Ол қазақтың ділінде бар. Малын бағып, далада сол малдың артынан еріп жүрген көшпелі қазақ бір жаңалыққа, болмаса тұрмысқа, күнделікті тірлікке керек-ау деген жақсылыққа кездесе, соны үйреніп алудың орнына, аяқ астынан оның «ей, қойшы» деген мінезі бой көрсетеді. Ертеде қазақтың осы мінезіне арналған толып жатқан әңгімелер болатын. Сол әңгіменің бірі былай болып келеді:

-Бір қазақ пен бір өзбек дос болыпты. Талай күнді бірге өткізіп, талай жолды бірге тоздырса керек. Бір күні екі дос келе жатқанда жолда жатқан темірді көріп, өзбек қазаққа, керек болып қалар, мына темірді ала салсайшы дегенде, қазақ, «ей қойшы» деп, қайырылмай жүре береді. Өзбек барып, темірді қабына салып алады. Тағы бірде ол қазаққа, мына бір пайдалы шаруаны тындыра қояйық, дегенде қазекен, «ей қойшы» деп, мойнын да бұрмайды. Осылай жүріп, қолына ілінгенін қабына салып, ыңғайлы шаруаны тез тындырып тастайтын өзбек әбден байиды да, қазақ сол баяғы қалпында қалады. Оны көрген ауылдастары, бұл қалай болды, екеуің қашаннан доссындар, бірге жүресіндер, нені болса да бірге істейсіңдер. Сен болсаң мынау, әбден байып алдың, қасыңдағы қазақ сіңірі шыққан кедейге айналды дегенде, өзбек: Мен байиын деп байыған жоқпын, мені байытқан қазақтың «ей, қойшысы ғой» деп жауап берген екен.

Екінші бір әңгіме.

Ертеректе, Алматы облысында мен бір шофер (жүргізуші) жігітпен таныс болдым. Оның бір, басқалардан ерекше қасиеті - анадайда жатқан бос бутылка (шиша) көрсе, міндетті түрде тоқтап, машинасынан түсіп, шишаны арнайы қорабына салып алатын. Араға жылдар салып бір ауданның орталығында мен сол жігітпен қайта кездестім. Үйіне қонаққа шақырды. Бардым. Әңгіме үстінде мен, баяғы әдетінді қойдың ба дегенде ол, ж-ж-жоқ. Жылдар бойы жинаған шишалардың жартысынан көбісін магазинге тапсырып ақша қылдым, олар қабылдамаған шишадан мына үйді салып алдым (шлакобетонның арасына, аузын төмен қаратып орналастыра береді екен), жып - жылы, шпалдан салған үйден кем емес, қалғанынан монша салдым, деп моншасына алып барып көрсетті. Керемет. Тап-таза, тіпті қабырғасын әрлеуге кафельдің де қажеті жоқ. Ерінбегендікі, әрі қолдан келгендікі осы. Мұнымен, мен елді жаппай бутылка жинауға шақырып отырған жоқпын, кімді болса да істің ыңғайын біліп, көзін табуға шақырамын.

Қазақ жайында, баяғыда Абай Хәкім: «Жүйрікті байлап, сұлуды жайлап», - деген болатын. Жатып ішер кездің кеткеніне қарамай, әлі күнге дейін сол, Абай айтқан қазақ ортамызда жүр ме, деп қаласың.

Қазақ құдасы мен қонағын құдайдай сыйлаған халық. Құданың орны бөлек. Ал келімсектерді біз бүгінге дейін «қонақ» деп сыйлап келеміз. Олар қа-

шанғы қонақ болады? Ортамызға бір орыс келсе, бәріміз соның көңіліне қарап, ұят болмасын деп, орысша сөйлейміз. Басқаларды ұмытып, бар көңілімізді соған бөлеміз. Қазақшылықты басшылыққа алып, барымызды соның алдына жаямыз. Бұдан мен, орысты жек көр деп отырған жоқпын, бірақ, әркім де орнын білуі керек шығар, ең болмаса олар орыс тіліндегі «адекватность» (пара-парлық, немесе, сыйға - сый, сыраға - бал), деген ұғымды түсінсе ғой. Әй, түсінбейді ғой... Мен оған жалпылдағанда, ол маған неге жалпылдамайды. Мен оның тілінде сөйлегенде, ол неге менің тілімде сөйлемейді? Бұдан, басқа біреуді сыйламастан бұрын, алдымен өзімізді - өзіміз, өз тілімізді сыйлап алайықшы, деген ой туындаса керек. Өзімізді - өзіміз сыйламасақ, бізді ешкім де сыйламайды. Бұл ескі - ғұн, түрік, қыпшақ халықтарынан келе жатқан қағида еді, қазақтар оны ұмытып барады. Ұмытшақтық, бұл да - кемшілік.

Қазақтың өмірінен мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Мақсатымыз, ұлтымызды кемсітетін әңгімелерді тізіп, айтып шығу емес, сол әңгімелерді мысал ете отырып, жастарды енжарлық пен немқұрайлылықтан, ең бастысы оның «ей, қойшы» деген мінезінен арылту.

Өмір мен өлім.

Өмір жайлы біраз әңгімелеген сияқтымыз. Қазақ, тумас бар жерде, өлмек те бар, дейді. Сонда, өлім деген не? Меніңше, бұл сұраққа барынша қысқа, әрі нақты жауап бергендердің бірі - Еуропаның Элизабет Кюблер - Росс деген ғалымы.

-Смерть это «занавес между познаваемым нами миром и тем миром, который сокрыт от нас до тех пор, пока мы не перешагнем эту последнюю черту» (32.), Қазақшалағанда ол былай болып келеді: «Өлім деген біз түсіне алатын дүние мен біз соңғы межеден аттап кеткенге дейінгі, бізге беймәлім дүниенің арасындағы перде». Діндарлар айтатындай - өлім біздің өміріміздің ана жақтағы жалғасы емес, өлім тірліктен бас тарту. Өлім - бізді өлмес те, өшпес те ана жақтағы өмірге алып баратын алтын қақпа да емес.

Құранның: Әли Ғымран, Ниса, Әнғам, Ібраһим, Әнбия, Каф, сүрелерінде өлім жайында біраз пікірлер мен ойлар айтылады. Мысалы, Әли Ғымран сүресінде: Әркім өлімді татады. Шын мәнінде қиямет күні ақыларың толық төленеді. Сонда кім оттан құтқарылып, ұжмаққа кіргізілсе, рас құтылады. **Негізінде дүние тіршілігі алданыштың ғана нәрсесі** (*Құран Карим. Қазақша нұсқасы және түсінігі. Аударған - Халифа Алтай*).

Қазақтың, біз бұл өмірге қонақпыз дегені, осыдан болар.

Рас, тарихта «өшпес өмір» деген түсінік бар. Мөңке би, бар адамзатты - өлетін адам, өлмейтін адам, деп екіге бөлген екен. Ол тіпті, тірі жүрген өліктер де бар, дейді. Өлді деуге бола ма, артына өлмейтұғын сөз қалдырғандарды, өздеріне - өздері мәңгі өмір сыйлағандар қатарына жатқызуға болады. Олар ғалымдар, олар дүниеге өздерінің асыл сөздері мен ойларын, өнерлерін қалдырған ұлылар. Батырлар да, батырлық жасап, өздерінің аттарын мәңгілікке қалдырғандар. О, дүниелік болғандардың ішінен кімдердің есімдерін біз бүгін аузымызға көбірек аламыз, кімдердің еңбектеріне - жазғандары, жыр – дастан-

дары, музыкасы мен салған суреттері, зәулім ғимараттарына біз көбірек көңіл бөлеміз - соларды ғана, өздеріне мәңгі өмір сыйлағандар, деп атауға болады. Бірақ бұл, санаулылардың ғана маңдайына жазылған тағдыр екенін ұмытпау керек.

Ертеректе Ақжан Машанов деген, кезінде дүниежүзінде алғашқылардың бірі болып геомеханиканың (жер қыртысының қозғалу заңдылықтары) заңдылықтарын зерттеген, сол заңдылықтың негізінде жер бетіндегі толып жатқан кен көздерін ашуға үлес қосқан, ұлы бабамыз Әбунасыр әл - Фарабидің еңбектерін қазақ топырағына жеткізіп, оны барынша насихаттауға күш салған үлкен ғалыммен өмір мен өлім жайында әңгімелескенімде ол кісі: (анайы болса кешірім сұраймын) Өмір деген - бір тесіктен шығып, екінші тесікке кірген сияқты (іңгәлап туып, көрге енген уақыт арасы). Дүниенің уақытымен есептегенде бұл бар болғаны қас - қағым ғана сәт. Әр адамның мақсаты - сол қас - қағым сәтті барынша тиімді пайдалану, дүниеге адам болып келгеннен кейін, сол адамзаттың қоғамына барынша пайда келтіру. Елге қажетті жаңалық әкелу, елге ой тастау, жақсы іс пен асыл сөз қалдыру.

Мәңгілік, өшпес өмірге ие болғандардың қатарына бабамыз Әбунасыр әл - Фарабиді жатқызуға болады. О, дүниелік болғанына мың жылға жуық уақыт өтсе де, біз бүгінге дейін оның еңбектерін пайдаланып, мың жылдан бері қарай есімін аузымыздан тастамай келеміз. Мәңгі өшпес өмір деп, осындай адамдардың өмірлерін айтуға болады,- деген еді үлкен ғалым.

Өмірде өздерінің өшпес іздерін қалдырған, өздеріне өшпес, екінші өмір сыйлаған, қазақтың шынайы мақтанышына айналған жандар көптеп саналады. Олардың барлығын бірдей атап шығу қиынырақ болар. Абай, Ыбрай, Шоқандардан бастап, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мұхтар Әуезов, Дінмұхаммед Қонаев, Бауыржан Момышұлы, Сәбит, Ғабит, тағы басқалар - өмірлері елге үлгі боларлық және де өздеріне өшпес өмір сыйлаған ұлылар. Ұлылардың тізімін жүздеп келтіруге болады. Қазақ топырағы талай ұлыларды бұл өмірге әкелгені белгілі. Бұл жағынан қазақ кенде емес. Мақсат - Абайдың, болмаса да ұқсап бақ дегеніндей, ұлыларға ұқсап, елге адал қызмет ету. Жақсы ісіңмен, жақсы сөзіңмен, ашқан жаңалығыңмен, жасаған ерлігіңмен, есіміңді ел есінде қалдыру. Ең болмағанда, адал еңбегіңмен елге қызмет ету.

Өзіңе өшпес өмір сыйлаудың екінші бір түрі, бұл - өз өміріңді өз ісіңді алға апара алатын ұрпағыңмен жалғау. Ұрпағың болса, ол өзің ойлағандай, еліне қызмет ете алатын, бала - шағасына жақсы тәрбие бере алатын, атыңды жақсы ісімен шығаратын болса, өмірдің жақсы жалғасы деген осы емес пе?! Қай қазақтың болса да осыған жетуіне тілектеспін.

Бұл еңбектің тәрбиеге арналған бөлімін Қабуснаманың сегізінші тарауы мен ұлы Абайдың 37-ші Қара сөзімін аяқтағым келіп отыр. Бұлар екі дананың адам баласына айтар ұлағатты сөздері. Жаттап ал, қашан да есінде жүрсін. Бұлар екі данышпанның келер ұрпаққа айтар қорытынды сөздері - тілектері.

Қабуснама. Сегізінші тарау:

Ануширван: «Ей, перзентім» деп бастап, Гиляншахқа мына төмендегі үгіт-насихаттарды айтқан екен:

1. Дәулет ертелі - кеш келуі де, кетуі де мүмкін, барлық жағдайдың алмасып және өзгеріп тұруына таңданба. Яғни, шаттық кетіп, қайғы келсе, қайғы кетіп, шаттық келсе, оған мән берме.

2. Халық не үшін бір рет опық жеген істен қайтадан опық жейді? Егер бір істі істеп, өкінішті жағдайда болсаң, оны екінші қайталама.

3. Адам тіршілігі өмір талабына сай болмаса, не үшін ол өзін тірімін деп есептейді?

4. Халықтың қамы үшін өз рақатынан айырылған адамды дұшпан деме.

6. Өзін дана санаған наданнан түңіліп, сақтанғын.

7. Ащы да болса сөздің ақиқатын айт.

8. Сырыңды дұшпаның білмесін десең, досыңа айтпа.

10. Үмітсіз адамның еккенін жегеннен, аш жүрген жақсы.

11. Наданның өзіне істеген ісін, ақылды адам дұшпанына да істемейді.

12. Әр адамның білімі болғанымен ақылы болмаса, ол білім өзіне зиян келтіреді.

15. Сен туралы халық жақсы сөз айтсын десең, сен өзің алдымен халық туралы жақсы сөз айт.

16. Халыққа істеген еңбегің босқа кетпесін десең, саған халықтың істеген еңбегі босқа кетпесін.

17. Егер дос - жарансыз қалғың келмесе, кінәмшіл болма.

18. Егер қайғысыз болғың келсе, қызғаншақ болма.

19. Өміріңді қиналмай өткізгің келсе, қол жеткен табысыңды қолдан берме.

20. Егер өзіңді азаптан құтқарғың келсе, бітпейтін іске қол ұрма.

22. Егер абыройдан айырылғың келмесе, жақсылық жасауды ұмытпа.

23. Егер масқара болғың келмесе, істемеген жұмысты істедім деме.

27. Егер зерек болғың келсе, жүзіңді халықтың көзімен көр.

28. Егер қадірлі болғың келсе, халықтың қадірін біл.

29. Халық сенің сөзіңе сай іс қылсын десең, сен өз сөзіңе сай іс қыл.

32. Жомарттықты қаласаң, опасыз болма, біреуден аламын деп дәмеленбе.

36. Егер халықтың сүйіктісі болғың келсе, көпшіліктің мұң - мұқтажын жақтап сөйле.

37. Егер халықтың жақсысы болғың келсе, олардан ешнәрсені аяма.

Ей, перзентім, әділдің сөздері мен үгіт - насихаттары міне осылар. Бұларды оқы және ардақтай біл...

Барлық ілімді жігіттік шағыңда оқып, біл. Ал қартайған соң ақыл, өсиет үгіт - насихатты тыңдаудың қажеті жоқ... (Қабуснама)

Абайдың 37 - ші Қара сөзі:

1. Адамның адамшылығы істі бастағанынан білінеді, қалайша бітіргенінен емес.

2. Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады.

5. Әкесінің баласы - адамның дұшпаны. Адамның баласы - бауырың.

6. Ер артық сұраса да азға разы болады. Ез аз сұрар, артылтып берсең де разы болмас.

8. Сократқа у ішкізген, Иоанна (Жанан д Арк) Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, Пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? **Ол - көп, көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал.**

9. Адам баласын заман өсіреді, кім де - кім жаман болса, оның замандасының бәрі виноват.

10. Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзетіп болмайды деген кісінің тілін кесер едім.

11. Дүниеде жалғаз қалған адам - адамның өлгені. Қапашылықтың бәрі соның басында. Дүниеде бар жаман да көпте, бірақ қызық та, ермек те көпте. Бастапқыға кім шыдайды? Соңғыға кім азбайды?

12. Жамандықты кім көрмейді? Үмітін үзбек - қайратсыздық. Дүниеде еш нәрсенің баяны жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің? Қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді?

15. Егер ісім өнсін десең ретін тап.

16. Биік мансап - биік жартас,
Ерінбей еңбектеп жылан да шығады,
Екпіндеп ұшып қыран да шығады.

17. Дүние - үлкен көл,
Заман соққан жел.
Алдыңғы толқын - ағалар,
Кейінгі толқын - інілер.
Кезекпенен өлінер,
Баяғыдай көрінер.

18. Бақпен асқан патшадан,
Мимен асқан қара артық.
Сақалын сатқан кәріден,
Еңбегін сатқан бала артық.

20. Жаман дос - көлеңке,
Басыңды күн шалса,
Қашып құтыла алмайсың,
Басыңды бұлт алса,
Іздеп таба алмайсың.

21. Досы жоқпен сырлас,
Досы көппен сыйлас.
Қайғысыздан сақ бол,
Қайғылыға жақ бол.

22. Қайратсыз ашу - тұл,
Тұрлаусыз ғашық - тұл.
Шәкіртсіз ғалым - тұл.

23. Бағаң өскенше тілеуіңді ел де тілейді, өзің де тілейсің, бағаң өскен соң - өзің ғана тілейсің.

Тағы да Абай айтады:

Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: Әуелі надандық, екіншісі - еріншектік, үшіншісі - залымдық, деп білесің.

Надандық - ілім мен ғылымның жоқтығы, дүниеде ешбір нәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік хайуандық болады.

Еріншектік - күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік- бәрі осыдан шығады.

Залымдық - адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді,... (соңы).

Ертеде Жүсіп Баласағұни: «Кісенді кісі қаша алмас, айдаған жаққа жүреді», - деген екен. Надандық, еріншектік, залымдық - бұлар еркін адманың аяғына салынған кісен сияқты. Сол кісеннен босап, ешкімнің айдағанына көнбей, ерікті өмір сүр. Сонда ғана - оқуға, еңбек етуге, ғашық болуға, ұрпақ тәрбиелеуге мүмкіндік туып, бақытты да баянды, мәнді өмірдің есігі ашылады саған, жас дос. Бәрін ақылмен істесең, сенің «Мен» деген жақсы қасиетің мұратыңа жеткізеді.

Осы жасқа келгенде менің көзімнің әбден жеткені - көп - көптігін, тау биіктігін көрсетпей тұра алмайды демекші, күшті - күштілігін, бай - байлығын, білімді - білімін, бастық - бастықтығын көрсетпей тұра алмайды. Осылардың тезіне түспес үшін, кем болма, оқы, білім ал, қатарыңан қалма. Тіпті, болмай бара жатса ғана, Абай бабамыз айтқандай, ең болмаса соларға ұқсап бақ.

Бүгінгі таңда бала тәрбиесіне келгенде, ерекше көңіл бөлетін жай - бізде қазақ мектептері болғанымен, ұлттық мектептер жоқтың қасы. Ұлттық мектеп дегеніміз білім мен қатар балаға қазақтың болмысы, тілі мен ділі, тарихы мен мәдениетінен, ұлттық салт - сана мен дәстүрінен, жалпы қазақтың рухани байлығынан хабар беретін мектептер болуы керек. Ол үшін, бұл мәселені ең алдымен ұстаздардың өздері жетік білсе. Білім министрінен, облыстық білім беру басқармалары, мектеп директорларынан ұстаздарға дейін ұлттық мектептің талаптарын игерсе. Ең бастысы бала мектеп үшін емес, мектеп бала үшін жұмыс істейтінін ешқашанда да естен шығармау керек.

Тәуелсіздік алғаннан кейін осындай ұлттық мектептерді ұйымдастыруға талай ұстаз ұмтылған болатын. Солардың бірі ғалым Алма Қыраубаева еді. Педагог - ғалым Алма айтатын:

- баға құнды емес, бала құнды;
- ұстаз қызметінің мақсаты - өз пәнін үйретуден гөрі тереңіректе, ол адамды қалыптастырушы адам;
- мұғалім өз сабағын білуі жеткіліксіз, оған қоса бала жанын ұға білсін;
- сабақтың мақсаты - баланың басқаларға ұқсамайтын қасиеттерін аша білу...

Ғалымның бұл айтқандары ұстаздарға бағытталғанымен, ұрпақ тәрбиелеп, ұлым - құлықты, қызым - қылықты болсын деп отырған ата -аналарға да тікелей қатысы бар. Балам жақсы болсын, елім деп өсетін болсын десең, оның жақсы қасиеттерін тани біл, соларды аша біл, балаға дұрыс жол сілтей біл. Балаға сен

сенсең, оның саған сенері сөзсіз. Ата - анаға, ұстазына сенген бала, еліне де сенетін болады. Міне, осылар ғана «елім» дейтін ұл мен қыз болады.

Адам тәрбиесіне тікелей қатысы бар мына сөздердің түсіндірмесін әр жастың есінде жүрсін, деп беріп отырмыз.

Адамгершілік - қоғамдық талапқа сай ізгілік пен инабаттылықты білдіретін моральдық ұғым (человечность, гуманность);

Ар - адамгершіліктің ізгі қасиеті (честь, совесть);

Әдеп - халықтың әдеп-ғұрпына сай қалыптасқан этикалық жүйелі тәртіп (вежливость, учтивость, воспитанность, соблюдение приличия, хороший тон);

Білім - оқу, үйренумен санаға қонатын ақиқат жайлы түсінік (образовать человека, дать ему знание);

Дәстүр - әдепке айналған салт пен сана (обычай, традиция);

Дін - құдайға құлшылық етіп, бас идіруші идеологияның бір түрі (религия, вероисповедание);

Діл - әр ұлттың ғасырлар бойы қалыптасып, сол ұлт өкілдеріне тән болған адамгершілік қасиеттерінің жиынтығы (менталитет);

Дүниетаным - дүниеге деген нақты тарихи маңызы бар көзқарастың қалыптасуы, ғылыми негізделген сенімдердің тұтастығы (мировоззрение);

Жігер - қажыр-қайрат, күш-қуат (энергичность, решимость);

Еліктеу - басқа біреудің қимыл әрекеттеріне қызығу, қайталау (подражание);

Ерік - адам психикасының саналы, мақсатты әрекеттері (воля, характер);

Иба - инабаттылық, әдеп, сыпайылық (деликатность);

Иман - ислам дінінің ең негізгі талаптарының бірі, ізгі ниет, кішіпейілділік (вера, честность, преданность в совокупности);

Инабаттылық - адамгершілікке тән ізгілік, әдептілік (уважительность, почтительность);

Көргендік - әдептілік, тәрбиелілік, білімділік (благовоспитанность);

Қызғаныш - іш тарлық, қызғаныш сезімнің күші (ревность, завистливость);

Махаббат - әйел мен ер адамның арасында пайда болатын біріне - бірінің деген сүйіспеншілік сезімі (любовь, влюбленность);

Мәдениет - адамзаттың өндірістегі, тұрмыстағы, өнердегі, қоғамдағы ақыл-ой жетістіктерінің жиынтығы (культура);

Мораль (моральдық тәртіптер) - адамдардың бір-біріне, қоғамға деген қатынасын ретке келтіретін тәртіптер, принциптер мен ережелердің жиынтығы (мораль);

Мінез - әр адамға тән психологиялық қасиеттердің жиынтығы (характер, нрав);

Мүдде - алға қойылған мақсат, тілек, арманның ортақтығы. Жеке адамның, қоғамның, түгелдей бір ұлт пен елдің мүддесі болады (общее желание, интерес, цель, смысл жизни);

Намыс - ар-ождан, ұят (честь, доброе имя, чувство достоинства, срам);

Өрлік - өжеттілік, өр мінезділік, бір беткейлік, «Меннің» күш-қарекеті (гордость, упрямство);

Өсек - біреуді сыртынан даттау, кіналап айтқан жалған сөз (сплетня, пересуды, хулить);

Сауаттылық - ғылымнан кең көлемде хабардар болу, ана тілінің грамматикалық нормаларына сай оқу - жазу дағдысын меңгеру дәрежесі (грамотность);

Субъект - объект. Субъект жеке адам, болмаса топ. Объект - зат, нәрсе. Сыртқы дүние - объект, сол сыртқы дүниені танып білетін адам - субъект (внешний мир - объект, познающий внешний мир - объект);

Тәрбие - қоғамдық, өндірістік және мәдени өмірдің белсенді қатысушысын даярлауды мақсат етіп қойған немесе жеке адамды қалыптастыруға бағытталған жүйелі процесс (воспитание личности);

Ескерту: Біз жаңадан ештеңе ойлап тауып, аспаннан ештеңе алып отырған жоқпыз. Бұл бөлімнің негізгі ойлары: қасиетті Құран Кәрім, Мұхаммед Пайғамбардың Хадистері, Кабуснама мен Абай Құнанбаевтың Қара сөздері негізгі бағдарға алынып, солардың ыңғайларымен жазылды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДІБИЕТТЕР

1. Қабуснама. (аударма) Астана,2002.- 176 б.
2. Мишель Монтен. «Опыты», М. 1979. 703 с.
3. Жан-Жак руссо. «Эмиль или о воспитании» Избранные сочинения. Т-1. М. 1961. Изд. «Художественная литература». 851 стр.
4. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. 2 том. Алматы. «Ғылым»,-1977. 312 б.
5. Мұхаммед Пайғамбардың хадистері. (аударма) Алматы, «Жазушы»,1994 64 б.
6. Андре Моруа. Надежды и воспоминания. М.
7. Пауло Коэльо. Книига воина света. (перевод из португальского), ИД. «София», 2003. 40 стр.
8. К. Әбішев. Философия (оқулық). Алматы, 2001. 256 б.
9. Мағжан Жұмабаев. Педагогика (қайтадан басылуы) Алматы. «Рауан», 1992. 112.
10. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. 1 том. Алматы «Ғылым»,-1977.
11. Зейнолла Сәнік. Тұғырыл хан. Дәмежан батыр. «Қаз Ақпарат» 2005. 269 бет.
12. Н.М. Карамзин. История Государства Российского Т.1 (Приложение к тому 1, сноска 3).
13. Библия. Книга священного писания Ветхого и Новго завета. Брюссель. Изд. «Жизнь с Богом», 1973. 2357.
14. Ыбырай Алтынсарин.
15. Т. Ғабитов, Ж. Мүтәліпов, А. Құлсариева. Мәдениеттану. Алматы-2001. 344 б.
16. Н.М. Карамзин. История Государства российского Т. 1.
17. -Г. Зданович. За две тысячи лет до Трои» Журнал «Вокруг света» №3 за 1989 год.
18. А. Нарымбаева. Аркаим: очаг мировой цивилизации созданный прототюрками. Астана, 2004. 240 стр.
19. С.Г. Кляшторный, Т.И. Султанов. Казахстан: летопись трех тысячелетий. Алма-Ата. «Рауан» 1992. 374.
20. Қ. Орманов. Туран өркениетінің ізімен. Қостанай-2005. 269.
21. Мери Бойс. Зороастризм. Верования и обычаи. (Из Интернета).
22. Е. Черных. Эпоха бронзы начинается в Каргалах. Журнал «Знание сила» за 2000г. № 8.
23. Жәрдем Кейкин. Қазақтың атаулары мен байламдары. Алматы. 2000 ж.
24. К. Ісләмханұлы. Рухани уыз. Астана. 2008. 228 бет.
25. Зейнолла Сәнік. Тұғырыл хан. Дәмежан батыр. Алматы, «ҚазАқпарат» 269 бет.
26. Вернон У Фостер. Новый страт.(перевод) Изательство источник. 320 стр.

27. Сүлеймен Бақырғани. С. Бақырғанидің бұл өлеңдері А. Күзембайұлы, Т. Ахметов. Т. Әлібековаладың «Түркі руханияты» деген еңбектенінен алынды.
28. Абай. Екі томдық шағармалар жинағы. 1 т. Алматы - 1977.
29. Жүсіп Баласағұн. Ғұламаның бұл өлеңдері А. Күзембайұлы, Т. Ахметов, Т. Әлібектің «Түрік руханияты» деген еңбектерінен алынды.
30. Құран Карим. Қазақша мағынасы және түсінігі. «Нұр» сүрес.
31. Жанайдар Сәдуақасов. Таңдамалы шығармалар жинағы. Астана. 2011. 362 бет.
32. Вернон У Фостер. Новый старт. Изд «Источник». 320 ст.

ДІН ІЛІМІНЕ КІРІСПЕ

Дін туралы көп айтуға болады. Себебі, адамның дүниетанымы болсын, оқу-білімі болсын, мәдениеті болсын, денсаулығы болсын, ұйымдасып еңбек етуі болсын - солардың бәрінің басында дін тұрғаны белгілі. Не бір керемет жаңалықтар мен жақсылықтарды да о баста адамзатқа дін сыйлады. Солай бола тұрып, діннің екінші жағы да бар...

Дін - адамның ішкі сенімі мен санасына негізделген құдыретті күш. Заманында әкені - балаға, туысты - туысқа, ағаны - ініге, тіпті, түгелдей бір елді екінші елге қарсы қойып, екеу - ара қырғынға итермелеп жүрген - осы дін болатын. Дін жолындағы араздық, екеуара жанжал, тартыс қашан басталғанын дөп басып айта қою қиын болар (шамасы, Әбіл мен Қабылдан басталған болар). Бірақ, біз тарихтан діннің құрбаны болған талайларды білеміз. Солардың бірі заманында білім, мәдениет пен демократияны, не бір өнерді өмірге алып келген гректердің өздерін көркем, әрі жүйелі сөз сөйлеуге үйретіп жүрген - Ұлы Даланың ұлы философы Анахарсис (Арыс) болғаны белгілі. Бұл уақиға жөнінде тарих атасы Геродоттың өкінішпен жазған мына жолдарын оқуға болады.

ГЕРОДОТ: Анахарсис талай елде болып, қай жерде де ол өз даналығын таныта білді. Еліне (скифияға) қайтар жолда Геллеспонт теңізінен өткеннен кейін оның Кизикияға тоқтауына тура келді. Бұл кезде кизикиялықтар құдайлар Анасының мерекесін салтанатты түрде тойлап жатқан болатын. Тойды таң – тамашалаған Анахарсис, еліме аман - есен жетсем, құдайлар Анасына бір түнімді арнап, Кизикияда көрген жол-жоралғыларды атқарамын деп уәде етеді.

Скифияға жеткеннен кейін Анахарсис елден жасырынып, қалың ағаш көмкерген Гилеяға барып, үстіне құдайлар Анасының бейнесі салынған түрлі суреттерді іліп, кішкене дабылдарды соғып, құдайлар Анасына арнап Кизикияда көрген жол - жоралғыларын жасайды. Анахарсистің, скифтерге жат бұл қимылдарының куәсі болған бір скиф, көрген - білгендерін ел патшасы Савилийге жеткізеді. Бұл хабарды естіп, Гилеяға жеткен Савилий Анахарсистің скифтерге жат істерін көріп, оны садақпен атып өлтіреді (1.57).

Яғни, діни таным жолында, ағасы інісін өлтіреді.

Діни дүрдіараздықтың құрбаны болған екінші ірі тұлға, бұл - гундердің билеушісі Тоуман хан. Біздің ж.с. дейінгі үшінші ғасырдың соңғы онжылдығында болған бұл тарихты С.Г. Кляшторный мен Т.И. Сұлтанов деген ғалымдар былайша жазады.

КЛЯШТОРНЫЙ: Ол кезде дунхулар мықты болатын. Ал, юэчжилер болса, нағыз дер шағында еді. Гундердің билеушісі Тоуманның екі әйелінен екі ұлы болатын. Тоқалдан туған ұлды өзіне заңды мұрагер ету үшін ол үлкен ұлы Маодунды юэчжилерге аманатқа жібереді де, артынша өзі юэчжилерге шабуыл жасап, оларды біраз қырғынға ұшыратады. Бірақ, ол жолы Маодун аман қалып, ат ұрлап қашып, еліне жетеді. Келгеннен кейін әкесі оның қарамағына шағын топтан тұратын әскер береді. Маодун өз әскерлерін юэчжилерде көргендеріне әбден үйретеді. Ең соңында оның жебесі қай жаққа ұшса, әскердің барлығы сол жаққа қарап жебе тартулары керек болады. Бірде ол өзінің атын көздеп садақ

тартады. Ол, атына қарай садақ тартпағандардың бастарын алуға бұйрық береді. Тағы бірде Маодун өзінің әйеліне қарай оқ атады. Оның айтқанын істемегендердің тағы да бастарын алуға бұйрық береді. Бірде, Маодун әкесінің атына қарай садақ тартады. Бұл жолы оның әскерлерінің бірі қалмай, сол жаққа оқ атады. Маодун, кездің келгенін сезіп, бірде аңшылықта жүргенде әкесіне қарай оқ атқанда, жауынгерлері бірі қалмай оның әкесін оқтың астына алады... (2.).

Бұл, әке мен бала арасындағы жай тартыс емес, дін жолындағы тартыс болатын. Себебі, Маодун юэчжилерде аманатта жүргенде солардың діндерін қабылдап, еліне оралғаннан кейін де сол діннің тәртібімен жүретін.

Бұдан кейін де әке мен баланың, ағайынды адамдар ғана емес, тіпті, түгелдей елдер дін жолында жауласып, оның құрбандары болғандары да белгілі. Бір ғана Кресшілердің мұсылмандарға қарсы жорықтары неге тұрады? Тарихта Кресшілердің мұсылмандарға қарсы негізгі төрт жорығы ғана жан - жақты жазылса, 1095 - 1270 жылдар арасында Кресшілердің мұсылман елдеріне қарсы сегіз рет сұрапыл жорық жасағандарын білеміз. Олардың әрқайсысына, бір жақтан ғана, орта есеппен ондаған мың адам қатысса, мұсылмандармен әр соғыста (жорықта) мыңдаған адам қаза болғаны анық (Мысалы, кресшілердің 1187 жылғы мұсылмандарға қарсы жорығына олар жақтан: 1200 рыцарь, 4 мың атты әскер, 18 мың жаяу әскер қатысқаны белгілі. Сала - ат - дин басқарған мұсылмандар сол жолы осынша әскерді тас-талқан етіп жеңеді. Содан кейін ғой, ағылшын королі Ричард бірінші мен француздың королі Филипп екіншінің бұрынғыдан анағұрлым көп қол жыйнап, Иерусалимге аттанып жүрген. 1191 жылдың қыркүйегінде Сала-ат-дин 20 мың қолмен оларға қарсы шығады). Кресшілер жорықтарының тарихы жазылған «Деяния франков» деген үлкен еңбек пен провансальдық Раймунд д Ажилль, лоторингтік Фулькерия Шартрский, епископ Гийом Тирскийлердің жазбаларын оқып отырып, осы жорықтарда дін жолында адамдардың шыбындай қырылғандықтарын көріп, жаның түршігеді. Христиандар бұл жорықтарда мұсылмандарды ғана емес, өздерінің діндестері – христиандарды да құрбандыққа шалғандары белгілі (1203 жылғы Константинопольдегі діни төңкеріс). Олардың - «Құдай жолындағыларға жол ашық» деген ұранмен өткен бұл жорықтарын Еуропа елдерінің атақты патшалары мен корольдері: француздың королі - Филипп Август, ағылшын королі - Ричард Львиное Сердце, герман императоры - Фридрих екінші, француз королі - Людовик тоғызыншылар басқарғандарымен, мұсылмандарға қарсы ұйымдастырылған бұл жорықтардың басты идеологтары: папа Григорий - төртінші, папа Урбан – екінші, папа Иннокентий - үшінші және басқалар болғандары белгілі (3.754-762.).

Сонда, Еуропа мен Азия, Африка халықтарын осынша қырғынға ұшыратып, бір халықты екінші халыққа айдап салып жүрген күш иесі - Дін деген не, ол қандай құдірет?

Ғылыми еңбектерде дін туралы тұжырымдар өте көп. Олар дінге әр қырынан келіп, әр түрлі баға да береді. Шындап келгенде, діннің феномені әлі күнге дейін толық ашылмаған сияқты. Соңғы жылдары Қазақстанда бір топ ғалым-

дардың авторлығымен жарық көрген еңбекте (оқулық құралында) дінге былайша анықтама беріледі:

«Дін - әлемдік өркениеттегі барлық қоғамдық құрылыстарға тән тарихи, саяси - әлеуметтік, дүниетанымдық және психологиялық құбылыс. Ол ықылым заманнан бері адамзатпен бірге жасасып келеді. Оны ең тұжырымды түрде Құдай мен адамның арақатынасы, адамның танымынан тыс күштердің барлығын мойындау және соған илану деп анықтауға болады...» (4.5.).

Біз бұдан: жалпы дін деген не? Ол неге, қашан, қандай жағдайларда пайда болды? Оның адамзат өркениетіндегі орны, мәні мен мағынасы неде? - деген сұрақтарға жауап таба алмаймыз.

Осынша ғасыр, осынша мыңжылдықтардан бері қарай талай дүние өзгеріп, ғылымда не бір ғажап жаңалықтар ашылып, адамзат жер шары ғана емес, тіпті, ғарыш кеңістігін игеріп жатқанда, сол ықлым заманда туындап, қалыптасқан діннің феномені бүгінге дейін өз мағынасын бір төмендетпей, адамзаттың дінге деген сенім - нанымы бір де бір өзгерген жоқ. Неге бұлай? Мұның себебі неде? Бұл сұрақтарға жауап беру қиын, тіпті мүмкін де емес. Дегенмен де, өмір бойы осы сұрақтарға жауап іздеген Еуропа ғалымдарының зерттеулеріне сүйене отырып, жалпылама болса да, дін жөнінде біз де өз ойымызды ортаға салуды жөн көрдік.

Дінді зерттеген, еуропаның, жалпы дүние жүзінің талай ғалымдары ерте замандағы адамзат қоғамының даму барысындағы діннің пайда болудағы негізгі үш қажеттілігін атай келіп, дін:

а) жоқтың (жетпейтіннің) орнын толтыру үшін, адамға өзіне деген сенім мен қосымша күш беру үшін;

б) күн көру үшін өз беттерінше жеке - жеке, шашырап жүрген елді бір қоғамға біріктіру үшін, бір ортаға бағындару үшін;

в) сол қоғам мүшелерінің барлық іс - қимылдарын бір жүйеге келтіріп, басқару, бақылау үшін қажет болды, - деген жалпы анықтама берген болатын. Бұл анықтамаларды былайша түсіндіруге болады.

1. Дін жоқтың (жетпейтіннің) орнын толтырушы:

Адам қашаннан да табиғатты - күнкөрістің көзі, тіршіліктің ортасы деп түсінеді. Солай бола тұра адамзат табиғатында тым әлсіз. Оның жеке басы табиғаттың дүлей күшіне ешқашан да қарсы тұра алмайды. Қарсы тұруы мүмкін де емес. Сол әлсіз адамға күш беретін - сенім, адамның өзіне деген сенімі. Ал, адамның бойына сол сенімді қалыптастырушы, сөз жоқ - дін. Дінге, белгілі бір күшке, өзіне - өзі сенген адам қашан да күшті болатыны белгілі. «Сенімді адам сеңнен де өтеді», деген ұғым содан шыққан болар;

2. Дін - белгілі мақсат алдында елді, қоғам мүшелерінің бастарын біріктіруші:

Дін, сол замандағы қоғам мүшелерін табиғаттың, бұған дейін белгісіз, дүлей күшіне қарсы күреске біріктіруші. «Бірлік болмай - тірлік болмайды». Тірліктің басы бірлікте деген ұғым осы заманда пайда болған шығар. Алғашқы кезде жаратылыс құбылыстары адамның санасынан қаншалықты тыс болса да, дін

адамзатқа табиғаттың сырын ашуға, оны түсініп - білуге, өз өмірін сол табиғаттың құбылыстарымен байланыстыра білуге көмектесті.

3. Дін - сол алғашқы қоғам мүшелерінің іс - қимылдарын бір жүйеге келтіріп басқарушы, екінші жағынан оларды бақылаушы:

Қандай болмасын діннің өзіндік, қатаң сақталатын талаптары мен тәртіптері, қастерлейтін құндылықтары, көздеген мүдделері, идеологиялық ұстанымдары болатыны белгілі. Осы талаптар мен ұстанымдар арқылы дін адамдардың, қоғам мүшелерінің іс - қимылдарын бір жүйеге келтіріп, олардың осы талаптарды қалай орындап, қоғамның әр мүшесі не істеп, не тындырып жатқандықтарын қадағалап, қажет болған жағдайда, оларды бір жерден басқарып, астамшылдықтан сақтап отырады.

Діннің бұдан басқа да - пайда болу, туындау қажеттіліктері баршылық. Бірақ олар негізінен қоғамның өсу, даму процесі кезінде пайда бола бастады. Олардың, адамзат тірлігіне қажеттілері өмір өзеніне ілесіп, бүгінге дейін жетсе, қажет еместері өмірдің қалтарыстарында қала берді. Қоғам өсіп, өзінің іс - қимыл шеңберін кеңейткен сайын, оның өміріндегі діннің атқарар рөлі мен міндеттері де арта түскені белгілі. Осыған байланысты дін жеке адам мен қоғамды басқарудың, билеудің ілімі ретіндегі рөлі артып, діни сана - қоғамдық сананың жетекші күшіне айналды. Осы айтылғандардың барлығын қорытындылай келіп, дін - адамзаттың өмір жолындағы, өркендеу жолындағы күресінің басты сенімі, адамзат өмірінің жарық сәулесі болды деуге болады. Сол сәуле кешегі алғашқы қоғам мүшелеріне жол сілтеп, алға жетеледі, дегенге саяды. Дін, бұл – адамзаттың өмірі, болашағы жолындағы күресінің ең басты тірегінің бірі. Қандай дін болса да, ол адамның сезімі мен сеніміне, ең алдымен Құдайға деген шексіз сеніміне негізделген. Дін адамның сана - сезімін психологиялық жолмен, оның белгісіздікке деген үрейі арқылы басқарады.

Діннің екінші бір негізгі шарты бұл - ақирет күніне, адам өлгеннен кейін, бұл дүниеден өткеннен кейін де, ана жақта өз өмірін жалғастырады. Денеден жан кеткен күні жанның екінші өмірі басталмақ. Ол жақтағы өмірдің жайы әркімнің бүгінгі тірлігіне, атқарған істеріне, жасаған қам-қарекеттеріне, жақсылықтары мен жамандықтарына, яғни, кімнің болса да ана жақтағы өмірі, қыл көпірден өтер кездегі жайы, бұл өмірдегі тірлігіне, іс - қимылы мен пиғылына тікелей байланысты болады. Бұл өмірде жақсы болсаң, ана жақта, қиямет – қайым күні Жаратушы да саған сондай баға береді деген қағидаға сендіру болды.

Тарихтың әр кезеңінде халықтар арасында дінге деген әртүрлі көзқарас қалыптасқаны белгілі:

- жоқтың орнын толтырушы, жоқты бар етуші;
- адамзатты табиғаттың дүлей күшінен сақтандырушы, белгісіздікпен күреске адамзатты ұйымдастырушы, жол көрсетуші;
- қоғамды (адамзатты) бір мақсат жолында, жалпы адамзаттың мүддесі үшін күресушісі;
- қоғамның (адамзаттың) әлеуметтік, рухани, мәдени байлықтарын қалыптастырушы, әрі насихаттаушы;

- қоғамдық тәртіпті сақтап, адамзат баласын түрлі қатерден, әсіре астамшылдықтан сақтандырушы;
- қоғамға (адамзатқа) алға жылжу кезінде бағыт - бағдар беруші, өркениеттің не бір биігіне қарай жетелеуші.
- дүниеде не қорқынышты? Ол үшін ең қорқыныштысы: қараңғылық, белгісіздік, табиғаттың дүлей күші. Адам неден қорықса, дін содан қорғаушы, адам нені көрмесе - дін соған адамның көзін ашушы.

Бұл, діндарлардың, дінді уағыздаушылардың ғасырлар бойы, сырт көрінісі басқа болғанымен, мазмұны осы айтылғандарға келіп саятын дәлелдері. Ал, кешегі социализм мен коммунизмнің идеялық жетекшілері:

- дін - апиын;
- дін - билеуші таптың адамзатты (жеке адамдарды) өздерінің уыстарында ұстайтын негізгі құралдары;
- дін - үстем тап пен діни ұйымдар жетекшілерінің адамды алдап - арбауының құралы;
- дін - олардың байлықтарының көзі деп түсіндірді және де оны өздерінше дәлелдеп те бақты.

Бәрі де дұрыс сияқты. Жалпы, өмірдің жақсылығы мен жамандығы сияқты, оның да күн жағы мен көлеңке жақтарының болуы заңды құбылыс. Қайткен күнде де дін ғасырлар бойы - адамзат қоғамын қалыптастырудағы, қоғамдағы, саясаттағы, мәдениеттегі, оқу мен білім - ғылымдағы өз рөлін атқарып келді. Осыған орай, біз бүгін діннің философиялық ойды дамытуға, адамзаттың жалпы мәдениетін көтеруге қосқан үлестерін ерекше бағалай отырып, оның табиғаттың дүлей күшіне қарсы тұруға бағытталған ұйымдастырушылық, елді білімге, мәдениетке, бірлікке шақырған, бұл дүниеде болып өткен не бір уақиғаларды адамзат жадында сақтауға (тарих) көмектескен жақтары жайлы көбірек айтқымыз келіп отыр. Төкетерін айтқанда дін - идеология, тарих, қоғамдық және әлеуметтік саясат, ертедегі мәдениет, білім мен ғылымның негізгі тірегі.

Осынау бар тірліктің бастауында жатқан діннің пайда болуына не әсер етті? Ол қайдан пайда болды? Оның пайда болу себептері неде? Бұл сұраққа жауапты ерте тарихтан іздеген дұрыс болар.

Тас дәуіріне дейін адамзаттың бірігуге, ұжымдаса, бірлесе қимыл жасауына мүмкіндігі болды ма? Болмаған сияқты. Оған оның ой - өрісі жете қоймаған сияқты. Тас дәуірінде қажеттіліктен бе, әлде кездейсоқтықтан ба, адам тастан қару жасай бастайды (түрлі қырғыштар, пышақтар, балғалар мен балталар, соққыштар дегендей). Ол кезде аң аулап, күн көріп жүрген адамдар аулар аңы көп болсын деп, сол аңның, болмаса құстың киесіне табынды, содан дәметті. Бұл тотемді құрметтеу, оны қасиет иесі санап, соған құлшылық етушілердің заманы болатын. Яғни, тотем - тас дәуіріндегі белгілі бір топтардың рәмізі, басты сенімі болып танылды.

Бара - бара кешегі жабайы өскен бидайды теріп жеп, көзіне түскен аңды қуып ұстап күн көргендер дамудың жаңа сатысына көтерілгенде, адам саны да артып, жабайы бидай мен жеміс-жидегі жетімсіздік етіп, енді оны қолдан өсіруге, кешегі жабайы аңды қуалай - қуалай әбден шаршаған адам, енді оны қолға

үйретуге бет алады. Бұл кезең отырықшы, егіншілер қауымдастықтарының пайда болуының басы болатын. Өзінің бар тыныс - тіршілігі бір ғана аңшылыққа, немесе жабайы өскен бидай мен арпаны, жеміс-жидекті теріп жеуге байланысты болған адамдар енді түрлі тотемдерге құлшылық етпей, отырықшы болып, бір жерге ұжымдасып, көп болып, өздері салған егіндіктің маңайынан үйлер салып, ауыл болып, сепкен егіндерін қорып, жаратқаннан (аспаннан) жауын тілеп, сепкен астығының түсімі барынша көп болуын, қолға үйрете бастаған мал төлінің көп болуын тілейді. Жаратқанға жалбарынып, кешегі тотемнің орнына енді олар табиғатқа, оның құдыретімен, күшімен пайда болған ерекше құбылыстарға табынып, алып тастарды, биік төбелерді, алып ағаштарды құдырет тұтып, соларға бас иеді. Ондайлар болмаған жерде сондай белгілерді қолдан тұрғызып, олардың жандарына жиналып, құлшылық етуді әдетке айналдырады.

Бұрынғыдай аңшы емес, егін салып, оның түсімінің, өзі баққан малы төлінің көп болуын күткен адамдар енді өз орталарынан табиғатты болжаушыларды іріктеп шығарып, солар арқылы ертеңгі егіннің де, мал төлінің де қандай болатындығын алдын - ала білгілері келеді. Сол кезде қоғам арасында түрлі магтар (сиқырлар, көріпкелдер, болжаушылар, жаурыншылар) пайда болады. Бүгінгі қазақ арасындағы құмалақшылар да сол заманда пайда болуы ықтимал. Заман өте, міне, осы магтар қоғамның ұйытқысы, табиғат құбылыстарының сан – алуан өзгерістерін болжаушылар, не бір қиын - қыстау кезінде жол көрсетуші болып саналды. Сөз жоқ, ел оларға сенді, оларды құдырет тұтты. Олай болса, **діндарлардың бастауы осы құдырет иелерінде - түрлі магтар мен сиқыршыларда жатқан сияқты (бұл біздің болжамымыз ғана).**

Уақыт өткен сайын осы құдырет иелері, мейлі сан жағынан болсын, мейлі білім, өркендеу жағынан болсын өсіп, жеке топтардың, қоғамдардың, мындаған адамдардың тұрақты сеніміне ие болуға тырысып бақты. Міне, осы құдырет иелері діннің басында тұрды дей аламыз. Дін осылайша, Тас дәуірінің аяқ шенінен бастау алды деуге болады. Содан бері қанша заман өтсе де, дін - адамзатпен бірге жасасып, оның сенім - нанымының негізі болып келеді. Бір кереметі, о баста дін адамзатты түрлі үрей мен қорқыныштан азат етуші ретінде түсіндірілсе, келе - келе, елді бір жүйелі тәртіппен басқару, бағындыру үшін, дінбасылары адамдарды дінмен, оның құпиялылығымен қорқытатын болды. Дін - адамдарды ұйымдастыратын, бір сенім маңына шоғырландыратын күшті құралға айналды. Осы күш, келе-келе мақсаттары мен міндеттері саналуан түрлі діни ағымдардың (секталардың) пайда болуына әсер еткені айдан анық.

Бұрынғыдай емес, бұл дүниеде қазір не көп «діннің» салалары көп. Біз білетін және де дүние жүзінде негізгі ағымдағы діндер болып табылатын: Иудейлер діні, Индуизм, Буддизм, Даосизм, Конфуций діні, Христиандар діні, оның: Католицизм мен Лютеран, Православие сияқты тармақтары, Ислам діні, оның Суннит және Шийт деген салалары бар. Бүгінде дүние жүзінде осы діндердің толып жатқан тармақтары, салалары мен жанай өскен түзу де, қисық та бұтақтары да баршылық. Олардың идеологтары, қисыны бары да, қисыны жоғы да, не

бір теорияларды ойлап тауып, ең дұрыс дін - біздің дініміз, біздің бағытымыз деп жар салып жүр.

Жалпы, барлық діннің негізі бір. Олардың барлығы - «Дін» деген алып бәйтеректің жеке - жеке бұтақтары. Бар айырмашылықтары өз елдерінің – табиғи, әлеуметтік, этно - саяси, саяси - экономикалық жағдайларына, белгілі бір саяси - идеялық бағыттарына орай түрлендіріліп, өзгертіліп, діндарлар дінге бет бұрған адамға, оларды әр қырынан, бірінен - бірін өткен етіп, көркемдеп, өздері ұстанған дінді не бір ұтымды жағынан көрсетуге тырысады. Сондықтан да, жас өспірімдер белгісіз бір діннің жетегінде кетпес үшін, ең алдымен бүгінгі сан - салалы діндердің ішінен ең негізгі, мыңдаған жылдық тарихы бар діни ағымдарды тандап, солардың алға қойған мақсаттары мен міндеттері, талаптары мен ұстанымдары және айшықтап көрсететін ерекшеліктерімен танысып өтейік. Осы таныстығымыздың өзі дін жайлы талай сұрақтарға жауап беріп, кімге болса да діни сенім жайлы өзінше ой қорытуға көмектесері сөзсіз.

Ғасырлар бойы әртүрлі ағымдағы діндерді зерттеген теолог ғалымдардың айтқандары мен жазғандарын ойға салып сараптап, жүйелеген кезде біз - діннің негізі сенімде, Жаратқанның құдыретті күш иесі екендігіне әбден сеніп, бұл өмірде оған құлшылық етуде екенін көреміз. Тура жолға ұластырушы Алланың қиямет - қайым күнінің иесі екендігіне сенімде. Жаратқанның барына сену, соған жалбарыну, құлшылық ету. Құдайдың 99 аты бар дейді білетіндер. Тек, әр халық оны өз тілінде атап, сол өз Құдайына ғана табынады.

Дін тарихшыларының жазғандарына сенетін болсақ дүние жүзі діндерінің ішіндегі ең бірінші пайда болғаны - Иуда (Иудей) діні делінеді (Бірақ бұл, әлі де болса толық дәлелдене қойған жоқ).

Иудаизм - еврейлердің діні. Бұл дін жайлы жазылған еңбектер өте көп. Еврейлер өздерінің діндерінің артықшылықтарын айтып, қаншалықты мақтанса, атеистер ол дінді соншалықты даттағандары да белгілі. Таяу Шығыста пайда болған бұл дін полетеистіктен (көп құдайға сену - табыну), монетизмге (бір құдайға табыну) жол бастайды.

Таяу Шығыста қашаннан да сан алуан халықтар мекен етті. Олардың әрқайсысының өздерінің Құдайлары болды. Бірақ, Египет перғауындары өз биліктерін күшейте бастаған сайын, қарауындағы халықтарды да бір ортаға бағындырып, оларды бір діннің қол астына біріктіруге күш салады. Сол кезде, осыған дейін толып жатқан Құдайларға сиынып (табынып) келген еврейлер (иудейлер) енді иудейлердің көп Құдайларының ішінен - Яхвені таңдап, жаппай соған құлшылық ете бастайды. Содан бастап олар Яхвені - бүкіл еврейлердің құдайы деп біледі.

Ертедегі еврейлер мен олардың діндерінің пайда болу, даму жолдары мен бүкіл еврейлердің Яхвеге бет бұрулары жайлы Библияның «Ветхий Завет» (Көне өсиет) деген бөлімінде біраз жазылған. Еврейлер бұған дейін сиынып келген көп Құдайларының ішінен неліктен Яхвені таңдап алды? Бұл сұраққа жауап ретінде Иудей дінін насихаттаушылар - еврейлердің бабалары Иаков, оның ұлы

Иосиф пен (Иосиф Египет Перғауынының министрі болған екен) оның 12 ұлының тарихын алға тартады (яғни, күштілер басқаларды өз жақтарына тартып кетіп отыр). Яғни, Иаков пен оның ұлы Иосифті бүкіл еврейлерді Яхве дінінің қол астына алып келушілер деуге болады.

Еврейлердің Иаков пен Иосифтен кейінгі ең ірі тұлғалары - Моисей, бізше Мұса Пайғамбар. Мұса Пайғамбар еврейлердің шынымен де көсемі, қысылғанда жол табатын шынайы ақыл иесі - данышпаны, қажет болғанда Моисей (Мұса Пайғамбар) Яхвенің өзімен тілдесіп, оның айтқандарымен еврейлерге жол сілтейтін кемеңгері болған. Мұса Пайғамбар еврейлердің ең бірінші заңдарын жазушы. Оның, Яхвенің айтуымен жазылған атақты он өсиеті тарихта қалған. Олар: жамандықтан арылу, берешектің (қарыздың) орынын толтыру, адалдық Заңы болып жалғаса береді (5.). Бұл заңдармен Библия кітабын оқып танысуға болады). Бұлар дүниедегі дін жолындағы ең алғашқы заңдар, діндарлардың ең алғашқы ұстанымдары делінеді дін тарихында.

Мұса (Моисей) Пайғамбардың ең бір кереметтігі - еврейлер Египет перғауындарының қорлықтарына шыдай алмай, елден көтеріле қашқан кезде, олардың жолы Қызыл теңізге (Чремное море) келіп тіреледі. Сол кезде, Мұса Пайғамбар қолындағы аса таяғымен теңіз суын тіліп жібергенде, теңіз суы екі айырылады. Құдыреттің күшімен екі айырылған су ентелеп келген еврейлерге жол береді де, еврейлер судан өтіп болғанда, арттарынан қуып келе жатқан Египет әскерлерін су толқыны басып қалады. Міне, Мұса Пайғамбардың осынау қасиетінің куәсі болған еврейлер ендігі жерде Мұса Пайғамбарды, нағыз құдырет иесі, еврейлердің құтқарушысы, деп таниды. Одан кейін ел шөлге жеткенде, Мұса Пайғамбар қолындағы аса таяғымен жерді түртіп (шұқып) қалғанда жер қойнауынан су атқылап, әбден қаталап, арып - ашқан еврейлердің шөлін қандырады. Мұса Пайғамбар, сол шөл даладан өткенше талай уақыт не бір қиын - қыстауды бастан кешірген еврейлерді, ақыры (40 жылдан кейін дейді білетіндер) Палестинаға алып келеді. Осыдан болар еврейлер Мұса Пайғамбарды Иудей дінінің негізін қалаушы, тіпті сол дінді оның атымен атап - «Мозаизм» (еврейлердің Моисей деген атымен) діні деп те атайды. Кейбір ғалымдар бұған дейін көп құдайға сиынып келген еврейлердің бір құдайға бас иіп, соны ғана мойынсынуы - осы Мұса Пайғамбардан басталды, дегенге дейін барады. Олай болса, монотеизмнің басында еврейлердің Мұса Пайғамбары тұрды деуге әбден болады.

Иудаизм дінінің бет пердесі өз құдайлары - Яхвенің жолында, өздері жаңадан ғана жаулап алған Палестина халқын қырып, осы жерде еврейлерінің патшалықтарын орнатқан кезден ашыла бастайды. Осы кезде дін мен билік бірлік тауып, Яхве діні еврейлердің алғашқы патшалары Саул, Давид (Дәуіт), Соломондардың (Сүлеймен Пайғамбар. Одан қалған өсиеттерден: зорлық қылма, біреуді алдама, пара алма, өтірік айтпа, адам өлтірме, мен-мен болма, арақ ішпе, мас болма, зинақорлық жасама, шындыққа жақын бол, еңбекқор бол, зиялы, ақылгөй бол, деген сөздерді оқуға болады) өсиеттері еврейлердің ел басқарудағы негізгі сүйеніштері болады. Бірақ, бұл ел билеушісі мен діннің бірлігі ұзаққа бармайды. Билік пен байлыққа таластың нәтижесінде патшалар мен дін басыла-

ры арасынан жік шығып, елден береке кетіп, еврейлер: солтүстіктегілері – Израиль, оңтүстіктегілері - Иудей мемлекеттерін құрып, екіге бөлінеді. Елді, бұған дейін басқарған патшалардан береке таппаған еврейлер енді - діндарларға, абыздарға құлай жығылып, оларды қасиетті адамдар, «құдайдың құлдары» деп таниды. Ендігі жерде елде бейбіт өмір орнатып, халықтың тұрмысын жақсартып, қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті жою, ел арасында Яхве дінінің тұғырын нығайту ісі, осы абыздарға жүктеледі де, олардың ел басқарып отырған, күнбе - күн діни уағыз - насихат жүргізетін орталықтары - шіркеулер «Құдай үйі» деп таныла бастайды. Яхве дінінің ең алғашқы салтанатты сарайын (шіркеуін) ливан балқарағайынан салғызған Соломон (Сүлеймен) патша болатын.

Иудаизм дінінің негізгі ұстанымдары мен талаптары Библияның, «Мұса Пайғамбардың өсиеттері» (От Моисея) деп аталатын алғашқы бес кітабында жазылған. Олардың барлығының мазмұнын айтып шығу мүмкін емес, дегенмен де: «Адамзаттың жаратылуы», «Жақсылық пен жамандық», «Күнә», «Құрбандық», «Мұса Пайғамбардың заңдары мен өсиеттері», «Құдайға құлшылық етудің тәртіптері», тағы басқа да тараулары мен баптары Иудей дінін уағыздаудың негізі болып табылатынын атап өткен жөн (

Иудей дінінің негізгі ұстанымдары:

- Құдай біреу - ол Яхве (кейбір христиандардың «Иегова» деп жүргендері де осы Яхве);

- Дүние жүзіндегі толып жатқан халықтардың ішінен, Яхве тек қана еврей халқын таңдап алды;

- Яхве, еврейлердің түп атасы Авраамға (Ыбрайымғы) өзінің батасын беріп, содан бері еврей халқы қашанда да Яхвенің мейіріміне ие болуда.

- Иудейлердің абыздары мен жалпы діндарлары, шамамен біздің ж.с. дейінгі бесінші ғасырдан бері қарай осынау Құдайдың мейірі түскен халықтың тазалығын сақтап, олардың сүндетке отырғызылмағандармен бас қосып, ондайлармен қандарын араластыруға қатаң тыйым салып келеді.

«Яхве құдайына құлшылық ету мен біздің қанымыздың тазалығы – біздің күшіміз», - дейді иудейлер.

Синагогиялық (Синагога - еврейлердің шіркеулері) ұйымдар мен еврейлердің дін басылары - раввиндер, бүгінде Иудаизм дінін - бүкіл дүние жүзінде: саяси, әлеуметтік, өмір сүріп жатқан елдеріне қарай, тіпті тіл жағынан да бөлініп, бірінен - бірі алшақтап кеткен еврейлердің бастарын қосатын, ең бір қуатты күшке айналдырып отыр.

Қазір Қазақстан Республикасының әр ірі қаласында еврейлердің діни ұйымдары құрылып, синагогтар жұмыс істеуде.

Индуизм - бұл Үндістан түбегі мен Непал халықтарының арасында кеңінен тараған діни ағым. Бұл дін Үндістанды мекен етіп жатқан халықтардың дәстүрлі мәдениеті мен ондағы қоғамның дамуымен тікелей байланысты болып келеді.

Үнді халқының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлері шеңберінде бұл өлкеде, адамзаттың өркендеуі мен өсіп, дамуына өзіндік үлес болып қосылған үнділік діни - философиялық ағым пайда болды. Шыққан, пайда болған, дамыған

жеріне байланысты, бұл діни ағымды ел - «Индуизм», деп атап кетті. Ол діни ағымның - артықшылығы, адамзаттың ой - өрісін дамытуға қосқан үлесі соншалықты, бүкіл дүние жүзі ол дінді танып - біліп, кейінгі кезде (19 ғасырдың басынан) индуизм діні Үндістан түбегі шеңберінен шығып, Батыс Еуропа мен Ресей жеріне де біртіндеп тарай бастайды.

Индуизм діні - «атманға» негізделген. **Атман - бұл субъект.** Ол - жай субъект қана емес, ол ойлаушы субъект, нені болса да ойлап істейтін субъект. Оның әр ойы ақылға негізделуі керек. Ол субъект жай тыңдауша ғана емес, ол ұқыпты тыңдаушы. Философиялық ойдың қай сатысында болмасын, индуизм діні «атманды» - ойлайтын адамды (ойлы адамды) басқалардан биік қояды. Нені болса да ойлап істейтін адамды, Индуизм діні, басқалардан артық деп біледі. **Яғни, Индуизм діні бойынша адамзаттың бар тірлігінің негізі ойда, ой - өрістің дамуында, нені болса да ойлап істеуде. Сол, ойлап істелген істің нәтижесін олар - «карма» дейді.**

Карма - кімнің болса да оймен атқарылған іс - қимылы және де сол іс - қимылдың нәтижесі. Оларша, әр адамның ойлап істеген іс - қимылы міндетті түрде бір нәтиже беруі керек және де сол нәтиже адамның бар тыныс - тірлігін, болашағын белгілейді. Әр адам, өзінің тірлігінде атқарған істерінің қорытындысына қарап, келер өмірде кім болатының белгілейді. Осылайша, ол өмір айналымына еніп, бүгінгі ісімен келесі өмірде кім болатынын анықтайды. **Осынау өмір айналымын индуизм дініндегілер - «Сансар» дейді. Индуистердің түсініктері бойынша, осынау қарапайым өмір айналымының биігіне жету, оларша - Нирванаға (Мокша) жету. Нирванаға жету - индуизм дінінің кемелдігіне ие болу деген сөз.** Кемелдікке жеткен адам ғана, жоғарыда атап өткен: атман мен карманың биігіне шыққан болып есептеледі.

Индуизм дінінің басқа діндерден ерекшелігі - оның әлеуметтік сатылық доктринасы болып табылады. Бұл доктринаға орай, индуизм діні бар адамды: абыздар мен діндарлар (брахмандар), әскерлер мен билеушілер (кшатрилер), кәсіпкерлер (вайшілер) мен егіншілер (шудралар) деп төртке бөліп, оларға бір сатыдан екінші сатыға, болмаса бір деңгейден екінші деңгейге өтуге қатаң тыйым салады. Алғашқы үш қауымның мүшелерінің қашанда да дәрежелері биік болып есептелсе, егіншілер (шудралар) ең төменгі сатыдағы адам болып есептеледі. Бұларға, тіпті «Веда» сияқты қасиетті кітапты оқып, білімділікке, діни кемелдікке жетуге тыйым салынады. Былайша айтқанда, бұл діннің негізінде абыздың ұрпағы - абыз, діндардың ұрпағы - діндар, әскери басшылардың балалары - әскери, кәсіпкердің баласы - кәсіпкер, егіншінің баласы - егінші болып қалуы керек. Кім болсаң да, қандай болсаң да басқа сатыға көтерілуің мүмкін емес. Байдың ұрпағы қашанда да - бай, кедейдің ұрпағы қашан да - кедей болуы керек. Бұл діндегілердің маңдайларына басқаша жазылмаған.

Осынау қуатты діни ағым қанша уақыт өтсе де, индуистердің бастары бірігіп, бір жүйемен жүрген емес. Оның, бір жерден сатылы басқару жүйесі қалыптаспаған және де индуизм дініндегілер қатаң бір ортаға бағынатын, бір ұйымға бірікпеген. Ол, әлі де, сәл де болса ерекшеліктеріне, бағыт - бағдарларына сай жеке - жеке мектептерге, секталар мен ағымдарға бөлінген. Бірақ олардың бар-

лығы қасиетті «Веда» кітабының ұстанымдарына сүйеніп, өмір сүріп, касталық - қауымдық жүйенің тәртіптеріне бағынып келеді. Ол мектептер – ортодоксальды (астиктер) және ортодоксальды емес (настиктер) болып екіге бөлінеді. Бірінші жүйеге: ньяя, вайшешиктер, санкхья, иогтар, пурва - миманса мен веданттар жатады. Бұлар жоғары сатыдағыларды ғана қамтиды да, сондықтан да олар басқалардан жоғары тұрады.

Үнділіктер бүгінге дейін осы діннің көлеңкесінен шыға алмай келеді. Біздің, үнді киноларынан көріп жүрген, толып жатқан - әлеуметтік, саяси, тұрмыстық тартыстардың негіздері міне, осы Индуизм дінінің талаптары мен ұстанымдарында жатыр.

Буддизм - шамамен, біздің жыл санауымыздан бір жарым мың жылдай бұрын Үнді жерінде пайда болған бұл діни ағым, біртіндеп Азия құрлығының басқа да аймақтарына тарап, бүгінде Үндістанмен қатар, Қытай, Тува, Бурят, Қалмақ, Моңғол халықтарының да негізгі сеніміне айналды.

Бұл дін жоғары да атап өткен индуизм дініне қарағанда, халықтың ұлтына, әлеуметтік жағдайларына, олардың қоғамдағы орындарына, мамандықтарына, кәсіптеріне қарап бөлмей, өзінің діни уағыздарын барлық адамдарға бірдей бағыштайды. Сондықтан да буддизм бүкіл адамзатқа бағытталған діни ағым болып есептеледі.

Буддизм дінінің негізін қалаушы Сиддхартха Гаутама кшатрилердің Шакьев руының ханзадасы. Туғанда, оның денесінде даналықтың, әлде ұлылықтың бір белгілері болған дейді. Сондықтан да әкесі оны, тірліктің түрлі келеңсіздіктерін көрмесін деп, қоғамнан алшақ, сыртқы дүниеден оқшау, бар сән мен салтанатқа бөленген сарайда, елден ерекше, бөлек тәрбиелейді. Бірақ, көрсем деген адам - көреді, білсем деген адам - біледі. Әкесі, баласын қоғамнан қанша оқшаулағанымен, бірде аңшылыққа шыққанда ханзада өлікті жерлегенді көріп, өмірдің соңы өлім екеніне көзі жетеді. Тағы бірде ауру адаммен кездесіп, бұл дүниеде түрлі аурулар бар екенін түсінеді. Серуендеп жүріп бірде дәрменсіз кәрі адаммен кездесіп, өмірдің ең бір қиын кезі - кәрілік екенін, енді бірде, дүниенің бар қызығын тәрік етіп, ашық аспан астында кезбелікпен күн көріп жүрген адаммен кездесіп, онымен болған әңгіме ханзаданы тіптен қалың ойға қалдырады. Бұл қалай деген ойменен, бұл тірліктің шындығына көзін жеткізу үшін ханзада, хан сарайын тастап, адамзатты осы қасіреттерден құтқарудың жолдарын іздеп, тақуалық жолға түседі. Бірде үлкен ағаштың көлеңкесінде отырған кезде, оған бір қарт кісі кездесіп, ханзадаға жарық дүние тылсымының біраз көздерін ашады. Сол кездесуден кейін Сиддхартха:

- Жамандық болған жерде, жақсылыққа да орын болуы керек;
- Суық болған жерде, жылылық та болуы керек;
- Қасыретке жазған жандардың, ол қасыреттен арылып, рахат көруге де мүмкіндіктері болуы керек..., деген ойға келеді.

Осы сапарында тән азабы мен жан азабын әбден көріп, өзге дүниенің қақпасын ашып, Мары диюының талай қоқан - лоқысына қарсы тұра білген ханзаданың бойына қасиеттілік дарып, өмір ақиқатының бар шындығына әбден көзі жеткен Сиддхартха Гаутама - «Будда» деген есімге ие болып, Үндістанның Бе-

нарес қаласындағы діни Орталыққа келеді. Осында ол ең алғаш рет өзінің діни өсиеттерін, көпшілік алдында уағыздап, болашақ Будда дініне бастау береді. Оның діни уағыздарын тыңдаған, оның іліміне бас ұрған талай адам, Будданың ізбасарлары болып, сол жерде буддистердің қауымдастығын құрады. Осыдан бастап ол, табаны күректей 35 жыл бойы, өзі негізін қалаған «Будда» дінін, өзінің өміршең ілімі - Драхманы насихаттайды.

Будда дінінің негізгі бағыты, жоғарыда атап өткен, Индуизм дініндегі Брахманға (дүние жүзі рухын билеуші), сонымен бірге, елді ерекше топтарға бөліп тастайтын «қасиетті» - қауымдық жүйеге қарсы тұрып, қасиетті «Веда» жазбаларына сүйене отырып, бар адамзат бірдей, тән азабы мен жан азабынан арылып, тақуалық жолға түсіп, бақыт жолын көре білсе, кім болса да, не қасиетті - Архат (Құдай), не Будда бола алады, деп түсіндіреді. Теңдік - бар адам баласына тән болуы керек. Бұл Будданың өмірге әкелген бірінші жаңалығы болса, Будда діни ілімнің негізгі сүйенер төрт ақиқатын анықтап береді.

Олар:

1. Қандай болмасын өмір, ешқашанда да, түгелдей адам көңілінен шықпақ емес. Адам қашанда да көңілсіз, қалың мұңның үстінде болады. Сондықтан: туу да - қасірет, ауыру да - қасірет, жақын адамнан да, жанға жайлы жайдан айырылу - бұл да қасірет. Қасіреттің негізі - әр адамның жақсылыққа жан құмарлығы мен жамандықтан жиіркене білуінде жатыр. Соған қарамай, қасіреттен арылатын кез де болады. Ол - қатардағы адамның ой - өрісі жете қоймайтын, адам психикасының бар ауыртпалығы - белгісіздіктен арылып, бір қалыпқа келіп, нирвана (күйіне) жету кезі болып табылады. Ал, Будда дінін ұстаған әр адам, Нирвана күйіне жету үшін кем дегенде, негізгі үш ақиқатқа сүйенуі керек:

1. Будданың діни ілімі салып берген даналық жолымен жүру;
2. Рухани ант пен діни талап тілектерді (моральды) орындап, дұрыс (жөнімен) сөйлеп, дұрыс әрекеттер жасау, кісі өлтірмеу, өтірік айтпау, өсек - аяңнан алшақ жүру. Салауатты өмір сүріп, Будда дінінің ұстанымдарына (мораліне) жат жайлар: қару - жарак ұстамау, адам сатудан, арақ – шарап ішуден (сатудан), бұзақылық, қарақшылық жасаудан, балгерлік етуден әркезде де қашық болу;
3. Көңілді (ойды бір жүйеге келтіру) тоқтату үшін тұрақты түрде психотехникалық жаттығулармен (йогамен) айналысып, нені болса да дұрыс көру, ізгі нәрселерді ойға сақтау, дене күші мен психиканы бір арнаға келтіру қажет.

Ертеректегі Буддизм, бұл айтқандардың бәрін тек қана тақуалар (монахтар) ғана орындай алады, ал қарапайым адамдар өздерінің іс - қимылдарын жетілдіріп (жақсылыққа қарай жетелеп), Буддизмнің үш ғұламасы (асылдары): Буддаға, Дхармаға, Сангхе сыйынып, олардың ілімдерін ұстанып, талаптарын бұлжытпай орындаса болғаны деп тұжырымдайтын.

Дін зерттеушілері, Будда құдай емес, тіпті құдайға теңелген адам да емес. Будда бар болғаны, өз еңбегінің, қажырлылығының арқасында адам-

дарға, қарапайым халыққа басқа діндердің шырмауынан шығып, бостандыққа жетудің қасиетті жолдарын көрсеткен ұлы ұстаз, қарапайым адам деп жазады.

Жалпы, буддизмнің ойшылдары Үндістан мен дүние жүзілік философияның дамуына, адамзаттың кейбір діндердің қуатты құрсауларынан шығуға баға жетпес үлес қосқанын атап өту керек. Мыңдаған жылдар бойы Будда діні үнділіктерге, халықтың еңсесін көтеріп, рухани келбетін қалыптастыруға, елдің идеологиясының негізін қалауға көмектессе де, соңғы ғасырларда бұл діни ағым өзі пайда болған жерден аластатылуда.

Біздің дәуіріміздің, шашамен 500 - 600 жылдары Будда дінінің Махаяны деген жаңа бағыты пайда болды. Махаяна дініндегілер үшін Будда құдай болып есептеледі. Бұл бағыттағылар тантр («ілім» деген сөз) ілімін басшылыққа алып, өмір бейне бір жіп, ол біріне бірі жіптей жалғасып, кете береді. Сен, Будда көрсеткен жолмен, тек соған ілесе бер, деген ұғымды білдіреді. Бүгінгі Будда шіркеулерінің кіре берісіндегі дөңгелектерге айналдыра жіп байланған. Оларша, сол жіптер - өмірді жалғастыруға көмектесетін, кімге болса да дұрыс жол көрсететін жіптер. Шіркеуге кірген адам, өмір - жақсы өмір жалғасын тапсын деп, міндетті түрде сол дөңгелектерді айналдырулары керек.

Махаяна - екі тармақтан тұрады. Солардың ішінде бізге белгілісі – ламаизм бағыты. Ламаизм - «жол», немесе «заң» деген мағынаны білдіреді. «Лама» - «аса құрметті» деген ұғымға саяды. Бүгінге дейін Тибетті діни жолмен басқарып отырған Лама - адамзатқа сол қасиетті жолды көрсетуші.

Заманында бұл дін Қытай арқылы Жапон, Корей, моңғолдар мен жоңғарларға жетіп, қалмақтармен Ресей жерінде де келгені белгілі. Тіпті Ресей Императоры Елизавета Петровнаың тұсында (1741 жылғы Жарлық) «Будда» Ресейдің негізгі діндерінің бірі ретінде қабылданған да болатын. Сол заманда Ертіс бойын мекендеген қалмақтармен Будда діні ежелгі қазақ жеріне де жеткен еді. Біздің, Семей (Семипалат) деп жүргеніміз, Будданың жеті шіркеуінің орны болатын.

Даосизм - Көршілес жатқан Қытай елінің ұлттық діні. Оның негізін қалаушы - Лао - цзы (Лао Дань). Біздің ж.с. дейінгі төртінші - үшінші ғасырларында өмір сүрген бұл данышпан өзінің діни ілімімен Қытайдың рухани мәдениетін қалыптастыруға үлес қосқаны белгілі. Лао - цзы ілімін қытайлықтар «Дао» дейді. «Дао» сөзбе - сөз аударғанда - «Жол» деген мағынаны білдіреді. Біз оны - «Ақиқат жолы», «Ізгілік жол» немесе «Даналық жолы» деп алалық. Дао ілімі бар дүниенің бірлігін, дұрысы бірдейлігін, ненің болса да айырмашылығын (үлкен мен кішінің, жақсы мен жаманның) тек, салыстырмалы түрде ғана ұғынуға болатынын насихаттайды.

Дао ілімі әр адамды, күнделікті тірліктің әсіре ынталылығы мен әбігершілігінен (хаос), өмірдің жасандылығынан бір сәт болса да босап, қарапайымдылық пен табиғилыққа бет бұруға шақырады. Дао іліміндегілер үшін өмір мен өлім жай салыстырмалы ғана дүние. Олар тек, таразы ба-

сын сәл де болса да өлімнен гөрі өмірге қарай бұрып, оны тиімді етіп ұйымдастыруға, денені шынықтыру арқылы не бір қасиетке жету, сол арқылы әр адамның өмірін ұзартуға жол ашуға болатындығын уағыздайды. Оларша, қарапайым адам жүз емес, 600 - 800 жасқа дейін, тіпті, мәңгі жасай алады дейді. Ол үшін, адам өзін - өзі күтіп, ізгі жолдан таймай, қай жағынан болса да таза болып, дене шынықтыру арқылы өзін - өзі жетілдіріп, тақуалық жолға түсуі керек. Қытайлықтар арасында, дао ілімінің осы қағида-сына құлай жығылған, бұған дейін бірнеше мемлекет болып бөлініп отырған Қытай елін бір арнаға, бір патшаның қол астына жинаған император Цинь Ши – хуанди (біздің ж.с. дейінгі 3 ғасырда) болатын. Императордың, дао ілімін жақтаушылар айтқандай, адамның өміршендігіне сенгендігі соншалықты, ол, Сюй Ши сиқыршының айтуымен, сиқырлы сусын ішіп, көп жасайтын - өміршен (мәңгі өлмес) адамдар мекен ететін қасиетті аралға арнайы экспедиция да жасақтайды. Ол экспедиция, акулалардың көптігінен ғана, белгіленген нысанаға (аралға) жете алмадық деп оралады. Осылайша, өміршендік эликсирін таба алмаған даолық сиқыршылар енді денені шынықтыру арқылы адамға түрлі қасиеттерді дарытуды қолға алады. Оларша, өміршендікке жету үшін, адам өзін өзі шектеп, біртіндеп еттен, шараптан, одан кейін қортылуы қиын барлық тағамдардан бас тартып, тек шырын мен түрлі сұйықтармен ғана қоректенулері керек. Ең соңында ол өзінің сілекейін ғана қанағат тұтатын жағдайға да жетеді. Оларша, өміршендіктің екінші жолы - бұл денені шынықтыру, күнбе - күн түрлі қимылдардың жиынтығын (комплекс) орындау және барынша дұрыс дем алу. Мәңгі өлмес адамды тәрбиелеудің үшінші жолы, бұл - алхимия. Қытай императорының тапсырмасымен, дао алхимиктері ғылымда (жалған ғылыммен айналысса да), не бір жаңалықтар ашып, керемет дәрілерді ойлап тапты. Қытайдың бүгінгі медицинасы мен фармакологиясының негізі сол даошылардың ықпалымен қаланғаны да белгілі. Ол заманда даошылар тіпті, алтынның өзі өміршендіктің дәрісі деп те дәлелдеген болатын.

Өміршендікке жету үшін, адамның шынымен де өміршендігін (өлмес-тігін) дәлелдеуге бет алған даошылар мәңгі өлмес Паньгу туралы аңызды ойлап табады. Оларша дүние жүзіндегі алғашқы аласапыраннан (хаостан кейін) кейін Паньгу пайда болады. Одан бері қарай 18 мың жыл өтті. Әлем пайда бола бастады. Женілдер мен тазалардың барлығы (ян-ци) жоғары көтеріліп, аспан пайда болды. Ауырлар мен кірлердің бәрі (инь-ци) төмен түсіп, қара жер пайда болды. Қасиетті Паньгу аспан мен жердің арасында қалды. Оның көздері күн мен ай болды, денесінен топырақ, сүйектерінен таулар, шаштарынан түрлі өсімдіктер (шөп), демінен жел пайда болды делінеді.

Қорыта келе айтарымыз, дао ілімі қандай жолмен болса да адамның өмірін ұзарту, оның ойы мен бар болмысын адамгершілік пен адалдыққа толтырып, оны түрлі аурудан сақтау жолын жан - жақты қарастырған, адамзатты бостандық, тәуелсіздік жолына бағыттаған бірден - бір діни

ағым болып саналады. Тарихтан белгілі, қытайдағы «Сары орамалдылардың» көтерілісі соның дәлелі.

Даосизм дінін қуаттаушылардың 212 нұсқауынан тұратын «Әрекеттер мен жазалар туралы» (Даосские каноны) деген кітабын оқып, дао дінімен жан – жақты танысуға, бәрін бірдей болмаса да, оның кейбір үлгілерін үйренудегі ең бір құнды еңбек болып табылады.

Конфуций діні. Дұрысында бұл Конфуций діні емес, Конфуций ілімі. Ол ілімнің негізін қалаушы Кун Фу - цзы, немесе жай ғана Кун - Цзы, яки, бізші Күн ұстаз (Дана ұстаз Кун). Кун - Цзы, шамамен біздің ж.с. дейінгі 551 жылы туып, 407 жылы бұл дүниеден өтеді. Европалықтар - Конфуциянство деп жүрген, Күн ұстаздың (Күн данышпанның) ілімі, негізінен білімді - зиялы қауым өкілдерін, ел билеушілерін оқытып, дайындауға арналған еді. Конфуций ілімі, бұған дейін еш дінде аталмаған адам мен қоғамның ара қатынасын барынша анықтап, қайткенде қоғамды дұрыс басқаруға болады деген сұраққа жауап іздеген және жауап берген ілім. Сондықтан да, өткен ғасырдың көптеген оқымыстылары Күн ұстаздың ілімдерін - «оқымыстылардың ілімі», «зиялылық ілімі» деп те атаған болатын.

Конфуций ілімі - бұл, әркімді де биік адамгершілікке жетелейтін, әр адам бұл дүниемен үндестік тауып, өзін - өзі жетілдіру арқылы, елде қалыптасқан ескі дәстүрлердің негізінде еш кемшіліксіз, ізгі ниет қоғамын құруға жетелейтін ілім деп түсінген жөн.

Күн ұстаздың ілімін дінге жатқызуға бола ма деген сұраққа жауап беру қиындау. **Оның артында қалған жазбаларынан: «Өмірді жетік білмей тұрып, өлім дегенді қайдан білеміз», «Адамға қызмет етуді үйрене алмай жүріп, құдайға қалайша қызмет етпекшіміз», «Қашанда да құдай мен рухты құрмет тұт, солай бола тұра олардан алшақ жүрген дұрыс»** деген жолдарды оқуға болады. Осыған қарағанда, Күн ұстаз шынымен де діншіл болмағанға ұқсайды. Ол әркез, өзі өмір сүрген қоғамның құндылықтары мен наным – сенімдеріне үлкен құрметпен қараған және де оларды өте жоғары бағалаған. Оның, саяси - әдеп мәселелеріне арналған еңбектерінен дін жөніндегі ойларды табу қиын. Дегенмен де, оның шәкірттері Күн ұстазды еске алу кездерінде діни салт - жоралғыларды атқарғандары да белгілі.

Қытай жерінде дана Күн ұстаздың ілімі қашан да шығыстың діни – философиялық ағымдарының басына қойылады. Себебі, оның даналық ілімі Қытай халқының рухани - мәдени байлығының бөлінбес бөлігіне айналып, халықтың этнопсихологиялық байлығын қалыптастыруға ықпал жасағаны белгілі. Күн ұстаз, адам тәрбиесінде оның, ой - санасын, ойлау қабілетін арттыруды бірінші орынға қояды. Кемеңгерлікті танудың үш жолы бар, дейді. Оның ең біріншісі – нені болса да ойға салып пайымдау. Бұл - ең ізгі жол, дейді ол.

Ұлы ұстаз келер ұрпаққа бес кітаптан тұратын ілімдер - «Пятиканоние» (у цзин) мен төрт кітаптан тұратын - «Четверокнижие» (сы шу) деген еңбектер қалдырды. Бұл еңбектердің аттарын әртүрлі аударуға болады. Біздің қазақ ғалымдары дана ұстаздың алғашқы бес кітабын: «Өзгерістер кітабы» (у цзин), «Көне тарих кітабы» (Ши цзин), «Діни өлеңдер кітабы» (Шу цзин), «Салтанат-

ты рәсімдер кітабы» (Ли цзин) және «Көктем мен күз кітабы» (Чунь - цю) деп алған екен, дана ұстаз еңбектерін оқып - үйренушілер арасында түсінбеушілік тудырмас үшін, біз де солай алдық. Еңбектердің аттарында тұрғандай:

Бірінші кітапқа: Қытай философиясының негізін құраған: Жаратқанға құлшылық ету дұғалары, ертеден қалған өсиет сөздері, ескі балгерлік-тен бастап, космологиялық оқуларға дейін енген;

Екінші кітап негізінен қытайдың әдеби - поэтикалық ескерткіші болып саналатын: халық әндерінің үлгілері, шіркеулерде айтылатын салт – жоралғы әндері енген;

Үшінші кітап негізінен тарихи құжаттардан тұрады;

Төртінші кітап салтанатты рәсімдер, оларды жүргізу (өткізу) тәртіптерін қамтитын жайларға арналған;

Бесінші кітап Күн ұстаздың өмір сүрген Лу патшалығының жылнамасы мен оның үкіметіне берілген түрлі моральдық бағаларына арналған.

Ұстаздың екінші үлкен еңбегі, бұл негізінен ұстаздың өз шәкірттерімен өмір туралы әңгімелерінен, пікірталастарынан, оның шәкірттерінің Ұлы ұстаз жайлы ойларынан, ұстаз шәкірті Мэн - цыдың жазбаларына тұрады.

Күн ұстаз ілімінде - Қытай үлкен бір отбасы тұрғысынан қарастырылады. Онда, қытайдың әр отбасындағы: баланың - әкеге, кішінің - үлкенге, әйелдің - күйеуіне қатаң бағыныштылығы - отбасы беріктігі мен берекесінің негізі болса, бүкіл елдің императорға қатаң бағыныштылығы - ел беріктігінің кепілі болмақ, деген ұғым қалыптасқан. Бұлардың арасындағы қарым - қатынаста теңдік жоқ және ешқашан болуы да мүмкін емес. Бағыныштылық: елдің - императорға, баланың - әкеге, кішінің - үлкенге, әйелдің - күйеуіне қатаң бағыныштылығы - бұл ғасырлар бойы қалыптасқан және ешқашан бұлжымайтын заң. Әр отбасынан бастап, түгелдей мемлекеттің таймас Заңы. Оны ешкім де бұза алмайды. Бұл заң - әр қытай отбасының, түгелдей мемлекетінің мызғымас іргетасы сияқты, бүгінге дейін сақталуда. Мемлекетті осындай бірлікке алып келген Ұлы ұстаз ілімдері кезінде Ұлы Қытай империясының басты және ресми идеологиясына да айналды. Жеке басшыларды іріктеу, түгелдей Үкіметті қалыптастыруда осы басты заң басшылыққа алынғаны белгілі.

Күн ұстаздың ілімдерінен үйренетін де, үлгі алатын да жерлері өте көп.

Шығыстың діни сенімдері мен ұғымдары, жалпы даму, өркендеу философиясы төрт ұлы адамның ілімдеріне негізделген. Олар: Кун - цы (Конфуций), Мэн - цы, Лао - цы, Чжуан - цы болатын.

Христиан діні

Христиан діні жер жүзіндегі ең кең тараған діндердің бірі. Ол дін бүгінге дейін бүкіл: Еуропа, Азия, Америка, Австралия құрлықтарында өзінің үстемдігін жүргізуде. Христиан діні өзінен тараған толып жатқан діндермен бірігіп, қай жағынан болса да жоғарыда атап өткен Шығыс діни ағымдарына тең, пара - пар келетін, ең ірі діни ағым болып табылады. Соған қарамай Христиан дінінің көп

жағдайда Шығыс діни ағымдарымен, оның мәдени үлгілерімен ұштасып жататын да жақтары бар. Себебі, Христиан діні, өзінің миссионерлері арқылы Шығыс діни ағымдарынан көптеген діни үлгілерді алған сияқты. Әсіресе, оның армян, копт, сирия шіркеулері мен несториан ағымы, көп жағдайларда Еуропаға қарағанда, қай жағынан болса да, Шығыс діни үлгілеріне жақынырақ келеді.

Жоғарыда атап өткен шығыс діни ағымдарына қарағанда Христиан діні бұл дүниеге кешеуілдеп, адамзат қоғамы әбден дамып, оның ішінде түрлі әлеуметтік, саяси, экономикалық қатынастар қалыптасып, содан барып неше түрлі ұлттық қарсылықтар мен түрлі таптық тартыстар туындап, күнәһарлық жағынан құдай алдында бәріміз теңбіз деген идеяның нәтижесі ретінде пайда болды деуге де болады. Оның негізгі ұстанымы - «Бәріміз Құдайдың құлымыз. Құдай алдында бәріміз бірдейміз» болатын. Басқа діндер құдайға құлшылық етуде этникалық шектеулер қойып жатқанда, бұл дін адамдардың ұлттық, әлеуметтік құрамына қарамай, қайта құдайға құлшылық ететін адамдардың теңдігін бірінші орынға қойып, көптің көңілінен шығудың жолын іздеді және де өзіне дейін пайда болған діни ағымдардың не бір жақсы үлгілері мен жетістіктерін қабылдап үлгерді. Солардың ішінде, әсіресе, Рим империясына сонау Персиядан жеткен Митризм дінінің үлгілері көптеп қабылданды. Бұл, жаңа дінді күшейтпесе, әлсіреткен жоқ. Оған, қайта қуат берді. Осылайша, жаңа дін - Христиан діні көпшіліктің дініне айналды.

Бір кереметі, Христиан діні Рим империясының орталығында емес, оның шығыс бөлігінде, адамзат өркениетінің негізі қаланған, мәдениеті дамыған елдерде пайда болды. Елдің ұлтына, әлеуметтік жағдайына қарап бөлмейтін (Христиандардың бірінші апостолы Павел: **Христиан діні үшін, эллин де, болмаса иудей де жоқ, мейлі ол Буддуға табынушы болсын, мейлі ол сүндетке отырғызылған, болмаса отырғызылмаған болсын, біз үшін бәрі бір, тек қана ол өзінің бұрынғы сенімінен бас тартып, Христосқа құлай сеніп, біздің дінімізге өтсе болғаны(6.)** , деп жазып қалдырыпты) Христиан діні тез арада күш алып, Рим империясының ұлттық дініне айналғаны белгілі.

Біздің дәуіріміздің бас жағында Иудей дінін ұстанатын елдерді Рим империясы жаулап алғаннан кейін, Иудей діні біртіндеп әлсірей бастағаны белгілі. Сол кезде қоғамдағы өз ролін жоғалта бастаған Иудей дінінің тынысын кеңейтіп, жаңадан, қысылтаяңнан кеңістікке шығар жол іздеп, ел қолдауына ие болар амал іздеген, оның толып жатқан сабақтастары мен секталары пайда болып, Иудей дініне күш беру үшін, жаңа өмір басталатыны туралы, ана өмірден Христос келіп, иудейлерді құтқаратындығы туралы насихатты күшейтіп, ол уағыз жаңа діндегілердің берік сеніміне айналды. Осыдан барып, бастауын Иудей дінінен алған жаңа Христиан діні біртіндеп халықтың сеніміне ие бола бастайды.

Христиан дінінің негізгі екі ұстанымы бар.

Олардың біріншісі - бұл фанидегі адамзаттың барлығының күнәһарлығы. Яғни, күнә жағына келгенде, Құдай алдында, адамдардың барлығының теңдігі. Бұл адамзаттың барлығының, Адам ата мен Хауа анадан бастап, Құдай алдында бірдей күнәһар екендігін көрсетеді. Христиан дінінің абыздары - «Құдайдың құлдары» күнәһарлық жағынан тең», деген ұран

тастаған болатын. Осы ұран мен бұған дейін көптің қолдары жетпей жүрген - осы теңдіктің өзі, талайларды Христиан дініне жетелеп алып келген еді.

Екінші ұстанымы - қоғамда, байлар мен табысқұмарларға, еңбексіз келген байлық иелеріне деген жағымсыз көзқарас қалыптастыруы. Яғни, кім де болса табысты еңбекпен табулары керек. Еңбек етпеген ембейді, деген қағиданы насихаттау болатын. Бұл ұран да Христиан дінін ұстанған қарапайым еңбек адамдарын, сондай - ақ каналушыларды – қанаушыларға, кедейлерді - байларға қарсы қоя білді. Осылайша, бұл дін ойламаған жерден кедей - кепшік пен жарлы - жақыбайлардың қасиетті туларына айналды, олардың бастарын біріктірді. Сол, біріккен елдің есебінен бұл дінге сенушілердің қатары еселеп артып, оны күшейте түсті.

Ең алғаш кедей - кепшік, жарлы - жақыбайлардың діні болып қалыптасқан Христиан діні, еш қиындықсыз Рим империясының ұлттық дініне айналғаннан кейін, дін басылары байлыққа көз салып, ендігі жерде бүкіл Дүниежүзілік дінге айналуды көздеді. Бұл жолда, олар ештеңеден тайынған жоқ. Осы кезден бастап, Иса Пайғамбар да, оның анасы Мариям да, христиандардың алғашқы апостолдары Павел де еврей болғандықтарына қарамай, христиандар біздің дәуіріміздің - 325, 381, 431 жылдарда өткен Бүкіләлемдік соборларында (Вселенский Собор) иудаизмнің кейбір қағидаларынан бас тартып, арийзм мен несториандарды қатты сынға алады да, ол діни ағымдардан іргелерін алшақ сала бастады.

Біздің ж.с. 11-ші ғасырының басында Христиан діні, әртүрлі саяси, экономикалық, әлеуметтік тартыстарды бастан кешіріп, ең бастысы өздері үстемдік етіп отырған елдердегі билік пен байлыққа таластың нәтижесінде Батыс және Шығыс Христиандары болып, екіге бөлінді (жоғарыда біз иудей халқының да екіге бөлініп, екі мемлекет құрғандарын айтып өткенбіз). Батыс бөлігінде – Католиктер (орталығы Рим қаласында), Шығыс бөлігінде - Православие (Орталығы Византия қаласында) шіркеулері құрылады. Бұл екі шіркеудің басты айырмашылығы Католиктер шіркеуі - (грек тілінен аударғана - бүкіл дүниежүзілік) Христиан діні үстемділік етіп отырған елдерде бар билікті дінге беріп, тіпті, ол мемлекеттердің патшаларының өзін Рим папасы тағайындауы керек деген қағиданы ұстанса, Православие діні, керісінше, дін - елге қызмет етуі керек деп, біріншілікті дін емес, ел басына беріп, ел бірлігін нығайту жолында шіркеу ел басына барынша көмектесуі керек, деген қағиданы ұстанды. Міне, осы кезде Рим діндарлары - «Құдайдан келмеген билік - билік емес» (Нет властей не от Бога) деген қағиданы қалыптастырып, олар кезінде Рим империясының құрамында болған елдердегі бар билікті Ұлы Константин Рим папасына беріп кетті деген тұжырымды басшылыққа алып, бүкіл Еуропа елдерінде билікке таласып бақты. Тоғызыншы ғасырдың бас кезіндегі Рим папасы Иоанн - сегізінші, тіпті, зайырлы елдер басшыларын таққа отырғызу да (тәж кигізу), оларды тақтан алу да (тәждерін алу), тек қана Рим папасының күзіретінде деп тұжырымдады және осы қағиданы айнытпай орындауға бар күштерін салып бақты..

Католицизм шіркеуінің, Православие шіркеуінен тағы да басқа ерекшеліктері баршылық. Олардың жұмақ пен тозақ туралы түсініктері сәл ерекшелену.

Католиктердің түсінігінде тозақ тоғыз шеңберден тұрады. Оларды айналып өту оңай емес. Олардың құдайға құлшылық етулері (шоқынулары), шіркеуде өткізілетін толып жатқан жол - жоралғылары, басқа да ерекшеліктері бар. (Иконаға (құдай бейнесі) табыну, католик монахтарының қоғамдағы орындары, олардың түрлі ордендері дегендей). Ол жол - жоралғылардың барлығы, осы шіркеудің басқалардан ерекшеліктері ғана емес, үстемдігін де айшықтап көрсетуге арналғандығы да белгілі. Осылайша, билік пен байлыққа таласқан Католиктер шіркеуі, өздерінің билік ету шекарасын кеңейту мақсатында адамзатқа қарсы талай қарау істерге де барады. Кресшілердің жорықтары соның анық дәлелі болып табылады. Христиан (Католик) дінінің осы қарау істеріне баға бере отырып, кезінде діни ағымдардың тарихын, бұл діннің бар болмыстарын терең зерттеген еуропалық оқымысты - саясаткер Август Бебель Христиан дінінің негізгі ұстанымдарын басшылыққа ала отырып былай деп жазған болатын:

- «Жақынынды жақсы көру, жалпы адамзатқа сүйіспеншілікпен, шыдамдылықпен қарау, мейлі Ислам болсын, мейлі Будда болсын - барлық дінге тән қасиет. Бұл қасиеттер христиандардан басқа, өркениеттің белгілі бір дәрежесіне жеткен барлық халықтарда - индустар мен қытайларда, парсылар мен арабтарда да өте жоғары бағаланады. «Сүйіспеншілік діні» деп аталып келген Христиан діні 18 ғасыр бойы діндарлар мен ойлай білетін адамдар үшін - адамдарды қудалау, құғынға ұшырату, оларға қысым жасаудың діні болып келді.

Христиан дініндей, дүниеде бір де бір дін адамзатқа мұндай зұлымдық әкеліп, олардың көз жастарына қалған емес. Христиан дінбасылары, тіпті, бүгіннің өзінде, байлық пен билік жолында қарсы тұрған басқа халықтарды қырып – жоюға келгенде, екі қолдарын аспанға жайып, құдайдан көмек сұраудан жалықпайтындықтарын көріп келеміз» (6. 412.).

Кезінде Христиан діні жайлы бұдан да жаман жазылғаны белгілі. Атеистер мен коммунистер бұл дінді жерден алып, жерден салғандарын да білеміз. Коммунистер мен атеистер солай жазды екен деп, бұл діннің тарихтағы, мәдениеттегі, медицина мен еңбекке баулу (20 ғасырдың отызыншы жылдарына дейі Кеңестер Одағының барлық республикаларында шіркеуге келушілердің балаларын оқытатын, еңбеке үйретіп, кәсіпке баулитын мектептер (церковно – приходская школа) жұмыс істегендері белгілі), жастарды кәсіпке үйретудегі істерін әсте естен шығаруға болмайды. Солай бола тұра, Дәуірлеу заманының ұлылары: Коперник, Галилей, Данте, Кампанелла, Томас Мор, олардан біраз кейін Прага университетінің профессоры Ян Гус, оның ізбасары Иероним Пражский және басқа да мыңдаған озық ойлы жандардың Христиан дінінің (католицизмнің) құрбандары болғандықтарын да жасыруға болмайды.

Еуропаның солтүстігі мен орталығында, қоғамның Католик шіркеуінің қатаң тәртібі мен талаптарына деген қарсылықтары біраз елдерді діни жағынан реформистік жолға түсуге итермеледі. Ол кезде шіркеу бар билік пен байлықты өз қолында ұстап, икемге келмеген (шіркеу заңына бағынғылары келмеген) ел билеушілері мен княздарды, феодалдарды - саяси, рухани, әлеуметтік жағынан қысымға алып, қуғындап, түрлі салықтармен тұншықтырып, өндірістің дамуына кедергі болғаны белгілі. Бұл, сөз жоқ неміс билеушілері, княздары мен олар-

дың қол астарындағы қарапайым жұмысшылар мен шаруалардың да наразылықтарын туғызды. 16 ғасырдағы (1517 ж.) бұл реформаның басында діни ілімнің білгірі, профессор Мартин Лютер тұрды. Жоғарыдағы ел наразылығымен қатар, ол Католикан шіркеуінің біраз ұстанымдары мен тәртіптеріне үзілді – кесілді қарсы болды. Мартин Лютер сол кездің өзінде елдің лағнетіне қалған христиан дінінен бас тартып, Германияның императорынан бастап, княздары мен басқа да алпауыттарын, ізгі ниет пен ар бостандығын діннен жоғары қоятын зайырлы мемлекет құруға шақырды. Бұл идея сөз жоқ, Христиан дінінің Римде отырған басшыларына жақпағаны да белгілі. Осы әрекеттері үшін 1520 жылы Мартин Лютер, Рим папасы Лев оныншының шешімімен, Католикан шіркеуінен аластатылды.

Мартин Лютер, әр халық құдайға өз ана тілінде құлшылық етуі керектігін, бірінші талап етіп қойды да, көп ұзамай «Інжілді» (Библияны) неміс тіліне аударды. Оның, екінші бір қарсылық білдірген жайы, бұл - католик монахтарының индулгенцияны (өз күнәсі үшін Құдайдан кешірім сұрау) бара - бара ақшаға, немесе тауарға айналдыруы, яғни, сатуы болды. Бұған дейін, еш елде, еш жерде, еш нәрседен беті қайтпаған Католикан шіркеуіне қарсы тұруды, яғни, қарсылық білдіру қозғалысын, олар «протестанизм» деп атады. Немістердің Мартин Лютер бастаған бұл діни қозғалыстары «Аусбург өситтерімен» аяқталып, 1521 жылы Мартин Лютердің жақтаушылары (олар кейін «Лютерандар» деп аталды), Римнің Католик шіркеуінен біржола қол үзді (Қазір Лютеран шіркеуі Католик шіркеуінен бөлек өмір сүруде).

Осыдан кейін, Католик шіркеуінен, өнеркәсібі дамып келе жатқан Британ еліндегі Англикан шіркеуі бөлініп шықты. Бұл уақиға 16 ғасырдың орта шенінде болды. Оның басында ағылшын королі Генрих сегізінші тұрды. Кейін, осы протестанттар қозғалысы, Еуропаның басқа елдерінен де көрініс тапты.

Христиан діні мейлі қаншаға бөлінсін де, олардың барлығы Библияны басшылыққа алып, біздің жыл санауымыздың алғашқы мыңжылдығының екінші жартысынан бастап қолдарынан крестерін түсірген жоқ. Осы жерде, крестің Ұлы Далада пайда болып, мұнда ол отқа табынушылардың, яғни Ахура Мазда дінінің ерекше белгісі болғанын айта кеткеніміз артық болмас. Біздің ж.с. 452 жылы Еділ хан (Еділ хан жайлы әңгіме алда) Римді басып алғанда, Рим папасы Лев бірінші Еділ ханды, қолына осы Ұлы Даланың ерекше белгісі - крес ұстап, қарсы алды. Бұл оның - Ұлы Хан саған, сенің дініңе, оның белгісі - креске бас иемін дегені болатын. Рим қаласының, гұндардың талан - таражына түспей, аман қалуына міне, осы жай бірден бір себепкер болды дейді білетіндер. Содан бастап - крес жалпы Христиандардың ерекше, әрі құтқарушы белгісі болып қалыптасты. Олар өз шіркеулерінің ұшар басына алтынлатып крес орнатса, өлген адамның басына да крес қояды. Олар үшін керс - тірінің тірлігінің, Құдайға құлшылық етуінің белгісі болса, өліні ақиретке бастар жарық жұлдыз деген сенім қалыптасқан.

Библияны (Інжілді) қолдарына ұстап, креске табынушылардың бірі біздің құдайы көршіміз - славяндар.

Православие діні.

Біздің құдайы көршіміз - Ресей халқының жартысынан астамы Христианның ішінде Православие дінін ұстанады. Бұған дейін олар: Тәңірге, одан кейін – Белобог, Чернобогтарға құлшылық етіп, Перунге табынды. Славяндар ең алғаш табиғаттың дүлей күшіне, содан кейін бабаларының рухтарына бас иеді. Кейін Орыс елінде Митра (дуалистер) діні күш алып тұрды. Осылайша, алғашқы уақытта рухани жағынан әр тасқа, әр ағашқа, су мен тауға, **Митра дініне табынып жүрген орыс халқы, Еуропаға жақындау үшін, біртіндеп Христиан дініне бет бұра бастайды. 995 жылы орыс княгинасы Ольга Грекияға барып шоқынып келген болатын. Бұдан кейінгі тарихты Н.М. Карамзин былайша жазады:**

-Древний Летописец наш повествует, что не только Христианские проповедники, но и Магометане, вместе с иудеями, обитавшими в земле

Козарской или в Тавриде, присылали в Киев мудрых законников, склонять Владимира к принятию веры своей, и что Великий Князь охотно выслушивал их учение. Случай вероятный. Народы соседственные могли желать, что бы Государь, уже славный победами в Европе и в Азии, исповедовал одного Бога с ними, и Владимир мог также - увидеть наконец, подобно великой бабке своей, заблуждение язычества - искать истины в разных верах.

Первые послы были от Волжских или Камских Болгаров. На восточных и южных берегах Каспийского моря давно господствовала Вера Магометанская... Послы немецких Католиков говорили ему (Владимиру) о величии невидимого Вседержателя... Наконец безименный философ, посланный греками, опровергнув в немногих словах другие веры, рассказал Владимиру все содержания Библии, Ветхого и Нового завета... Пораженный сим зрелищем, Владимир вздохнул и сказал: «благо добродетельным и горе злым!» Крестится, отвечивал Философ - и будешь в раю с первым...

Міне, орыс Князінің, осылайша басталған - дін таңдау ісі, ойламаған жерден өзінің шешуін табады. Бұған дейін талайларды тізе бүктіріп үлгерген орыс Князі Владимир, әжесі Ольга сияқты Христиан дініне барып мойынсынғаннан гөрі, христиандарды қарудың күшімен жеңіп, жеңімпаз ретінде Христиан дінін ту етіп көтеруге бел байлайды. Грекияның, Қара теңіздің бергі бетіндегі Херсонес қаласын басып алған Владимир, Грек императорлары Василий мен Константинге, қарындастарың Аннаны маған қалыңдыққа беріңдер, бермеген жағдайда Константинопольді тас - талқан етемін деп, елші жібереді. Орыстың қалың қолынан қорыққан Константинополь императорлары келісімдерін береді. Бірақ, жеме - жемге келгенде, олардың қарындастары Анна, басқа діндегі адамға тұрмысқа шықпаймын деп, қасарып, отырып алады. Әрі қарай Н.М. Карамзинді тындап көрелік:

- В летописи сказано, что Великий князь тогда разболелся глазами и немог ничего видеть; что Анна убедила его немедленно креститься, и что он прозрел в ту самую минуту, когда Святитель возложил на него руку.

Бояре Российские, удивленные чудом, вместе с Государем приняли истинную веру...(7. 131)Н.М. Карамзин И.Г.Р. Т.1.Гл. 9. стр 131).

Содан бастап орыстар дін жағынан Византия шіркеуіне тәуелді болады. Араға 500 жылдай уақыт салып қана Орыс Православие (Православие - «дұрыс пікір», немесе «дұрыс ой», деп аударылады) шіркеуі Константинополь патриархатынан бөлініп, өз алдына жеке патриархатын құрады. Орыс Православие шіркеуінің қаз тұрып кетуіне заманында Алтын Орданың билеушілері (Бату, Өзбек, Берке т.б.) үлкен ықпал еткендері, ықпал етіп қана қоймай, олар Орыс шіркеуін өмір бойы қолдап, оның байлығы мен берекесін келтіріп, ел арасындағы абыройын арттыруға да біраз күштерін жұмсағаны белгілі. Оны орыстардың өздері де мойындайды.

Өзінің негізгі міндеті - Православие діні ел билеушісінің сенімді тірегі болуы керек деген ұстанымға берік болған орыс шіркеуі, қашанда да ел басының көрсеткен жолымен жүріп отырды. Мұнда, көпке дейін католиктердегідей ешқандай өзгеріс - «реформация» дегендер де бола қойған жоқ. Тек, патриарх Никон ғана 17 ғасырдың бас кезінде, жалпы Христиан (католик) шіркеулерінің кейбір ұстанымдарын (тәртіптерін) басшылыққа ала отырып, шамасы, әйтеуір бір жаңалық енгізу керек, Православие дінінің тамырына жаңа қан жүгірту керек деген оймен болар, орыс шіркеуінің ішкі тәртібіне, діни жол – жоралғыларына (шіркеуде Құдайға құлшылық етудің уақыты, үш саусақпен шоқыну, кресттердің түрлерін өзгерту) біраз өзгерістер енгізіп, орыс шіркеуінің ел арасындағы тұғырын нығайтуға, содан барып шіркеуді үкіметтен жоғары қоюға әрекет еткен болатын. Бірақ, оның бұл жоспарынан ештеңе шыға қойған жоқ. Никонның бұл реформасын не діндарлар, не орыс билеушілері жете түсінбеген сияқты. Қайта, Никонға қарсыластар көбейіп, орыс діндарларының біраз бөлігі өздерін, біздер «Ескі дәстүрге» (Старовер) берікпіз деп, орыс шіркеуінен бөлініп кетті. Бұларды ел - «Старообрядцы» деп атады. Олардың басында тұрғандар – молокандар болатын (Олар, перед Богом, мы белые, как молоко, деген ұранды ұстанғандары белгілі). Кезінде олардың барлығы жер аударылып, Сібірге қарай көшірілді. Ең соңғы көшпен көтеріле кеткендер, Псковь, Новгород облыстарындағы Киржак өзені жағасында отырған молокандар болатын. Бүгінгі тарихқа олар - «Киржактар» болып жетіп отыр. Молокандар мен Киржактардың біраз ұрпақтары бүгінде қазақ жерінде (Шығыс Қазақстан, Қостанай облыстары) өмір кешуде.

Ел билеушілерінің Никонның жаңалықтарына қаншалықты қарсы болғандықтарын, кейін Бірінші Петр патшаның арнайы шешімімен Орыс Православие шіркеуінің патриархаты жойылып, шіркеуді Қасиетті Синодқа (Священный Синод) бағындырып қойғанынан көруге болады. Православие шіркеуі бұл кемсітушілік жағдайынан тек 20 ғасырдың басында ғана, Николай екінші патша тақтан тайғаннан кейін ғана құтылды.

Барлық Христиандар сияқты Православие дініндегілердің бәрі ең алдымен Иисус Христосқа құлшылық етеді. Жалпы бұл діни тұлғаның тууы (пайда болуы) Христиандар әлемінде бүгінге дейін құпия болып келеді. Біреулер оны Құдайға баласа, енді біреулер ол анадан туған, кәдімгі адам, дейді. Біреулер оның

әкесі болған десе, енді біреулер, жоқ ол, анасына күн нұры дарып туған дейді. Христиан дінін зерттеген ғалымдар, оның пайда болуын (бұл дүниеге келуін) сан саққа жүгіртіп, неше түрлі дәлелдер айтады. Сондықтан да біз, бұл мәселеге тоқталмай, жалпы Шығыс Христиан, соның ішінде Орыс Православие дінінің (шіркеуінің) құпиялары мен негізгі ұстанымдарын шамамыз келгенше түсіндірелік.

Ол діндегілер:

- Құдайдың барлығына және бірлігіне бас иеді;
- Құдайды дүниені жаратушы деп таниды;
- Иса (Ғайса) Пайғамбардың адам бейнесінде болуын және де оның Қасиетті Рухтан жаратылып, бейкүнә Мариям анадан туғандығын;
- Иса Пайғамбардың адамдарды күнәдан құтқару үшін келгенін (Нүк

Пайғамбардың да негізгі міндеті - адамдарды күнәдан құтқару еді ғой), оның адамзаттың күнәсі үшін азаптап өлтірілгендігін, оның бұл өмірге екінші рет қайта келуін (Воскресенье Христоса) және де оның шексіз патшалық құруын;

- Құдайға құлшылық етіп, шоқыну арқылы күнәдан тазаруға болатындығын;

- Өлгендердің тірілуін, болмаса өлгенен кейін оның екінші - мәңгілік өмірінің басталатындығын мойындайды.

Бұлар Христиан дінінің негізгі догматтары болса, Орыс Православие дініндегілер Қасиетті үштікті (Святая Троица) - Әке Құдайды (Бога отца), Бала Құдайды (Бога сына) және Қасиетті рұхты (Святого духа) пір тұтады (Жоғарыда атап өткен, Никонның реформасындағы үш саусақпен шоқынуының негізі осы Қасиетті үштікте жатыр). Олардың Құдайға сиынғандағы «біс-смиласы» осы үштіктен басталып, осы үштікпен аяқталады. Барлық Христиандар сияқты, бұл діндегілер екі дүниенің барлығын мойындайды (свойственно различие двух областей мироустройства). Олар оны, көзге көрінетін жердегі өмір және көзге көрінбейтін, ана жақтағы өмір, деп бөледі. Адамның бар болмысы Жасағанның жаратуынан пайда болды, сондықтан да олар өмір өтпелі деп түсіндіреді. Діни ғибадаттың бар қасиеті – жаратылған (дінге сенуші) мен Жаратушының арасындағы құпия жалғасында жатыр деп түсіндіреді. Олар оны «тайнство» - «ерекше құпиялылық» дейді. Құдайға құлшылық жасау арқылы және де Православие дінінің толып жатқан: шоқыну, сумен тазару, тәубеге келу, ерекше қасиетке ие болу, таза өмір сүру, т.б. талаптарын орындау арқылы ғана Жаратқанмен жалғасуға болады, - деп түсіндіреді, бұл діндегілер.

Православие дініндегілер - шоқынуды адамның күнәһәрлықтан (күнәдан) арылып, шіркеудің өміріне бет бұруы, ал ол болса өз кезегінде адамның күнәдан толығымен арылуына жол ашады дейді. Бұл дәстүрдің ең бір жоғарғы символы - адамды суға шомылдыру (омовение). Православие дінінде, адамның жанын (рухын) құтқару дегеніміз - бұл өмірде қашанда адаммен қатар жүретін күнәдан арылту болып табылады.

Мейлі Католик болсын, мейлі Православие болсын - екеуінің де басты кітабы, бұл - «Інжіл» (Библия) (6.). «Көне өсиет» және «Жаңа өсиет» деген екі кітаптан тұратын бұл еңбекте: Иудей, Христиан діни басыларының – Пайғамбарлар мен Құдайдың ерекше қалауы түскен адамдар мен апостолдарының Қасиетті аяндары мен өсиеттері, өмір баяндық еңбектері, діни уағыздары, дін талаптары, шіркеудің тәртіп - ұстанымдары жинақталған. Қасиетті кітаптың барлық бөлімдері мен тараулары иудейлер мен христиандар үшін ерекше. Өйткені, Інжілде көп жағдайда олардың өздерінің, Құдай мен Пайғамбарларының іс – қарекеттері мен тарихтары жазылған (**Ескерте кететін бір жай - Православие шіркеуі «Інжілді» жалпы басшылыққа алғанымен, негізінен оның Христиан шіркеуі екіге бөлінгенге дейінгі (біздің ж.с. 395 ж.) ұстанымдарын ғана құрмет тұтады**). Кейде аңыз бен мифтерге, кейде Пайғамбарлардың (Мұсадан бастап) ерліктеріне, кейде ақиқат пен адамзаттың құдайға құлай сеніміне негізделген бұл жазулар кімге болса да қызық, әрі тәлімі мол, қасиетті еңбек болып есептеледі.

Бұл дінді зерттеуші ғалымдардың жазуларына қарағанда, «Інжіл» тап бүгінгідей болып жазылып, осы қалпында діндарлардың қолдарына тиген жоқ. Ол, екіжарым мың жылдай Иудей және Христиан діндерімен бірге жасап, толықтырылып, иудейлер мен христиандар ғана емес, сол заманда олар мен қатар жатқан елдер тарихының да шынайы айнасына айналды. Інжілдің: «От Исаия» және «От Иеремия» деген тарауларында скифтер жайында, олардың ерліктері жайында да біраз деректер беріледі.

Біздің ж. с. дейінгі дәуірдің аяқ кезінде ғана қағаз бетіне рет - ретімен түсірілген бұл - адамзат ойының тамаша ескерткіші. Оның толық жинағы екі мың 100 беттен тұрады.

ИСЛАМ ДІНІ *

Дүние жүзіндегі діндердің ішіндегі ең жасы - Ислам (ислам - бой ұсыну, мойынсыну) діні. Сонысына қарамай ол дүние жүзіндегі ең ірі де іргелі – Христиан және Будда діндерінен кейінгі үмбеттері ең көп үш дінінің бірі болып табылады. Бүгінде дүние жүзінде бір жарым миллиардқа жуық адам Ислам дінін ұстанады. Мұсылмандар негізінен: Араб елдерін, Африка, Қос өзен маңын (Иран мен Ирак), Ауғанстан, Үндістан түбегін, Балкан түбегін, Орта Азия мен Қазақстан, Кіші Азия мен Кавказ, Еділ бойы, Индонезия, Малайзия, Пәкістан, Бангладеш, басқа да елдерді мекендейді.

Ислам діні Иудей мен Христиан діндері пайда болған өлкеде өмірге келді. Ол, сол топырақтан нәр алып, сол маңды мекендеген араб халықтарының мәдениеті, салт-дәстүрлерінен сусындағаны белгілі. Ислам діні пайда болғанға дейін бұл маңның халқы негізінен семиттер болатын. Діни кітаптарды жазушыларға сенетін болсақ, арабтардың түп тамыры еврейлердің ата-бабасы - Аврамнан тарайды. Сол Аврамның бір әйелінен туған - Исак еврейлердің атасы болса, екінші әйелінен туған Исмаил (Смайыл) - арабтардың атасы болып табылады. Бұған дейін сан-салалы діндерге, толып жатқан құдайларға құлшылық етіп жүрген арабтарды Ислам діні туының астына алып келген Мұхаммед ғ.с.

Қағбаның шырақшысы Әшімнің баласы Әбд-әл Мүттәлібтің бес ұлы болады. Сол бесеуінің ең кішісі Әбдәллах, Әмина атты қызбен некелесіп, одан біздің ж.с. 570 жылы Мұхаммед ғ.с. туады. Әке-шешесінен ерте айырылған Мұхаммед алдымен жақын туысы Әбутәліптің (әкесінің ағасы) малын бағып, кейін Хадиша деген жесір әйелдің сауда-саттығына көмектесіп,

**Бүгінгі қазақ жері тұрғындарының ислам дінін толық мойындау уақытын Алтын Орданың барлық халқын ислам дініне алып келген Өзбек ханның уақыты емес, 14 ғасырдың аяғында Бұқар шейхі сопы қожас Баха-ад-дин Накибандидің (1318-1389) елді бағындырып, мұсылман дініне алып келу үшін ондаған мың жасақты басқарып Ертіс бойына келген 366 шейхтың жорығынан бастаған дұрыс болар деп ойлаймын. Ауезов Е.К. «История ислама Жетysу 15-19 в.в»(9.. «Отан тарихы» 2006. № 42. 42 б.)* талай ел мен жерді аралап, сол кездегі ірі мәдени орталықтар Халеб пен Дамаск қалаларында болып, әр халық, әр діннің өкілдерімен танысып, тілдесіп, пікір таластырып, осылайша ол, оңы мен солын ерте біле бастайды. Бұл, арабтардың, семиттердің дәстүрлеріне сай, жаңа туған күн мен айға, толып жатқан басқа да құдайларға, табиғаттың дүлей күшіне, ата-бабаның рухына, ең соңында Мекке қаласындағы қасиетті «Қара тасқа» сиынып, сауда да, жалпы бар тірліктерінде берекелері кетіп, елдің басы бірікпей, қай салада болмасын, жан-жақтан дағдарыстың анталаған кезі болатын. Осы кезде елдің басын біріктіріп, рухын көтеріп, сенімін арттыруға бірден-бір ықпал ететін - дін деп түсінген Мұхаммед ғ.с. араб елінде бірінші болып Ислам дінінің туын көтерді. Алғашқы кезде, бар әлемге нұр шапағатын шашар жаңа ілімді, жаңа дінді өмірге әкелу дегенді ол ойламаған да екен. Оның бар арманы - әр дінді ұстанып, неше түрлі құдайларға сиынып, бірі отқа табынушылармен, енді бірі пұтқа табынушылармен, біразы иудей, біразы христиан дініндегілермен кетіп, тарыдай шашылып кеткен арабтарды бір діннің астына алып келу, сол арқылы елдің бірлігін сақтау болатын. Осы жолда ол Иудей мен Христиан дінінің талай үлгілерін де басшылыққа алды. Тіпті, құдайға құлшылық жасағанда ол, алғашқы кезде бетін қасиетті Иерусалим қаласына қарата-тын. Кейін келе ғой, оның құдайға құлшылық жасағанда намазды Меккеге қарап оқып жүргені. Болашақ Пайғамбардың бұл ойын арабтардың барлығы бірден түсіне де қойған жоқ. Мұхаммедке, жаңа дін үшін, қолына қару алып күресуге де тура келді.

620 жылы Хадиша, одан, араға екі ай салып ағасы, сүйеніші - Әбу Тәліб қайтыс болғаннан кейін, оның ең сенімді деген көмекшілерінің өздері Мұхаммедтен теріс айнала бастаған кезде, ол Меккеден 100 шақырымдай жерде жатқан Таифтен қолдау іздеп барады. Бірақ, оның бұл сапары сәтсіз аяқталады. Қолдау Пайғамбар мүлдем ойламаған тұстан, Ясриб қаласын мекен ететін хазрадж бен аус тайпаларынан келеді. Меккеде жыл сайын өтетін пұтқа табыну маусымында олардың 12 өкілі Мұхаммедпен кездесіп, оның жаңа ілімін қолдап қана қоймай, алдағы уақытта оған адал болуға және ол ілімді насихаттау, жүзеге асыру жолында көмектесуге ант береді. (Осы еңбектері үшін оларға кейін «ансар» (қолдаушы) деген атақ беріледі). Меккені тастап, Медина қаласына

келгеннен кейін, келесі бір ғибадат етуге жиналғанда, Мұхаммедке тағы да 70 ясрибтік оның іліміне адал болуға ант береді.

Ясриб қаласына (бұл қала, кейін - Мадинат ан - Нәби, яғни, Пайғамбар қаласы, қысқаша - Медина қаласы болып аталды) Бұған дейін меккеліктерге қызғанышпен қарайтын ясрибтіктер (мединеліктер), енді өздерінің жаңа жетекшілері - Мұхаммедке жан - жақты қолдау көрсетті.

Бұл Мұхаммед үшін үлкен уақиға болды. Сол күннен **(622 жылдың 20 қыркүйегінен)** Ислам дінінің ғасыры басталды деп түсіну керек. Бұл күнді арабтар - Хиджра (жаңа жерге көшкен күн) дейді. Ислам дінінің жыл санауы бүгінге дейін осы Хиджра күнінен басталады.

Мұхаммед пен оның жанындағыларды құшақ жая қарсы алған мединелік мұсылман қоғамы қысқа мерзім ішінде Мұхаммедтің басшылығымен өз ұйымдарының Жарғысын, алғашқы заңдары мен жаңа дінді ұстанудың күнделікті тәртіптерін де белгілеп үлгерді.

Алғашқы кезде жаңа діннің ұстанымдары мен тәртіптерін, басқа да жол - жоралғыларын, негізінен Иудей және Христиан діндерінің тәртіптеріне қарап түзеген Мұхаммед, енді Ислам дінінің негізгі ұстанымдарын арабтардың салт - дәстүрлеріне жақындатып, әсіресе от басы - ошақ қасы тәртіптерін (үйлену, үй болу, бала тәрбиелеу, от басындағы әйел затының орыны) арабтардың ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени, тұрмыстық салттарына жақындата түсті. Жеке меншіктің дамуына барынша мүмкіндік беріп, сауда жүргізудегі, алыс-берістегі тәртіптерді адалдыққа негіздеп, ислам дінін қабылдаған әр адамның күнделікті тірлікте не істеп, не істемеу керек екендігін, не ішіп, нені аузына алмау, яғни, **һарам мен халалді анықтап берді. Мұхаммедтің бұл жаңалықтары жаңа дінді қабылдағандардың көңілдерінен шығып, Ислам дінін басқалардан ерекшелендіріп, қай жағынан болса да, оны басқа діндерден жоғары қойды және де Медине қаласындағы иудей қоғамынан іргесін алшақтатуға мүмкіндік берді.**

Осылайша Ислам дінін мойынсынғандардың қатары күн санап өсіп, көп ұзамай жаңа дінге Батыс және Оңтүстік Аравия мен маңайдағы басқа да өлкелердің тұрғындары бой ұсынып, олар қай жағынан болса да Мединаға толығымен бағына бастады. Біртіндеп күш жинаған Мұхаммедтің жақтастары 630 жылы Мекке қаласын басып алып, содан кейін барып, Мекке қаласы ресми түрде мұсылмандардың астанасы болып жарияланғаны белгілі. Бірақ, Мұхаммед бұл қалада тұрақтап қалған жоқ. Ол Медина қаласына қайта оралып, 632 жылы, Хиджраның оныншы жылы (632 жылдың наурызында) Мекке қаласына салтанатты түрде хажылыққа барып, Мекке қаласының барлық қасиетті жерлерін аралап, тарихқа, «қоштасу» (хиджат -аль - вада) деген атаумен енген өзінің алғашқы, әрі бірден-бір толық «Ұлы хажылығын» (аль - хадж аль - акбар) жүзеге асырады. (Мұхаммед ғ.с. бұл хажылығын, жалпы хажылықтың басы деп түсіну керек болар). Бұл рәсім Меккенің Исламның діни орталығы ретіндегі рөлін бекіте түсті. Осыдан кейін дінсіздерге Меккеге баруға тыйым салынды. Өзінің осы хажылығынан кейін, араға үш ай салып, Мұхаммед Пайғамбар қайтыс болып, ол Медина қаласында жерленді.

Мұхаммед ғ.с. қайтыс болғаннан кейін, жаңа дінді қабылдаған біраз мұсылмандардың арасында, бастаған іс енді не болар екен, деген күдік туындап, біраз түсінбеушіліктер де болды. Бірақ, Мұхаммедтің ізбасарлары Ислам дінінің ықпалын арттыру жолында жан аямай күресіп, бас көтергендерді басып, жаңа діннің шекарасын кеңейте түсуге күш салды.

Басқа діндерге қарағанда, Ислам дінінің, басты үш ерекшелігі болды.

Біріншісі - Алладан басқа құлшылық ететін тәңірдің жоқтығы мен Мұхаммед ғ. с. Алла тарапынан бүкіл адамзатқа жіберген Пайғамбар екендігіне сену, яғни, Исламның ұранына айналған «Алладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед оның елшісі»;

Екіншісі - Мұхаммедтің, бұған дейін әр діннің көлеңкесінде шашырап жүрген арабтардың бастарын біріктіріп, бір Алланың үмбеті етуі;

Үшінші ерекшелігі - басқа діндегілер өз патшаларымен билікке таласып жүргенде, Ислам дінінің жетекшілері дұрыс үгіт, жақсы да жасампаз істерімен көзге түсіп, халық сеніміне ие болды да, ешкіммен таласпай-ақ, бірден ел билігін өз қолдарына алып, жаңа дінді қолдаушыларды бір Алланың туының астына жинауында болды.

Мұхаммед ғ.с - нан кейін Ислам дінінің тізгінін оның сенімді ізбасарлары: Әли, Әубәкір, Омарлар өз қолдарына алды. Аравияның алғашқы халифтары болып Мұхаммедтің ет жақындары тағайындалды.

Елдің бірінші халифі - Әубәкір (Әбу-бәкір) (632-634 ж.ж.) бар болғаны екі жылдай ғана билік жүргізді. Сол қысқа ғана мерзімнің ішінде ол елдегі алауыздықты жойып, Араб елінің іргесін бекітіп, көршілес жатқан Сирия мен Месопотамияны Исламның жасыл туының астына алып келді.

Елдің екінші халифі - Омар (634-644 ж.ж.) он жыл ішінде Сирия, Палестина, Иранды, Кавказдың оңтүстік бетін жайлаған жұтшылықты толығымен Ислам дініне алып келіп, Христиандардың екінші астанасы Константинопольге дейін жетті. Сол жолы ол Египетті де Ислам дініне қаратты.

Исламның осы үштігі туралы: Мұхаммед ғ.с. Ислам дінінің жасыл туын аспанға көтерсе, Әубәкір ол діннің жердегі билігін бекітті. Омар болса, Исламның дүниежүзілік билігіне қол жеткізді,- деп жазды кейін еуропаның дін зерттеуші ғалымдары. Ол шынында да солай. Омардың заманында Ислам дүние жүзі діндерінің қатарына қосылды. Мұсылмандарды дүние жүзі танитын болды. Ал, Исламның үшінші халифі болып Оспан тағайындалды. Мұхаммед Пайғамбар бастаған ұлы істі ол да ойдағыдай жалғастырды. Оның заманында мұсылманның жасыл туы Армения мен Кіші Азия, Ливия аспандарында желбіреді.

Төртінші халиф - Әлидің тұсында мұсылмандар арасына іріткі түсіп, олар, суннит пен шийт болып екіге бөлінді. («Халиф» дегенді сунниттер - «имам» дәрежесінде білсе, шийттер - «шен», болмаса «әмір», «әмірші» деп білді). Сунниттер мен шийттер билік үшін өзара тартысты. Тіпті, қантөгіске дейін барды. Нәтижесінде, Әли елдің астанасын Мединеден Куфа қаласына көшірді. Солай бола тұрып, арабтардың Ислам діні жолындағы жаңа жерлерге жорықтары бір де бір толастаған жоқ. Олар сегізінші ғасырдың аяғында, шығыста - Ауғанстанды, Орта Азияны, Африкада - Тунис, Марокконы, Еуропада Испанияны (Кордова

халифаты) Ислам дініне қаратып, Үнді мен Қытай елдерінің шекараларына да жетті (бүгінгі «сәләфилер» мен «ваххабтардың» аңсап жүргендері осы – басқаларды жаулап, басып алу, ол жерлерде өз үстемдіктерін, өз тәртіптерін орнату жолындағы табысты жорықтар деуге де болады).

Кейін арабтар Ұлы Далаға да жетіп, ол арқылы Қытайдың біраз жерлерін жаулап, ол сол елдің жекелеген халықтарын мұсылман дініне бас игізді (қазіргі ұйғырлар мен дүнгендер).

751 жылы біздің Талас өзенінің бойында Қытай мен Арабтардың қалың қолдары кездесіп, дін жолындағы қырғын соғыста Арабтар Қытай әскерін тас – талқан етіп жеңген болатын. Бұл соғыста жергілікті халықтың арабтар жағында соғысқанын естен шығармаған жөн. Бұл уақиғаны - Қазақ даласына Ислам діні келуінің басы деп түсіну керек.

Жалпы Қазақ даласына Ислам дінінің келуі туралы әңгімелегенде, ең алдымен Ислам дінінің (Шығыс философиясының) негізгі үш бағыты (үш ағымы) болғанан атап өту керек болар. Олар:

- **ортодоксты Ислам, яғни Араб халифатындағы үстем таптың ел билеу идеологиясы (шийтердің идеологиясы);**
- **сопылық (суфизм), бұл неоплатондық ағым;**
- **аристотелизм, яғни Аристотельдің жолын қуушылар ағымы.**

Байқайсыздар ма, Ислам дінінің екінші және үшінші ағымдары Ислам дінін ғылымға - философияға жақындатып келеді. Исламның ғылыми ағымының басында: Фахрад - дин ар-Рази, әл-Фараби, Ибн Сина, Наср ад-дин ат Туси деген ғұламалар тұрғаны белгілі. Ал, Исламның сопылық ағымының басында шығыстың ұлы философы - әл-Газли (1058 - 1111ж.ж.) мен әл-Жилани деген ұстаздар тұрғанын білеміз. Келе-келе олардың философиялық ойларын дамытып, Ибн Араби деген ғұлама алға шықты. Өзінің білімі, ойы жағынан басқалардан озық туған Ибн Арабиді еуропалық ғалымдар - «Платонның ұлы» деп те атады. Ибн Арабидің ілімі бойынша адамның өзі толық бір дүние, бүкіл әлемді танығың келсе, ең алдымен өзіңді - өзі терең тануың керек деген ойды ортаға салған болатын, ол ғұлама. Шынында да, адам өзін - өзі танымай жатып, басқаны тануы мүмкін емес. Ең алдымен өзіңді таны, сосын өзіңді басқалармен салыстыр. Сонда ғана өзіңнің шама-шарқыңды білесің. Бұл қағидаға сүйенсек, Исламның сопылық ағымның басында - ең алдымен адамның, оның мүмкіндіктерін білу талаптары тұрғанын анық көреміз.

Осы ағымдардың ішінде біздің жерде (Қазақстанда) қанатын ең кең жайған - сопылық ағым (суфизм). Заманында оның басында Қожа Ахмет Яссауи мен Әбуәли Ықлас Ата Шашты Әзиз тұрғаны белгілі. Сопылық ағымның негізгі төрт ұстанымы болғанын білеміз. Олар:

- **Ақиқат (Алланың ақиқаттығын тану);**
- **Мағрифат (айналадағы әлемді тану);**
- **Тарихат (өзіңді тану). (Ұлы философтардың - «Познай себя» дегені осы болар;**
- **Шарихат - жоғарыда айтылған үш ұстанымға жетудің жолдары (бұлар дін емес, ғылымның талаптары ғой) .**

Осы діни ағымды қазақ арасына насихаттауды бастаған Қожа Ахмет Яссауи мен Ықлас Ата Шашты Әзиз болса, оның жолын қуған - Тәуке ханның Бас Әзіреті Мүсірәлі, одан кейін - Бекет ата. Бұлар төртеуі де - Пір болған суфистер еді.

Суфизмнің толып жатқан ілімдерінің (идеяларының) бірі - адамның мүмкіндігі шексіз, Алла жолында адам бұларды алдына міндет етіп қойса, ол бәрін де орындай алады. Тек, өзінің барлық мүмкіндіктерін сарқа пайдаланып, табиғатпен тұтастаса білу керек. Бұл идея шығыс діндерінде көп кездеседі. Ал, адамның өз мүмкіндіктерін сарқа пайдалану, бұл - Йога емес пе? Суфизмнің тағы бір ерекшелігі, бұл кім болса да, неден болса да өзін - өзі шектеу, ненің болса да шегін білу болатын.

Бәрі дұрыс. Бірақ, Қазақ жерінде сопылықтан басталған Ислам діні, енді сопылықты ұмытып, қалайша ортодоксты дінге айналды? Қазақстан сияқты зайырлы мемлекетте, мемлекет пен діннің арасы айырылған елде, дін қалайша ел билеудің идеологиясын ұстанып келеді? Түсініксіз. Қазақ даласына Ислам дінін алып келген, жан-жақты насихаттаған, біздің елімізде сопылық ілімнің негізін қалаушылар: Қожа Ахмет Яссауи, Ықлас Ата Шашты Әзиз, Пір Мүсірәлі Әзірет, Пір Бекеттер - бұлардың барлығы Ислам дінінің суфизм ағымын ұстанушылар болатын. Сонда оларды ұмытқанымыз ба? Ойланатын - ақ жай.

Ислам діні араб жерінде өзінен бұрын пайда болған діндердің үлгісімен дамығанының бір дәлелі - Иудей мен Христиан діндерінің алғашқы үш Пайғамбарына жіберілген («Таурат» - Мұса Пайғамбарға, «Зәбүр» - Дәуіт Пайғамбарға, «Інжіл» - Ғайса Пайғамбарға) кітаптарды хақ деп санауында және оларға шұба келтірмеуінде. Мұсылмандар үшін осы үш кітаптан кейінгі мұсылмандардың Қасиетті кітабы - Құран (қазақшаға аударғанда - «оқы» деген сөз). Құран – Мұхаммед Мұстафа ғалейкум - ас - салам Пайғамбарға түскен. Оның алғашқы бес аяты Мұхаммедке Хира тауының үңгірінде Жәбірейлі періште арқылы аян етілген деп жазылады.

Құран - меккелік және мединалық болып бөлінеді. Ол 114 сүреден тұрады. Құран Мұхаммед Пайғамбар о дүниелік болғаннан кейін, оның ізбасарларының бірі Әбу - Бәкірдің тапсырмасымен жинақталып, қағаз бетіне түсіріледі. Зайд - ибн Сәбит деген оқымысты азамат екі дүниені нұрландырушы - Құранды 651 жылы жазып бітіреді (8.). Құран сол замандағы таза араб тілінде жазылған, сондықтан да бүгінгі күні Құранды аудару мүмкін емес дейді білетіндер. Осыған байланысты, басқа тілдерде Құранның тек түсіндірмесін ғана береді.

Құранды оқып отырып, Иудей мен Христиан діндерінің пір тұтатын: Нұқ, Ыбраһым, Ысқақ, Смайыл, Жүсіп, Дәуіт, Сүлеймен, Иса (Ғайса) мен оның анасы Мариямның өмірлері жайлы жазбаларды көруге болады. Яғни, бұл Пайғамбарлардың барлығын Ислам діні қуаттайды деп түсіну керек. Құранда Мұхаммед ғ.с. ең соңғы Пайғамбар деп танылады.

Сонау, біздің ж. с. алтыншы ғасырының орта шенінде жазылып, қағазға түскен Құранның кереметтігі сол - ол бүгінге дейін өзінің құндылығын бір де бір жоғалтпай, біраз мұсылман елдерінің Ата Заңы (Конституциясы) болып отыр.

Алланың және Пайғамбардың бұйрықтарына бой ұсынып, көңіл бөлгендерді - мұсылман дейді. Басқа діндерде жоқ - иман, имандылық деген ұғым, тек Ислам дінінде ғана бар.

Иман - Исламның ақиқаттарына сену.

Иман - Ислам дінінің негізгі қағидаларын орындау.

Мұхаммед Пайғамбардың Хадистерін оқып отырып, имандылық дегеніміз – жамандықтан жирену, одан қолын, тілін және көңілін аулақ ұстау, арам ойдан аластау. Әр мұсылман Алланың әміріне қайшы келетін барлық істерден сақтануы керек. Ол ешкімнің алдауына түспейді, ешкім оны осы жолдан тайдыра алмайды. Алла бүкіл адамзатты тең жаратқан, сондықтан әр иманды адам өзін басқалардан үстем ұстап, дандайсымайды. **Сондай-ақ өзін басқалардан кем санап, ешкімге бас ұрмайды. Алладан басқа ешкімге құл болмайды** (Нағыз теңдік пен демократияның негізі осында жатқан жоқ па!?).

Шын мұсылман адам ғана, адамгершілікке жарасатын барлық жақсы мінездерді бойына жинап, әр адам баласына пайдасын тигізеді. Дүниеге тап - таза рухпен келген мұсылман баласы бойындағы қасиеттерін иман нұрымен нығайтады, дүниедегі адамгершілік міндеттерін толық атқарғаннан кейін ғана көңілі жай тауып, Алламен қауышады.

Бұлармен қоса Құранда:

1. Ғаламды жаратушы Алла бар екендігіне сену. Мұхаммед Ғаләйһис-сәламнің Алланың елшісі екендігіне сену;

2. Оның періштелеріне сену;

3. Оның кітаптарына сену;

4. Оның жіберген Пайғамбарына сену;

5. Ақырзаманның болатындығына сену;

6. Жамандық пен жақсылықтың шын мәнінде Алла тағаладан екеніне сену;

7. Өлгеннен кейін қайта тірілуге сену - бұлардың барлығы Ислам дінінің негіздері деп жазылған.

Құранның Ыхлас сүресінде:

-(Мұхаммед ғ.с.) айт: Ол Алла, біреу - ақ. Алла мұңсыз (Әр нәрсе Оған мұқтаж). Ол, тумады да, туылмады. Әрі Оған ешкім тең емес, делінген.

Әр мұсылманның күнделікті және жалпы өмірде атқаратын бес Парызы бар. Олар:

1.Алланың барлығы мен бірлігіне сену;

2. Діннің дінгегі болып табылатын, күнде бес уақыт намаз оқу;

3.Дін талаптары бойынша кем дегенде, жылына бір рет, мал-мүлкіне сай зекет беру;

4. Рамазан айында бір ай ораза ұстау;

5. Денсаулығы жақсы және де жетерліктей мал - мүлкі болса, өмірінде бір рет хажылық ғибадатын орындау.

Жоғарыда атап өтілген мұсылманның бес парызына көңіл аударатын болсақ, олардың әрқайсысының негізінде адам өміріне, оның ой - өрісін дамыту

мен қатар бұл өмірдің қай жағынан болса да әр адамға деген үлкен қажеттіліктер жатыр. Құдайға құлшылықпен қатар, әр парыздың астарында үлкен мән барын көреміз. Уақытты өлшеу, білу, дене шынықтыру, тазалықты сақтау, тазару, бой жазу, дүниені көру, басқалармен өзінді салыстыру, үйрену т.т.

Ең бір өкініштісі, біздер қазақтар осы күнге дейін Құран мен Мұхаммед Пайғамбардың Хадистерін терең түсініп, ондағы талаптарды толығымен орындай алмай отырғанымызда. Оның адамды тәрбиелеудегі маңызы зор екенін әлі де түсінбей келеміз. Содан барып діндарларымыз әлі күнге дейін бес парыздың шеңберінен шыға алмай-ақ келеді. Мұсылмандық идеология, мұсылмандық діни философияның айтары да, адамзатқа берері де көп. Оны тек оқып, үйрену, сол талаптарға сай ой-өрісімізді кеңейте беруіміз керек. Бұл жағы бізде жетпей жатады.

Жоғарыда біз Ислам діні: сунит, шийт болып екіге бөлінді дедік. Бұлардың екеуі де мұсылмандар, екеуі де Құранды толығымен мойындайды. Бар айырмашылығы: суниттер Құраннан кейін Мұхаммед Пайғамбардың Хадистерін (Мұхаммед Пайғамбардың өсиеттері) мойындаса, шийттер өздерінің күнделікті өмірлерінде, Құраннан кейін Хадистер емес, Әлиден қалған «Ахбар» жинағын басшылыққа алады. Суниттер мен шийттердің Ислам дінінің жол – жоралғыларын жасауда, діннің жалпы ұстанымдары мен талаптарында басқа да айырмашылықтары баршылық. Мысалы: дін жолындағы күресте шийттер адам өлтіруге қарсылық етпейді. Шийттер Құдайға құлшылық ету кезінде зікір салып, ұрандатып, түрлі мистикаға беріледі. Суниттер бар халифтерді бірдей санаса, шийттер Әлиді басқалардан жоғары қояды, сондықтан болар, шийттер баспадан шығарған Құранда, Әли басқалардан ерекше мадақталады. Шийттер бүгінге дейін өздерінің мешіттерінде Әлиді, оның «Ахбарын» мадақтаса, олардың барлық діни шараларының басты кейіпкерлері, Әлидің, дін жолында шәйіт болған балалары - Хасен мен Хұсейн болып табылады. Иранда болғанда оны біз өз көзімізбен көрдік.

Жоғарыда біз Ислам діні дүниедегі бар діндердің ішіндегі ең жасы, басқалардан біраз кейін пайда болған дін деп, атап өткенбіз. Содан болар Ислам діні өзіне дейінгі басқа діндердегі ең озық, қарапайым адамның жүрегіне жылы тие-тін құндылықтарды өз бойына жинап алды, деуге болады. Біріншіден, Ислам діні Христиан дініндегі барлық Пайғамбарларды мойындайды. Олар: Адам Ата, Ідіріс, Нұқ Пайғамбар, Хұд, Салих, Ибраһим, Лұт, Исмаил, Ысхақ, Яқұп, Юсып, Әиуп, Шұғайып, Мұса, Харун, Сүлеймен, Ілияс, Әлясағ, Юныс, Зұлкафил, Зәкерия, Яхя, Иса (ғаләйһімүссәлам), жиырма бесіншісі - Мұхаммед (ғаләйһімүссәлам). Бұл Пайғамбарлардың барлығының аттары Құранда жазылған. Ислам діні, өзі бастауын алған діндердің Пайғамбарларын мойындаса, Еуропаның И. Гете бастаған не бір ғұламалары Ислам дінін мойындап қана қоймай, оның адамзатқа сыйлаған құндылықтары мен Ислам философиясын жоғары бағалағандары соншалықты, олар өздерінің діндерінен шығып, Ислам дінін өткендерін атап өткен жөн.

Ислам дінінің басқа діндерден тағы бір айырмашылығы, тіпті артықшылығы - қасиетті Құраннан кейінгі орында тұрған Мұхаммед пайғамбар Хадистері-

нің тура жолды көрсетуі. Хадистер - иманды болудың, кімге болса да дұрыс өмір сүрудің жолдарын көрсететін ілім мен тәртіп - талаптардың жиынтығы. Ғасырлар бойы жыйнақталып, кімге болса да түсінікті етіліп жазылған бұл ұлы еңбек мұсылман қауымын жақсылыққа бастар жол болып табылады.

Ислам діні, Христиан дініндегі: Мұса Пайғамбарға жіберілген - «Тауратты», Дәуітке жіберілген - «Забурды», Иса (Иисус) Пайғамбарға жіберілген «Інжілді» толығымен мойындап, бар тірлігінде Мұхаммед Пайғамбарға жіберілген Құранды басшылыққа алып, Хадистердің баптарына сүйеніп өмір сүреді. Христиан дінінде де, Ислам дінінде де - «Өлген соң кәбірден тіріліп, тұмаққа иландым», немесе өлген соң тірілу рас, хак делінеді.

Христиан дінінде, адамдардың барлығы құдай алдында бірдей күнәлі, делінсе, Ислам дінінде бұл жай, мазмұны бір болғанымен, сәл басқашалау жазылады. Мүминдердің тәулігіне бес рет намаз оқитын орынын дайындау мақсатында Құдай тағаланың: «Меккеге жақын жердегі Тур сина, Төр зина, Хура, Лубнан және Жуди деген бес таудан (бес намаз) тас келтіріп, Қағбаны сол тастардан тұрғыз (бина)», - деген бұйрығына тікелей байланысты. Өйткені, «соңғы уақыттарда Қағбаға жүзін бұрып, Тауаф еткен (Қағбаны айналып жүру), һәм бес намаз оқыған адамның сол бес таудың ауырлығындай күнәсі болса да, күнәсін кешіремін», - деген ишаратында жатыр. «Қағбаны саларда Жабраил періште тас кесті, бөтен періштелер кесілген тасты тараштап (тегістеп) берді. Ибраһим Пайғамбар баласы Исмағил аллаһи - с - салам тастарды тасып, Қағбаның орнына келтірді, делінеді. Ибраһим Пайғамбар ол тастарды өзі қалап, там жасапты. Тамды орнатарда төрт бұрышына төрт тас қойды. Бірінші бұрышына тас қойғанда - «субхан Алла», екінші бұрышына тас қойғанда - «әлхамду ли-л - лаһи», үшінші бұрышына «ла иллаһи илла Алла», төртінші бұрышына «аллаһу акбар» деп тасбих етті», - делінеді (9. 42.). Ы. Алтынсарин. Мұсылманшылық тұтқасы. Қазақстан. 1991.) Яғни, мұсылмандардың тәулігіне бес рет намаз оқулары – Аллаға сыйынып, бес рет кешірім сұрау деген сөз.

Әр пенденің көңілінде болатын пиғылдар жайлы Құранда олар - бірі көркем, енді бірі бұзық сипатта болады делінеді. Аяттар мен Хадистерде көрсетілген жеті түрлі жаман мінездер былайша болып келеді:

- әуелі куфр - дінге сенбеу, дінсіздік;
- екінші бидғат - діннен бөлек өз ойынан шығарған уағыз;
- үшінші кубір - менмендік, өзімшілік;
- төртінші рия - мақтану (мақтаншақтық), өзін-өзі көрсету;
- бесінші хасад - қызғаншақтық, күншілдік;
- алтыншысы бухл - сараңдық;
- жетіншісі исраф - дүние шашқыштық, ысрапшылдық болса, осыларға қарсы тағы да жеті түрлі мінез болады, деп көрсетіледі. Олар:
- алдымен куфрлікке қарсы - иман;
- одан кейін самауя (самғия) - ең жоғарғы әділдік;
- үшіншісі - адалдық пен ақ көңілділік;
- төртіншісі тауадуғ - сыпайылық пен шын берілгендік;
- бесіншісі - дұрыс насихат;

- алтыншысы сахауат - жомарттық, кең пейілділік, қайырымдылық;
- жетіншісі машруғ - малын үнемдеп жұмсау, бекер ысырапқа жол бермеу. Қарап отырсақ Құран мен Хадистер кімді болса да: дінсіздіктен, менмендіктен, мақтаншақтықтан, қызғаншылықтан, сараңдықтан сақ болуға, сонымен қатар: ең алдымен имандылыққа, әділдікке, адалдық пен ақ көңілдікке, сыпайылыққа, дұрыс насихатқа, жомарттыққа, кеңпейілдікке бастап, бекер ысырапқа жол бермеуге шақырады. Бұлардың несі жаман? Алланың атын ауызға алып, мұсылмандар тек сол даңғылдан бұрылмай жүре берсе, арманына жетеді деп түсіну керек. Міне, мұның барлығы Ислам дінінің құндылықтарын құрайды.

Қазақ халқының түбі - түрік, діні - ислам. Қазақтар исламның ішінде имам Ағзам Әбу Ханифа (б.д.7-ші ғасыры) салған мәзһабын ұстанады. Қазақтар о бастан сунниттер (Суннат - Мұхаммед Пайғамбардың айтқанымен болған іс-әрекеттер жайлы аңыздар жиынтығы, немесе Заң деген сөз).

ЗАРОАСТРИЗМ

Дүние жүзіндегі негізгі діни ағымдардың басшылыққа алар ұстанымдарын тәптіштеп әңгімелеп отырғанымыздың бірден-бір себебі - олардың барлығының бастауы, осыдан бірнеше мың жыл бұрын Ұлы Далада пайда болған Зороастризм (религия Огнепоклонников) дінінде жатқан сияқты. Олай болатын себебі:

- біріншіден, Зороастризм дінінің пайда болған уақыты басқа діндерден әлдеқайда бұрын болса;
- екіншіден - басқа діндердің негізін құрайтын уағыздары, мақсаттары, ұстанымдары мен тәртіптері осы Зороастризм дінінің уағыздарына ұқсас, олардың түп тамырлары тектес болып келеді.

20 - ші ғасырдың зерттеушілерінің бірі - Күнге табынушылар дінінің басында Зәрдөш Пайғамбар тұрды, сондықтан да оны сол Ұлы адамның атымен – Зороастризм діні дейміз десе, екіншілер - жоқ, Зороастризм діні Зәрдөш Пайғамбарға дейін қалыптасқан. Ол, осы елдегі малшылар мен егіншілердің діні болған, - дейді. Бұл тұжырымды немістің иранист ғалымы Г. Хумбах та қуаттайды:

- «Зәрдөш Пайғамбар ахураға деген сенімді өзінен бұрын өткендерден үйренген сияқты. Мүмкін сол Ахура Мазданың ойлап тауып жүрген де өзі болар, сөйтіп ахураны сол Ахура Мазданың ерекші бір қасиеті деп таныған да болар. Мүмкін Ахура Мазда дінінің негізі болып саналатын дуализімінің негізін оның алдындағылар ойлап тапқан сияқты.

Зороастризм діні - Күнге табынушылардың діні. Ол дінді ұстанушылар дүниеде не болса да, барлығы күннен жаралған. От болса, күннің жердегі белгісі деп есептеген. Олар отқа табынған, оның тылсым күшіне сенген. Қазақтың, отың өшпесін, деген ұғымы осы заманнан қалған болуы керек. Сондықтан да, ошақтарындағы отты ешқанда өшірмеген, өздерінің ғибадатханаларында отты сақтаған.

Бұл діннің пайда болған заманын дәл айта қою қиынырақ болар. Оны зерттеушілер, біздің дәуірімізден бұрынғы үшінші - екінші мыңжылдықтарға алып барады. Ол дін жайлы жазған еңбектерді зерделей отырып: Ахура Мазда (Зороастризм) діні, дүниедегі ең бірінші дуализм (олар бар дүние екі жақтың

тартысынан тұрады деп түсіндіреді) діні. Ахура Мазда дінін қуаттаушылар - ақ пен қара, күн мен түн, жақсылық пен жамандық қашан да қатар жүреді және де өмір бақи күресте болады, - деп түсіндіреді. Оларша, қашан да осы екі жақтың тепе-теңдігі сақталуы керек, келе - келе, ақ - қараны, жақсылық - жамандықты, күн - түнді жеңуі керек, дегенге дейін барады. Олардың осы қағидасы бойынша, кімді болса да ол жеңіске әр адамның жақсы ойы, жақсы сөзі және жақсы ісі жетелемек.

Ахура Мазда дінін насихаттаушылар, Ахура - ие, құдірет, Мазда – данышпандық, деп түсіндіреді. Яғни, «Ахура - Мазда» дегеніміз - дүниені данышпандық ілімімен билеу, сол іліммен басқару, деген сөз. Осы дінге сенушілер кезінде өздерінің осы түсініктеріне сай қоғам құрып, Ахура Мазда дінінің қағидаларына сүйене отырып, сол қоғамды басқара да білді. Француз ғалымы Ж. Дюмезильдің айтуы бойынша, олар өздерінің қоғамдарының мүшелерін үш топқа бөлген. Олар:

1. Діндарлар мен абыздар;

2. Әскери ақсүйектер;

3. Егіншілер мен малшылар (Қоғам мүшелерін осылайша сатылап таптарға бөлу басқа діндерге де тән екені белгілі. Әсіресе, Индуизм, Буддизм діндері).

Яғни, Ж. Дюмезильге сенсек, абыздар данышпандық ілімін насихаттап, өз қоғамының мүшелерін Ахура Мазда құдайы салып берген сара жолға жетелесе, дихандар мен малшылар еңбек етіп, қоғамның байлығын қалыптастырады. Ал әскери ақсүйектер болса, олардың міндеттері - ел мен жерді сыртқы жаудан қорғау, қоғам мүшелерінің бейбіт өмір сүрулеріне жағдай жасау болатын. Оларша, осы үшеуі, үш топтың мүшелері, әрқайсысы өздерінің міндеттерін бұлжытпай орындағанда ғана қоғам бақытты өмір сүрмек. Қарап отырсақ, сол кездің өзінде - ақ, қоғам мүшелері арасында еңбек бөлісі болған екен және де сол бөліске сай, әркім өзінің тиісті міндеттерін жақсы білгенге де, атқарғанға да ұқсайды.

Қоғам мүшелерінің ішіндегі соңғы екі топтың - әскери ақсүйектер мен дихан-малшылардың міндеттері бізге түсінікті болса, діндарлар мен абыздардың міндеттерін тереңірек талдап көрелік. Себебі, бұл - сол заманның қоғамды басқару идеологиясының негізі болған сияқты.

Абыздардың міндеттері, бұл - насихат, дінді, діни қағидаларды, Ахура Мазда дінінің тәртіп-талаптары мен негізгі ұстанымдарын, сол заман талабына сай туындаған идеологияны уағыздау болатын. Олар жүргізетін діни уағыздар:

1. Жақсы ой, яғни қоғам мүшелерін жақсылыққа жетелер ойға шақыруға;

2. Жақсы сөз, яғни, қоғам мүшелерін жақсылыққа бастар сөз айтуға;

3. Жақсы іс - қоғамға пайдалы іс - қимылға жетелеуге бағытталған болатын.

Мосының үш бұтындай тең, осы үштікке сүйенген, осы негізгі үш талапты адал орындаған, осы үш талапқа сай өмір сүрген қоғам ғана алға жылжымақ, табысқа жетпек, береке - байлыққа кенелмек, - деген олар.

Бүгінгі біздің қоғамға да жетпей отырғаны осы үш талап емес пе? Қоғам мүшелерінің жақсы сөзі, жақсы ойы және жақсы ісі. Ойдың, сөздің және істің

жақсы болуы - олардың бір жерден шығу емес пе! Сөз бен істің бірлігі емес пе!? Біздің де қоғамымыздың әр мүшесі, ең болмаса осы үш талапты қалтқысыз орындаса, ісіміз - ойымыз бен сөзімізге сай болса, біз де біраз жерге барып қалар едік. Өттең...

Тарихшылар, осы Күнге табынушылар дінінің Пайғамбары Заратуштраны (бізше Зәрдөш Пайғамбар) дүниеде болған адам, ол Спитама руынан. Әкесінің аты Порушаспы, оның өз есімінің мағынасы «кәрі түйенің иесі», немесе «кәрі түйені айдаушы» деген ұғымды білдіреді деп жазады ғалымдар.

Ал, ағылшынның иранист ғалымы Мэри Бойс өзінің «Зороастрийцы, верования и обычаи» деген еңбегінде:

- «Зәрдөш Пайғамбардың өмір сүрген уақыты ерте заманда болғаны соншалықты, оны тіпті, ізбасарларының өздері жете білмейді. Содан барып, ғасырлар бойы Иранның көптеген өлкелері Зәрдөш Пайғамбардың қасиетті Отаны атануға таласты. Біразға дейін Иранның солтүстік батысында жатқан Әзірбайжан - Пайғамбардың туып өскен жері,- деп есептеліп келді. Ал, Пайғамбардың жазып қалдырған гимндерінің мазмұндарына қарағанда, **оның Отаны - Еділ өзенінің шығысында жатқан Азия даласы сияқты» (10.).**

Еділ өзенінің шығыс жағындағы Азия даласы, дегенің біздің еліміз, біздің жеріміз емес пе?! Сонда, Зороастр (Зәрдөш) Пайғамбардың өмір сүрген жері де, Ахура Мазда дінінің пайда болып, ел арасында кең қанат жайып, Ахура Мазда дініне бас июшілерді - жақсы ойға, жақсы сөзге, жақсы іске бастаған жері - Ұлы Дала төсі, Тұран төсі, соның ішінде - Торғай жері болып шықпай ма? Ия, солай. Яғни, дүние жүзіндегі ең алғашқы діндердің бірі (ол кезде Иудей де, Будда да, Христиан да, Ислам да діндері болған жоқ) Ұлы Далада туындап, дүниедегі ең алғашқы Пайғамбарлардың бірі - Зәрдөш (Зороастр) Пайғамбардың діннің туын жоғары көтерген жері біздің жеріміз, Ұлы Дала төсі, ал оның өзі біздің жерлесіміз болып шығады.

Мэри Бойс осы еңбегінің ағылшын тіліндегі басылымының алғы сөзінде:

- «Бүгінгі діндердің ішінде Зороастризм оқып-үйренуге тым ауыр дін болып есептеледі. Одан қалған талай қасиетті жазбалардың жоғалуы бұл жұмысты тіпті қиындатып отыр. Осыдан 3500 жыл бұрын Азия даласында пайда болған бұл дін талай ғасыр бойы осы өлкеде өз билігін жүргізді. Зороастризмнің қасиетті де біртума доктриналары Таяу шығыста Иудаизм, Христиан және Ислам діндерінің пайда болуына үлкен әсерін тигізді. Ол заманда Иранның билігі шығысында Солтүстік Үндістанға дейін жайылды. Мұнда Зороастр діні Буддизмнің Махаяна бұтағының пайда болуына әсер етті. **Сондықтан да дүние жүзі діндерін зерттеп жүрген кімге болса да, ең алдымен Зороастризм дінінің негізін оқып, танысқан артық болмас деп білемін. Зәрдөш Пайғамбар, бұл заманда Тас дәуірінің орнына Қола дәуірі келе бастаған заманда өмір сүрді, дей аламыз...» (10.).** (Қола дәуірінің басталуын ғалымдар біздің ж.с. дейінгі үшінші мыңжылдықтың басына алып барады).

Осы жайларға қосымша, бұл еңбекте, Күнге табынушылардың дінін қабылдаған үнділер мен ирандықтардың барлығы о баста солтүстікте жатқан ең даланы мекен еткендіктері, дінді қабылдағаннан кейін ғана олар бүгінгі жайлап

жатқан жерлеріне көшкендері жайлы, ал Зәрдөш Пайғамбардың өзінің скиф елімен тікелей қатысы бар екендігі жайлы хабар береді.

М.БОЙС: Гаттағы гимндер, иран халықтарының ата тегі, қола өндіруші тайпалар ретінде, солтүстіктегі жатқан далаларда өмір сүрген уақытта, біздің ж.с. дейінгі екінші мыңжылдықта пайда болды...(10.) десе, С.Г. Кляшторный мен Т.И. Сұлтановтар өздерінің еңбектерінде арийлардың мекен еткен, өздерінің жаңа діндерін уағыздаған жерлерін былайша жазады:

- «Зәрдөш Пайғамбар тайпаларының мекен еткен жерлеріне келетін болсақ, көптеген оқымыстылар, өз қарсыластарынан әрдайым үстем болуды тілеп, бір құдайға, бір тілде сиынатын: арий, тұр, хьон халықтары өзара қақтығыстарын, Авестада көрсетілген: Аму-Дария, Сыр-Дария, Каспий, Арал, Еділ, Кама (Ақ Еділ) жағалауларында өткізетін. ... скифтер дәуірі басталғанға дейін олармен бірге иран тілді талай тайпалар, Азия құрлығының солтүстігінде, скифтер жұртына жақын жерде мекен еткендерін атап өтеді» (2.).

Осы дін, бұған дейін бейбіт жатқан: Тұр, Дай, Хьон, Агрипей, Аримаспа және басқа халықтарды екіге бөлді. Дінге сенгендер, Ахура - Мазда дінінің ұстанымдары мен талаптарын орындап, қағидаларын басшылыққа алғандары «арийлер» болды да, қалғандары тәңірге сеніп, соған құлшылық етіп, өздерінің бұрынғы аттарымен - Дайлар, Тұрлар, Хьондар, Аримаспалар және басқалар болып қала берді. Дінге сенгендер, біз діндарлармыз, ақпыз, арымыз таза - «арийміз» дейтін болды. Бұл заман, жаңағы халықтардың мал бағып, аң аулап, енді - енді үй салып, жабайы өскен бидай мен арпа аздық етіп, сабанның (дән салуға арнап жерді тесетін құрал) көмегімен егін салып, сол егінді қорып, отырықшылыққа келген кезіне келеді. Енді, бұған дейін, салт-санасы, тыныс-тіршілігі, кәсібі бір халық, қабылдаған діні мен сенім - наным, кәсібі мен тұрмыс салтына орай екіге бөлінді. **Бірі - мал соңында көшіп жүретін көшпелі болса, екіншісі егін салып, үй тұрғызып, отырықшы болды.** Бірі жалпы Жаратушыға сенсе, екіншісі Жаратушы мен қатардағы діндарлардың арасын жақындататын, олардың арасындағы байланысты нығайтатын, қатал тәртібі мен талаптары, түрлі нанымдары мен ұстанымдары бар, діндарлардың рухын оятып, көп нәрсеге олардың көздерін ашатын Ахура - Мазда дінін ұстап, «арий» болды.

Тасқа басылған бұл сөздердің барлығын ой елегінен өткізе отырып, біз үнділер мен ирандықтардың түп тектері Ұлы Даладан шыққандықтарын айқын байқай аламыз.

Зороастризм дінін ғалымдар ежелгі иран халықтарының діні дейді. Ол, рас. Осы жайларға, біз, тек мынандай ғана түсініктеме бере кеткіміз келеді. Себебі, **біздің зерттеулеріміз бойынша Зороастризм дінінің пайда болуы иран халықтарының пайда болуынан әлдеқайда ертеде жатыр. Біз, осы Зороастризм діні иран халықтарының пайда болуына, оларды дінге сену жолымен өздерінің қандастарынан бөлініп шығуларына бірден - бір әсер еткен жай деп топшылаймыз.** Тарихшылар, бұл жайды ашық айтып отырған сияқты. Біздің білетініміз, «Иран» сөзі пайда болғанға дейін, алдымен «Арий» сөзі пайда болып, олардың мекен еткен жерлері, о баста «Арийанам - вайчах» (Арийлердің мекені, Арийлердің даласы) болып аталды. Содан, бара - бара осы

«арий» сөзі «иран» сөзіне айналған. Яғни, дінге сенушілер алдымен өздерінің қоғамдарынан «арий» болып бөлініп шығып, келе - келе, сол арийлардан Иран халқы қалыптасты дей аламыз. Біздің елде, сол иран халқы – арийлардың, алдымен «арий» болып, содан «иранға» айналғанға дейінгі жүріп өткен жолдары әлі күнге дейін сайрап жатыр. Ол мына, Орал тауының маңы (Андрон дәуірінің толып жатқан ескерткіштері - Арқайым және басқалары), одан әрі қарай Арал теңізінің маңы, Оңтүстік Қазақстандағы Созақ, Шымкент, Сауран маңы (Тарсақ тауы - отқа табынушылар тауы), Арпаөзен, Алматы облысындағы «Отар» («Атар» - оларша от), Жамбыл облысындағы «Аспара» (атқа қонған - әлде «мінген») жер) өзені, Түркменстанның жері, әрі қарай, қазіргі Иран жері. Бұлардың барлығы отқа табынушылардың сол замандағы мекендері болған.

1. Жақсы ой, яғни, жақсылыққа жетелер ой;
2. Жақсы сөз, яғни, жақсылыққа бастар сөз;
3. Жақсы іс - қоғамға пайдалы іс-қимыл, қоғамның байлығын арттыра түсуге жол ашар іс болатын.

Осы үштікке сүйенген дінді ту етіп көтеріп, сол кездегі қоғамның талабына сай бұл дінге жаңалықтар енгізіп, дем беріп, айналасындағыларды жақсылыққа жетелеп, адам баласын түрлі жамандыққа қарсы күреске шақырған Заратуштра (Зороастр, Зәрдөш Пайғамбар болатын (ұқсастығына қарап, «Жаратушы» деп қалмаңыздар. Ахура Мазда дініне сенушілер жаратушыны аспаннан іздеген).

Пайда болған жері Ұлы Дала болғанымен, бұл дінді терең зерттеп жүргендер еуропалықтар мен Иран елінің ғалымдары. Солардың бірі Фаридун Джунайди. Ол өзінің бір еңбегінде: Бұл дін бойынша Жаратушы, бұл дүниеге екі күшті алып келді. Оның бірі - жасампаздық (спанта мини) күші болса екіншісі – талқандаушы, бүлдіруші (анграманю) күші болған (біздіңше шайтан мен перуште дерсің). Бұлар қашанда да бірге, қатар жүретін күштер. Олардың күресінен, таласынан адамзатты жақсылыққа алып барар жаңалық туындайды.

Зәрдөш Пайғамбар адамзатты алға алып баратын алты түрлі қасиетті ерекше атайды.

Олардың біріншісі - *бахман*, шарапаты мол жақсы ой, яғни Жаратушы дүниені жақсы оймен жасағанын көрсетіп отыр.

Екіншісі - *урдиш бихишт*, яғни пәктік пен сұлулық. Жаратқан дүниені пәк, әрі сұлу күйінде көргісі келеді.

Үшіншісі - Жаратқанның дүниені басқарудың кемшіліксіз жүйесін жасауында. Одан үлгі алған, патшалар өз елдерін, ал адам да өз рухы мен өзінің денесін солай, келісті жүйемен басқаруы керек деген ой болатын. Төртіншісі, бұл - ақ пейілділік пен қарапайымдылық. Әр адам жер бетінде ақ пейілділікпен еңбек етсе, жасампаздыққа жол бастары сөзсіз.

Бесіншісі - кім болса да қашанда өзінің білім мен тәжірибесін, іскерлігін күннен күнге жетілдіріп отыруы керек. Мұнымен ол Жаратқанға, оның жасағанын жетілдіруге көмектескені деп түсіну керек.

Алтыншысы, бұл - өміршеңдік пен мәңгілік. Адамзат әрқашанда да осы айтылған алты қасиетке сай болатын болса, дүниеде одан бақытты жан болмай-

ды (11.Историко-культурные взаимосвязи Ирана и Дашт- и Кипчака. Материалы научной конференции. «Дашт-и Кипчак и Иранвич» 2007. Алматы.).

Бұл діннің Ахура Маздадан басқа да көптеген құдайлары болған. Олар: Анахита - су құдайы, Митра - әділдік (келісім-шарт) құдайы, Мазда (мазизм) – данышпандық Құдайы.

Олар, Митраны аспан әлемі, аспан тәртібі деп білген де, күнді -Митраның көзі деп түсінген. Тарихшылардың еңбектерінде Митра - бүкіл дүниенің қамқоршысы, ол адам жолында, ақыл мен әділдік жолында қас қақпай күзетте тұратын Құдай. Ол, айналасындағы түрлі тірлікті жебеп- желеп жүреді. Маңайда ол көрмейтін, ол білмейтін құбылыс жоқ. Оның бір мың құлағы, он мың көзі бар (мына суреттегі сол Митра Құдайының бейнесі ме деп ойлаймыз. Құдайдың басының жоғарғы жағындағы толып жатқан нүктелер мен дөңгелектер, сол замандағы суретшінің, сол мың құлақ пен он мың көзді бейнелеген түрі болуы керек (1- сурет). Ол адам жанының мәңгі қамқоршысы, деген түсінік қалыптасты. Митраға сенген елдердегі әскерилер өздерінің жеңістерін әркез сол Митра Құдайының қамқорлығы деп түсінген.

Бара - бара күш алған бұл сенім, яғни, Ахура Мазда - Митра діні солтүстіктен оңтүстікке қарай бет алған көшпен, алдымен Орта Азия, сонан Парсы (Иран) елі (Сасанидтер тұсында Митра осы елдің мемлекеттік діні болған), Кіші Азияға жетіп, біздің дәуірдің бірінші ғасырында Митра діні өзінің туын Рим империясының астанасына апарып тікті. Митра дініне сенушілік кең қанат жайғаны соншалықты, империяның Германия, Британия, басқа да провинцияларының тұрғындары осы дінге бас ұрды.

Ертеде жарық көрген, Кеңестердің Үлкен энциклопедиясында бұл дін жайлы былайша жазған болатын:

-Митра ежелгі Иранның көп құдайларының бірі. Оның Үндістан құдайларымен негізі бір. Ең алғаш Митра күн құдайы деп танылып, кейін ол басқа да толып жатқан қоғамдық атрибуттарға ие болды. «Авеста» бойынша Митра – сенім мен серттің сақтаушысы, яғни әділдік құдайы. Митраны Ахура Мазда құдайы жаратқанымен, құдыреті жағынан ол одан кем түспейді. Айналада ол көрмейтін, ол естімейтін жай жоқ. Оның бір мың құлағы, он мың көзі бар. Ол әділдік жолында көз ілмей, жер бетін мәңгі қорып, қорғап келеді. Кейін Митра, қиямет-қайым күндері о дүниелік болғандардың жандарын сақтап, олардың өздерін қыл көпірден өткізіп, жұмаққа жетелеп барады, деген сенім туған болатын.

Парсы елінде Митра жауынгерлерге жеңіс әкелетін соғыс құдайы ретінде қабылданып, ел патшалары да оны өздерінің қамқоршысы деп түсінеді. Біздің д.д. алтыншы ғасырда Парсы мемлекеті нағыз күш-қуатына жеткен кезде Митра бүкіл - Месопотамия, Кіші Азия және Сирияға тарайды. Митра дінінің осынша жайылып, қуат алуына әсіресе құлдар мен кедейлердің сенімдері әсер етті. Бұл дүниеде Митра алып берген теңдік пен о дүниеде оларды күтіп тұрған рахат өмірден олар бар қуаныштарын тапқандай болатын. Рим империясына Митра, қай жағынан болса да кемелденген, әбден қалыптасқан дін болып жетті. Митра шіркеулерінде, бұл дінге сенушілер өз құдайларына құлшылық етіп, бұл

дінге қабылданушылар үшін - шоқыну, сумен тазару рәсімдері міндетті болатын (12.).

Қарапайым адамға не керек? Ол бар керегін олар осы Митра дінінен тауып отырған сияқты. Митраның бұл жол - жоралғыларының барлығын, кейін Христиан діні толығымен өзіне қабылдап алғаны белгілі.

Ұлы Рим империясын төртке бөліп басқарған: Диоклетиан, Галерий, Максимиан және Лициний деген императорлары 308 жылы Дунай өзенінің жағасында кездесіп, сол кездегі Рим Империясының халықтары ұстанатын көп діндердің ішінен осы дінді таңдап, Митра дінін Рим империясының шынайы қамқоршысы, бар жеңістің жебеушісі деп танып, діндер арасындағы біріншілікті Митра дініне береді. Ол заманда Римнің әр билеушісі өзінің сөзі мен ісін Митра дініне құлшылық етуден бастайтын болған. Өйткені, Митра діні сол дәуірде Ұлы Рим империясының басты да, негізгі ұстанған діні еді.

Жарты дүниеге жайылып, ғасырлар бойы миллиондар құлшылық еткен Митра дініне ең алғаш сенімсіздік білдірген Ұлы Римнің императоры Ұлы Константин болды. Осы императордың тұсында, толып жатқан саяси – экономикалық жағдайларға орай Рим империясы біртіндеп әлсіреп, шеттегі шептерді қарсыластарына бере бастағанда, Римнің бұған дейін қолды болып кеткен жерлерін қайтарып, Рим империясын бұрынғы абырой биігіне көтеру үшін Максенций (толық аты Цезарь Марк Аврелий Валерий Максенций. Жоғарыда атап өткен Диоклетианмен бірге, Рим империясының бір бөлігінің императоры болған Максимианның баласы) 306 жылы, Рим Сенатының көмегімен өзін «Ұлы Римнің императорымын» деп жариялап, қысқа мерзім ішінде бүкіл Италия, Испания, Солтүстік Африкадағы жерлерді Римге қайтарып, император тағы үшін таластың ең бір шешуші кезеңінде әскері Ұлы Константиннен күйрей жеңіліп, өзі 312 жылы Римнің жанында, Тибр өзенінің үстіндегі өткелде қаза болады. Бүкіл сенаттың, әскердің, империя халқы көпшілігінің сеніміне ие болып, Ұлы Рим империясының бар күшін бір қолға жинап, енді міне, бар билікті қолға аламын, бар дүниеге шексіз билік етемін деп, кеудесіне нан пісіп отырған Максенцийге қарсы осынау қырғын соғыста Константинге қол ұшын беріп, оны жеңіске жеткізгендер, Константиннің астындағы тайып бара жатқан тағын түзеп, оған Константинді қайта отырғызып жүргендер - христиандар болатын. Осынау еңбектің өтеуі ретінде, 313 жылы Ұлы Константин, бұдан былай мен басқарған елде (империяда) діндер арасындағы біріншілікті Христиан дініне беремін деп ант берген болатын. Ол, өз антында тұрды.

Ол өзі, осы Митра дініне құлшылық ете отырып, 325 жылы бүкіл дүние жүзі христиандарының Үлкен Құрылтайында (Вселенский собор) Митрадан теріс айналып, осыған дейін әділдік пен теңдіктің, талай жеңістің туы болған Митра дініне шүбә келтіріп, оның тәртіптері мен ұстанымдарына қарсы шықты. Константиннің бұл ісі қаулап келе жатқан Христиан дініне кең жол ашып, араға біраз жыл салып, Христиан діні Рим империясының мемлекеттік діні болып шыға келді. Бірақ, өзінің осы ойын іске асыру Константинге оңайға түскен жоқ. Бастаған істі тездетіп жүзеге асыру үшін, Христиан дінінің абыройын арттыру, оны бүкіл империяның діні дәрежесіне көтеру үшін Константин Рим импе-

риясының астанасын Римнен, Митраның үстемдігі басым болып тұрған Византия қаласына көшірді. Содан кейін ол қала - Константинополь болып аталды (бұл қазіргі Стамбул қаласы). Христиан діні үшін осынша қызмет етіп жүрген Константин тек өлерінің алдында ғана, Митра дінінен ресми түрде шығып, Христиан дініне бас ұрды. Ұлы Константиннің бұл ісіне қарап, оны кім деуге болады? Билік жолында дінін сатқан - сатқын дейміз бе, әлде шынымен де тарих тертесі солай қарай бұрылуы керек пе еді? **Қалай десек те, Константин император өзінің осы іс-әрекеттерімен, Ұлы Далада туындап, ғасырлар бойы мыңдардың, тіпті миллиондардың берік сеніміне, талай елдердің идеологиясына айналған Митра дінінің тамырына балта шапты.** Көп ұзамай Христиан діні Ұлы Рим империясының мемлекеттік дініне айналып, кейін ол, Рим империясы ғана емес, бүкіл әлемдік дінге айналғаны белгілі.

Христиан дініне жасаған осы жақсылықтарының өтеуі ретінде, Христиан дінінің алпауыттары (басшылары) оған «Ұлы Константин», «Қасиетті Константин» деген атақ беріп, оны «Апостол» деген биікке дейін көтергені белгілі.

Осыдан бастап, империяның мемлекеттік дініне айналған Христиан діні Митраға қарсы қанды соғыс ашып, Митраға құлшылық етушілерді қырып – жоюға кірісті. Солай бола тұра, Христиан діні, Митра дінінің ең тиімді, ең әсерлі деген үлгілері мен тәртіптерін арланбай - ақ, өзіне қабылдап алды. Мысалы: креске табыну (шоқыну). Крестің түп негізі жарықта, жұлдызда жатыр, яғни, жарыққа, отқа табыну. Дүние жүзінде ең алғаш рет крес бейнесі, бүгінгі Христиан діні тараған елдерде емес, біздің жерде - Ұлы Далада пайда болған. Тарихта, ең алғаш (біздің ж.с. 5 - 4 мың жыл бұрын) крес бейнесі салынған құмыралар басқа ел емес, біздің жерден табылып отыр. Мына суреттегі, Андрон дәуірінің мұрасы болып табылатын құмыраны ғалымдар басқа жер емес, біздің Қостанай облысындағы «Қызылжар» (Лисаковск) қазбасынан тапты (2 - сурет).

Жыл сайын 25 желтоқсанда Рождествоны (Иисустың туған күні) атап өту - бұл, бұған дейін Митра Құдайының туған күні ретінде тойланып өтетін. Әр аптаның жексенбісін (воскресенье) Құдайға құлшылық етуге арнау - бұл күн бұған дейін Митраға құлшылық ететін күн болатын. Христиандардың шіркеуде киетін киімдерінің үлгілері, қолдарына крес алулары, шығысқа қарап шоқынулары, шіркеудегі альтардың міндетті түрде шығыс жақта болуы, яғни, күнге қарап, шығысқа қарап шоқыну деген сияқты, тағысын - тағылар, бәрі - бәрі Митра дінінен қалған үлгілер екені айдан анық.

Міне, осылайша шамамен, біздің ж.с. 4 - 3 мың жыл бұрын, ақ пен қараның, жақсылық пен жамандықтың, жарық пен қараңғылықтың тартысы ретінде пайда болып, талай ұрпақтың сеніміне, талай қоғамның берік идеологиясына айналған Ахура Мазда - Митра діні біртіндеп әлсіреп, Христиан дінінің қысымына шыдамай, тарих сахнасынан ғайып болды. Бірақ, ол адамзат тарихында өшпес із қалдырды. Қазіргі, Иудей, Христиан және Ислам діндері, сол Митра дінінің жалғасы іспеттес. Олардағы көптеген құндылықтар, ұстанымдар мен қағидалардың негіздері - адамзатты жақсылыққа, жан тазалығы мен тән тазалығына жетелеген Ұлы қағида - сол Митра дінінен бастау алды деуге болады..

Бастауын Ахура Мазда - Митра, Заратуштрадан алған ақ пен қараның, жақсылық пен жамандықтың, әділдік пен зұлымдықтың, өтірік пен шындықтың күресі әлі күнге дейін жалғасуда. Кезінде, Ұлы Рим Империясында, Христиан емес, Ахура Мазда - Митра діні жеңіп, басқалар жеңілгенде, кім біледі, бұл дүние қандай болатындығын? Өмір басқаша болып, басқа құндылықтар қалыптасып, біздің өмірге деген көзқарастарымыз, даму - өркендеу жолымыз басқаша болар ма еді? Осы жайларға жауап іздей отырып, дұрысы, жауап таппай отырып, діннің шынында да қоғамдағы үлкен күш екендігін мойындайсың. Мойындамасқа амал жоқ. Шынында да солай.

Тарихта діннің ролі туралы толып жатқан мысалдар келтіруге болады

Дін талай жақсылықтың бастауы болғанымен, талай тартыс, талай қантөгістің де себепшісі болды. Несін жасырамыз, діндер арасындағы тартыс бүгінге дейін жалғасуда. Бұл тартыс, кімнің, қай діннің жеңісімен аяқталарын кім білсін? Өмірде, ақ пен қараның, жақсылық пен жамандықтың, әділдік пен зұлымдықтың мәңгі тартысы одан әрі жалғасуда. Ол тартысты тек білім, ақыл мен ой ғана, сабырлық пен өзара түсіністік қана жеңе алады.

Жоғарыда біз, Торғай төсі Нұқ пайғамбар балаларының Отаны болғаны жайлы жазғанбыз. Енді міне, ағылшын ғалымы Мери Бойстың аузымен, Заратуштра (Зәрдөш) пайғамбар осы маңда өмірге келгенін анықтап отырмыз. Ол осы маңда жүріп, ақ пен қараның, жарық пен қараңғының, шындық пен өтіріктің, жақсы мен жаманның күресін бастап берсе, дүниеде ең алғаш жақсы сөз бен жақсы ой және жақсы іс осы маңда туындаса, жеріміздің ұлылығына қалайша мақтанбайсың? Ал, шындығына келгенде, оған мақтанып жүргендер біздер емес, басқалар. Сол басқаларды мен өзім, осыдан 15 жыл бұрын Иран еліндегі Исфахан қаласында болғанда көрдім. Олар өздерін - біздер отқа табынушылардың ұрпақтарымыз, біздер нағыз «арийлерміз» деп мақтанады.

Сол сапарда ирандықтар, Қазақстаннан барған бір топ саясаткерлер, ғалымдар мен журналистерді Исфахан қаласының батыс жақ шетінде жатқан, биік бір төбенің басында орналасқан, отқа табынушылардың шіркеуінің орынына алып барды. Ол төбенің басына шығу қаншалықты қиын болса, кейін, төмен түсу одан он есе қиын болды. Дегенмен де, біз төбенің басына шықтық. Биік төбе басында әлі күнге дейін, кезінде керемет биік болған ғимараттың орны жатыр. Әрине құлаған, мүжілген. Соған қарамай қабырғалары сақталған. Төрт бұрышты етіп тастан салынған зәулім сарайдың ортасында отқа табынушылардың маздатып от жағатын, барлығы жиылып құдайға құлшылық ететін тұғыры әлі күнге дейін орнында екен. Төбенің басынан қарағанда Исфахан қаласы алақанда жатқандай көрінеді. Бізбен бірге сол төбенің басына көтерілген бір топ жастар, өздерін арийлер екендіктерін, ата жолын қуып әлі күнге дейін отқа табынатындықтарын, жыл сайын осында келіп, құдайға құлшылық ететіндіктерін мақтана айтып берді. Артынан біз ол жастардың: Үндістан түбегі, Германиядан, Иранның басқа қалаларынан келгендіктерін және де олардың келген сайын, Исфахан қаласының қақ ортасында, сәні мен сәулеті сай келетін «Арий» қонақ үйінде орналасатындықтарын білдік. Сол қонақ үйдің ішіне кіріп көрейік деп барғанымызда, «арий» емессіндер деп біздерді маңына да жолатпады.

Осының өзі, пайда болғанына шамамен 4 - 3 мың жылдай болған Ахура Мазда дінінің осы күнге дейін ел есінен кетпей жүргенінің дәлелі емес пе?

Ғалымдар, Зәрдөш пайғамбарды - Лао - цзы, Будда мен Конфуцийдің замандасы, тіпті олардан анағұрлым бұрын Орта Азия мен Шығыстың - өзіне, еліне, жеріне, халқына тән діни ұстанымдарды, пәлсапалық ойларды қалыптастырған, әділдікке жол іздеген - Пайғамбары дейді. Айтқан сөзі, елге салған ойы, ол бастаған - жақсылық пен жамандықтың, ақ пен қараның күресі үш - төрт мың жылдан бері жалғасын тауып келсе, Заратуштра (Зәрдөш) - Пайғамбар болмағанда, кім Пайғамбар болады?

Дін, өмір мен өлім. Осы ұғымдар, адамзатты ес білгеннен бері ойландырып келеді. Бүгінгі біз «Тумақ бар жерде, өлмек те бар» дейміз. Ал бұрынғылар, Зәрдөш заманынан бастап, адам ғайыптан пайда болады да, ғайыпқа кетеді деген. Яғни, ақиретті мойындаған. Осы екі ойдың қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс? Бұл сұраққа, әлі де ешкім жауап берген емес. Бере де алмас. Ол ойдың, ол ілімнің түбіне бүгінге дейін ешкім жете алған жоқ. Тек біздің білетініміз, ғалымдар, адам өмірге инстинкт заңымен келіп, сол заңмен өмірден өтеді,- дейді. Ал, ол инстинктің жетекші күші - өмірді жалғастыру, яғни, ұрпақ қалдыру.

Бұл өмірде инстинкт бірінші болса, бұл өмірге келгеннен кейінгі әркімнің болса да басты міндеті - нені болса да ойлап, ақылмен атқарып, сол қысқа өмірде өзіне тән із қалдыру - бұл өмірді ұзарту деген сөз. **Ол - ұрпақ өсіру, халыққа адал қызмет ету, өз өміріңнің нәтижесін халыққа сыйлау. Ең бастысы бұл жолда кім де болса өзіне - қалай өмір сүремін демей, не үшін өмір сүремін, деген сұрақ қоюы керек болар. Әзірше, осы екі ойды есте қатаң сақтаған жөн.**

Дін туралы біраз әңгімеледік. Дей тұрғанмен де, әлі де болса көптің көңілінде жүрген - Құдай бар ма?, - деген сұраққа жауап берген жоқпыз. Бұл сұрақтың талайларды ойлантқаны да, әлі де болса да ойлантатыны да рас. Олардың қатарында, басқаларды былай қойғанда ұлы ғұламалар: Платон да, Пифагор да, Аристотель де, Демокрит пен Эпикур да, басқалар да болған.

Платон: Бог это - мир, небо, звезды, земля и наши души, десе

Аристотель: Бог это - дух, Бог это - небесный огонь,- дейді.

Демокрит: Бог, это - наш разум, десе ең соңында, Еуропаның Раймунд Сабундский деген ғұламасы Құдайға сенбегендерге жауап ретінде:

-Егер сенің Құдайдан артық біреуің болса бізге көрсетші, болмаса Құдайға мойынсын,-деп, Құдай жөніндегі бұл пікірталастың нүктесін қойған сияқты.

Бұл таласты әрі қарай жалғастырудың қажеті де жоқ. Егер адамзат Адам ата мен Хауа анадан тарады десек, бүкіл адамзаттың атасы бір болғаны. Онда бүкіл адамзаттың Құдай да бір. Құдай бір болса, дін де біреу. Біздің анау дін, мынау дін деп жүргендеріміз, сол діннің толып жатқан салалары мен жанай өскен бұтақтары. Бар бөле дінде емес. Сол дінді кім қалай уағыздап, сол дінді қалай пайдалануында. Алпауыттардың дінді біртіндеп саясаттың құралына айналдыруында. Ал, саясат қашанда да таза болған емес. Таза дін, бұл - кімнің

болса да өмірде аяқ тірер сенімі болса, саясатқа айналған дінге баға беру мүмкін емес.

Дінді түсіну үшін оның негіздерін зерттей жүріп, менің түсінгенім - діннің адамға тікелей қатысы бар жағы емес, діннің құпиялылығын көбірек уағыздап, соның арқасында өздерін де қарапайым адамнан біраз биік қоятын діндарларымыз бізді басқа жаққа жетелеп, дінді түсінудің ауылынан алыстатып бара жатқан сияқты. Шүкір, дін жағынан да көзіміз біртіндеп ашылып келеді. Дінді де түсінетін, оның кімге болса да ақ жол сілтейтінін түсінетін күн де жақындап келе жатқан сияқты. Қазақ, үмітсіз шайтан, дейді. Үміт пен сенім - бұлар кімді болса да алға жетелейтін екі күш. Санаңа үміт пен сенімді ұялатпасаң, өмір сүру қиын. Сондықтанда сену керек. Кімге сенесің? Көзге көрінбейтін, тек көңілден, қол жетпейтін қиялыңнан ғана орын алған Жаратқанға сенесің. Сол сеніммен, өзіңе деген сенімің де арта түседі.

* * *

Құрметті жас дос! Бұл тарауда біз негізгі діни ағымдармен танысқандай болдық. Олардың алдарына қойған мақсат - мұраттары, түрлі ұстанымдары мен талаптарына өзімізше шолу жасадық.

-Ең алғаш - жақсы ой, жақсы сөз, жақсы істі насихаттаған, осы үш тұжырымды барынша қолдаған - Зороастризм діні болсын;

-Жақсылық пен жамандық жайлы сөз қозғап, адамзатқа күнәдан арылудың жолын көрсеткен - Иудаизм діні болсын;

-Адамзатты ойлауға, нені болса да ойлап, оймен істеуге шақырған - Индуизм діні болсын;

-Өмір кезек, жамандық болған жерде - жақсылыққа да орын болуы керек, суықтан кейін жылылық пен жақсылық, қасыреттен кейін рахаттың келетінін түсіндірген - Буддизм діні болсын;

-Өмір бейне бір жол сияқты, таусылмайды, тек сол жолды, дұрыс жолды таңдай білуге, денеңді, ойыңды өзіңе толықтай бағындырып, шынығудың шынарына жетелеген - Дао ілімі болсын;

-Адам тәрбиесін ту етіп көтерген Кун әулие болсын, имандылықты насихаттаған Ислам діні болсын - бәрінің-бәрінің айтары да, мақсаттары да адамды жақсылықтың жарық жұлдызына қарай жетелеу екенін көріп отырмыз. Тіпті, шығыс халықтарының - Жаңа күн - Наурызды мейрам ретінде атап өтуі мен Христиандардың Рождество Христово да, атап өтілер уақыттары әртүрлі болғандарымен, олардың мазмұндарының бір екенін көруге болады. Ол мерекелердің негізгі мақсаттары - кімге болса да ертеңгі күнге деген сенім, әркімге үміт сыйлауға бағытталғанын анық байқауға болады. Ия, үмітің үзілмесін, жас дос.

Шынайы дін, ешқашанда да жамандыққа шақырмайды. Тек оны түсіне білу керек. Осыған орай менің айтарым, Дін - буырқанған асау теңіз. Оны түсіну, ол теңізде еркін жүзу үшін біліммен, өзіңе деген сеніммен қарулануың керек. Ең бастысы, бүкіл дін бастау алатын жолдағы, әркімнің санасына жақсы ой ұялап, әркімнің аузында жақсы сөз болсын, кім де болса өмір бойы жақсы іске ұмтылып отырсын, деген басты қағиданы ешқашан да естен шығармаған

дұрыс. Иманды, білімді, мәдениетті, өзінше ой қорыта алатын, нені болса да ойлап істейтін, өз ойын логика жолымен дамыта алатын, жақсылыққа жаны құмар адам ғана жалған дін мен жалған діндарларға сеніп, басқалардың жетегінде кетпейді.

Ал енді, Қазақстан Республикасындағы бүгінгі діни ақуал қалай қалыпта-
сып отыр?

Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан кейін үкімет елдегі діни ахуалды тұрақтандыруға ерекше көңіл бөле бастағаны белгілі. Соның нәтижесінде 1992 жылдың қаңтарында Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті

Н. Ә. Назарбаев **«Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы»** Заңға қол қойды. Одан бері қарай 18 жылдай уақыт өтті. Елдің саяси, экономикалық жағдайы да біраз өзгерді. Нәтижесінде, осы саланың маңында жүрген біраз мамандардың айтуларына қарағанда, кешегі қабылданған Заң бүгінгі талап деңгейінен көріне алмайтын жағдайға жетті.

Қазақстан Республикасы қоғамдағы діннің өскелең рөлін және елімізде діннің маңайында болып жатқан толып жатқан келеңсіз жайлар мен бұрынғы заңның сәл де болса босаңдау жерлерін ескере отырып, тәуелсіздік алғаннан соң есігімізді айқара ашып жібергеннен кейін елімізге қажеттілігі бар да, қажеттілігі жоқ та толып жатқан миссонерлердің қаптап кеткенін, дін маңында жүрген олардың қоғамдық өмірімізге тигізіп жатқан кері әсерлерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Парламенті 2011 жылдың 15 қазанында қайтадан **«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» (14) Заңды** бекіткені белгілі. Бұл Заң:

-Осы Заң Қазақстан Республикасының өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде орнықтыратын, әркімнің ар-ождан бостандығы құқығын растайтын, әркімнің діни нанымына қарамастан тең құқылы болуына кепілдік беретін, ханифи бағытындағы исламның және православиелік христиандықтың халықтың дамуы мен рухани өмірідегі тарихи рөлін танитын, Қазақстан халқының рухани мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейтін, конфессия аралық келісімнің, діни тағаттылықтың және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын танитынын негізге алады, деп басталып, әрі қарай:

Қазақстан Республикасында діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік- құқықтық актілерінен тұратындығын айқындайды.

Заңның 3 бабында:

1. Мемлекет дін мен діни бірлестіктерден бөлінген.
2. Діни бірлестіктер және Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар дінге көзқарастарына қарамастан заң алдында тең.
3. Ешбір дін мемлекеттік немесе міндетті дін ретінде белгіленбейді.

4. Діни білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасында білім беру мен тәрбиелеу жүйесі дін мен діни бірлестіктерден бөлінген және зайырлы сипатта болады.


5. Заңды діни қызметке кедергі келтіруге, жеке тұлғалардың дінге көзқарас себептері бойынша азаматтық құқықтарының бұзылуына немесе олардың діни сезімдерін қорлауға, қандай да бір дінді ұстанушылар қастерлейтін заттарды, құрылыстар мен орындарды бүлдіруге жол берілмейді.

6. Әркім Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес діни немесе өзге де нанымдарды ұстануға, оларды таратуға, діни бірлестіктердің қызметіне қатысуға және миссионерлік қызметпен айналысуға құқылы.

7. Ешкімнің де өз діни нанымдары себептері бойынша Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген міндеттерін атқарудан бас тартуға құқығы жоқ..., деп жалғаса береді.

Қарап отырсақ, бұл Заң азаматтардың діни наным-сеніміне толығымен жол ашып, ол жолда кімнің, болмаса қай діннің болса да теңдігін тағы да көрсетіп отыр. Бұл Заң сонымен қатар, діни қызмет саласындағы мемлекеттік реттеу, дінтану сараптамасы, Қазақстан Республикасындағы діни қызмет, миссионерлер қызметі, діни әдебиеттер және діни мақсаттағы заттар, діни бірлестіктерлі құру, оларды тіркеу мен тарту мәселелеріне ерекше мән берген.

Бір діннен екінші діннің артықшылығын айту менің міндетіме жатпайды. Бірақ, қазақ балалары үшін, Ислам дінімен танысуды (егер, шынымен де таныса бастаса) Мұхаммед Пайғамбардың Хадистерінен бастаған жөн болар еді. Хадистердің негізгі мазмұны ешкімді дінге мойынұсынуға шақырмайды. Олар, кімді болса да жақсылыққа жетелер қағидалар жиынтығы деп түсіну керек болар. Хадистердің - ең алдымен ата-ананды сыйлау, олардың достарын құрметтеу, жақындарыңды, туған-туыстарыңды, жолдастарыңды сыйлауға, жақсылыққа, игілік істеуге, білім алуға, мәдениетке ұмтылуға шақырған тараулары - бұлардың бәрі әркез жақсылықты ойлайтын, жақсы сөз сөйлейтін, жақсы істі бастайтын адамдарды тәрбиелеуге арналған талаптар, өмір жолын көрсетер жарық жұлдыз деуге болады.



1 - сурет. Мынау айналадағының бәрін көріп, бәрін естіп отыратын, мың көзі мен оны мың құлағы бар Митра құдайының, осыдан шамамен 4-5 мың жыл бұрын тасқа қашап салынған бейнесі.



2- сурет. Лисаковск қаласының маңындағы Қызылжардан қазба жұмыстары кезінде табылған, қыш құмыраның түбінде бейнеленген крестің фотосы. Бұл құмыраға да 4-5 мың жылдай болған сияқты. Неше түрлі крес бейнеленген құмыраларды ғалымдар Қостанай облысындағы Бестамақтан да тапты. Соған қарағанда крестің ең алғаш туындаған жері біздің жеріміз - Оңтүстік Орал маңы болды деп айта аламын.

1.ГЕРОДОТ: Анахарсис повидал много стран и выказал там свою мудрость. На обратном пути в скифские пределы ему пришлось, плывя через Геллеспонт, пристать к Кизику. Кизикенцы в это время как раз торжественно справляли праздник Матери Богов. Анахарсис дал богине такой обет: если он возвратится домой здоровым и невредимым, то принесет ей жертву по обряду, какой он видел у кизикинцев, и учредит в ее честь всеношное празднество. Вернувшись с скифию, Анахарсис тайно отправился в так называемую Гилею (эта местность лежит у Ахиллесава рысталища и вся покрыта густым лесом разной породы деревьев). Так вот, Анахарсис отправился туда и совершил полностью обряд празднества, как ему пришлось видеть в Кизике. При этом Анахарсис навесил на себя маленькие изображения богини и бил в тимпани. Какой - то скиф поглядел за совершением обрядов и

донес царю Савилию. Царь сам прибыл на место и, как только увидел, что Анахарсис справляет этот праздник и убил его стрелой из лука. И поныне еще, скифы на вопрос об Анахарсисе отвечают, что не знают его, и потому, что он побывал в Элладе и перенял чужеземные обычаи (бұл жай салт емес, діні салт - жора болатын). Анахарсис, как я узнал от Тимна, опекун Ариапифа, был дядей по отцу скифского царя Иданфирса, сыном Гнура, внуком Лика, и правнуком Спаргапифа. Если Анахарсис действительно происходил из этого царского дома, то да будет известно, что умертвил его родной брат. Ведь Иданфирс был сыном Савилия, а Савилий и был убийцей Анахарсиса (1. 57-58.).

2.КЛЯШТОРНЫЙ: В то время дунху были сильны. А юэчжи достигли расцвета. Шаньюем у гуннов был Тоумань. Он имел двух сыновей, от разных жен. Для того, что бы сделать наследником младшего сына, шанью решил пожертвовать старшим - Маодунем, и отправил его заложником в юэчжи. Затем Тоумань напал на юэчжей. Маодунь не погиб, он украл коня и ускакал к своим. Отец дал ему под начало отряд. Маодунь, обучив воинов, приказал им стрелять туда, куда летит его «свистунка» (боевые стрелы гуннов снабжались костяными шариками с отверстиями - сотни свистящих стрел наводили ужас на врагов, пугали их коней). Вскоре Маодунь пустил стрелу в своего прекрасного коня. Тем из отряда, кто не выстрелил, он приказал отрубить головы. Некоторое время спустя Маодунь пустил стрелу в свою любимую жену. Он отрубил головы тем, кто не последовал ему. На охоте Маодунь направил стрелу в коня своего отца и никто из его воинов не опоздал выстрелить. Тогда Маодунь понял, что время настало. И когда он пустил стрелу в отца, никто из его воинов не дрогнул, Тоумань был уткан стрелами... (2. 57-58).

3. АВГУСТ БЕБЕЛЬ: Заповедь любви к ближнему, любви ко всему человечеству, заповедь обоюдной терпимости - эти учения все без исключения содержатся, как в буддизме, так и в магометанстве (Ислам діні). Они признаются всеми народами, достигшими известной ступени развития, и применяются на практике среди индусов, китайцев, персов и арабов гораздо более, чем в христианстве, которое все эти хорошие вещи старается проводить только во имя «будущей жизни». В течение более чем восемнадцати столетий христианская религия, эта «религия любви», была для всех верующих и мыслящих - религией ненависти, преследования и притеснений. Ни одна религия в мире не стоило человечеству столько слез и крови, как христианская, ни одна не дала столько поводов к преступлениям самого отвратительного свойства. А когда дело идет о войне или массовом убийстве, то священники всех христианских исповеданий и сейчас еще готовы дать свое благославление и все духовенство одной нации воздевает руки к небу, что бы у одного и того же бога, бога любви, испросить уничтожения своего врага - другой нации (6. 412-413.).

4.- Зоратуштра воспринял веру в ахур от своих предшественников, Очевидно, он видоизменил эти верования, а возможно, даже создал имя Ахура Мазды (сол діннің құдайы) и предложил считать ахур воплощениями качества

Ахура Мазды... Возможно, что даже дуализм в основных чертах был разработан предшественниками Зоратуштры, - деп жазады ол. (2.).

5.- Пророк Зороастр жил в такой глубокой древности, что сами его последователи забыли, когда и где это было, и в прошлом различные иранские страны претендовали на благочестивую роль его родины. Долгое время считалось, что он жил в Азербайджане, на северо - западе древнего Ирана. Современные исследования показали, что такого быть не могло. **Исходя из содержания и языка, сложенных Зороастром гимнов, теперь установлено, что в действительности он жил в Азиатских степях к востоку от Волги...** (8. 6.). Еңбек «Интернеттен» алынды).

6-Зороастризм среди живых религий наиболее труден для изучения. Это объясняется его древностью, теми заключениями, которые ему пришлось испытать, и утратой многих священных текстов. Возникнув около 3500 лет назад в азиатских степях, он властвовал многие столетия. Возвышенные и оригинальные доктрины зороастризма оказывали воздействия на всем Ближнем востоке - по территории, на которой развивался иудуизм, зародились христианство и ислам. На Востоке власть Ирана простиралась до Северной Индии, и там он внес свой вклад в развитие буддизма махаяны. Поэтому знакомство с учением Зороастра и историей его религии необходимо для любого серьезного исследования мировых религий...

Заратуштра жил в то время, когда каменный век уступал место бронзовому...

6.М.Бойс:.. Гаты возникли во 2-м тысячелетии до н.э., когда предки всех иранских племен еще обитали в северных степях..., как племя степной бронзы... (8.).

7.- Бурная история межплеменных войн ариев, туров и хьона, почитающих одних и тех же древних богов и молящих их о победе на одном языке, разворачиваются на границе Арианам Вайджа, на берегах Аму - Дарьи, и Сыр - Дарьи, на Каспии и Арале, на Волге и Прикарье...

... другие ираноязычные племена продолжали обитать в северных степных районах, включая области на свере Средней Азии, также охватываемый географическим горизонтом Младшей Авесты, и жили там вплоть до скифской эпохи; именно с этими северными районами, иногда непосредственно со «скифским миром» связывает племя Заратуштры часть исследователей... (2. 132.).

8.- Митра один из богов древнего Ирана, общий у него с древнейшей Индией. Первоначально Митра - бог света; позднее приобретает общественные атрибуты. По Авесте, Митра - бог правды, хранитель договоров и клятвы. Хотя, Митра и создан богом Агура-Маздой, но он равен ему по могуществу. Он всевидящий и всеслышащий, у него 1000 ушей и

10 000 глаз, он вечно стоит на страже и не зная сна охраняет землю. Впоследствии он становится защитником и судьей душ умерших, ведущим душ правоверных в рай, когда наступит последний день мироиздания. У военной

аристократии древней Персии он становится богом битв, дающим победу воинам и его чтут как своего покровителя цари Персии. Когда в конце 6 века до хр. э. создалась могучая персидская держава, культ Митры распространился в Малой Азии, Месопотамии и Сирии. Под влиянием сирийских культов бог Митра становится богом очищающим человека от грехов... Большую роль в распространении культа Митры сыграли и рабы, которых Митра привлекал тем, что он провозглашал полное равенство среди верующих, посвященных в его культ и сулил им блаженную жизнь за гробом. В Римской империи культ Митры получает свою окончательную форму. В святилищах Митры совершаются особые церемонии, доступные только посвященным; они состоят из целого ряда очищений, жертвоприношений особых трапез, во время которых верующие вкушая хлеб и вино, приобщаются к Митре. При принятии в общину над вступающими совершается омовение - своего рода крещение. Все члены общины считаются братьями и должны жить в братской любви к друг с другом... (9. 1.).

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Геродот. Мелпомене. 76 статья. «Страна скифов. ИД «Кочевники» 2003.
2. Кляшторный С.Г., Султанов Т. И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. Алматы. «Рауан». 1992.
3. Большая Советская Энциклопедия (Первое издание) Т.34. Москва. 1937.
4. Дін тану негіздері. Г. Есимов, А. Артемьев, С. Қанаев, Г. Біләлова. (оқулық), Алматы. «Білім». 2003 ж. 156.
5. Библия. Книга священного писания Ветхого и Нового завета. Брюссель. 1973. Изд. «Жизнь с Богом». 2118 стр.
6. О религий (хрестоматия). Москва. Изд. «Политическая литература» 1963. 412 стр. Статья Бебель Августа. «Христианство и социализм» 598 стр.
7. Н.М. Карамзин. История Государства Российского. Т-1. Гл. 9.
8. Құран. Қазақша мәтіні және түсінігі. Фаһд патшаның Құран шариф басылым комбинаты.
9. Ыбырай Алтынсарин. Мұсылманшылықтың тұтқасы. (қайта басылуы). Алматы. «Қазақстан», 1991. 80 бет.
10. Бойс Мери. Зороастризм. Верования и обычаи. (из Интернета). *Примечание к изданию на английском языке.*
11. Фаридун Джунайди. Историко-культурные взаимосвязи Ирана и Дешт - и Кипчака (материалы научно – практической конференции «Дашт-и Кипчак и Иранвич». Алматы. 2002 г.
12. Большая Советская энциклопедия (первое издание). Т . 39.
13. Мұхаммед Пайғамбардың Хадистері. Аударған Нұрқасым Қазыбеков. Алматы, «Жазушы». 1994. 64 бет.

14. Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы.

Бұл бөлімнің материалдарын жазуда, жоғарыдағы еңбектермен қатар: Л.С. Васильевтің «История религии Востока». 1983 және С-Петербург қаласынан 1997 жылы басылып шыққан «История религии», ғылыми редакторы А.Н. Типсина, сондай-ақ Ыбырай Алтынсариннің «Мұсылманшылықтың тұтқасы» (Алматы. «Қазақстан». 1991. 80 б.), Шейх-уль Ислам Мухаммад-Хусайн ибн Усман Алсабековтың «Ислам: религиозные идеи и современность» (Алматы, 2008. «Көкжиек» 112.) деген ғылыми еңбектері пайдаланылды.

*Біл, әділ заң - басшылықтың тұғыры,
Заң бар жерде - берік елдің жұлыны.
Жүсіп Баласағұни*

(«Құтты білік» кітабынан)

Қоғамдық тәртіп пен заң біздің

*іс-қимылымызды қаншалықты шектегенімен, көп жағдайда бізге барынша
бостандық та (тәуелсіздік) береді.*

Құқықтық тәрбиенің кейбір мәселелері

Өздеріңіз бір сәт болса да ойланып көріңіздерші, біздің қоғамымызда тәртіп пен заң талаптары болмаса, не болар еді? Тәртіпсіздік, бей-берекетсіздік басталып, хаос болар еді... Мәдениетсіздік пен тәртіпсіздік белең алып, кімнің болса да кеудені кере дем алып, толық қанды өмір сүруі, еңбек етуі ғана емес, тіпті көшеге шығып жүруі мүмкін болмай қалар еді. Кейде, бір сәтке көшелердегі бағдар шам істен шыққанда, көліктер тоқтап, ел не істерін білмей, ызың, айқай, у-шу орнап, ел дағдарып қалатындығының куәсі болып жүрміз.

Тәртіп болмаса, біздің өміріміз одан да жаман болар еді. Адам - адам болғаннан, дұрысы, адамзат қоғамы қалыптаса бастағаннан - ақ, тәртіп кімнің болса да мойынұсынар ережесі болды. Оны орындау, кімнің болса да міндеті болып қалыптасты. Сондықтан да, қоғамдық тәртіп пен заң талаптарын толық орындау үшін, қай елде болмасын қоғамдық өмірдің тәртіптері мен заңдылықтарын қатаң сақтауға, одан туындаған проблемаларды шешуге ерекше көңіл бөлінуде. Мемлекеттерде миллиондаған қаржы бөлініп, мыңдаған адам, сол тәртіп пен заңдылықты сақтауға жұмылдырылуда. Олар - тәртіп сақшылары-полиция қызметкерлері, олар - заңның орындалуын қадағалаушы прокуратура қызметкерлері, заң талаптарына сай жаза беруші сот қызметкерлері, олардың әр деңгейдегі қызметтері, түрлі тәрбие - түзету колониялары мен түрмелер, тағы да басқа толып жатқан - тәртіпке шақырушы, заңның орындалуын қадағалаушы, жазалаушы органдар. Осы бір көп салалы қызметтердің іске қосылуының бірден бір себебі - жеке адамдардың тәртіп пен заң талаптарын жетік білмеулері, содан барып оны орындамаулары болып табылады. Егер, қоғамның әр мүшесі жастайынан осы талаптарға сай тәрбие алып, қоғамдағы өз орнын біліп, қоғамдық тәртіп пен заң талаптарын өз

деңгейінде орындаса, қай қоғамда болса да, ың-шыңсыз, бейбіт өмір орнар еді. Бірақ бұл әзірге, қай қоғамның болса да, орындалмас арманы сияқты. Себебі, тірі жан тірлігін жасайды. Екі шынтағын кере, өзіне өмірлік кеңістік пен жағдай іздейді. Сол қимылдың барысында жүздің, болмаса мыңның бірі, әлде білместіктен, әлде әдейі, тәртіп пен заң талаптарын бұзуға, кейде тіпті қылмыс жасауға барады. Солардың алдын алудың бірден - бір жолы, ол - кімге болса да қоғамдық тәртіп талаптарын үйрету, әсіресе жастарға құқықтық тәрбие беру. Қоғамымызда, тәрбиелі адам - қоғамдық тәртіпті, ал құқықтық білім алған адам - заңды бұзбайды деген ұғым қалыптасқан. Біздің, сол қағидаға сенгіміз келеді.

Қандай болмасын зайырлы мемлекетте, не істелсе де бәрі белгіленген бір тәртіппен, заңға сай істелуі керек. Заң дегеніміз, қарапайым сөзбен айтқанда - әр адамның құқықтары мен міндеттерін, адам мен адамның, адам мен қоғамның (жеке шаруашылық, мекеме, оқу орыны, кәсіпорын т.б.) және олардың мемлекетпен арасындағы қарым-қатынастарын, белгіленген бір жолмен реттеп отыратын, бір жүйеге келтірілген, біріне - бірі қайшы келмейтін тәртіптер мен талаптардың жоғары деңгейде қабылданған жиынтығы. Қай елдің болса да, сала - салаға бөлінетін толып жатқан заңдары болады. Сол заңдардың ішіндегі ең бастысы - әр мемлекеттің Ата Заңы - Конституциясы (дүние жүзіндегі кейбір мұсылман елдерінде Конституцияның орнына Құран жүреді). Тәуелсіз Қазақстанның да өзінің Ата заңы - Конституциясы бар.

Кейінгі жылдары біраз өзгерістер мен толықтырулар енгізілгені болмаса, біздің еліміздің Ата Заңы екінші рет 1995 жылдың 30 тамызында өткізілген республикалық референдумның қорытындысы бойынша қабылданған болатын. Содан бері бұл күн - мемлекеттік мереке болып аталып өтілуде.

-Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғарғы жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдадық, деп басталатын Ата Заңымыз:

Жалпы ережелер;

Адам және азамат;

Президент;

Парламент;

Үкімет;

Конституциялық кеңес;

Сот және сот төрелігі;

Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзін басқару;

Қорытынды және өтпелі ережелер, деген тоғыз бөлімнен, ал олар өз кезегінде, барлығы қосылып 98 баптың басын құрайды.

Ата заңымыздың сол 98 бабының әрқайсысының ел өміріндегі рөлі өте зор. Себебі, олар біздің еліміз қандай мемлекет, оны мекендеген халықтың аңсаған арманы қандай, сол халықты қалай басқару, бастау керек, елді

мекендеген азаматтардың теңдіктерін сақтау, олардың денсаулықтарын қорғап, әркіміге қажетті білім беру - міне, осы жайлардың беттерін ашып, зайырлы мемлекетте тату - тәтті өмір сүрудің сара жолын көрсетіп берді. Мысалы, Ата заңымыздың бірінші бабында:

-Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары десе, екінші бабында:

-Республика қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылықты; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немес Парламентте дауыс беру арқылы шешу, деп ел мұратын айқындап береді. Әрі қарай Ата Заңымыздың екінші бабы былайша жалғасады:

1.Қазақстан Республикасы - президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет;

2. Республиканың егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді...

Ата Заңымыздың 3 - бабында:

1. Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы - халық.

2. Халық билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді.

3.Қазақстан Республикасында билікті ешкім де иемденіп кете алмайды. Билікті иемденіп кетушілік заң бойынша қудаланады,- делінсе, бесінші бабында:

1. Қазақстан Республикасында идеологиялық және саяси әралуандылық танылады. Мемлекеттік органдарда партия ұйымдарын құруға жол берілмейді,- деп ашық айтылады.

Ата заңымыздың жетінші бабында: Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл - қазақ тілі. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады,- делінген.

Осы Заңмен Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері: Туы, Елтаңбасы және Гимні айқындалып, олардың сипаттамасы мен пайдалану тәртіптері белгіленген болатын.

Ата Заңымыздың екінші бөлімі - «Адам және азамат» деп аталады. Бұл бөлімнің тараулары Қазақстан Республикасы азаматтарының негізгі құқықтарын белгілеп берген болатын. Ол бойынша:

-Әркімнің өмір сүруге құқығы бар;

-Әркімнің өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар;

-Адамның қадір - қасиетіне қол сұғылмайды;

-Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең;

-Республиканың халықаралық шарттарында өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының азаматын шет мемлекетке беруге болмайды;

-Республика өзінің одан тыс жерде жүрген азаматтарын қорғауға және оларға қамқорлық жасауға кепілдік береді;

-Әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар;

-Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар;

-Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін таңдауына құқығы бар;

- Әркімнің тынығуға құқығы бар;

-Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтауға құқығы бар;

-Республика азаматтары заңмен белгіленген кепілді медициналық көмектің көлемін тегін алуға хақылы;

-Азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Орта білім алу міндетті.

-Азаматтың мемлекеттік жоғары оқу орынында конкурстық негізде тегін білім алуға құқығы бар...

Былайша айтқанда, жоғарғы оқу орнына оқуға түсерде өз білімінді көрсетіп, қажетті мөлшерде балл жинасаң, тегін оқисың. Ол оқуың үшін мемлекет тіпті, тиісті мөлшерде шәкіртақы да төлейді.

Ата Заңымыз міне, осылайша тәуелсіз ел азаматтарының құқыларын анықтаса, Заңның келесі бөлімдерінде олардың міндеттерін де белгілеп берді.

Біздің елімізде, Ата Заңымыздан тыс, басқа да елдердегі сияқты, республика азаматтарының күнделікті өмірдегі әлеуметтік, экономикалық, құқықтық қарым-қатынастарын реттейтін, олардың құқылары мен жауапкершіліктерін, мемлекетіміздің әр азаматтың алдына қойған талап - тілектерін белгілеген толып жатқан заңдары бар. Олардың ішінде, біз көтеріп отырған - бала мен жасөспірімдерді тәрбиелеуге тікелей қатысы барлары:

1. «Баланың құқықтары туралы» Заңы (2002 ж. 8 тамызы);

2. «Неке және отбасы туралы» Заңы (1998 ж. 17 желтоқсаны);

3. «Еңбек туралы» Заңы (2000 ж. 1 қаңтарынан қолданысқа енгізілген);

4. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі, басқа да заңдар мен заңнамалық актілерді атап өтуге болады.

Осы заңдар мен заңнамалық актілердің талаптарын балалар мен жасөспірімдерге түсіндіруді біз - құқықтық тәрбие, болмаса - құқықтық сананы қалыптастыру дейміз. Құқықтық сана - қоғамдық сананың ерекше түрі. Сондықтан да оны баланың санасына жастайынын сіңіру - мектеп мұғалімдері мен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің басты міндеттері болса керек. Балаға құқықтық тәрбие беру - баланы тәрбиелеу, оған білім берумен қатар жүріп, заң мен құқық талаптары әр жастың бойына жастайынан әбден сіңуі керек. Құқықтық тәрбие беру - әр жастың ата-анасы, өз ортасы мен қоғам алдындағы жауапкершілік сезімін көтеру, ұйымшылдық пен тәртіптілікке баулу үшін, мектеп пен арнайы орта, жоғарғы оқу орындарындағы оқу-тәрбие жұмыстарының негізгі бір саласы болуы керек. Елінің заңдарын білетін,

құрметтейтін, олардың талаптарын орындай білген жас қана ертең заң талаптарын сақтайтын нағыз азамат бола алады.

Құқықтық тәрбие - бала ес біле бастағаннан, бала-бақшаға, мектепке барғаннан бастап, ол әбден өсіп, ержетіп, қалыптасқанға дейін белгілі бір жүйемен жүргізілуі керек. Сонда ғана оның бойында ел заңдары мен қоғамдық тәртіптерге деген құрмет сезімі қалыптасатын болады. Құқықтық тәрбие оның мінезін, қоғамда өзін-өзі дұрыс ұстауын қалыптастыруға әсер ететін, күнделікті өмірінің қалыпты нормасына айналуы керек.

Құқықтық тәрбие - кәдімгі бала тәрбиесінен басталады. Ал, «тәрбие» дегеніміз, ата-ананың, үлкендердің - баланың бойына адами, азаматтық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған, баламен қарым-қатынас жасағанда әдетке айналған күнделікті көрсетер, айтар үлгі - өнегесі мен іс-қимылдарының жиынтығы болса керек. Тәрбиенің түрі көп. Дұрыс сөйлеуге үйрету, ойлауға үйрету, ойнауға үйрету, моральдық, эстетикалық, интеллектуальдық, экологиялық тәрбие, дене тәрбиесі дегендей - бұлардың бәрінің баланың дұрыс есеюіне, есте сақтап, жадының берік болуына, өмірлік тәжірибе жинақтауына әсері зор. Қандай болмасын тәрбиенің толып жатқан тіректері бар. Ең бастысы баланың сол сәттегі көңіл-күйін ескере, онымен санаса отырып, қалауы мен ойын түсіну, сол арқылы оның «кілтін» тауып, дұрыс жолмен жетелеу, өз ырқымен жүргізу. Қазақша айтқанда - оған тіл алдыру. Саған сеніп, тіл алып үйренген, айтқаныңа құлақ асатын бала ертең, айтқаныңды, оның алдына қойған талап-тілектерді барынша дұрыс орындайтын болады. Қоғамның заңдарының басы осы балаға деген күнделікті талаптардан, оны тәртіпке шақыратын тәрбиеден басталатыны белгілі. Біз күнде балаға - уақытында жатып дем ал, ұйықта, таңертең тұрғаннан кейін тісінді тазала, бетінді жу, уақытында тамағыңды іш, тамақ ішер алдында қолыңды жу, тамақ ішіп болғаннан кейін аузыңды сумен шай, шулама, бұзықтық жасама, үлкенді сыйла, шамаң келсе үлкенге көмектес, іні- қарындасыңа қамқор бол,- деп оны жүйелі бір тәртіпке шақырып отырамыз. Заңның басы сол тәрбие мен тәртіпте жатыр. Қазақ: «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аларсың»,- дейді. Жастайынан жүйелі тәрбие алған бала, өскенде де тәртіпті болып, оның талаптарын орындауды әдетке айналдырады.

Балаға құқықтық тәрбие беру мен оның құқықтарын қорғау дүние жүзінде адамзаттың ең басты міндеттерінің деңгейіне көтеріліп отыр. Сондықтан да, балаға құқықтық тәрбие беруді, заңдардағы, қай жасқа болса да орындауға міндетті талаптардан емес, олардың құқықтарын қорғаудан бастау керек. Міне осындай, баланың құқықтарын қорғайтын дүние жүзіндегі ең бірінші құжат, ол - Біріккен Ұлттар Ұйымы 1994 жылы қабылдаған «Баланың құқығы туралы» Конвенция. Дүние жүзі қауымдастығының белсенді мүшесі ретінде бұл Конвенцияға қол қойғаннан кейін, біздің еліміз, онда көрсетілген бар талаптарды орындауға міндетті және еліміздің бала құқығын қорғау жөніндегі заңнамалық актілері, сол Конвенцияның талаптарына сай болуы керек. Сондай заңдардың бірі -

Қазақстан Республикасының «Баланың құқықтары туралы» Заңы:

-Осы Заң балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде оларды жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылық пен азаматтылыққа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана - сезімді қалыптастыру принциптерінің басымдығына сүйеніп, баланың Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілділік берілген негізгі құқықтары мен мүдделерін іске асыруға байланысты туындайтын қатынастарды реттейді, деп басталады, ол Заң.

Қоғам үшін ең қымбаты - баланың денсаулығы. Дені сау бала ғана, дені сау адам ғана қоғамның толыққанды мүшесі бола алады. Сондықтан да аталған Заңның 62 бабында:

-Ата-аналар өз балаларының денсаулығына қамқорлық жасауға міндетті;

-Бала тәрбиелеуші ата-аналар өздерінің қабілеттері мен қаржылық мүмкіндіктерінің шегінде, оның дене, психикалық, адамгершілік және рухани жағынан дамуына қажетті өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін негізгі жауапкершілікте болады...

Яғни, бұл заң бойынша бала тәрбиесіне ең алғашқы жауапты адам, ол - баланың ата - анасы. Осы Заңның 59 және 63 баптарының негізінде, баланың ата-аналары өз балаларының заңды өкілі және кез келген жеке және заңды тұлғаларға қатысты, оның ішінде соттарда арнаулы өкілеттісіз олардың құқықтары мен мүдделерін қорғайды, деп жазылған. Конвенцияның бірінші бабына сай, бұл жағдай баланың кәмелетке, яғни 18 жасқа толғанына дейін сақталады да, кәмелетке толған бала өз құқығын өзі қорғауға міндетті. Баланың кәмелетке толғаны күні оның туған күнінен емес, одан кейінгі, келесі тәуліктен басталады.

Солай бола тұрып, Заңда, ата-анасы, немесе олардың орнындағы адамдар (ата-анасынан айырылған балалардың қорғаушылары мен қамқоршылары) балаға келгенде, өз құқықтарын теріс пайдаланған жағдайда, бала қорғаншы және қамқоршы органдарға, ал 14 жасқа толғаннан кейін сотта өзінің құқықтарын қорғау үшін өз бетінше өтініш жасауға құқылы, делінеді.

Біздің елде азаматтарымыздың тең құқықпен пайдаланғаны сияқты, балаларымыз да тең құқыққа ие. «Баланың құқықтары туралы» Заңның төртінші бабында:

-Тегіне, нәсіліне және қай ұлтқа жататындығына, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, жынысына, тіліне, біліміне, дінге көзқарасына, тұрғылықты жеріне, денсаулық жағдайына, балаға және ата-анасына немесе басқа заңды өкілдеріне қатысты өзге де жайларға қарамастан барлық бала тең құқылы, деп көрсетілген.

Осы Заңның алтыншы бабында баланың мүддесін көздеу мемлекеттік саясаттың деңгейіне дейін көтерілген. Осыған орай, бұл Заңда баланың денсаулығын сақтау, ар-ожданын қорғау, қажетті тұрмыс деңгейі, тұрғын, білім алу, еңбек бостандығы құқықтары айқындалып, бұл мәселелердің барлығын шешуді, қажетті жағдайда үкімет өз мойнына алатындығы көрсетілген. Заңда жетім қалған балаларға мемлекеттік қамқорлық көрсетумен қатар, ауру,

мүгедек балаларға деген мемлекеттік қамқорлықтың жай-жапсарына ерекше көңіл бөлініп, түрлі көмек белгіленген.

Баланың осы айтылған құқықтарымен қатар бұл Заң, баланың міндеттерін де белгілеп беріп отыр. Заңның 20 бабында:

-Әрбір бала Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандығын, ар-ожданы мен қадір-қасиетін, Республиканың мемлекеттік нышандарын құрметтеуге, еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға, тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қам-қарекет жасауға, тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтауға, табиғатты сақтауға және табиғи байлықтарға ұқыпты қарауға міндетті,- делінген.

Бала мен жасөспірімге құқықтық тәрбие берудің бірінші жолы, әртүрлі кездесулер мен әңгімелер, кештер өткізу және олардың алдарында заң - құқық тақырыбына арналған лекциялар өткізу арқылы, жоғарыда аталған заңдарды мектеп оқушылары мен оқушы - студенттердің, ұстаздар мен ата-аналардың арасында насихаттау, оларға заңдар мен заңнамалық актілердің талаптарын түсіндіру болса, құқықтық тәрбиенің екінші жолы, бұл - тәртіп сақтау органдарының балалар және жасөспірімдермен жүргізген жұмыстарының, кезең-кезеңмен қорытындысын шығарып, саралап, оларға баға беріп отыру болып табылады. Осы орайда біз, ең алдымен облыстың мектептерінде, оқу орындарында, еңбек ұжымдарында оқушы - студенттер, жұмысшы - жастармен болып өткен кездесулерде көтерілген негізгі мәселелерді қорытындыласақ, екінші жағдайда оқушылар мен жастар қандай жағдайларда тәртіп бұзып, жауапкершілікке тартылғандықтарын саралап, есебін алып отырамыз. Алдағы уақытта балалар мен жастардың тәртіп бұзушылықтарының алдын алу үшін, өз жұмысымыздың жоспарын дайындағанда сол сараптаманың қорытындысын басшылыққа аламыз. Мақсат - балалар мен жасөспірімдер заңнама талаптарының қай тұсын білмесе, оларға соны насихаттау, түсіндіру болып табылады.

Осы орайда ең алдымен, қоғамдық тәртіп сақтау органдары қызметкерлерінің мектептер мен оқу орындарында, жастар ұжымдарында өткізілген кездесулерде болған әңгімелер мен көтерілген мәселелерге тоқталып, оларда қойылған сұрақтарға көңіл бөліп, сол сұрақтарға тағы да бір рет жауап беріп өтейік. Бұл, балалар мен жастар үшін ең қажет мәселе.

Әрине біздің қызметкерлеріміз, олармен кездесулерде заңнамалық құжаттардың талаптарын егжей-тегжейлі әңгімелеп:

- әр мекеме (мектеп, басқа да оқу орындары), немесе кәсіпорынның өзінің атқарар міндеттеріне сай ішкі тәртіп Ережелері болатындықтарын, сол жерде оқитын, болмаса еңбек ететін әр адам сол Ережелерді қатаң сақтауға міндетті екенін ескертеміз;

- жастарға, қайда жүрсең де сен қоғамдық тәртіп пен заң талаптарын орындауға міндетті екендігін ескертіп, көшеге шыққанда жол ережелері мен қоғамдық тәртіп сақтау ережелерін естен шығармаудың қажеттілігін, жол ережесін сақтамаудың адам өміріне қаншалықты қауіпті екенін, ал қоғамдық

тәртіпті сақтау оның мәдениеті мен тәрбиесінің деңгейін көрсететіндігін жан-жақты түсіндіреміз.

Біздің қызметкерлеріміздің балалар мен жасөспірімдер, олардың ата-аналарымен, ұстаздармен кездесулері әдетте сұрақ - жауапқа ұласады. Себебі, кездесуге келгендер өздерінің білмейтін сұрақтарына жауап алуға, сол жауаптардың көмектерімен өздерінің толып жатқан проблемаларын шешудің жолдарын іздейді.

Енді бір сәт, сол сұрақтар мен оларға берілген жауаптарға кезек берелік. Себебі, бұл сұрақтар мен жауаптар балалар мен жасөспірімдерге құқықтық тәрбие берудің шешуші бір тарауы болып табылады және де біздер сол сұрақтардың негізінде, болашақта құқықтық тәрбие мәселесіне келгенде, неге көңіл бөлуіміз керек екендігі мен ертеңгі жұмысымыздың бағыты мен бағдарын анықтайтын боламыз.

Сұрақ (Қостанай қ.). Мен ауылдан келіп, осында оқуға түстім. Көшеде бір топ балалармен келе жатқанда патруль кездесіп, орысшалап, бізден жеке басымыздың куәлігін талап етті. Ауылда біз ешқашанда куәлігімізді қалтамызға салып жүрмейтінбіз. Менің және қасымдағы екі баланың куәлігі болмай шықты. Қалған балаларды жіберді де, патрульдер біз үшеумізді, «до выяснения» деп, машинаға отырғызып, полиция бөліміне алып келіп тапсырды. Ондағылар біздің кім екендігімізді анықтап болғанша, біз үшеуміз төрт сағат бойы қамауда отырдық. Осы дұрыс па? Заң не дейді?

Жауап: *Қазақстан Республикасының «Ішкі істер органдары туралы» Заңының талаптарына сәйкес, күдікті деген адамдарды тоқтатып, құжаттарын тексеріп, олардың кім екендігін анықтау Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне жүктелген.*

Қазақстан Республикасы Әкімшілік тәртіп бұзушылық Кодексінің 619 бабының талаптарына сәйкес, біздің қызметкерлеріміздің аты-жөні анықталмаған күдіктіні (күдіктілерді) полиция бөлімшелеріне алып келуге құқықтары бар. Осы Кодекстің 618 және 622 бабтарының талаптарына сәйкес, алып келген күдіктілерді, оның (олардың) кім екендіктері анықталғанша полиция бөлімшесінде үш сағатқа дейін ұстауға құқылы. Сондықтан да, әсіресе қалада жүргенде барынша сақ болып, әркезде де өздеріңмен бірге құжаттарыңызды ала жүргендеріңіз абзал. Студенттер үшін, олардың өздерімен бірге студенттік билеттері болса болғаны.

Бұл айтылғандарға қосарым, кәмелетке жасы толмаған балалардың түнгі сағат 22 ден таңертеңгі 6-ға дейін көшеде жалғыз жүруіне тыйым салынған. Егер жасы кәмелете толмаған бала бұл тәртіпті бір жыл ішінде қайталап бұзатын болса, онда ол заң жолымен әкімшілік жазасына тартылып, айып салынады.

Сұрақ (Қостанай қ.). Мен жас анамын. Жас баламды жалғыз өзім асырап - бағып жатырмын. Бұрынғы күйеуім болса алименттен қашып жүр. Одан алиментті қалай өндіріп алуға болады?

Жауап: *Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңының 124 бабында: Ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын*

асырап-бағуға міндетті. Кәмелетке толмаған балаларды асыраудың тәртібі мен нысанын ата-аналар дербес айқындайды.

Ата-аналар осы Заңның 20-бабының талаптарына сәйкес өздерінің кәмелетке толмаған балаларын асырап-бағу туралы (алимент төлеу туралы келісім) жасауға құқылы. Егер ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын асырап-бағуына алмаса, кәмелетке толмаған баланы асырап-бағуға арналған қаражат (алимент) ата - аналардан сот тәртібімен өндіріліп алынады.

Сот арқылы өндірілетін алименттің ай сайынғы мөлшері: бір бала үшін ата-анасы табысының (немесе өзге де кірістерінің) - төрттен бірі; екі бала үшін - үштен бірі, үш және одан да көп бала үшін - тең жартысы өндіріліп алынады.

Бұл үлестердің мөлшерін сот тараптардың материалдық немесе отбасылық жағдайларын және назар аударарлық өзге де мән-жайларды ескере отырып, кемітуі, немесе көбейтуі мүмкін. Ал, алимент төлеуде үш айдан астам қасақана қашып жүрген ата-аналарға айып салынып, болмаса екі айдан бес айға дейін, кейде екі жылға дейін бас бостандығынан айырылады. Яғни, қашып жүрген күйеуіңнен алимент өндіріп алу үшін сотқа жүгіну керек. Бұл мәселені сот қана шешеді.

Сұрақ. Он бірінші сыныпта оқитын қыз бала жүкті болып, босанып қалды. Болашақ баланың әкесі де мектепте оқиды. Бұл жағдайда не істеуге болады?

Жауап. Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңының 10-шы бабына сәйкес біздің елімізде неке жасы ерлер мен әйелдер үшін 18 жас болып белгіленген. Дәлелді себептер болған жағдайда мемлекеттік тіркеу орны бойынша азаматтық хал актілерін жазу органдары неке жасын екі жылдан аспайтын мерзімге төмендетуі мүмкін және де сол негізде 16 жасқа толған жастарды некеге отырғыза алады.

Сұрақ. Мен балалар үйінде тәрбиелендім. Мектепті биыл бітірдім, бірақ оқуға түсе алмады. Күзден бастап мені балалар үйінен шығаратын түрлері бар. Олай болса мен баспанасыз қаламын. Мен не істеуім керек?

Жауап. Бұл сұрақ бойынша білім беру мекемесінің жанындағы, немесе жергілікті атқарушы органдар жанындағы қорғанышылық және қамқоршы органдарға барып жүгіну керек.

Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әр баланың тұрғын үйге құқығы бар. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім бала тәрбиелеу, емдеу және басқа да мекемелердегі баланың тұрғын үй-жайға меншік құқығы немесе тұрғын үй - жайды пайдалану құқығын сақтауға, ал құқығы болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының тұрғын үй туралы заңдарына сәйкес тұрғын үй-жай алуға құқығы бар. Жетім балаларды, оларға үй - жай берілмейінше, олар тұрып жатқан үйден, Сіздің жағдайыңызда, балалар үйінен шығаруға ешкімнің құқығы жоқ.

Сұрақ. Әрине, кімнің болса да қоғамдық тәртіп пен заң талаптарына сай өмір сүруі керек екені белгілі. Бірақ өмірде сан қилы уақиға болып, кейде тіпті амалсыздан заң бұзуға тура келеді. Кейде ол кездейсоқ, кейде біреудің себебі,

әлде итермелеуімен болады. Сонда, жастар қай жастан бастап қылмыстық жауапкершілікке тартылады?

Жауап. Қылмыстық жауапкершілік 16 жастан басталады. Ал, адам ұрлау, болмаса зорлау, адам өлтіру, ұрлық, қарақшылық жасау, тонау, ланкестік жасау, кепілдік ретінде адамды тұтқынға алу, қару - жарақ пен жарылғыш заттарды, есіртке мен психотропты заттарды қиянаттықпен зорлап тартып алу, өлген адамның денесін қорлау, сияқты ауыр қылмыс жасаған жағдайда, Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің талаптарына сай, қылмыстық жауапкершілік 14 жастан басталады. Сондықтан да, үлкендер мен кәнігі қылмыскерлердің, сен жассың, не істесең де сені соттамайды деген жалған сөздері мен алдағандарына сеніп те, көніп те қалмаңдар. Ауыр қылмыс жасаған адам 14 жастан бастап жазаға тартылады. Сол естеріңде болсын. Ауылдан келген жастардың, әсірес, есірткі, басқа да еліткіш заттар тартушылардан, нашақорлардан сақ болғандары жөн. Олар алдап торларына бір түсіріп алса, сүліктей жабысып, одан кейін олардан құтылып кету оңай болмайды. Олар өте қауіпті.

Сұрақ. Қандай жағдайда ата-аналар өздерінің құқықтарынан айырылады және де ол жүзеге қалай асады?

Жауап. Егер ата аналар (олардың біреуі), ата-ана міндеттерін орындаудан, оның ішінде алимент төлеуден қасақана жалтаратын, болмаса, бас тартқан жағдайда, өз баласын перзентханадан, не өзге де балаларды тәрбиелеу, емдеу басқа да мекемелерден алудан бас тартқан жағдайда, балаларға қатыгездік көрсетсе, заңдарда белгіленген тәртіппен – маскүнемдікпен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауырады деп танылған болса, олар, ата - ана құқығынан айырылуы мүмкін.

Ата - ана құқығынан айыру сот тәртібімен жүргізіледі және ол істер міндетті түрде прокурор мен қорғанышы және қамқоршы органдар өкілдерінің қатысуымен қаралуы керек.

Сұрақ. Егер мен, амалсыздан қылмыс жасаған жағдайда не істеуім керек?

Жауап. Ең алдымен Сіз, құқық қорғау органына барып, болған жағдайды айтып, істеген қылмысыңызды мойыныңызға алып, жүгінуіңіз керек. Бұл жағдай, Сіздің жазаңызды біраз жеңілдетуге көмегін тигізеді. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің талаптарына сай, Сізге заң жолдарымен көмектесу үшін қорғаушы алуыңызға болады.

Қорғаушы - адвокат болуы керек. Кейде қорғаушының ролін айыпталушының жақын туыстары, жұбайы, заңды өкілдері, кәсіподақ болмаса қоғамдық ұйымдардың өкілдері де атқара алады. Қорғаушы, қылмыс жасаған адамға айып тағылған кезден бастап өз жұмысына кірісе алады.

Сұрақ. Жанұясының бір мүшесі бұрын сотталған жағдайда, ішкі істер органдарына жұмысқа (қызметке) тұруға бола ма?

Жауап. -Ішкі істер органдарына денсаулығы жағынан қабілетсіз, болмаса жарамсыз деп танылған;

- Бір жағдайларға байланысты өзіне жүктелген міндеттерді атқарудан бас тартқан;

- Ішкі істер органдарына жұмысқа тұрудан бұрын үш жыл ішінде коррупциялық, болмаса басқа да қылмысы үшін жауапкершілікке тартылған, сотталған, болмаса қызметтен босатылған азаматтар қабылданбайды.

Ішкі істер органдарына қызметке алынбастан бұрын, кім де болса міндетті түрде, денсаулығы жағынан жарамды екенін анықтау үшін әскери - дәрігерлік комиссиядан, сондай-ақ арнаулы тексеруден өтуге міндетті.

Оның өзі және әйелі, мекен-жай бойынша салық органдарына кіріс және мүлкіне байланысты декларация тапсыруға міндетті.

Сұрақ. Түрлі діндердің өкілдері, көбіне-көп үлкен кісілер көшеде өздерінің діндерін насихаттау үшін, әсіресе жастарға әртүрлі кітапшаларын тықшатап, жол бермейді. Алмайын десең, ренжиді. Осы дұрыс па?

Жауап. Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының бесінші бабының төртінші тармағында:

-Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату тек қана гибадат үйлерінде, діни білім беру ұйымдарында, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары арнайы белгілеген тұрақты үй-жайларда таратуға жол беріледі, деп жазылған. Яғни, бұдан былай біреулер көшеде діни кітаптар мен басқа да діни ақпараттарды таратып жүрсе, ол қолданыстағы Заң талаптарын бұзған болып танылады.

Сұрақ. Мен ауылдан келдім. Мұнда әлі үй ала қойған жоқпын. Бірақ, жұмысқа тұрайын десем барған жерім менен қалалық тіркеуді (прописканы) талап етеді. Уақытты созып алсам, жұмыстан айырылып қаламын. Мен не істеуім керек?

Жауап. Қазақстан Республикасы заңнамаларының негізінде қалада қызметке, немесе жұмысқа тұратын адам міндетті түрде тұрақты бір тұрғын үйде тіркелуі керек. Бұл қоғамдық тәртіп талабы. Көлденең келген көк аттыны жұмысқа ала бермейді. Оның тұрақты тіркеуі, кімнің болса да тиянақтылығын көрсетіп, қоғамның оған деген сенімін де арттырады. Тұрақты мекен-жайы бар адамға жауапкершілікті де артуға, нені болса да сеніп тапсыруға болады. Тұрақты тіркеуі жоқ адамды, бірдеңе бола қалса, ертең қайдан іздейсің.

Тұрақты тіркелетін мекен-жай табылған жағдайда, тіркеуге тұру үшін міндетті түрде:

- жеке бастың куәлігі (түпнұсқа, болмаса көшірмесі);
- СТТН (РНН) (түпнұсқасы, болмаса көшірмесі);
- тұратын үйіңіздің азаматтарды тіркеу кітапшасы;
- үйдің құжаттары (сату, болмаса сатып алу жөніндегі келісім-шарт, үйді пайдалануға бергендегі акт, пәтерді жекешелендіру жөніндегі құжаттар, ол үй банкке кепілдікке берілген жағдайда, оны растайтын, банктің мөрі басылған құжаттар;
- бұрынғы тұрған мекен жайыңдағы тіркеуден шыққандығы жөніндегі парақшы;

-СТТН (РНН) тіркеуге 151,2 теңге салық төлегені жөніндегі касса түбіртегі болуы керек.

Тіркеу құжаттарын рәсімдеуге міндетті түрде тұрғын үйдің (пәтердің) иесі қатысуы керек.

* * *

Міне, бұлардың барлығы жастар мен олардың ұстаздары, ата -аналарының сұрақтарына жай ғана беріле салған жауаптар емес. Олар, біздің ертеңгі жұмыстарымыздың бастау мен негізгі бағыттары болып табылады. Біз ертең, өз жұмысымызда осы сұрақтардан туындайтын жайларды ескере отырып, жастарға құқықтық тәрбие беру, қоғамдық тәртіп бұзушылықтың алдын алуға арналған шаралардың негізі ретінде пайдаланамыз. Жұмысты осылай ұйымдастыруымыздың нәтижесі жаман емес сияқты. Оған мына төмендегі сызбада көрсетілген нақты цифрлар дәлел болса керек.

Тәртіп бұзудың түрлері	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2010 8 айы	2011 8 айы
Кәмелетке толма- ғандардың қылмыстары	875	703	681	682	444	307	205	172
Адам өлтіру	12	7	7	2	5	0	0	0
Денеге ауыр жара- қат келтіру	8	10	6	15	5	5	4	4
Бұзақылық жасау	65	52	48	31	16	7	5	9
Қорқытып алушы- лық (бопсалау)	15	22	7	7	3	5	5	0
Тонаушылық	91	102	111	119	84	53	44	28
Қарақшылық жасау	26	12	19	20	7	4	4	1
Басқаның мүлкін ұрлау	562	384	405	263	265	190	119	106
Соның ішінде мас болуы	75	57	64	52	57	43	30	24
Топтасып қылмыс жасау	395	310	303	346	191	134	90	67
Солардың ішінде мектеп оқушыла- рымен	348	303	341	334	182	163	101	100
Орта кәсіби және жоғарғы оқу орын- дарының студент- тері жасаған қыл- мыстар	96	129	125	153	93	72	53	43
Қылмыстық жаза- ға тартылған кә- мелетке толмаған- дар саны	985	980	943	759	587	440	259	337

Қарап отырсақ, соңғы сегіз жылда біздің облысымызда кәмелетке толмағандардың қылмысы, орта есеппен екі-үш есеге қысқарғанын көреміз. Ал, жас (кәмелетке толмаған) қылмыскерлерді кәсіптеріне қарай бөлгендегі көрсеткіш былай болып келеді.

<i>Категориялары</i>	<i>2008 ж.</i>	<i>2009 ж.</i>	<i>2010 ж.</i>	<i>2011 ж.</i>
<i>Кәмелетке толмағандардың жасаған қылмыстарының жалпы көрсеткіші</i>	<i>757</i>	<i>585</i>	<i>437</i>	<i>337</i>
<i>олардың ішінде мектеп пен гимназия оқушылары</i>	<i>390</i>	<i>280</i>	<i>270</i>	<i>233</i>
<i>Лицейлер оқушылары</i>	<i>42</i>	<i>42</i>	<i>34</i>	<i>23</i>
<i>Колледждер оқушылары</i>	<i>79</i>	<i>67</i>	<i>35</i>	<i>27</i>
<i>ЖОО студенттері</i>	<i>-</i>	<i>3</i>	<i>2</i>	<i>2</i>
<i>Жұмысшы жастар</i>	<i>16</i>	<i>9</i>	<i>3</i>	<i>1</i>
<i>Не жұмыс істемейтін, не оқымайтын жастар</i>	<i>230</i>	<i>184</i>	<i>93</i>	<i>51</i>

Бұл сызба да, жастардың қылмыс істеулері жылма-жыл азайып келе жатқанын көрсетеді. Мұны біз сөз жоқ, мектеп оқушылары мен жастарға жүйелі түрде құқықтық тәрбие беру, олардың жауапкершіліктерін арттыру, жастармен кездесу, олармен жоспарлы түрде жүргізілген үлкен тәрбие жұмыстары, кездесулердегі олардың сұрақтарына нақтылы жауап беріп қана қоймай, сол сұрақтар төңірегінде туындайтын жайларға ерекше көңіл бөле отырып, ұстаздар, ата-аналармен бірлесе атқарған жұмыстарымыздың нәтижесі деп түсіну керек болар.

Жастарға тағы да бір айтатын жай - тәртіп сақтау органдарының қызметкерлері сендерден қоғамдық тәртіп пен заң талаптарын орындауды талап етуші, тәртіп бұзғандарға жаза қолданушы ғана емес, көп жағдайда олар сендердің қорғаныштарың да екенін біліп қойғандарың дұрыс. Бастарыңа күн түскенде, сендерге ең бірінші болып қол ұштарын беретін де солар. Олардан көмек алу үшін сендер ішкі істер органдарына (қызметкерлеріне) шамаларың келгенше мән-жайды түсіндіріп, олардың аттарына арыз жазуларың керек. Мына төменде сондай арыздардың бірнеше үлгісі келтіріліп отыр.

Біреу Сіздің бір затыңызды ұрлап алған жағдайда, оны іздеп табу үшін мына үлгідегі арыз жазылады: (үлгі)

*Алматы қаласы Түріксіб аудандық
Ішкі істер басқармасының бастығы
полиция полковнигі О.А. Майлыбаев
мырзаға*

Алматы қаласы, Ералин көшесі 14 үйдің тұрғыны, 1965 туған Ережепов Сайраннан. т: 543278.

Арыз

2011 жылдың 11 қазанының түнінде белгісіз адамдар біздің үйіміздің сыртқы есігінің құлпын бұзып, үйге кіріп, шамамен 60 мың теңгенің заттарын (асыл заттар, сырғалар мен сақиналар) алып кетті. Мүмкіндігі болса, ұрыларды ұстап, менің асыл заттарымды қайтаруға көмектессеңіздер екен (заттарыңыздың аттары, түр - түстерін жазу керек).

Арыз беруші - (қолы) Сайран Ережепов
(арыз берген күні, айы, жылы)

● * *

Болмаса, біреулер жас балаңыздың қолындағы ұялы телефонын тартып алып кеткенде:

Алматы қаласы, Түріксіб аудандық Ішкі істер басқармасының бастығы,
полиция полковнигі

О.А. Майлыбаев мырзаға

Алматы қаласындағы Ералин көшесіндегі 14 үйдің тұрғыны, 1965 жылы туған Сайран Сәлімжанұлы

Ережеповтен

Арыз

2011 жылдың 15 қазанында сағат 15.00 шамасында, Орталық базардың маңында белгісіз береулер менің баламның, құны 15 мың теңге тұратын «Нокия» маркалы ұялы телефонын тартып алып кетті.

Мүмкіндігі болса ұрыларды ұстап, баламның телефонын тауып беруге көмектессеңіздер.

Арыз беруші - (қолы) Сайран Ережепов
(арыз берген жылы, айы мен күні)

Осылайша, біреулер ұрып-соғып кеткенде, машина қағып кеткенде, бір затыңызды ұрлап, болмаса алдап алып кеткенде т.т. жағдайларда, болған уақиғаны айтып, көмекке зәру болған жағдайда Ішкі істер органдарынан көмек сұрап, арыз жазу керек. Арызды міндетті түрде уақиға (ұрлық, зәбір көрсетілген, немесе бұзақылық жасалған, авария) болған жерді көрсетіп, ішкі істер бөлімі бастығының атына арыз жазып, қалдыруға болады. Ішкі істер органдарының қызметкерлері Сіздерге мүмкіндіктерінше қол ұштарын беріп, көмектесуге міндетті.

* * *

Жасөспірімдер мен жастардың қоғамдық жерлерде тәртіп сақтаулары, темекі шегіп, алкогольдік ішімдік ішулері жайлы тәртіп пен заңнамалық актілердің өзі бір бөлек. Салауатты өмір салтын қалыптастыруды өзіне міндет

етіп қойып отырған елімізде, әркімнің денсаулығын қорғау және де айналадағы адамдардың денсаулықтарына зиян келтірмеу мақсатында, арнайы белгіленген орындар болмаса, қоғамдық жерлерде темекі шегуге тыйым салынған. Сауда орындарында 18 толмаған жасқа темекі мен алкогольдік ішімдік сатуға болмайды. «Баланың құқықтары туралы» Заңның 37 бабында:

-Балалар тауарларын сататын сауда ұйымдарында және мәдениет мекемелерінде, сондай-ақ балаларға арналған іс-шараларды жүргізу кезінде шылым шегуге, темекі бұйымдарын сатуға тыйым салынады,-делінген. Ондайға жол берілген болса, кінәлі адамдар, не сол сауда орнының иелері заң жолымен жауапқа тартылады.

Оның сыртында, балалар мекемелерінде, білім беру ұйымдарында және оларға іргелес, жүз метр радиустегі аумақта алкоголь өнімдерін сатуға тыйым салынады.

Анаша тарту, есірткі ішу, еліткіш заттарды пайдалануға жол берілмейді. Қолданыстағы заң талаптарына сәйкес, ондайлар ерекше тіркеуге алынып, мәжбүрлеп, емделуге жіберілуі тиіс.

Парнографияны, қатыгездік пен зорлық-зомбылықты дәріптейтін,

адамның қадір-қасиетін қорлайтын, балалар мен жасөспірімдерге зиянды әсер ететін және құқықбұзушылыққа ықпал ететін бұқаралақ ақпарат құралдарын, әдебиетті, ойын-сауық және басқа да іс-шараларды пайдалану заң бойынша қудаланылады.

Зайырлы мемлекет болғандықтан, дінге келгенде, біздің елдің заңы ерекше. Ата-аналар немесе олардың орнындағы адамдар балаларын дінге баулуға мәжбүрлеу шараларына жол берілмейді.

Яғни, әрбір бала әлеуметтік ортаның теріс ықпалынан қорғалуы керек.

Біздің заңдарымызда бала еңбегін, оның денсаулығына зиян келместей етіп пайдалануға да көңіл бөлінген. Ол заң талаптарына сай - алкогольдік өнімдер мен темекі бұйымдарын өндіруде немесе сатуда бала еңбегін пайдалануға болмайды.

Әр баланың еңбек бостандығы, қызмет және кәсіп түрлерін еркін таңдауға құқығы бар. Балалар 14 жастан бастап, ата-аналарының рұқсатымен оқудан бос кезінде денсаулығына және өсіп жетілуіне оңтайлы, баланың дене бітіміне, имандылығына және психикалық жай-күйіне зиян келтірмейтін қоғамдық пайдалы еңбекке қатысуға, сондай-ақ мамандық алуға құқығы бар. Бұл құқықты халықты еңбекпен қамту қызметі мен жергілікті мемлекеттік басқару органдары қамтамасыз етеді. Жұмыс істеу, оның оқу процесін бұзбауға тиіс.

Баланы ауыр қара жұмысқа, зиянды және (немесе) еңбек жағдайы қауіпті жұмыстарға қабылдауға немесе тартуға тыйым салынады.

Баланы соғыс қимылдарына, қарулы жанжалдарға тартуға, балалардың әскерилендірілген құрамаларын құруға тыйым салынады. Міне, осылардың барлығынан біздің мемлекетімізде балалар өмірінің қауіпсіздігіне, олардың денсаулықтарын қорғауға, әр жастың еркін өсіп, ер жетулеріне, қажетті білім алып, қатарға қосылуына деген қамқорлығы айқын көруге болады.

Енді жасөспірімдер мен жастар естерінде сақтасын деген мақсатпен балалар мен жастардың құқықтарын қорғау жөніндегі кейбір терминдер, анықтамалар мен заң жолдарына тоқтала кетелік.

-жетім бала - ата-анасының екеуі де немесе әкесі, не анасы қайтыс болған бала;

-мүгедек бала - дене немесе ақыл-есі кемісті болуының салдарынан тіршілік етуінің шектеулі болуына байланысты әлеуметтік жағынан көмек алуға және қорғалуға мұқтаж бала;

-қорғаншылық - 14 жасқа толмаған балалардың құқығы мен мүддесін қорғаудың құқық нысаны;

-қамқоршылық - 14 жастан 18 жасқа дейінгі балалардың құқығы мен мүддесін қорғаудың құқықтық нысаны;

-тәртіп бұзушылық - түрлі ережелер мен заңнамалық актілерде көрсетілген белгілі бір талаптарға қарсы іс-әрекет жасау;

-он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған адам бала деп танылады;

-баланың өз құқықтары мен мүдделерін қорғауға құқығы бар;

-неке - ерлі-зайыпталар арасындағы мүлік және мүліктік емес жеке қатынастарда туғызатын, отбасын құру мақсатымен заңдарда белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімі жағдайында жасалған еркек пен әйелдің арасындағы тең құқықты одағы. Некеге тұру үшін олардың ерікті келісімі болып, екеуі де кәмелеттік жасқа толулары керек;

-неке жасы - адамның некеге тұру құқығына жеткендегі жас, яғни 18 жас;

-неке - некеге тұратын адамдардың тікелей қатысуымен мемлекеттік азаматтық хал актілерін жазу органдарында қиылады. Неке қию кезінде өз орнына өкіл жіберуге болмайды;

-мәжбүрлеп қиылған неке жарамсыз (заңсыз) деп танылады;

-некеге тіркеу өткізілгеннен кейін ерлі-зайыптыларға неке туралы куәлік беріледі;

-ерлі-зайыптылар бір-бірін материалдық жағынан қолдауға міндетті,

-туу, қайтыс болу, неке қию, некені бұзу, бала асырап алу, әке (ана) болуды анықтау, атын, әкесінің атын және тегін өзгерту азаматтық хал актілерін жазатын мемлекеттік органдарда тіркелуі тиіс;

-балалардың тууын тіркеуді азаматтық хал актілерін жазатын органдар баланы туған жері бойынша немесе ата-анасының, не олардың біреуінің тұрғылықты жері бойынша жүргізеді;

-әрбір бала туған сәтінен бастап аты, әкесінің аты, тегі ұлты және азаматтығы болуына құқылы. Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда оларды сақтауға құқылы.

Елдік негіздері

Тәрбиеден, діннен, құқықтық тәрбиеден бір адамға жетерлік, біраз хабар берген сияқтымыз. Бұл айтылғандарға ой төрінен орын беріп, оларды ой елегінен өткізіп, бір тұжырымға келсең, Сен көрінген милицияның, болмаса көрінген діни ағым өкілінің жетегінде кетпейсің. Тәрбиең бар, қажетті білімің бар, мәдениетің де жетерлік. Осылардың барлығы қосылып, ойыңа қанат, бойыңа қуат бітіріп, ендігі жерде Сен өзіңнің қара басың ғана емес, енді Сені қоғамның, жақындарыңның, елдің қамын ойлауға жетелері сөзсіз. Елдің қамын ойламастан бұрын Сен - Ел деген не, Елдік деген не, осы сұрақтарға жауап іздеуің керек. Елдіктің негізі неден тұрады?

Сонымен, елдік негіздері деген не? Осы сұрақтарға жауап берелік. Себебі, манағыдан бастап айтылғандардың бәрі ел болуымыз үшін керек болатын. Сондықтан да елдіктің негіздерін білу, кімге болса да міндет.

1.Қазіргі ахуал

Бәрі жақсы: Жаратқан иеміз жар болып, көктен тілегеніміз жерден табылды; бодандық бұғауынан босанып, бостандыққа қол жеткіздік; ата-бабамыз жете алмай, ғасырлар бойы армандап өткен Тәуелсіздікке біз ие болдық.

Бұрын еліміз «Қазақ республикасы» деп аталғанымен, қазақтың Қазақстанда ештемеге билігі де, иелігі де жоқ еді. Өз елімізде, өз жерімізде өгей баланың күйін кешіп, кірмедей кіріптар едік. Бар билік отарлаушылардың қолында болды, солар не бұйырса, соны бұлжытпай орындауды ғана білдік. Бәріміз - бастық болғанымыз да, бағынышты болғанымыз да, түгелдей отарлаушының айтқанын қалт жібермей, жарыса жақсы орындаушы болуға жан салдық. Адамдығың да, азаматтығың да тапсырманы қалай орындауыңмен бағаланатын заманда басқаша болу мүмкін емес еді.

Енді, міне, соның бәрі өзгереді. Қазақстанда бар билік қазақтың қолына көшті; әлеуметтік тірлікте де, саясатта да, экономикада да түпкі нәтиже қазақтың мүддесі тұрғысынан шешіледі; ардақты ана тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып, елімізде тұратындар бұрынғыдай басқа тілде сайрағандарын қойып, жаппай қазақ тілінде сөйлейді, сөйтіп тарихқа кеткен есеміз қайтып, кетігіміз бүтінделіп, кемтігіміз толады деп қуандық. Сол қуаныш құшағында Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында үмітімізді үкілеп, өлгенімізді тірілтіп, өшкенімізді жандырсақ деген ниетпен езілген еңсемізді тіктеп, басылған көңілімізді көтеріп, сонымызбен өзгелерге Егемен ел екенімізді көрсетпек болып, біраз думандатып, той тойлап бақтық.

Алайда ешкімнің ырқына көнбейтін қатал Уақыт көп ұзатпай-ақ тойлауменен іс бітпейтінін, сонымен бірге ойлаудың, ел болып ойласудың қажеттілігін алға тартты. Егемендігімізді жариялап, Тәуелсіздігімізді алдық дегенімізбен, шынайы дербес ел болып, тәуелсіз тыныстау үшін әлі де табандылық пен біліктіліктің қажеттігі күн өткен сайын айқындала түсті. Шын еркіндікке жету үшін әлі талай уақыт керек екенін де түсіне бастадық.

Сырттай да, іштей де мылтықсыз майдан жүріп жатты. Жағдайды жете түсінген елдің Есті азаматтары олай болмай, бұлай болуы керек деп жалаң өрепки бермей, осынау арпалысты тірліктің әр сәтін Тәуелсіздігімізді сақтап қалудың пайдасына шешу үшін күш-жігерін, ақыл-парасатын жұмыла жұмсап бақты. Қанша жерден «тәуелсіз елміз» деп жалғанға жар салғанымызбен, шын тәуелсіз болуымыз үшін қолға бұғау, аяққа тұсау болар қиындықтар жетіп артылатын еді.

Солардың бастыларына ғана тоқталсақ, **біріншіден**, қанша жерден ел өзіміздікі, жер өзіміздікі дегенімізбен, сол елде, сол жерде біз жалпы тұрғынның үштен біріндей-ақ болдық. Еңелесіп келгенде еңсеріп кете алар қауқарымыз болмады, тым аз едік. Есе жібермеу үшін ақиқат ахуалмен санаса отырып, еппен, ақылмен, айламен әрекет етуге тура келді.

Екіншіден, отарлаушы елдің өкілі ретінде өз дәстүрін, өз мәдениетін өзгелерге зорлықпен таңып, сан жылдар бойы үстемдігін жүргізіп келген, бірнеше ұрпағы сондай психологияда тәрбиеленген, арамызда әлі де басым дауысқа ие болып отырған орыс диаспорасының ол кезде қазақтар тәуелсіздік алған екен деп саналық өзгеріске түсіп, аяқастынан өзгере қалуы мүмкін емес еді. Олар Қазақстанның қайткен күнде де жеке ел болмай, Ресей Федерациясының құрамында қалуын барынша қалады, сол үшін түрлі жолмен күресіп бақты.

Үшіншіден, қуғын-сүргіннің талайын көріп, зәрезат болған еліміздегі басқа ұлттың өкілдері ертеңгі күндерінің не боларына көздері жете алмай, алда екіталай күн туа қалса, пәлесінен аулақ болайық дегендей, Ресейдей арқасүйері бар орыс диаспорасын үнсіз қолдап, солардың қас-қабағын аулады.

Төртіншіден, бұларға өз ішімізден шыққан мәңгірттеріміз қосылды. Өкінішке қарай, олар да аз емес еді. Үш ғасырға созылған бодандық талай қазақты анасының тілінен, атасының дәстүрінен айырып, өз ортасына өзін жат қылып тәрбиелеп үлгірген-ді.

Бесіншіден, ел ішіндегі осындай көңіл-күй әуенін пайдаланып қалғысы келген бұрынғы отарлаушы елдің саясаткерлері де аянып қалған жоқ. Олар өз тараптарынан даурыға шулап, Қазақстанның өз алдына дербес ел болып өмір сүріп кете алмайтынын жарыса дәлелдеп, ақпарат майданын ашты. КСРО құлап, оның құрамында болған бұрынғы одақтас деп аталып келген елдердің әрқайсысы бұл кезде өз алдына жеке ел бола алатындықтарын алғашқы жылдардың өзінде-ақ іс жүзінде көрсетіп үлгерген еді. Бірақ соған қарамастан, олар әлі де болса, қалайда, империяны қалпына келтіруден күдер үзе алмай, шексіз билеп-төстеуге үйренген тоңмойын үстемшілдігі өмір шындығын мойындауға ерік бермей, аш қасқырдай аласұрып, өңмендей өзеуреумен болды.

Солардың бірі – Ресейдің геосаясатпен айналысатын институтының директоры Александр Дугин деген біреудің бұрынғы одақтас республикалардың өз алдына дербес тәуелсіз ел болып өмір сүріп жатқанына табаны күректей он жыл өткеннен кейін жарық көрген **«Основы геополитики»** деген кітабында Ресейдің қайтадан империяға айналу керектігін айта келіп: «Это - мирный переход под прямую юрисдикцию Москвы всей территории

Средней Азии (особенно Казахстан), компактно заселенных русскими. Никакого казахского национального государства. Факт принадлежности к русской нации должен переживаться как избранничество, как невероятная бытийная роскошь, как высшее антропологическое достоинство. Пропаганда этой национальной исключительности должна стать осью политического воспитания народа. Для выживания русского народа в нынешних, трудных условиях необходимо обращение к самым радикальным формам русского национализма.

В отношении Юга есть только один императив: геополитическая экспансия вплоть до берегов Индийского океана. Жестко прервать всякого влияния Турции на этот регион. Воспрепятствовать любым проектам Туранской интеграции. При этом следует всячески стремиться к тому, чтобы выделить во всем тюркском пространстве локальные-автономические, культурные тенденций. Поддерживать регионалистские силы в автономных областях. Усугубить трения между кланами, племенами, улусами и т.д.

Русская империя должна быть евразийской, великоконтинентальной, в перспективе мировой. Битва за мировое господство русских не закончилась» (Дугин А. Основы геополитики. 2000 г.// «Тіл және қоғам». № 2. 2006 ж.),- деп көкуі, болмаса қазақстандық «өз» орысымыз, пәлен жыл Ақмола облысын басқарған Н. Е. Морозовтың Қазақстан Республикасын «ойдан шығарылған мемлекет» (Морозов Н.Е. «Горькая правда». Семипалатинск. Стр. 23.) деп жалғанға жар салуы және бұл кітаптың өзіміздің Семейде жарық көруі - жаңағы айтылғандардың айқын айғағы еді.

Осындай пиғылдағылар үшін, әсіресе, иеленіп жатқан жері ұланғайыр және асты да, үсті де тұнған байлық Қазақстаннан айырылып қалу - әлі күнге ақылға сыймайтын тірліктей көрінеді. Ата-бабаларының ғасырлар бойы табанды мақсаткерлікпен жүргізіп келген отарлау саясаты өз жемісін беріп, түрлі жолмен толассыз қыру арқылы негізгі халықтың үлес салмағын мейлінше азайтып, Қазақстанды бөлшектеп, Ресейдің шеткі бір губерниясына айналдыруға шақ қалғанда, одан айырылу – ұлтшыл шовинистердің өзегін қалай өртемесін!? (Қазақстанға 1986 жылы Ресейдің генерал-губернаторы ретінде сырттан Г. Колбинді әкелуін еске түсіріңіз!).

Осы арада мына бір қарапайым шындыққа да назар аударар кеткеннің артықтығы жоқ.

Ұлттың негізі - адам, яғни ұлт адамнан құралады. Сол себепті адамға тән дүние - ұлтқа да тән. Ал жан иесі болғандықтан, адам баласының ең бірінші ойлайтыны - басының амандығы мен азаттығы. Осы тұрғыдан келгенде, орыс ұлтының өкілі - Ресей саясаткерлерінің ең алдымен өз халқының амандығын ойламай, үнемі қалайда біреуге әмір жүргізіп, үстемдік етудің, күшеюдің ғана қамын ойлайтыны кім-кімді болсын, соның ішінде орыс халқының өзін де ойландырғаны жөн секілді.

Алтыншыдан, азаттығымызды өздеріне азаптай көрген ұлтшыл шовинистердің көкей құртын қоздырған Қазақстан байлығына қазақтың ежелден бергі еншілесіндей-ақ өңмендей сұғынып, қойны-қонышын қаржыға

толтыра бастаған шетел алпауыттары келіп араласты. Осы алпауыттардың мүддесін қорғаған алыстағы-жақындағы байырғы елдердің біздің жасаған әр қадамымыздың өз пайдаларына қарай шешілуіне ықпал ету мақсатында сыннан өтіп жетілген аққаптал саясаттың небір айла-шарғысын іске қосып жатқаны да қазір ешкімге құпия емес.

Жетіншіден, осының бәріне Одақтың күрт құлауынан туындаған ел ішіндегі әлеуметтік, экономикалық қиындықтар келіп қосылды. Отарлаған елдерін бұғаудан босатпаудың қамын ерте ойлап, жұмыс істеуін бір-біріне тәуелді етіп, матастырып қойғандықтан, бұрынғы одақтас республикалардың кәсіпорындары Одақ құласымен қаңтарылып тұрып қалды. Экономикалық байланыс үзілді. Елді жұмыссыздық жайлай бастады. Жабайы капитализмнің жалмауыздары бой көтерді тұс-тұстан.

Не керек, санамалай берсек, қабаттасып жатқан қиындықтар жетерлік еді. Сол қиындықтардың бәрін жеңу, сол үшін күресу керек болды. Осы жолда мұратты істің мүддесі үшін біраз игіліктерден саналы түрде бас тартуға да тура келді. Мұның бәрі және, жасыратыны жоқ, қазақ халқының есебінен жасалынды. Қиянаттың да, қияметтің де сан түрін көрген көнбіс Қазақ зарығып жеткен Тәуелсіздігінен айырылып қалмау үшін, соның мәңгілік орнығуы үшін неге болсын көнуге, шыдауға пейіл еді. Бұртиып бұлқынбады, елеуреп жұлқынбады, сабырлық сақтап, тәуелсіз елдің Тұңғыш Президентіне биліктің екі тізгін, бір шылбырын түгел беріп, өздері соның төңірегіне топтасып, басталған істің баянды нәтижесін күтті. Бәріне көнді, бәріне шыдады. Бақытымызға қарай, Елбасы да көсемге тән көрегендік танытып, ел сенімін ақтай білді. Тәуелсіздік кемесін сан алуан қиындықтың самсаған жартастарына соқтырмай, өркениет айдынына алып шықты.

Құдайға тәуба, қазір, міне, дербес тәуелсіз ел болғанымызға жиырма жыл! Қазақ деген атымыз әлемге танылды. Жылдан жылға әлеуметтік жағдайымыз жақсарып, экономикамыз өрге басып келеді. Кешегі күндері қалжырап қалған ауылымыз әл жинап, қалаларымыз қаптаған құрылыс алаңына, көшелеріміз керемет көліктердің көрмесіне айналды. Енді, міне, әлемнің бәсекелестікке қабылеті бар елу елінің қатарына енуді мақсат тұтып, сол бағытта еңбектеніп жатырмыз.

Мұның бәрі - жетістік, мұны көрмеу – «көрмес түйені де көрместің» кебі болмақ.

Алайда барды бар деумен бірге, жоқты жоқ деу де шындық жолы екенін естен шығармау парыз. Өйткені, шындық жолынан ауытқып, көзге түсудің күпіршілігімен, жоқты жасырып, бардың бағасын асырып, азды-көпті жетістігімізге желпініп, өрепки беру де өрге бастырмайды. Оның орнына төңіректе болып жатқанның бәріне байыппен қарап, жеткенімізді естілікпен жетілдіре отырып, кешегі бодандықтың бодауына кеткен құндылық-тарымызды түгелдей түгендеп, халықтық қасиетімізді қалпына келтіріп, қазақтың әлемге таныла бастаған атына заты сай ел болуы қажеттігін қаперден шығармай, әр сәтті игілікке айналдыру қамында болғанымыз абзал. Біз сияқты жоғалтқаны көп халыққа басқаша болу – жақсылық әкелмейді.

Жоғалтқанын түгендеу, тарихқа кеткен есесін өзге емес, өзі үшін қалпына келтіру - өмір қажеттілігі, тәуелсіздікке ие болған халықтың тарихи даму логикасы. Оны тежеуге, кешеуілдетуге, әдейі көрмегенсуге болар, бірақ тарихи даму үрдісін тоқтату мүмкін емес. Бұл - жекелеген адамдардың санасынан тысқары, тәуелсіз жүретін объективтік құбылыс. Оның негізгі сипаты мен болмыстық ерекшелігі белгілі бір кеңістік уақытындағы сандық көрсеткіштердің сапалық көрсеткіштер жүйесіне көтерілуімен өрнектеледі.

Өзгерістер астарында қарама-қарсылықтың күресі жатыр деп түсінген абзал. Өзгерістің өміршендігі, әрекетшілдігі - ұлт рухының ішкі динамикасының көрінісі.

Осы тұрғыдан келгенде, басшыларымыздың да, басқаларымыздың да қатты ойласуымызға тура келеді. Өйткені алда әлі түйіні шешілмеген түрлі мәселелер, тындырымды жауабын тілейтін сұрақтар тұр.

Ең бастысы – Тәуелсіздіктің негізгі мұраты не, соған қол жетті ме?

Ел мен жердің ежелгі иесі болып табылатын Қазақ халқының аңсаған Азаттығы арқасында ойдағысы болып, ортайғаны толды ма?

Тәуелсіздікпен өткен жиырма жылдың нәтижесінде Қазақтар өз еліндегі бар билікке, өз жеріндегі бар байлыққа өзі қожалық етіп, кешегі XX ғасырдың басында дербес Түрік республикасын құрған түрік бауырларымыздың: «Бұрын Түркияда түрік халқының маңызды орыны жоқ еді. Бүгін бар құқық - түріктікі! Түрік жеріндегі билік - түріктерде! Саясатта, мәдениетте, экономикада билік - түріктерде!», - деп шаттанғаны секілді мерейі асып, дәулеті тасып, шалқып отыр ма?

Халық тұрмысының айнасы - базарларға барыңыз, арба сүйреп, алаөкпе болып жүгіріп жүрген қазақтың балаларын көресіз.

Қалаларымызда қанат жайған алып құрылыстарға барыңыз, сары аяздың өтінде қара жұмыстың қара бейнетінде қабырғасы қайысып, бүрсеңдеп жүрген қазақтың балаларын көресіз.

Солардың арасында Қазақстанда тату-тәтті өмір сүріп жатыр делінетін жүз отызға жуық өзге ұлттың өкілінің бір баласы неге жоқ? Неге тек қазақтың балалары? Неге олар өз елінде, өз жерінде өзгелерге құл болып, жарытымсыз жалақыға жалдануға мәжбүр? Бұған керісінше, Қазақстан байлығы есебінен шыққан миллиардерлер қатары жыл сайын өзге ұлттың өкілдері есімімен толығып келе жатқаны қалай?

Бәріміз қазақстандық болған соң, Қазақстанның зейнеті де, бейнеті де бәрімізге ортақ болуы заңды құбылыс. Солай бола тұрғанмен, жеме-жемге келгенде, неге бізде бейнетін бірыңғай қазақтар ғана көріп, зейнетін басқа ұлт өкілдері иеленіп кете береді? Неге қазақ ұлтының денсаулығы жылдан-жылға құлдырап барады? Құрт ауруы қазақтың төл ауруына айналып, бала табады деген әйелдерінің қаны аз болып, ісік ауруына шалдыққыштығы неліктен?

Бізде қазір қит етсе, шет елдер өнегесіне жүгініп, «аналар өйтеді», «мыналар бүйтеді», біздің де солай істеуіміз керек, әйтпесе өркениет көшінен қалып қоямыз» деп өзеуреу әдетке айналған. Бәлкім сан ғасыр бодандық бұғауында болып, езіліп қалған елдің еңсесін көтеру үшін бұрыннан азат өмір

сүріп келе жатқан елдерден үйрену дұрыс та шығар. Бірақ осы сырт өнегесінің қазақ мүддесіне қайшы келетіндерінің ғана ауызға алынып, қазақ мүддесіне сай келетінінің көбіне назардан тыс қалатыны неліктен? Мысалы, дүниежүзінің іргелі елдерінің бәрі бірдей мемлекеттік тілін білмейтін адамға, мейлі ол кім болса да, елінің азаматтығын бермейді, мемлекеттік мекемеге қызметке алмайды. Мұны жұрттың бәрі біледі. Бірақ солай бола тұрып, соны біле тұрып, тәуелсіздік алғаннан бергі он бес жылдың ішінде «Қазақстанда да осыны жүзеге асыруымыз керек» деп дауыс көтеріп, белсеніп шыққан қазақстандық өзге ұлт өкілдерінің не депутатын, не саясаткерін көрдіңіз бе, естідіңіз бе? Неге?!

Ал Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында осы ағайындардың қазіргі өркениетті елдердің қалталыларының бәрінің өз кезінде капиталдарын жабайы түрде жинағандарын алға тартып, бүгінгі жойдасыз жемқорлықтың өріс алуына қалай жол салғанын білесіздер. Әлі ұмытыла қоймаса керек, өйткені сол кезде қолды болған халықтың қымбат қазына-мүліктері қазір де естерінде ме дегендей, әр жер-әр жерде «менмұндалап» тұр ғой.

Көңілге түрлі ой салар осындай салмағы батпан, сұрауы ерекше сауалдар біріне бірі жалғасып кете береді. Бұл арада оларды одан әрі шұбырта берудің де қажеті болмас. Өйткені бұлар әр қазақтың көкейін тесіп, көкірегін керіп, жауабын іздеп жүрген сауалдар, барша жұртқа белгілі жайлар. Сондықтан оларды тізе беруден гөрі, бұл арада көңілді күпті етіп жүрген сол сауалдардың бәрінің ортақ төркіні - «бұлай болуы неліктен?» деген мәселеге тоқталып, соның әділ жаубын көп болып іздегеніміз жөн сияқты.

Расында да, Тәуелсіз Қазақстанда, экономикасы өрге өрлей бастаған Қазақстанда бұлай болуы неліктен?!

Бұған, менің пайымдауымша, әзірге «кезінде үйткенде олай болатын еді, бүйткенде бұлай болатын еді, бәрі сөйтпегеннің, солай болмағанының қырсығы», - деген тәріздес өкінішті ой толғамдарынан басқа көңіл көншітер нақты жауап жоқ сияқты. Бұлардың өзін екі топқа бөлуге болады.

Солардың бір тобы елімізде бүгінгі етек алып отырған олқылықтардың бәрінің себебін Тәуелсіздіктің ешқандай қақтығыссыз, бейбіт жолмен келуінен көреді. Олардың пайымдауынша: «Егер тәуелсіздікті азды-көпті қан төгіп, күреспен алғанда, онда бүгінгідей келеңсіздіктің бірі де болмайды. Өйткені билік басына бүгінгідей кеңестік идеологияның сойылын соққан бұрынғы партия қызметкерлері емес, тәуелсіздік үшін қан төккен ерлер келеді. Сөйтіп олар құлқынның құлы болмай, ұлтының ұлы болып, сатпай, сатылмай, халқына қалтқысыз қызмет етпек».

Мұның, былай қарағанда, емексітер ойы бар қисынды пікірдей көрінері сөзсіз. Бірақ, егер өз болмысымыздың шындығына тура қарап, объективті талдау жасай алсақ, бұл да «бұлай болуы неліктенге» берілген тыңғылықты жауап бола алмас еді. Өйткені тәуелсіздікке жету үшін күрескен елдердің тарихы Азаттық күресі нәтижесінің барлық жерде бірдей халықтың өзі армандағандай оң бола бермейтінін көрсетіп отыр. Бір елдер азаматтарының төгілген қаны арқылы жеткен азаттығының игілігін көріп, қатардағы тәуелсіз

елге айналса, енді бір елдердің басынан азап бұлты арылмай, азаттық күресі азамат соғысына айналып, халқына қырғын таптыруда. Бұдан мәселенің тәуелсіздікке тек қан төгіп, күресу арқылы жетумен шектелмейтінін, негізгі түйін сол азаттық үшін айқасқа шыққан елдің халқының ұлттық санасының жетілу деңгейіне байланысты екенін көреміз. Ұлттық санасы оянып, ұлттық намысы жетілген елдер күрес нәтижесін тәуелсіздігін баянды етуге жұмсаса, ал ұлттық намысы оянбаған, құлдық санадан арылмағандар ұлт мүддесі игілігі жолында біріге алмай, әр түрлі ағым ығында өзара қырқысып, азапты күндер тізбегін жалығастыра береді екен.

Осы айтылғандарға орай бір сәт тәуелсіздікке қол жеткізер қарсаңдағы өз жағдайымызды ой елегінен өткізіп көрелікші. Ол кезде, яғни өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында, бөле-жаратыны жоқ, біздің бәріміз де еліміздің, жеріміздің, тіпті жеке басымыздың билігін компартияның қолына басы бүтін беріп, тек соның тапсырмасын орындауды ғана білетін орындаушылар едік қой. Ал орындаушының мұраты - құл болып еңбек етіп, көзге түсу, жеке басының жағдайын жақсарту ғана емес пе?! Елдік дәстүрге, кісілік парасатқа негізделген құрбаншылдық тағылымын көрмеген, құлдық санадан арылмаған мұндай орындаушылардың, тіпті, байырғы тектіліктен қалған түйсікпен азаттық үшін күрестіп, қанша жерден «қан төгіп», билік басына жеткенімен, тәуелсіздік мұратына сай ел басқарып кетуі екіталай. Мұның солай екенін бізден бұрын азаттық алған кейбір елдердің тәжірибесі көрсетіп те отыр. Ниеті дұрыс болғанымен, орындаушылық қалыптан шыққан, тәуелсіз елді басқарудың тағылымын көрмеген құлдық сананың халық мүддесінің тілегін қанағаттандыруға қарымы да, қабылеті де жетпеуі мүмкін. Оның солай болатынын кешегі «Азат» қозғалысының ерлері де өз деңгейінде дәлелдегендей болған.

Өз ортамыздан, яғни орындаушылар арасынан шыққан «Азат» қозғалысы мүшелерінің кешегі күні қан кешпегенімен, Тәуелсіздікке жетуге кедергі жасамақ болған ел ішіндегі қарсы күштердің бел алуына дер кезінде тойтарыс беріп, әжептәуір ерлік көрсеткені бәрімізге аян. Алайда ұлтшылдығына да, ел азаттығына адалдығына да ешқандай шәк келтірткізбейтін осы азаматтардың Тәуелсіздік алғаннан кейін не істерлерін білмей, ақырында бір-бірімен айтысып, жікке бөлініп, ыру-дыру болып кеткені де баршаға мәлім. Бұл ретте, сол кезде бұларға қарағанда, бұған дейін ел басқару мектебінен өткен, Қызыл империяның жүргізіп отырған саясатының қыр-сырын меңгерген тәжірибелі жанның билік тізгінін қолға алғаны, қалай болғанда да, дұрысқа шықты. Шындықты мойындамасқа болмайды.

Айтылған ойды бекіте түсу үшін осы арада азаттық алған елдердің тарихын терең зерттеген, өзі азаттық күресіне қатысқан, постколониализм теориясының көрнекті өкілі, тегі алжирлік Фрэнсис Фанонның **«Қара тері мен ақ бетперде»** атты кітабында тәуелсіздігі үшін күрестіп, қан төгіп, жеңіске жеткен Африка елдерінің азаттық алғаннан кейінгі жағдайлары жөніндегі: «Отар елдердің тәуелсіздік үшін күрескен басшылары сол күрес кезінде ұлттық намысы, ұлттың тәуелсіздігі, саяси азаттық жайында ғажайып ұрандар көтереді.

Бұдан соң бүкіл ұлт көтеріліп, жеңіске жетеді. Осыдан кейін үлкен парадокс, яғни қарама-қайшылық басталады. Азаттық үшін қан төккен халықтың мүддесі былай қалады да, билік басына келген сол ұлттың орта тап өкілдері империалистердің, отарлаушылардың жүзеге асырған әдістерін одан әрі жалғастыра береді. Сол тетіктерді қолға алады. Бұл - өз халқын отарлаушылар секілді қанай беру деген сөз. Оларға өз халқын люмпенпролетариатқа айналдыру өте тиімді. Содан кейін көтеріліс кезіндегі біршама жоғары деңгейге көтерілген ұлтшылдықтың температурасы төмендейді. Орта тап пен интеллигенттердің жалқаулығы, әсіресе ой жалқаулығы нәтижесінде ұлтшылдық зардап шегіп, әлсірей береді» (Ф. Фанон. *«Қара тері мен ақ беттерде»*. // *«Тіл және қоғам»*. № 2. 2006 ж. 35-36-бб.), - деген тұжырымын еске салғанның артықтығы болмас дейміз.

Ұзақ жылдар біреудің отары болып келген елдердің азаттығы үшін алысып, қан төгіп жеткен Тәуелсіздігінен кейінгі тірлігінің шындығы осындай. Халық болып көтеріліп, күреспен жеңіп алған Тәуелсіздігін ел мүддесіне қызмет еткізе алмай қор болу қандай өкінішті!. Сараптап көрсек, мұның түп негізінде отарлаушылардың отарланған елдің төл мәдениетін талқандап, елдік дәстүрін, тарихи жадын жойып, соның орнына сан жылдар бойы зорлықпен өз дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, тілін, дінін, заңын және басқаларын күштеп енгізуі арқылы сол елдің халқының санасын өзге, жат мәдениетке тәуелді етуінің зиянды салдары жатқаны даусыз. Кеше ғана ұлтым деп ұран тастап, отарлаушыларға қарсы күрескендердің өздеріне еркіндік, билік тиген кезде айналып келіп, бұрынғы қожаларының ісін сол күйі қайталап, өз халқын солардың тәсілімен өздерінің қанауынан артық қасырет бар ма ел үшін?! Мұны кім-кімнің де естен шығаруға болмайтын тарихтың ащы сабағы деп қабылдағаны жөн.

Бұдан шығатын қорытынды сол – ұзақ жылдар бодандық бұғауында болған елдің Азаттыққа қандай жолмен жетсе де, сана тәуелсіздігі болмай, елдің шынайы тәуелсіздігінің болмайтындығы; қиылған жанның, төгілген қанның, аққан жастың зая кететіндігі. XX ғасырдың басында Алаш арыстарының халқына «Оян, қазақ!» деп ұран тастауы да осыны жете түсінгендіктен. Біздің жоғарыда «бұлай болуы неліктеннің» жауабын Тәуелсіздіктің күрессіз, қан төгіссіз келгендігінен іздеушілердің сараптама тұжырымына күдік келтіруіміз де осы жайларды ескергеннен болатын.

Бұған қарағанда, «бұлай болуы неліктеннің» жауабын елімізде тәуелсіздік жарияланған күннен бастап, отарсыздану саясатының жүргізілмеуінен көретіндердің ой топшылауларында өмірлік нәр бар секілді көрінеді. Өйткені, бір біз ғана емес, ертеңі бар ел боламын деген кез келген отар елдің Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жасар бірінші шаруасы -халықтың сан ғасыр бодандықта болып, құлдыққа бейімделген санасын уланған дертінен айықтырып, олардың елдің де, жердің де иесі өздері екеніне көзін жеткізе отырып, оның болашығына да өздерінің жауапты екенін сезінуіне мүмкіндік туғызудан басталуға тиіс. Бұл - тарих шындығы.

Бірақ, солай бола тұрғанмен, өкінішке қарай, біз бұлай істей алмадық. Қазақстанда отарсыздану процесін Тәуелсіздік алғаннан кейін бірден бастап кете алмадық. Ел Тәуелсіздігін жариялағанымызбен, сол елдің халқының санасының тәуелсіздігін қалпына келтіруге қам жасамадық. Мемлекеттік тұрғыдан құлдық психологиядан арылу саясаты жүргізілмеді. Соның салдарынан Желтоқсан оқиғасынан басталып, Тәуелсіздік алуымызбен желпініп бас көтерген халықтық Рух еңсесін тіктеп үлгірмей жатып, қайтадан басылып қалды. Ояна алмаған ұлттық сана құлдық қалыптың қаймағын бұза алмай, қайта қалғуға көшті.

Мұның да түп себебі - біздегі отарланған сананың оянған Рухты мезгілінде демеп әкете алмаған дәрменсіздігінде жатқандығы шындық. Бірақ мәселенің байбына жету үшін, Қазақстанда ол тұста, яғни Тәуелсіздігімізді жариялаған кезде отарлықтың сойқанды салдарларын қоғам санасынан біржола сылып тастауды бірден күн тәртібіне қойып, оны батыл жүзеге асыра қоюдың да қиын болғанын толық сезініп, дұрыс түсінген жөн. Сонымен бірге сол кезде сол қиындықтармен есептесе отырып, бәрін бір күнде бірден жасап тастаймыз деп өзеуремей-ақ, құлдық сезімнен арылу, ұлттық құндылықтарға оралу процесін біртіндеп, айқай-шусыз, кезең-кезеңімен мақсатты түрде байыппен жүзеге асыру мүмкіндігінің болғанын да жоққа шығара алмасақ керек.

Алайда, не жасыратыны бар, болашақты көздеген айқын, түбегейлі ұлттық мақсат болмағандықтан, ол мүмкіндікті уақытында пайдалана алмадық. Бұлай істеуге кезінде қоғам да, билік басындағылар да қажетті икемділік таныта алмады. Бар қажеттілікті қабат ескеріп, қатарластыра шешу орнына, бар күш тек бірыңғай қиындықтар құрсауынан шығуға бағытталды. Сөйтіп қазақ ұлтының ұлттық құндылықтарын қалпына келтіру кейінге ысырылып, күнкөрістің қамы өңмендеп алға шықты.

Ең өкініштісі - кезінде кейін ысырылған ұлттық құндылықтарға оралу арқылы халықтық қалпымызды қайта қалыптастыру мәселесі сол күйі біржола ұмыт болып, назардан тыс қалды. Түптеп келгенде, ұзақ жылдар бодандық қамытын киіп, қазақтық қалпынан айырылып қалған халықты сол бұрынғы төл қалпына келтіру, яғни өзінің халықтық қасиетін сезіндіріп, қайта түлету, ағарту – Қазақстан мемлекетінің іргетасын бекіту екені ескерілмеді. Шындығына келсек, ескерілуі мүмкін де емес еді. Оған негіз де жоқ болатын.

Адам - өзі өскен ортаның жемісі. Біздің таным-талғамымыз, арман аңсарымыз, ар-ожданымыз сол өзіміз ішінде өмір сүрген, тәрбие алған қоғамдікі. Сондықтан адамның тәрбиені бала кезінен қай қоғамнан алса, сол қоғамда өмір сүруді қалауы, сол қоғамның мақсат-мүддесіне ортақтас болуы табиғи заңдылық. Олай болса, бүгінгі билік басында жүрген, тілі орысша шығып, орыс мектебінде оқып, орысша тәрбиеленген, орысқолды ортада өскен кеңестік қоғамның перзенттерінің түрлері қазақ болғанымен, болмысының қазақы тірлікпен үйлесім таппай жатуы да заңдылық еді. Сондықтан олардың қазақ ұлтының ұлттық құндылықтарының қасиетін жанымен түсініп, оны қалпына келтіруге құлықты болуы да мүмкін емес-тін. Болмысында жоқ қазақшылдықты олар қайдан табады. Олардың аңсары –Еуропа, арманы -

өркениет. Ілгерлеудің, өркендеудің озық үлгісі тек солар деп біледі. Олардың Тәуелсіздіктің алғашқы ауыртпалықты жылдарында жағдайды пайдаланып, айтысып-тартысып жүріп, бұрынғы қалыптасқан «Қазақ республикасы» деген ел атын «Қазақстан республикасы» деп өзгерттірулері де осының жарқын бір айғағы.

Мұндай жағдайда, қазақтың әйгілі перзенттерінің бірі - Мұстафа Шоқай айтқандай, ұлтқа қызмет етудің, халықпен тіл табыса білудің тиімді жолын табуға тиіс зиялылар қауымы болуы керек. Өйткені халық мүддесінің жанашыры әрі жоқшысы - зиялылардың елдік іске бағыт-бағдар беріп, жөн-жоба көрсету арқылы билікке - кеңесші, көпке - жетекші міндетін атқарып, елге ес болуы табиғи құбылыс. Бірақ, өкінішке қарай, бізде Тәуелсіздік алған кезде елдік мұратқа басшы болар ондай зиялылар қауымы жоқ болатын. **Өйткені ұлттың халқы түгелдей орындаушы құлға айналдырылған елде зиялылар қауымының болуы да мүмкін емес-тін. Себебі, төл халқы елдің де, жердің де иесі өзі екенін және оның болашағына да өзі жауапты екенін толық сезініп, бар іс-әрекеті соған сай жасалынатын тәуелсіз елде ғана зиялылар пайда болып, уақытпен бірге дамып жетіледі.** Сондай зиялылар арасынан кейін бар ғұмырын халық ісіне арнаған, халықтың игілігі үшін басын бәйгеге тігіп, жалтақсыз күресетін жекелеген қайраткер ұлт көсемдері шығады. Ел ұрпағы соларға еліктейді, елге солардай қызмет етуге ұмтылады. Осылайша зиялылық дәстүр қалыптасып, елдің басынан кешкен жақсы-жаман жағдайларына қарай бірде күшейіп, бірде әлсіреп, бірақ сабақтастық желісі үзілмей жалғаса береді.

Ал біз болсақ, Тәуелсіздік алған тұста бодандық тарихы 260 жылға созылған отар ел едік. **Елі отарланып, халқы құлға айналған, яғни елінің, жерінің қамын ойлаудан қалып, тек билеушілердің тапсырмасын орындауға мәжбүр болған тәуелді елде зиялылардың орнына әрқайсысы өзі жұмыс істейтін саланың қыр-сырын меңгерген іскер, білікті мамандар ғана пайда болады.** Оларға тапсырманы асыра орындағанына және атқарып жүрген кәсібін жетілдіруге сіңірген еңбегіне қарай баға беріліп, ерекшеленгендері отарлаушы елдің жоғары атақтары мен наградаларына ие болады, есімдері елге танылып, өз елінің құрметті азаматтарына айналады. Кешегі Қызыл империяның тұсында мұндай атақ-абыройға бөленген ағайлар мен апайлар бізде де аз болған жоқ.

Алайда бұлар тәуелді елдің сорпа бетіне шығар атақты азаматтары атанып, оларға «ұлт элитасы» деген айдар тағылғанымен, тіпті солардың арасында іштей ұлтына жаны ашып, тілеулестік танытатын бірлі-жарым зиялы тектісі болғанымен, олар шын мәніндегі зиялы қауымға жатпайтын. Оларды зиялылар қауымының санатына жатқызып, «ел қамын ойлайтын Едіге» ретінде қабылдауды санаға зорлықпен сіңірген кешегі кеңестік идеология болатын. Бұлай істеу, яғни өздерінің «отарлау саясатын ел халқы түгел қолдап отыр» деген ұғымды тудыру үшін оларды халық атынан сөйлету отарлаушыларға аса қажет болды. Өйткені мұндай қолдан жасалған «зиялылардың» өздерін қолпаштап отырған билікті бар ынты-жігерімен қолдап, сойылын соғатынына

олар сенімді еді. Зауқайыр олардың арасынан сойылын соқпайтындар шыға қалса, оның ретін тауып көзін құрытатын. Соны білгендіктен ондайлар амалсыз іштен тынып, үнсіз қалып, сонысымен қолдаушылар санын көбейтетін. Қазіргі біздің «зиялылар қауымы» деп жүргеніміз осындай жағдайлар негізінде қалыптасқан зиялылар. Соның салдарынан «зиялы» сөзін біз қазір халықтық ортақ түсінікте отарлаушылардың «интеллигенция» деген сөзінің баламасына айналдырып жібердік.

Интеллигенция - латынның «ойлай алатын», «түсіне алатын», «ақылды» деген мағынаны білдіретін *intelligens* сөзінен алынып, «күрделі шығармашылық жұмысқа, мәдениетті дамыту мен таратуға басымдық беру арқылы ой еңбегімен кәсіби айналысатын адамдардың қоғамдық тобына берілген атау». (СЭС. Стр. 495). Бұл – ғылыми анықтама. Ал халықтық ұғымда «интеллигенция – елдің оқыған, мәдениетті адамдары» дегенді білдіреді. Бұған бақсақ, мысалы, бүгінгі жоғары оқу орындарын бітіріп, белгілі бір мамандық бойынша жұмыс істеп жүргендердің бәрін интеллигенцияға жатқызуға болады. Солай деп жүрміз де. Қазіргі «зиялы қауым» деп жүргеніміз де солар. Оларды «ауыл интеллигенциясы», «қала интеллигенциясы» деп бөліп жататыны тағы бар.

Қазақтың таным-түсінігіндегі зиялы ұғымы интеллигенция ұғымынан басқаша. Ол бойынша: ұлт зиялысы дегеніміз сол өзі шыққан ұлттың бар жақсы қасиетін бойына сіңірген; кісілік парасаты биік; халқының мүддесін жеке бастың мүддесінен жоғары қойып, саналы ғұмырын соған қалтқысыз қызмет етуге арнаған; ұлттық дамудың мүддесін көздейтін әлеуметтік мұраттарды алға шығарып, қолдап, қорғап отыратын; осы жолда кездескен қиындыққа қаймықпай қарсы тұрып, қажет болса мақсатты ісінің жолында күресіп, құрбандыққа бара алатын, рухы биік, ары таза, қайраткер адам. Қарапайым жұртшылықтың зиялыларды «ұлттың ақыл-ойы, ұяты, ар-ожданы» деген ұғымда қабылдайтыны да, жаны қысылғанда ес болар зиялысын іздейтіні де содан. Ал «зиялы қауым» дегеніміз осындай зиялы адамдардан құралған шоғыр.

Зиялылар қай заманда да көп болмаған және ұлттың дамып, өркендеуіне қарай көбейіп, құлдырауына қарай азайып, сапалық өзгеріске ұшырап отырған. Өйткені құлдырау қиындығы бұрынғы зиялы аталғандардың өзін екшеп, «бидайықтың көл жайқаған жалғыздарын» ғана қалдырған. Халықтың жол бастар серкесі де, ел бастар көсемі де, міне, осылардан шыққан.

Осы арада айтылғандардың ақиқаттығын сезіну үшін Сәкен Сейфуллиннің ХХ ғасырдың жиырмасыншы жылдары Ахмет Байтұрсынұлы жөнінде жазған: «Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлттық намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманындағы жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмаш болып, кейбірі арларын сатып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызметтерін қылды» (Бес арыс. Алматы. 1992. 180-б.),- деген ойын қайталай еске салсақ, зиялыға қойылар талаптың мән-мағынасын түсіну онша қиындық туғызбаса керек.

Кеңестік заман жұқтырған дерттің бірі - дұрыс ниетпен айтылған ойды бұрмалап, бұрысқа шығарып, бос сөзге айналдырып жіберу еді ғой. Осы орайда осындай тәрбиеден шыққан кейбіреулердің ізгі ойымызды теріске бұрып, «отарланған елде зиялылар қауымы болмайтын болса, кешегі XX ғасырдың басында елге ес болған Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мыржақып Дулатовтар бастаған Алаш азаматтарының үлкен шоғырын қайда қоямыз?. Олардың тұсында қазақ елі тәуелсіз ел емес еді ғой, әлде олар ұлт зиялыларына жатпай ма?»,- деп ойлап, бүйректен сирақ шығаруға ұмтылуы әбден мүмкін. Бұған айтарымыз: иә, олар да тәуелді елдің перзенттері болатын. Соған қарамастан олар ұлт зиялылары-тын. «Неге олай?» дейсіз ғой. Сәл сабыр етіңіз, түсіндіріп көрелік.

Ол кезде қазақ елі қаншама ауыртпалық көргенімен, дәл Қызыл империяның тұсындағыдай езіліп, есінен танған жоқ еді. Патшалық Россия қазақ елін отарлап, мемлекеттілігін жойды, тұтастығынан айырып, түрлі әкімшілік аймақтарға бөлшектеді. Билік тізгінін түгелдей қолдарына алып, қазақ халқын құлдануға тырысып бақты. Бірақ олар қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан халықтық қалпын жоя алмады. Оған шамалары жетпеді. Қазақтың сонау тәуелсіз Қазақ хандығы тұсында қалыптасып, кемеліне келе жетілген зиялылық дәстүрі патша өкіметі тұсында да сабақтастық желісін үзбей, бүкіл мән-мазмұнын бұзбай ұрпақтан ұрпаққа ұласты. XX ғасыр басында ел азаттығы үшін айқасқа түсіп, бастарын бәйгеге тіккен кешегі Алаштың аты әйгілі ардақты азаматтары сол қалыптасқан зиялылық дәстүрдің заңды мұрагерлері – соңғы тұяқтары болатын.

Қызыл империя қазақ жерінде әуелі жасынды жолмен әдейі қолдан аштық ұйымдастырып, қазақ халқын көз көріп, құлақ естімеген жантүршігерлік қырғынға ұшыратты. Содан соң осыдан аман қалған, есеңгіреген елге ес болып, қазақтың халықтық қалпын сақтап қалуға тырысқан зиялыларын «халық жауы» атандырып, жаппай тұтқындап, атты; атудан аман қалғандарын итжеккенге жер аударып, ақыры түгел құртып тынды. Оныменде қоймай, олардың қатын-баласын, туған-туысын, тіпті солармен ниеттес болғандарға дейін қалдырмай қуғын-сүргінге ұшыратып, топтап түрмеге қамады, топтап лагерьлерге тоғытты. Сөйтіп қазақ еліндегі сан ғасырлық тарихы бар зиялылық дәстүрдің сабақтастығы шорт үзіліп, тамырына балта шабылды. Қырып-жою арқылы осылайша қазақ халқының өмір салтын, дүние танымын, әлеуметтік құрылымын түбегейлі өзгертуге жол салды. Бұрын ұлтшылдықты құрмет тұтатын жұрт енді ұлтшыл болудан қашты. «Ұлтшылдық» әйкәпірлікке айналды.

Қаңырап бос қалған зиялылықтың орнын, жоғарыда айтқанымыздай, кейін кеңестік идеологияның тәрбиесінен шыққан жақсы орындаушылар басты. Осылар зиялылар рөлін ойнады, ойнауға мәжбүр етті. Сөйтіп билік не айтса да «ләббай, тақсыр» деп бас шұлғып тұратын, «зиялылар» деп аталатын тип пайда болды. Басқаша болуға мүмкіндік қалдырмады.

Елді жаппай үрей биледі. Сол үрейдің ызғарлы табы санадан әлі біржола өшірілген жоқ. Оның болмысымызға берік сіңіп кеткендігі сондай, еліміз

Тәуелсіздік алғанына табаны күректей 15 жыл өтсе де, халқын қалтқысыз сүйген ердің еріне айтылар қасиеті де киелі **ҰЛТШЫЛ** сөзін әлі күнге айтуға тәуекеліміз жетпей, оны «ұлтжанды» деген жасанды сөзбен алмастырып жүргеніміз соның бір дәлелі. Осындай жағдайда халқының мүддесі үшін күресіп, құрбандыққа баратын зиялы қайдан шықпақ. Зиялысы жоқ елге зиялылар қауымы көктен түссін бе?! КСРО-ға еңбегі сіңген, атақтары Алатаудай ағаларымыз бен апаларымыздың, ең болмаса, біреуінің кешегі Желтоқсанның қырғынында Алаңға келіп, балапанын қорғаған торғайдай шырылдап, ұрпағына ара түсе алмай, үйлерінде бұғып-бұғып жатқаны сол жандүниемізді жайлаған үрейдің қырсығы болатын. Әйтпесе, қызын шашынан сүйреп, тепкілеп, ұлын итке талатып, күрекпен ұрып жатқанда күңіреніп, күйінбеген қазақ болды дегенге кім сенер?!

Еліміздің тәуелсіздік алғанына 15 жыл. Осы уақыт ішінде халықтың мұңын мұндап, жоғын жоқтаған ұлтшыл азаматтар қатары көбейе түсті. Осыларға қарап ой түзеген қуатты жас буын өкілдері де өз үндерін естірте бастады. Жылдар өте келе осылардың арасынан заманына лайық зиялылардың жаңа өкілдері бой көрсете бастамақ. Оған сенім мол, берік негіз бар.

Қалай дегенде де, жоғарыда айтылғандардың бәрі біреулерді кінәлау болмаса «солай істемеді» деп жазғыру мақсатында емес, шындығы солай болғандықтан, айтылып жатқан сөз, салмағы бәрімізге ортақ. Сондықтан айтылғандарды жалған намыстың жетегінде кетпей, айып-шамсыз, ой тезіне салған жөн. Бәрібір шындықтан ешқайда қашып құтыла алмаймыз, ол бар болғыр қашанда алдымыздан шығады да тұрады.

Міне, ағайын, ортақ жағдайымыз осындай болғаннан кейін, қалайда ойласпасақ, ес жимасақ болмайды. Ұлтымызды қалыпқа келтіру үшін не істеу керектігі әлі анықталған жоқ. Ұрандап аспандай бермей, тіршілік анасы - Жерге оралғанымыз жөн. Қаншама алып ұшқанымызбен, жер бетіндегі нақты тіршілігімізді жөндеп, оны ертеңіміздің қатал талабымен үйлестірмей, бәрібір алысқа ұзай алмаймыз. Соның үшін, ең алдымен, ел болып, елдіктің негіздерін қалпына келтіру арқылы қазақы болмысымызға оралу парыз. Бұл - кезек күттірмей, бүкіл қазақ қоғамы болып жұмыла кірісіп, бірігіп жүзеге асырар киелі ісіміз болуға тиіс.

Қай істің де нәтижелілігі – таным-түсініктің дұрыс қалыптасуына тікелей байланысты. Шала түсінік дұбаралық туғызып, шалағай тірлікке жол береді. Соның үшін іске кірісер алдында, алдымен, елдік негіздеріне қатысты мәселелерге тоқталып, түсінік таразысының басын теңестіріп алғанымыз жөн болмақ. Біріге жұмылсақ, алынбас асу, шешілмес түйін жоқ. Ойға ой қосылса - қазына. Осы мақсатта ой бөліссек, бұл реттегі менің таным-түсінігім мынандай: Алдымен...

2. Қазақы болмысқа оралу дегеніміз не?

«Жақпасаң - жаза барына» көзіміз әбден жеткендіктен, төл ойымызды төтесінен айта алмай, жұқалап, жуып-шайып жеткізуге үйренген ұрпақтың өкіліміз ғой, соған бағып, алдын-ала ақталып айтсақ, қазақы болмысқа оралу

деген, қазіргі кейбіреулердің түсіндіріп жүргеніндей, қайтадан феодализмге оралу да, өткенді көксеу де емес. Олай болуға, тіпті, негіз де жоқ. Қазіргі жаһандастыру заманы оған оралам десең де ерік бермейді. Сондықтан бұлай деп ойлаудың өзі оғаш, басы артық қияли бос әңгіме болмақ.

Қазақы болмысқа, яғни қазақтың халықтық қалпына оралу - сан ғасырлар бойы қазақты қазақ қылып әлемге танытқан, адамзат қауымының өзге халықтарынан ерекшелеп, **«ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ»** деген киелі атауды иелендірген, қазақтың тек өзіне ғана тән қасиеттеріне, ұлттық құндылықтарына, рухани тұтастығына оралу, басқаша айтқанда, қазақ халқының ұлттық дәстүрін, ұлттық мәдениетін, ұлттық санасын қалпына келтіру. Бұдан да гөрі қарапайымдандырып айтсақ, кескін-кейпі қазақ болғанымен, болмысы өзге ұлттың өкіліне айналған немесе айнала бастаған қазақты қайтадан қазақ ету.

Бұлай істеу қажеттілігі - бүгінгі күннің талабы. Өйткені сырттай «қазақ» деп қопитып, «пәлен миллион» деп қара көбейткенімен, іштей ұлттық ұйысуынан, халықтық тұтастығынанан айырылып, телімденіп бара жатқан жұртты уақыт оздырмай, өзінің бұрынғы халықтық қалпына түсірмесе, соған мемлекеттік тұрғыдан тиісті қам-қаракет жасалмаса, ертең кеш болары сөзсіз. Өз болмысынан оқшауланып қалған ұрпақтың жетім баладай өзгенің жетегінде кетіп, қазақ болудың өзін үлкен проблемаға айналдыруы әбден мүмкін. Оның шет жағасының қазір де көріне бастағаны жасырын емес.

Қазақтықты статистикалық мәліметтегі сан көлемі анықтамайды. Ол адамның тәлім-тәрбие арқылы өз халқының құндылық ерекшеліктерін бойына сіңіруі негізінде пайда болатын мәдени-этникалық ұстанымының деңгейіне қарай қазақшылдық іс-әрекетімен анықталады. Қазақшылдық – отансүйгіштік қасиет, бүгінгінің тілімен айтсақ, патриотизм. Өкінішке қарай, қазір көптеген қандастарымыздың бұл қасиетке ие бола алмай, аты қазақ болғанымен, заты қазақ болмысынан оқшауланып, не ол емес, не бұл емес, дүбара күй кешіп жүргені белгілі жәйт. Содан да болар, бұл күнде бір қазақты әуелі: «орыстілділер», «қазақтілділер» деп екіге бөлуді әдетке айналдырдық. Содан кейін бір қазақты: «таза қазақ», «шала қазақ», «ада қазақ» деп үшке бөлетінді шығардық.

Мұның таза қазағы – ұлттық дәстүр бесігінде тербеліп, ана тілімен ауызданып, төл мәдениеттің құндағынан шыққандар.

Шала қазағы – ана тілі уызының дәмін тату бұйырмай, өзге мәдениет бесігінде тербеліп өскенімен, өзінің қазақ екенін сезініп, төл мәдениетіне саналы түрде тартылушылар.

Ада қазағы - қазақтық болмыстан жұрдай, өзге мәдениеттің өгей баласы болып кеткендер.

Мұны аз десеңіздер, белгілі тарихшы ғалым, профессор Х. Әбжанов таяуда жарық көрген бір зерттеу еңбегінде қазіргі қандастарымызды таным-түсінігіне қарай, тіпті, сегізге бөледі. Олар: 1). Бар болмыс-бітімімен нағыз қазақ қалпындағы қазақтар. 2). Кешегі өктем ұлт – орыстардың сойылын соғып жүрген қазақтар. 3). Тілі, ділі орыстанып кеткенімен, халқына бүйрегі бұратын қазақтар. 4). Жаһандасудың салмағына жаншылып, Америкаға, Батысқа

шыбындап бас изейтін, өзінікіне мұрнын шүйретін қазақтар. 5). Басқа діннің ықпалына түсіп, не ол емес, не бұл емес қазақтар. 6). Тарихи Отанына сағынышпен жеткенде бауырларының өзін де, сөзін де түсінбей, айран-асыр болып жүрген оралман қазақтар. 7). Жүзге, жерге бөліну дертінен айықпаған «ортағасырлық» қазақтар. 8. Жекешелендіру мен нарықтан қарық болған «жаңа қазақтар». (Әбжанов Х. М. *Қазақ тілі: тарих шырғалаңынан тәуелсіздік шыңына. // Тіл саясат: тағылым мен тәжірибе. Алматы. 2006. 223-б.*)

Осының бәрі, тіпті, нақ осындай болмаған күннің өзінде, дәл қазіргі таңда, қалай болғанда да, қазақы таным-түсінікте болсын, елдік мүддеде болсын ішкі бірліктің, тұтастықтың жоқтығына куәлік бере алатыны сөзсіз. Ал бұл жағдай өзгермей, уақыт озған сайын, осылайша біртіндеп бөлшектене берсек, күндердің күнінде мемлекетіміздің тірегі – қазақ ұлтында қандай қауқар қалатынын ойлаудың өзі қиын.

Міне, осыдан кейін қазақтық болмысқа оралудың, халықтық тұтастығымызды қалпына келтірудің қаншалықты қажеттілігін пайымдау онша қиындық тудырмаса керек. Олай болса, бөлшектенген қазақты бірлікке келтіріп, біртұтас халыққа айналдыру – басты шаруамыз болмағанда не болуға тиіс?!. Егер осыны жөн десек, онда осы жолдағы іс-әрекеттің нәтижелі болуы, әрине, әр қазақтың қазақшылдығына, яғни қазаққа қызмет етуіне тікелей байланысты екенін де мойындауға тура келеді. Сонда...

3. Қазақшылдық дегеніміз не?

Қазақшылдық дегеніміз қазақтың қазақ болып өмір сүруінің баянды болуы үшін жанашырлықпен жасалынатын іс-қимылдың жиынтығы. Мұны былай түсіндіруге болады. Біртұтас қазақты ру мен жүзге, бай мен кедейге, жақсы мен жаманға бөліп-жармай, кешегі Ахмет Байтұрсынұлы атамыз секілді тұтас жақсы көретін адам - **ҚАЗАҚШЫЛ** адам болып есептеледі. Ал осындай қазақшыл адамның халқына құлай беріліп, оны қалтқысыз сүюін, қазақтың дамып, өркендеуі үшін жалтақсыз аянбай беріле еңбек етуін – **ҚАЗАҚШЫЛДЫҚ** дейміз. Басқаша айтқанда, Қазақшылдық - қазақ үшін отқа, суға түсуге дайын адамның қазақ игілігіне жасайтын іс-әрекеті, сол іс-әрекет барысында қалыптасқан мінез-құлқы. Бұл орайда қазақшылдық мағынасы жағынан «ұлтшылдық» сөзімен мәндес. Айырмашылығы «ұлтшыл», «ұлтшылдық» ұғымдарын өз ұлтын беріле жақсы көретін кез келген халықтың өкіліне телуге болады. Ал «қазақшыл», «қазақшылдық» ұғымдары тек қазақ халқының өкілін және оның іс-қимылын ғана көрсетеді.

Қазақшылдықтың өз ұлтына, төл мәдениетіне берілген шексіз сүйіспеншілігін шовинисттікпен де, фанаттықпен де шатыстыруға болмайды. Атам қазақ оларды «әсіреұлтшылдық», «әсіреберілгіштік» дейді және «әсіре қызыл тез оңар» деп, ондайларды жаратпаған.

Қазақшылдық - өз халқын беріле жақсы көрумен бірге, өзгенің де өз халқына адал берілгендігін құрметтеуге баулитын ізгі қасиет. Қазақшылдық – қазақ халқы игілігіне бағытталған бар істің қозғаушы күші, оның бойында ұлттың ізгі сезімі, дәстүрі, тәлім-тәрбиесі бірге өріліп жатыр. Қазақшылдық

тәрбиенің биік мұратын атам Қазақтың өзі «малым - жанымның садағасы, жаным - арымның садағасы» деп бір ауыз сөзбен түйіндеген.

Сондай-ақ, басын аша кететін тағы бір мәселе - **қазақшылдық** пен **қазақшылықты** да шатастыруға болмайтындығы. Екеуі мәні де, мазмұны да екі басқа, өз алдына жеке ұғымдар. Бірақ кей жағдайда, ауызекі сөзде қазақшылық ұғымы қазақшылдық орнына қолданылып, қазақтың тек өзіне ғана тән бауырмалдық, мейірімділік, кеңпейілділік қасиеттеріне қатысты да жақсы мағынада айтыла беретіні бар. Бұл түбірі бір ұқсас сөздердің арасына жік қойылмай, мән-мазмұны сараланбай айтылудан кеткен жаңсақтық болса керек. Өйтпесе, қазекем қазақшылықтың жағымсыз мағынасын жақсы білген. Өйткені қазақы көзжұмбайлыққа салып, әділеттен аттап, заңсыздыққа баруды ниет қылғандарды елдің есті азаматтарының: «сен ондай қазақшылығыңды қой» деп тиып тастап жататыны соның дәлелі, өзіміз көріп жүрген жәйт. Ал қазақшылдықта мұндай екіұшты ұғым жоқ. Осыларға қарап, қазақшылдықтың негізінде - **парасаттылық**, қазақшылықтың негізінде – **пендешілік** жатқанын анық аңғаруға болады. **Қазақшылық** - қазақтың атымен жасалынатын іс-әрекеттің былық-шылықпен азды-көпті байланысқа түскен түрі. **Қазақшылдық** - қазаққа алаңсыз қызмет ету.

Қазақшылдықты мұрат тұтқан әр қазақ өзін қазақ халқының бір перзентімін деген ұғымда болады. Ал өзін «қазақпын» деп есептейтін әр қазақ саналы түрде көкірек сарайына осы «мен де өз халқымның бір перзентімін» деген тұжырымды тұрақты қоныстандыра алса, оның жан дүниесінде сол сәттен бастап халқына, бейне баланың ата-анасына деген сүйіспеншілігіндей, аяулы бір сезім оянады да, сол сезім оны үнемі «перзентік парыз» деген ұғымның жауапкершілігі аясында ұстайды. Баланың қандай жақсылық жасаса да өз ата-анасынан оған ешқандай өтем дәмепейтіні сияқты, ол да халқына жасаған қызметі үшін ешқандай ақы тілемейді, марапат дәмепейді. Өйткені ол не істесе де, соны барлы-жоғы халқым алдындағы перзенттік парызымды өтеуім деп қана түсінеді. Осы жолда қандайда бір жеңіске жетсе - дандайсымайды; қиындық көрсе - мұқамайды. Солай болуын табиғи заңдылық деп біледі. Сөйтіп азаматтың халық алдындағы өзінің перзенттік парызын өтеуі - халыққа қызмет етудің мәніне айналып, биік мұратқа жол ашады. Қазақшылдықтың құдыреті де осында.

Қазақшылдықтың өрісі кеңейген сайын, қазақ мемлекетінің де, ұлтының да, халқының да шаруасы ілгерлеп, тасы өрге домалай бастайды. Өйткені ғылыми анықтамасы әртүрлі болғанымен, мемлекеттің де, ұлттың да, халықтың да түпкі мүдделерінің тоғысар арнасы бір. Ал қазақшылдық – сол бір арнада тоғысқан мүдделердің берілген адал жанашыры. Сонда «қазақшылдық» дегенің мәні, түптеп келгенде, қазақ ұлтын көркейту, биіктету болып шығады. Қазақшылдық ұлттық дәстүрдің құрсағында жаратылып, ұлттық мәдениет аясында ер жетіп, ұлттық санада өмір сүреді, ұлтқа адал қызмет етеді. Бұл - қазақшылдықтың кіндігі ұлтқа байланған деген сөз. Қазақшылықтың мұратының кеңеюі мәдениеті, тілі, діні ортақтас жалпы түрік халықтарының

мүддесіне қызмет ететін түрікшілдік өрісіне қосылып, одан әрі Абай айтатын: «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым» дегені, яғни адамзатшылдыққа жалғасады.

Қазақшылдықтың мақсаты қазақ елін, қазақ ұлтын көркейту болғандықтан, оның міндеті қазіргі заман талабына сай, бір жағынан халықтың тек өз ішінде сақталып қалған қазақтың төл мәдениетін халықтың арасына барып, іздеп тауып, ортақ игілікке асыру; екінші жағынан Әлем өркениетін бар мүмкіндігімен ұлттың төл мәдениетіне жақындастыру, үйлестіру болмақ. Қазіргі заманда қазақ мемлекетінің, қазақ ұлтының көркеюі - Әлем өркениетінен алар үлесімізге ұлттық мәдениетімізді негіз ету арқылы өзіндік үйлесім табуымызға тікелей байланысты. Өйткені өркениет ұлттық мәдениетке негізделгенде ғана үйлесімдік бірлікке ие болады. Сонда ғана тұрақты толыққанды өркендеу мүмкіндігі туады.

Қазақшылдықтың жалпы халықтық сипат алуы - ұлттың дамуының кепілі. Осыдан келіп, қазақшылдықтың негізгі мәнін нақтырақ түсіну үшін «ұлт» деп аталатын бірлестіктің неден құралатынын білу қажеттігі туады. Расында...

4. Ұлт дегеніміз не?

Кез келген оқушының кез келген энциклопедиялық немесе философиялық Сөздіктерден «ұлт» сөзіне берілген ғылыми анықтаманы тауып алып, оқып білу мүмкіндігі барын ескерсек, бұл орайдағы әңгіменің басы артық көрінуі әбден мүмкін. Бірақ басқаларға да солай ма, жоқ, маған ғана ма, әйтеуір осы Сөздіктерде берілген анықтамаларды оқығанда сол сөздің мағынасы көкейге бірден қона қалмайтындай, бірдемесі жетіспейтіндей көрінеді де тұрады. Бұл, бәлкім, ғылыми анықтаманың арнайы дайындығы бар адамдарға арналған ғылымилығынан шығар. Қалай болғанда да маған, бұларға қарағанда, халықтық ұғымдағы «ұлт» сөзінің анықтамасы әлдеқайда ұғынықты көрінеді. Мақсатымыз ұлттық ұғымдарды ғылыми тұрғыдан теориялық негіздеу емес, керісінше сол ұғымдардың мән-мағынасын, ішкі мазмұнын жұртшылықтың, әсіресе жастардың мүмкіндігінше толық түсінуіне көмектесу болғандықтан, ұлт сөзінің мән-мазмұнын қарапайым түсініктер тұрғысынан ашуға ұмтылдық. «Ұлт» сөзін өмірдегі қолданысына қарай пайымдау таразысына тартсақ, оған: **«тарихи жағдайларға байланысты белгілі бір аумақты (территорияны) тұрақты мекендеп иеленуі арқылы тілдің, діннің, мәдениеттің, дәстүрдің, әдет-ғұрыптың ортақтастығы негізінде қалыптасып, елдік мүддесі біріктірген халықтардың (адамдардың) жиынтығы»** деген анықтама беруге болатын сияқты. Осы орайда бұл пайымдауымыздың халықтық түсінік негізіндегі түрлі көзқарастарға талдау жасау арқылы «ұлт» деп аталатын қоғамның неден құралатыны жөнінде өзіндік ой түйген бауырлас түрік халқының халықшыл ұлы ойшылы Зия Көкалыптың анықтамасымен де үйлесім табуы айтқанымыздың негізсіз еместігін дәлелдегендей.

Бұл кісі ұлттың не нәсілге, не қауымға, не географиялық жағдайға, не саясатқа, не адамның ерік-күшіне байланысты бірлестік еместігін қарапайым халыққа түсінікті тілмен (*ғылымиланған емес!*) жан-жақты дәлелдей келіп: «ұлт дегеніміз тіл, дін, мораль және барлық көркем өнер салалары тұрғысынан

ортақ, яғни бірдей тәрбие алған адамдардан тұратын бірлестік» (Көкалып 3. Түрікшілдіктің негіздері. Алматы. 2000. 16-б.), - деп анықтама береді және бұл анықтамасын жалпы көптің түсінігіне бұдан да гөрі жақындата түсу мақсатында: «Мұны түрік шаруасы «тілі тіліне үйлесетін, діні дініне үйлесетін» деп бейнелейді» деп қояды. Зерделей қарасаңыз, еуропалық таным-түсінік негізінде жасалған ғылыми тұжырымдамаға қарағанда, түріктік төл танымның болмысынан хабар беретін қарапайым халықтық пайымдау әрі ұғынықты, әрі жанға жақын тұрғаны байқалады.

Сонымен, ұлт болуы үшін адамдардың, ғылыми анықтамада көрсетілгендей, аумақтық және экономикалық байланыс ортақтығы болумен бірге, тәрбие мен мұраттың (*идеалдың*) ортақ болуы да міндет екен. Өйткені қалыпты адам қай ұлттың тәрбиесін алған болса, соның мұраты жолында еңбек етпек. Бұған бақсақ, ұлттан ататек, шежіре іздеу де дұрыс емес. «Тәрбие мен мұрат ұлттық болса, тәрбиесін алып өскен қоғамның мүддесі адамның рухын үлкен шабытқа бөлеп, оның бақытты өмір сүруіне негіз қалайды. Мұндай қоғам мұраты жолында адам өз өмірін пайда етеді. Ал бұған керісінше, өзін ақыл жолымен ғана байланыстыратын, бірақ тәрбиесін алып өспеген жат қоғам мұраты адамға шабыт бере алмайды. Мұндай қоғам үшін ол кішкентай мүддесін де қимайды. Қысқасы, ортақ тәрбие аясында өсіп-жетілмеген адамдардан құралған қоғамда өмір сүрсе, адам бақытсыз болады», - дейді түрік ойшылы. (Көкалып 3. 17-б.).

Бұдан шығатын қорытынды: адамдар бірлестігінің «ұлт» деп аталуы үшін бір аумақта, бір мемлекетте тұратын адамдардың сол ұлтты құрайтын халықтың тәрбиесінде өсіп, сол халықтың мұраты жолында еңбек етуді мақсат тұтуы маңызды шарттардың бірі екен. Сонда жеке адамның мүддесі ұлт мүддесімен үйлесім тауып, адамның жанын шабытқа бөлейді. Осылайша қалыптасқан ұлттың адамының тағдыр талқысымен өз ортасынан бөлініп, сыртта жүргеніне қарамастан, өзін сол ұлттың адамымын деп сезінуін қамтамасыз етеді. Ұлты да оларды өгейсімейді. Мысалы, қазақ ұлты үшін қазақы тәрбиеде өскен және қазақ мұраты жолында еңбек етуді мақсат тұтатын, сонымен бірге қазақ халқының қуанышын да, ренішінде бірге бөлісетін жандардың бәрі қайда жүргеніне қарамастан, қазақ ұлтының адамы. Бір мәдениетке ортақтас адамдардың жиынтығын «Ұлт» деудің мәні де осында жатса керек. Сондықтан да ұлтты құрайтын адамдардың ой-санасы, мүддесі, намысы жалпылық сипат алып, ортақ деңгейге көтерілгенде оларды әуелгі жеке тұлғаға тәндіктен ажыратып, ұлт еншісіне айналдырып, әрқайсысын ұлттық сана, ұлттық мүдде, ұлттық намыс деп ерекшелейді. Таным-түсініктің нақтылығы үшін енді осыларға қысқаша болса да, жеке-жеке тоқталып, анықтама бере кетелік. Олай болса,...

5. Ұлттық сана дегеніміз не?

Ұлттық сана дегеніміз сол ұлтты құрайтын халықтың әр адамының жеке тұрмыс-тіршілігінің сыртында өз ұлтының мүддесін, халқының тағдырын, ұрпағының болашағын ойлау қабылетінің ұлттық деңгейге көтеріліп, жалпы

қоғамға тән ортақ сипатқа ие болған ұжымдық түрі, яғни ұжымдық сана. Ұлттық сана абстракты ұғым емес, ол ұлт тірлігінің тұрмыстық көрінісі, былайша айтқанда, сол ұлтты құрайтын халықтың бүкіл ғұмырнамасының, әдет-ғұрпының, салт-дәстүрінің, әдебиеті мен мәдениетінің, өнерінің, тұрмыс-тіршілігінің тарихын білу дәрежесі, яғни халықтың өзін өзі жете танып, түсінуі. Ұлттық сана ұлттық дүниетанымға негізделеді. Ал ұлттық дүниетаным дұрыс таным-түсінік арқылы өріс жайып, ұлттық дәстүр арқылы өз болмысын танытады.

Өз ұлтыңа деген құрметтің көрсеткіші - ұлттық сана-сезімнің қалыптасу деңгейіне байланысты. Қазақ этносының өкілі болуды құдай маңдайыңа жазғаннан кейін, оны мамандық ауыстырғандай ауыстыру мүмкін емес. Өйткені ауыстырмақ болып, басқа ұлттың мәдениетін қаншама бойыңа сіңірдім дегеніңмен, бәрібір сен сол ұлтқа кірмесің, төлтумасы бола алмайсың. Қабылдамайды, реті келген тұста өгейлігіңді есіңе салады да тұрады. Мұндай жағдайды бастан кешірген жан кейін рухани дағдарысқа ұшырап, өмірінің соңы бақытсыздыққа айналады.

Сана-сезімі өзінің төл этникалық ортасында, төл мәдениетінің аясында қалыптасқандар ұлтшыл болып келеді. Өйткені оған өзін қоршаған ортаның бәрі етене жақын, адамдарының бәрі бірге туған туысындай көрінеді. Рухани дүниесін қалыптастырған сезімдердің бәрі ортақ. Сондықтан да ол осы ортақ сезімге қатысты мәселенің қандайына болсын бейтарап қарай алмайды. Бәрін тікелей өзіне қатыстыдай көреді. Ортақ қуанышқа өз қуанышындай мәз болады, ортақ ренішке өз қайғысындай қайғырады. Халқының этномәдени құндылықтарын қасиет тұтады. Ең ғажабы, өздері осылай болған соң, өзгелерді де өздеріндей көріп, оларға түсіністікпен қарайды. Олардың мәдениетін сыйлап, құрмет көрсетеді және олардан осындай кісілікті талап етеді. Ұлттық кемсітушіліктің қандайына болсын төзбейді, ондай жағдайда басын бәйгеге тігуге бар.

Ал бұған керісінше, сана-сезімі өзінің этникалық ортасынан тыс, өзге мәдениет аясында қалыптасқандар ұлтшылдықтан ада болып келеді. Ондай жандарды қазір халық «мәңгүрт» деп атап жүр. Ғылым тіліндегі «этнонигилистер» де осылар. Бұлар туралы қазір баспасөз бетінде аз жазылып жүрген жоқ. Төл халқының мәдениетінен бейхабар өскендіктен, олар күнделікті тұрмыста өзінің этникалық ортасына бөгделігін сезініп, қолайсыз жағдайға ұшырайды да, бірте-бірте араласып-құраласып тұруына қолайлы өзге ортаға қарай бейімделіп, соның мәдениетін меңгеріп, солардай болуға ұмтылады. Сол арқылы жанына жұбаныш табады. Бөгде мәдениетті қорғаныс құралы етіп, өз халқының мәдениетіне қарсы қояды. Нәтижесінде өз халқын іштей жек көріп, өз халқының құндылықтарын менсінбейді. Маңында жүрген өз ұлтының әлдебір өкілінің жағымсыз тірлігін көрсе, соны бүкіл халыққа теліп, бүкіл халыққа тән құбылыс етіп көрсетуге дайын тұрады. Өзін өзге қандастарынан артық санап, осы халықтың ұрпағы болғанына іштей өкініп, күйінеді. Сол себепті, бар мүмкіндігінше өзін бір ұлттың емес, бүкіл адамзатқа ортақ перзент етіп көрсетуге ұмтылады. Бірақ өмір шындығы – алдымен ұлттың ұлы болып

танылып, содан кейін адамзаттың ұлы болуға ұмтылудың даналық, ал ұлтының ұлы бола алмай жүріп, адамзаттың ұлы боламын деу - шалалық екенін әр жағдайда дәлелдеп келеді. Өйткені өз ата-анасына бала бола алмаған жанның өзгеге бала болып жарытпайтыны баршаға белгілі ақиқат қой.

Бұдан шығатын қорытынды - адам ата-анасын таңдай алмайтыны сияқты этносын да таңдай алмайды. Тағдырдың жазуы солай. Өзінің тәрбиесіздігінен, біліксіздігінен төл мәдениетін жатсынып, өзге мәдениеттің шапанының шалғайына жармасып жүргендер ерте ме, кеш пе, дағдарысқа ұшырап, Абай айтқан: «не ол емес, бұл емес, менің де күнім күн емес» күй кешеді. Асылы, дана халық «Адасқанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқан соң» дегенді бекер айтпаса керек. Біздің міндет - үйіріне қосылуға талпынғандарды қолдап, барынша бауырмалдық көмек беру, ұлттық сананы қалыптастыру, осындай тағдырдың талқысына ұшырап адасқандардың сана-сезімін емдейтін дәрігерлік қызмет атқаратынын ұмытпау болмақ.

Жалпы ұлттық сана төмен болса, халық халықтық қасиетінен айырылып, мылқау күш тобырға айналады. Мұндай кезде ұлттық мүдде жеке бастың пайдасының құрбандығы болып, ұлт, халық, намыс деген қасиетті ұғымдар тілде бар да, ділде (жүректе) жоқ, тек рухани алыпсатарлардың көпшілік көзін алдар құралы мен ұранына айналады. Ел болашағын ойлаған есті азаматтың алысты болжаған аңғарлы саясаты жұртынан қолдау таппай, бар уақыт «жалаңаш патриоттардың» жайдақ айқайын басуға, соларға түсіндіруге, өзімен өзі арпалысуға кетеді. Елдік істе нәтиже болмайды. Адамзаттың ұзақ тарихының сабағы осыны көрсетеді.

Мұның бәрі, жоғарыда айтқан, отарлаушылардың жүргізген зұлым саясатының салдарынан қазақтың ұлттық санасы тәуелсіздік талабына ілесе алмай, кенжелеп қалып отырғанын айғақтайды. Бұл кең мағынасында қазақтың төл мәдениетінің де кейіндеп қалғанын байқатады. Сондықтан да қазақ арасындағы қазіргі қазақшылдық көп жағдайда ұлттық жоғары санаға емес, дертке ұшыраған жерлестік түйсік, қандастық соқыр сезімге негізделген. Содан да болар, **қазіргі қазақта шамдану бар да, шамырқану жоқ; кіжінісу бар да, қышыл таныту жоқ; ұрандасу бар да, ұйымдасу жоқ; халқым деу бар да, оның қамын жеу жоқ.** Айналып келгенде жетер жеріміз баяғы бос сөзді судай сапырып, өзара қауқылдасумен ғана шектеліп қала беру. Тәуелсіздік алғаннан бергі тілге, жер сатуға және басқа өзекті мәселелерге, тіпті, қылаяғы кешегі ұлттық валютамызды өзгертуге қатысты ықпалды бір нәтижесі жоқ көп шуылымыз осының жарқын айғағы. Бұдан тек ұлттық мүдде ұтылыста болады. Сонда...

6. Ұлттық мүдде дегеніміз не?

Ұлттық мүдде дегеніміз сол ұлттың құрамындағы халықтардың (адамдардың) өздеріне тән халықтық рухани-мәдени және материалдық құндылықтарын сақтай отырып, ұлттың ілгері дамуын, өмір сүруін қамтамасыз етуді көздейтін негізгі нысаналы ортақ мақсаты. Сондықтан да Ұлттық мүдде өмірдің бар саласында бірінші кезекте тұруға тиіс. Саясатта да, экономикада да,

мәдениетте де, таным-талғамда да, қысқасы күнделікті жасалынатын іс-әрекеттің бәрінде де мәселенің ұлттық мүдде тұрғысынан шешілуі – елдің тұрақты өркендеуінің, мемлекеттігінің нығаюының басты кепілі болып табылады. Сол себепті де ұлттық мүддені қорғау - қоғам мүшелерінің бәріне бірдей ортақ қажеттілікке айналады. Бұл ретте ұлттық мүддені уақыт талабына сай белгілі бір нәтижелі мақсаттарға бағыттап отыратын пәрменді тетік мемлекеттік институттар болуға тиіс. Өкінішке қарай, бізде әзірге бұлай болмай отыр. Бізде бар мәселе ұлттық мүдде тұрғысынан шешілмей, тек қалайда пайда табу, табыс түсіру тұрғысынан ғана шешіліп келеді. Ал мұның ақыры түптің түбінде орыны толмас өкінішке соқтыруы бек мүмкін. Өйткені қарт тарих ұлт мүддесін ойламай, күндік табысқа қызығып, пайда қуғандардың, бейне тоя жер жем үшін торға өзі келіп түсетін қыран құс секілді, күндердің күнінде тәуелділік қамытына амалсыз өзі барып бас сұғуға мәжбүр болатынын сан дәлелдеген. Соның үшін де бүгінгі билік басындағылардың да, тәуелсіздігі қолына тиіп, ертеңінен үлкен үміт күтіп отырған жалпы қазақ жұртының да ұлттық мүддені ұмытып, уақытша табыстың қызығына берілудің ақыры қайыр болмайтынын естен шығармағаны абзал. Ұлттық мүдденің қорғаушысы - намыс. Ұлттық намыс болмаған жерде ездiк үстемдік алып, ұлтқа қатысты құндылықтарға бейтараптық, немкеттілік көзқарас қалыптасады. Сонымен...

7. Ұлттық намыс дегеніміз не?

Ұлттық намыс дегеніміз ұлтты құрайтын халықтың әр адамының ұлтқа қатысты айтылған кез келген кемсітушілікті, ұлтқа қарсы жасалған іс-әрекетті бейне өзіне бағытталғандай қабылдап, соған қарсы жандүниесінде пайда болған сезімнің буырқанған серпілісінің жалпы халықтық сипатқа айналған ұжымдық түрі. Ұлттық намыс - азаттықтың жаршысы, құлдықтың қас жауы. Ол бар жерде құлдыққа орын жоқ.

Кешегі бір елдің екінші елді отарлауы жаппай үрдіске айналған кездегі отар болған елдердің тарихына зерде көзімен үңілсек, отарлаушы елдердің көп жағдайда әлі ұжымдық сипатқа ие бола алмай, рулық, тайпалық, әулеттік, кландық намыс аясында күн кешіп жатқан елдерді жаулап алып, боданына айналдырғанын көреміз. Ал ұлттық намысы оянған елдердің бірде-біріне тиіспеген, тіпті, қуаты аз шағын елдерге де. Өйткені ұлттық намысы оянған ол елдердің құлдыққа көнбейтінін, бүгін қарудың күшімен бағындырғанымен, ертең бәрібір азаттығы үшін қайтадан күреске шығатынын білген.

Біз де осындай жағдайдың салдарынан XVIII ғасырда орыс патшалығының боданына айналдық. Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте дүркірей оянған ұлттық намыс шешуші шайқаста Ұлы Жеңіске жеткеннен кейін билікке таласқан хандардың ел тұтастығына жарықшақ түсіруіне байланысты күрт құлдырап, әлсіреп кетті. Ұлттың ішкі тұтастықтан айырылуы ұлттық намыстың жүзге бөлінгендердің жыртысын жыртқан рулық, тайпалық намысқа телімденуіне әкеп соқты. Осыны пайдаланған орыс патшалығы отарлау саясатын кезең-кезеңімен жүзеге асырып, ақырында қазақ халқының мойнына тәуелділік қамытын біржола кигізіп тынды.

Билік тізгінінен айырылып, бодандықтың бұғауында тыпырлаған халқының осындай мүшкіл күйге ұшырауының себебін XIX ғасырда өмір сүрген Абайдың дәл танып, көре білгені қайран қалдырады. Бәлкім данышпанның данышпандығы да осы - өмірде болып жатқан өзгерістердің өзгелер мәніне жете бермейтін құпиялы қалтарыстарын сезіп-біліп отыратындығында шығар. Қалай болғанда да, Абайдың қазақ халқының осы күйге жетуінің екі себебінің бірі ретінде сонау азат Қазақ хандығы кезіндегі ұлттық намыстан айырылып қалуы екенін ашып көрсеткені шындық. **Ата-бабамыздың намысқойлық «мінезі жоқ болған соң, үйренген өнеріміздің бәрі адамшылыққа ұқсамай, сайтандыққа тартып барады. Жұрттықтан кетіп бара жатқанымыздың үлкен бір себебі сол»** дейді данышпан Абай бұл орайда.

Біз жоғарыда, қазақы болмысқа оралу дегеннің не екені жөнінде әңгімелегенде, қазіргі таңда таным-түсінік тұрғысынан да, елдік мүддені ойлау тұрғысынан да біртұтас қазақ халқының бірнеше бөлікке бөлініп отырғанын санамалап айтқанбыз. Енді ойласып көріңіз: осындай ішкі біртұтастығынан айырылып, сан бөлшекке бөлінген халықты ұлттық санасы оянған намысты халық дейміз бе, әлде әр бөлшегі өз тобының намысын жыртқан ұлттық санасы ұйқыдағы халық дейміз бе?! Міне, ұлт болып ойласудың да, ұлт болып нәтижелі іс-әрекетке көшудің де қажеттігі осы тұс! Осы қажеттілікті сезіну үшін ұлттық мінез керек. Ендеше...

8. Ұлттық мінез дегеніміз не?

Ұлт адамдардан құралатындықтан, сол ұлтты құраушы адамның болмысына тән дүниенің бәрі ұлттың болмысына да ортақ болуы заңды құбылыс. Тек, жеке адамға тән дүниенің тұтас ұлтқа ортақ болуы үшін оның танылу деңгейі жекелік аясынан шығып, жалпылық сипатқа ие болуы, яғни көпке ортақ болуы шарт. Бұл ұлттық мінезге де қатысты. Сондықтан **«ұлттық мінез, - деп, - ұлттық дәстүр негізінде тәрбиеленген ұлт адамы мінезінің белгілі бір түрінің ұлт мүшелерінің бәріне бірдей болмаса басым көпшілігіне тән ортақ деңгейге көтеріліп, жалпылық сипат алуын айтсақ керек.**

Мінезділік жеке адамның да, ұлттың да болмысының көрінісі іспеттес. Халықтық қасиеттеріміздің негізінде мінез жатыр. Өйткені мінезсіз адамда қасиет болмайды. Бұл ұлтқа да тән. Ұлттық мінезі жоқ халық та солай. Тағдыры шешілер тартысты кезеңде тастүйін бірігіп, ұлттық мінез көрсете алмаған халық - қалың тобырмен тең. Ездіктің езгісінде болып, құрметтен құр қалады. Мінезді халық – намысты халық. Намысты халық ешкімге есесін жібермейді, кеудесін басқызбайды. Демек, ұлттық мінез - ұлттық намыстың егізі, бірінсіз бірі жетім.

Ғасырларға созылған тәуелділік текті халықты жаппай орындаушыға айналдырды. Осының салдары халқымызды тектілікке тән қазақы төл мінезінен ажырап қалуға әкеліп соқты. Заманында «намаз да болса, кісіге қараған күн құрысын» деп, бір сәттік имамға ұюға міндеттейтін тәуелділікке шыдамай, бұла

мінез танытқан қайран қазақтың ұрпағы сан жылдар бойы өзгенің қас-қабағын бағып, соның ыңғайына жығылып, айтқанына көнуге мәжбүр болды. Ата-баба тектілігін танытып, бодандық бұғауын үзбек болып бұлқынған бұла мінезділерді отарлаушы о жар күш аяусыз қырғынға ұшыратып, езіп-жаншып, елдің есін тандырды. Ақырында - өрлік өңезелікке, ерлік ездікке жол берді.

Қазір бәрі өзгерді. Осындай кезде, яғни тәуелсіз ел болып, өз билігіміздің тізгіні өзімізге еркін тиген шақта ежелгі тектілікке оралып, ұлттық мінезді қалыптастыру – мемлекеттік тұрғыдан қолға алынар бүгінгі күннің басты шаруасының бірі болмағы жөн. Бұл ретте көрші өзбек елінің ұлттық мінезді қалыптастыру жөнінде арнайы мемлекеттік бағдарлама жасап, соны жүзеге асыруға ел болып жұмылып жатқаны бізге де ойласудың қажеттігін көрсетсе керек.

Тектілік мінез қай кезде де халықтың парасат биігінде болуын қамтамасыз етеді, адамды аздырар жаман мінездерден сақтандырады. Қазіргі кезде сондай сақтануға тиісті жаман мінездің бірі – мақтаншақтық. Мақтаншақтық – надандықтың белгісі. Бұл ретте ұлтымыздың ұлы ойшылы Абай: **«әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз, қорқақ мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ ақылсыз надан келеді»** (Құнанбаев А. Қарасөздер. Үшінші сөз. Алматы. 1961. 440-б.), - дейді.

Мақтаншақтық – ұлттық мінез емес. Жалпы түрік халықтары мақтануды ұнатпаған. Бұл ретте ХІ ғасыр ғылымының ірі өкілі Махмұт Қашқари «Диуан-и лұғат» атты әйгілі еңбегінің «Түрік» атты бабында: **«Түрікте өзін ұнату, мақтану жоқ. Түрік үлкен ерліктер және жанкештілік жасағанның өзінде ерекше іс істемегендей сезінеді»**, - деп жазады.

Бұлай болуы заңды да еді. Өйткені түрік қоғамында ежелден қалыптасқан дәстүр бойынша адамның бала күнгі кезінен бастап бүкіл тірлігі қоғамның бақылауында болған. Сондықтан қоғам мүшесінің бірде-бірінің жасаған жақсы ісі де, жаман ісі де назардан тыс қалмай, дер кезінде өзіне лайық әділ бағасын алып отырған. Бар тірлігі таразыға тартылып, соған орай ортасы өз бағасын беріп отырғаннан кейін, адамның өзі туралы «мен бұйттім, мен өйттім» деп мақтануының да, ақталуының да қажеттілігі болмаған. Бәрін өскен ортасы дұрыс та әділ бағалап отырған соң, адам ештемеге алаңдамай, барынша қоғам талабына сай тірлік кешуді ғана мұрат тұтқан.

Халқымыздың өмір жолына зер салсақ, жалпы түріктерге тән бұл мінез қазақ халқына да ортақ болғанын көреміз. Мұның солай екенін қазақтың өзінің: «Хас жаман қатынын мақтайды, бас жаман баласын мақтайды» немесе «Өзін өзі мақтаған, өліммен тең» болмаса «өзін өзі мақтаған өлімнің қара басы» деген тәріздес ой тұжырымдары да дәлелдейді. Бұдан мақтануды хош көрмеген бұрынғы қазақтың, азат қазақтың ұлттық мінезі анық көрінеді. Кейінгі бодан қазақ бұл мінезден айырылып қалды. Дұрысы – айырылуға мәжбүр болды.

Отарлаушылар өздерінің үстемдігін толық орнату үшін бұрынғы қазақ қоғамында бар қалыптасқан кісілікті парасаттылықты түрлі айла-амал қолдану арқылы біртіндеп қажеттіліктен шығарып, оның орнына қазақ жұртын қалайда жанын жалдап күн көрудің артықшылықтарын пайдаланып қалуға насихаттап

бақты. Осы жолда кім отарлаушылардың ойынан шықса, сол жақсы адам ретінде бағаланып, марапатқа ие болды. Ал ойынан шықпағандар – неше жерден керемет болса да, жамандар қатарына жатқызылды. Соның салдарынан жұрт асыл мен жасықтың, жақсы мен жаманның парқын ажыратудан қалды. Осыдан келіп, өз тірлігінің өзгелерге қарағанда артық екенін, дұрыс екенін біліп тұрған анау адам биліктілер тарапынан жасалған әділетсіз бағалауға төзе алмай, «ау, мен бүттім ғой, мен сөйттім ғой» деп өзін-өзі көрсетуге тырысты. Бірақ оны құлаққа ілген жан болмады. Бағалаудағы әділетсіздік қайталанған сайын, қиянатқа төзбеушілердің үні де молая түсті. Олар алғашқыда ызамен, күйініп айтса, кейін өзін өзінен басқа бағалар ешкімнің жоғын біліп, өзі жөнінде барынша майын тамызып, сүйініп айтатын болды. Сөйтіп мақтаншақтық жат мінез біртіндеп қазақтың болмысына еніп, әдеттегі тірлікке айнала бастады. Қазір мақтанды ұнатпайтын қазақ аз.

Кезінде мән-мазмұнын ұлы Абай ашып берген осынау жат мінез, жаман мінез Еліміз тәуелсіздік алып, өз билігіміз өз қолымызға тиген қазіргі шақта да кәрі қойдың жабағысындай жабысып қалмай жүргені еріксіз ойға қалдырады. Қол жеткізген азды-көпті жетістігімізге желпініп, жер-көкке сыймай жарыса мақтанғандарды көргенде осы құрғыр жаман мінез ұлттық мінезге айналып кете ме деп қорқамын. Қалайда жаманның жамандығын жаныңмен сезініп, одан аулақ болғанға не жетсін!

Осы орайда ата-бабаларымыздың өткен жолына үңіліп, тарих дерегінің берер мағлұматын сараптай зерделесек, ұлтқа қатысты киелі ұғымдардың бәрі сол ұлтты құрайтын халықтың қалыптасқан дәстүрінен бастау алып, тамыр жаятынын пайымдау онша қиындық туғызбайды. Осыдан келіп, барлық халықтық құндылықтардың бастауы – ұлттық дәстүрдің мәні мен мазмұнын жете танудың қажеттілігі туындайды. Олай болса...

9. Дәстүр дегеніміз не?

«Ұлттық дәстүр» тіркесі – қазіргі таңда өмірде жиі қолданылатын, екінің бірінің аузындағы сөз. Бірақ оның мәні мен мазмұнына сол екінің бірі жете бара бермейтіні де шындық. Қазіргі таңда оны ұлттық таным тұрғысынан ғылыми талдап, анықтамасын айқындап, мән-мағынасын жалпы көптің түсінігіне жеткізіп жатқан ғалымдарымыз да байқалмайды. Содан да болар, дәстүр сөзін әркім өз таным-түсінігіне қарай орынды, орынсыз қолдана беретіні байқалады. Мысалы, қалың көпшілікті былай қойғанда, қазіргі ат арқасында жүрген басшы азаматтарымыздың өзі дәстүрді тар шеңберде, экзотикалық-сахналық көрініс тұрғысынан қабылдап, оны қазақтың байырғы тұрмыс-тірлігіне қатысты әдет-ғұрыпының, кәсіби ерекшелігінің, өнерінің және басқаларының құранды бір бөлігі деп қарайды. Олар жайшылықта ешкім кимейтін, әлем-жәлемі көп, ою-өрнекті киімді қазақтың қыз-жігіттері мереке күндері киіп, осы мереке үшін арнайы тігілген киіз үйде отырып, қазақы тамақ ішілсе, домбырада күй тартылып, халық әндері шырқалса, солғұрлым ата-баба салтын сақтап, халықтық дәстүрімізді өмірге батыл енгізіп жүрміз деп ойлайды. Әрине, мұнда қандай бір ұғымға болсын орыстық таным-түсінік тұрғысынан қарауға

қалыптастырған кешегі кеңестік тәрбиенің табы жатқаны түсінікті. Өйткені кеңес ғылымы бізге «дәстүр дегеніміз белгілі бір қоғамда, таптар мен әлеуметтік топтарда ұзақ уақыттар бойы сақталып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырылатын әлеуметтік және мәдени мұраның элементтері» (*Советский энциклопедический словарь. М. 1982. стр. 1338-1339.*), - деп үйретіп келді ғой. Ал бұл, шындап келгенде, дәстүр жөніндегі қазақы таным-түсінікпен сорпасы қосылмайтын, үйлесімі жоқ, шолақ қайырым, келте түйін еді. Дәстүрді әдет-ғұрыппен де, мәдениетпен де шатастыруға әсте болмайды. Әдет - әдет, ғұрып – ғұрып, дәстүр –дәстүр. Әрқайсысы өзінше жеке атауға ие. Соған сай әрқайсысының өзіндік ұғымы, мән-мағынасы бар. Сондықтан оларды «ағайындас екен» деп бірін-біріне шатастырудың реті жоқ.

Дәстүр дегеніміз, біздің таным-түсінігіміз бойынша, белгілі бір ұлтты құрайтын халықтың ата-бабаларының халық болып қалыптасу жолындағы бүкіл тіршілік тәжірибесінен сан ғасырлар бойы тірнектеп жинап, сұрыптау тезінен өткізіп, бір жүйеге келтіріп, қалыпқа түсірген өмір сүру заңы, яғни бүгінгі түсінікпен айтсақ, қатал тірліктің қағидаларынан қорытып, уақыттың өзі бекітіп берген конституциясы. Оған басқа ұлттың ортақтығы жоқ. Оның бір ұлтқа тәуелділеніп, «ұлттық дәстүр» деп аталуы да сол бір ғана ұлтқа тәндігінде, жалғыздығында. Қазақтың дәстүр сөзіне «салт» сөзін тіркеп айтатындығының мәні де, оның осы даралығында. «Салт» сөзі жалғыздықты, даралықты білдіреді. Сонда «ұлттық салт-дәстүр» деген белгілі бір ұлттың өзіне тән жеке дара дәстүрі деген ұғымға саяды. (*Салыстырыңыз: салт ат, салт бас, салт жүріс, т.б.*).

Белгілі бір ұлттың адамзат өркениетінің ортақ өрісіне шығып, дамып жетілуі де, құлдырап төмен кетіп кетуі де осы ұлт дәстүрінің сақталуы мен бұзылуына байланысты. Дәстүр бұзылған жерде халықтың халықтығы бұзылады: қазақ қазақ болудан, орыс орыс болудан, шүршіт шүршіт болудан, т.б. қалады. Ал бұған керісінше, қалыптасқан дәстүрі бұзылмаған елдер халықтық қалпына селкеу түсірмей, өзіндік өмір сүру заңдылықтарын сақтай отырып, ел көшін замана талабына сай жетілдіре дамытып, алға ілгерлей береді. Мұндай елдің іргесі берік, мәртебесі биік. Олар отарлану салдарынан қалыптасқан дәстүрлерінен айырылып қалған біз құсап, Ата Заңын өзге елдің Конституцияна негіздеп жазбайды. Заң баптарын ұлттық дәстүрлеріне негіздейді, соны басшылыққа алады. Хатталып қағазға түспегенімен, дәстүрдің әр бабы сол ұлттың әр азаматының бойына анасының сүтімен, атасының тәрбиесімен, ортасының өнегесімен дарып, санасына жазылып қалған. Бұл жағдайлар, негізінен, өмірі бодандық қамытын киіп көрмеген азат елдерге тән. Мұның жарқын мысалы – Англия.

Ұлттық дәстүр сол ұлттың құрамына кірген халықтардың өмір сүру заңдылықтарын бойына сіңіре отырып, өзіне тән ерекшелікпен дамып, сол ұлттың негізіне, моральдық-эстетикалық болмысына айналады. Оның ұлттық дәстүр аталуының мәні де осында. Бұл ретте оны, яғни ұлттық дәстүрді белгілі бір байырғы құрылыстың суға шайылса да, желге мүжілсе де небір дауыл соққысына шыдап, құламауын қамтамасыз ететін берік іргетасымен

салыстыруға болады. Өйткені кез келген ұлттың замана дауылына төтеп беріп, кезеңдік саясат ағымының иіріміне түсіп кетпей, халықтық бірлігін, ұлттық тұтастығын сақтап қалуы үшін де ұлттық дәстүр сондай қажет.

Мұның солай екеніне көз жеткізу үшін тарих тағылымына ден қойып, кешегі отарлау заманында мәдениеті мен экономикасы әлсіз, артта қалған елдерді жаулап алып, боданына айналдырған қуатты елдердің жүргізген отарлау саясатының астарына сәл үңіліп, зер салсақ, жетіп жатыр. Сонда отарлаушылардың қай-қайсысы да – мейлі ол ағылшындар ма, француздар ма, болмаса орыстар ма, - бәрібір, бәрінің бірдей, ең алдымен, отарлап алған елінің ұлттық дәстүрін өзгертуге, тарихи жадын өшіріп, ұлттық сананы жоюға мақсатты түрде кірісетіні бірден көзге түседі. Өйткені олар, америкалық үндістердің белгілі көсемдерінің бірі Чарльз Минс айтқандай, ұлттық дәстүрінен айырылмаған елдің ұлттық намысының күшті, ұлттық мүддесінің ортақ болатынын, ондай елді басым қару күшімен құрытып жіберуге болғанымен, құл қылып тұрақты ұстап тұра алмайтынын жақсы білген. Сондықтан да олар, ең алдымен, отарлаған елдерінің ұлттық дәстүрін жойып, оның орнына өз дәстүрлерін кіргізуге бар күштерін салған. Кешегі орыс патшалығы да, кеңес өкіметі де бізге солай істеді. Елімізді бөлшектеп, мемлекетсіздендіруге; тұтастығымыздан айырып, ұлтсыздандыруға; дәстүрімізді жойып, ұрпақты рухсыздандыруға; тарихи жадымызды өшіріп, мәңгірттендіруге күш салды.

Бұл ретте, ұлттық дәстүрді бейнелі түрде айтсақ, сан бұтағын самсата өсіріп, жапырақ жайып, жайқала көркеюін қамтамасыз етіп тұрған сүйекті ағаштардың тереңге тартылған тамырына теңеуге болады. Тамырынан айырылған ағаш, ол: терек пе, емен бе, қарағай ма, т.б. – бәрібір, өзіндік қасиетінен айырылып, діңі әлсіреп, бұтағы қурап, жапырағы желге ұшады. Ақыры құлап, кәдімгі қураған дөңбекке айналады.

Дәстүрінен айырылған халық та солай. Ол: қазақ па, орыс па, жоқ, әлде басқа ма,- бәрібір, ұлттық қасиетінен айырылады, тұтастығына жарықшақ түседі. Ұрпағы «жеңіл тулақ желге ұшадының» кебімен, ағымдағы саясат желінің өтіне төтеп бере алмай, соның ығына жығылып, қайда айдаса, сонда кетеді. Сөйтіп дәстүрінен айырылған ел елдігінен, халықтығынан айырылады, өзгеге тәуелді болып, соның айтқанына көніп, айдағанына жүретін болады.

Ал халықтық салт-дәстүрінен айырылмаған ел, бұған керісінше, тамыры қиылмаған өсімдік секілді, қанша езіліп жаншылса да, қолайлы жағдай туса болды, қайта көктеп, жетіліп кете береді. Мұның жарқын мысалы ретінде шығыстағы көршілеріміз қытай мен жапон халықтарын айтсақ та жеткілікті.

Өткен ғасырдың басында санының көптігіне қарамай, отарлаушы елдердің талауына түсіп, жері мен елі бөлшектеніп кеткен қытай халқы енді есін жинай бастағанда кешегі коммунистердің қолдан ұйымдастырған Мәдени төңкерістің (*революцияның*) дауылына ұшырағаны белгілі. Сондай есеңгіреп қалған қабырғалы елді қайта қатарға қосқан құдыретті күш - халықтың қалыптасқан байырғы төл дәстүріне оралуы еді. Елдіктің ежелгі тамырынан нәр алған халық аз жылда ес жиып, бар ауыртпалықтың бәрін артқа тастап, әлемнің ең мықты

елдерімен терезе теңестірді. Кейбір саясаткерлер «XXI ғасыр – қытай ғасыры» дегенді айта бастады. Әрине, негізсіз емес!

Болмаса, Екінші дүниежүзілік соғыс өртінен өлімші болып, құр сұлдері шыққан жапондарды алыңыз. Олар да бастарына қандай қиындық туса да, халықтық салт-дәстүрден айырылмай, соның арқасында XX ғасырдың екінші жартысының есігін «жапондық дәстүр, еуропалық білім» деген ортақ ұранмен ашты. Сөйтіп олар өз діндерін, өздерінің ұлттық мәдениетін сақтай отырып, Батыс өркениетіне енді. Осының арқасында жапондықтар әр салада еуропалықтарды тез қуып жетті де, әлемдік өркениет төрінің қақ ортасынан ойып тұрып, орын алды. Ешкім «сен былай тұр» дей алмады. Қазір жапондықтарға өзгелер қызыға да қызғана қарайды. Өткен жылы Токиода өткен бас қосуда әлемнің ең мықты сегіз елінің басшыларының жапондықтардың кимоносын киіп, балаша мәз болып, суретке түскенін көріп, дүниежүзі дәстүрге берік елдің киесін сезінгендей болғаны әлі есте.

Міне, ел болып өсіп, өркендейміз десек, бізге де көсегемізді көгертер күретамырымыз – халықтық дәстүрімізге адал болып, XXI ғасырдың есігінен «қазақы дәстүр, әлемдік білім» деген ұранмен аттап, өркениет төрінен тиесілі орнымызды еншілеуіміз қажет. Даму қарқыны зымырандық жылдамдыққа ілескен қазіргі заманда бізге енді еуропалық біліммен бірге әлемдік білімге құлаш ұру қажет.

Солай дегенімізбен, біз, өкінішке қарай, кешегі бірін-бірі жалғастырған патшалық, кеңестік отарлаушылардың екі жарым ғасырға созылған ойраны салдарынан бұзылған халықтық дәстүрімізді қалпына келтіруге әлі күнге мақсатты қадам жасай алмай отырмыз. Дәстүр – ата-бабамыздың өзге жұрттардан кем қалмай, іргелі ел болсын деп бізге қалдырған асыл мұрасы, алтын қазынасы екенін ұғынатын кез жетті. Қазынасынан айырылғанның қайыршыға айналатыны да өмір дәлелдеген шындық.

Көне заман ақылгөйлерінің ірі өкілі атақты Пифагордың: «жақсы жасалған заңнан жақсы салт-дәстүр артық», - деп тұжырым жасауы да; өз халқымыздың: «қалпыңнан айырылсаң да, салтыңнан *(дәстүріңнен)* айырылма» деп өсиет қалдыруы да; ұлы әулие Қожа-Ахмет Йассауидің көшпелілер өміріне исламды кіріктіруге олардың халықтық дәстүрін негіз етуі де тегінен-тегін болмаса керек. Шынында, ақыл таразысына салып, зерделеп байқасақ, біздің бүгінгі қызылкеңірдек болып: «ел болу үшін өйту керек, бүйту керек» деп, айқайласып жүргендегі көп керектің шешілер түйіні, түптеп келгенде, бұзылған халықтық дәстүрімізді қалпына келтіріп, оны қастерлеп, замана талабына сай жетілдіре алуымызға тікелей байланысты екенін сезіне алар едік. Сезінген сайын халықтық дәстүріміздің құнын біліп, қаншалықты қажеттілігін ұғынар едік. Ұғынсақ, халықтық қасиетіміздің қорғаны дәстүрімізді қалпына келтіруге жабыла кірісер едік.

Бірақ, өкінішке қарай, біз оның орнына, керісінше ұлттық дәстүрімізден бірте-бірте алшақтап, ажырап бара жатқан сияқтымыз. Ең жаманы – соны сезініп, «солай екен-ау» деп, оған мән беріп жатқан да жоқпыз. Соған орай бүгінгі тірлігіміздегі көрініс беріп отырған келеңсіздіктердің пайда болуының

басты себебі – халықтық дәстүрдің не екенін өзіміздің жете білмегендігімізден, соны өмір сүру заңдылығының негізіне айналдыра алмағанымыздан ба деп ойлаймын. Өйткені қазір ұлтымызға қатысты бір нәрсенің байыбына барып, бағамдау орынына, қит етсе аттанға айқай қосып, байбалам салуға бейімделіп барамыз. «Ойбай, құртып жатыр, құрып жатыр» деп бажылдаймыз, бірақ «неге олай болып жатыр» дегенге жауап іздеп бас ауыртпаймыз. Құрып жатқанмен, құртып жатқанмен қалай күресу керектігін білмейміз. Ал бұл - берекесіздікке бастар жаман әдет.

Мысалға бәріміздің жанымызды ауыртып жүрген ана тіліміздің жағдайын алайықшы. «Ана тілі қуатынан айырылып, құрып бара жатыр» деп бажылдағанымызға жиырма жылға жуық уақыт болды. Әйтеуір еркіндіктің жылымығы сезілгеннен бері дуылдатып келеміз. Не тындырдық?

«Тіл туралы заң керек» деп шуладық, арнайы заң қабылданды.

«Қазақ тілі қоғамы құрылмай болмайды» дедік, ол да құрылды.

«Негізгі заңымызға «Ана тілі - мемлекеттік тіл» деп жазылуы қажет» дедік, ол да жазылды.

Ана тілі мәселесіне арналған конференциялар өткізу керек дедік, оның да бірнешеуін дүрілдетіп өткізіп тастадық.

Алайда осыдан тіліміз оңалып, төрт аяғынан тік тұрып кете алды ма? Жоқ, кете алған жоқ.

Тіліміз сол баяғы босағадан сығалаған өгей баланың күйінде. Тілді дамыту орнына, тіл үшін күресіп жатқандардың бейнесін (*образын*) жасадық. Қабылданған қаулы қабылданған, жазылған заң жазылған күйінде қалды. Өткізілген шаралардың қағазға түскен қомақты мәліметі қалды. Өйткені біз мәселенің неге бұлай болуының, яғни тіліміздің бұлайша тұралауының түпкі себебін ашқан жоқпыз. Бұл ретте біздің жасаған әрекеттеріміздің бәрі науқас адамның ауруының диагнозын дәл тауып қоймай тұрып, әйтеуір қиналып жатқан жанға қол ұшын беру керек қой деген ниетпен қолда бар дәрісін соның ауызына тықпалай бастаған емшінің тірлігіндей еді.

Шынында, ана тіліміздің бұлайша құлдырауының да басты себебі - сол баяғы отарлаушылардың мақсатты түрде тұрақты жүргізген ішкі-сыртқы саясатының күшімен ата-бабамыз қалыптастырған отбасы тәрбиесінің, яғни тәрбие дәстүрі мәдениетінің бұзылуынан болатын. Әр үйге өңмеңдей кірген жат дәстүр өз дәстүріңді сыртқа ысырып тастап, қазақты бір-бірімен орысша сөйлеуге мәжбүр етті. Сөйтіп ата-бабамыз сөйлеген аяулы ана тіліміз отбасында қолданылудан қалды. Әр қазақ өз үйінде әке-шешесімен, туған-туысымен, бала-шағасымен өзге тілде шүлдірлесті. Кейбірі соны кәдімгідей мәртебе санады. Егер халықтық дәстүріміз қалыптастырған отбасы тәрбиесі бұзылмай, әр қазақтың баласы бұрынғыдай өз ұясында өз тілінде ауызданып, өз әке-шешесімен, бауырларымен өзінің сол ауызданған ана тілінде сөйлессе, қазақ тілі бүгінгідей күйге ұшырар ма еді?! Ұшырамас еді. Ұшырамаған соң, қазақ тілі елімізде бүгінгідей халықтық проблемаға айналмас та еді ғой. Олай болса, бүгінгі дімкәс тіліміздің ауруын емдеуді де сол бұзылған отбасы дәстүрін қалпына келтіруден бастау қажет емес пе!.

Бұл арада, әрине, тіл мәселесінің тағдырын тек отбасы тәрбиесімен ғана шешеміз деген жалаң ұғым тумасқа керек. Мұнда мәселе бастау-бұлақтардың суынан құралып, арналы ұлы дариялар ағатынындай, қайнар көзі отбасы тәрбиесімен ашылып, бұлқына аққан бала-бұлақтың ана тілі дариясын тасытар құнарлылығында болып отыр. Сондықтан тіл тағдырын ойлаған, оған жаны ашыған әр адам айқай-сүрен салмай-ақ, ұрандатпай-ақ, өзінің отбасындағы бұзылған тәрбие дәстүрін қалпына келтіріп, үй іші болып, бір-бірімен ана тілінде сөйлессе, бүкіл адамгершілікті ұғымдар бала санасына сол тіл арқылы сіңірілсе, бұл мәселе біраз уақыттан кейін өз-өзінен шешіліп қалмас па еді. Мысалы, тіл мәселесін көтергенімізге жиырма жыл болыпты. Осы уақыт ішінде әр қайсысымыз өз отбасымызда бір-бірімізбен өз тілімізде шүйіркелесіп, сәбиіміздің ана тілінің уызымен ауыздануына мүмкіндік беріп, ұлттық танымның тұнығынан нәр алдырсақ, қазір қаншама бала қазақ тілінде сайрап, ұлттық дәстүрге сай тірлік жасап жүрген болар еді. Бірақ біз, өкінішке қарай, олай істеген жоқпыз ғой. Ендеше неге даурығамыз, неге бұған әлдекімдерді кінәлап, әуре боламыз.

Соңғы кезде бейне сырттан біреу келіп жасап беретіндей-ақ, енді «тілдің дамуы үшін тілдік орта керек» дегенді айта бастадық. Рас, тіл тағдырына қатысты тілдік ортаның қалыптасуы басты шарт. Онсыз тілге кең өріс жоқ. Бірақ сол ортаны толықтыратын, оған ұйытқы болатын да осы өз ошағында ана тілінің уызына жарып, ұлттық ұғым-түсінікті бойына сүңірген ұрпақ, яғни жаңағы алды бұл күнде жиырмаға келген жастар емес пе. Балаларымызды өзіміз тәрбиелеп, ана тілінде сөйлейтіндердің санын өзіміз көбейтпесек, қанша жерден ұрандатқанымызбен, ойдағыдай тілдік орта қалыптастыра алмаймыз. Баяғы даурыққан қалпымызбен, әлдекімдерді кінәлап, әлдекімдермен айтысып-тартысып әлі талай жиырма жылды өткізуіміз бек мүмкін. Оған басқаны былай қойғанда, ана тілімізге жанашыр болып, мінберлерден көсіле сөйлеп, көп көңілін өзіне аударып жүрген, таным-түсінігі дұрыс деген кейбір азаматтарымыздың әлі күнге өз отбасында баласымен, немересімен орысша шүлдірлесетіні де айғақ бола алады. Ал мұны мәселенің төркінін танып, түбегейлі шешім жасамаудың, айтуға бар да, жүзеге асыруға жоқтықтың қырсығы демеске не шара?! Өз ұясында өз ата-анасымен өзге тілде шүлдірлесіп өскен баланың сыртқа шыққанда қазақша көкірек ашып, күмбірлемесі анық. Қазіргі қазақ мектебінде оқитын балалардың сабақ аралық үзіліске шыққанда бір-бірімен қазақша шүйіркелеспей, орысша шүлдірлесетіні осының айғағы.

Тіліміздің тағдыры – біздің өзіміздің тағдырымыз. Оған салғырт қарау - өзгені емес, өзімізді сыйламау, ұрпақ тағдырын ойламау. Тіл мәселесінің байыбына жетіп, түйінін шешу – біздің төл шаруамыз, атқарар ісіміздің киелісі. Біздің проблемамызды сырттан келіп біреу шешіп бермейді. Сондықтан даурықпа сөзді қойып, уақыт оздырмай жұмыла іске кірісу қажет және оны әркім өзінен, өзінің отбасынан бастағаны жөн.

Дәстүрді заң дедік, Ал заң бұзған адамды қылмыскер деп есептейді. Олай болса, халықтық дәстүрге деген адалдығымызды танытып, ұрпақ алдында қылмыскер болмауды ойлағанымыз жөн болмақ бәрімізге!.

Осы орайда қадай айта кетуді тілейтін бір жәйт – тіл мәселесін саясат ойынына айналдыруға жол бермеу қажеттігі. Істің тағдыры шешілер құзырлы орындарда мәселенің біліктілікпен талап етілмеуін орыстілділер өз мүдделеріне пайдаланып, «қазақ тілі» мен «мемлекеттік тіл» ұғымдарын саяси ойынның жаңылтпашына айналдырып келеді. Сондықтан да олар **«қазақ тілі»** мен **«мемлекеттік тіл»** деген ұғымдардың арасына әдейі жік қоймай, олардың мәні бір болғанымен, әлеуметтік статусы екі бөлек екенін ажыратпауға тырысады. Сөйтіп олар тіліміздің Ата заң берген құқығына толық ие болуына байланысты мәселе қаралғанда, сөз арнасын әдейі «мемлекеттік тіл» ұғымына емес, «қазақ тілі» ұғымына аударады да, оған қарсы өз уәждарын айтып, шулап шыға келеді. Өйткені **«Қазақ тілі»** - қазақтың тілі, оны білу-білмеу әркімнің өз шаруасы, мемлекеттік тұрғыдан оны біреуге біл деп міндеттеуге болмайды, ол - адам құқығына қол сұғу. Ал **«мемлекеттік тіл»** - сол мемлекеттің азаматы деп саналатындардың, **ол қазақ па, орыс па, басқа ма – бәрібір, бәрінің ортақ тілі.** Елдің Ата заңы **«мемлекеттік тіл»** деп бекіткен тілді білу - сол мемлекетте тұратын, сол мемлекеттің мемлекеттік мекемесінде қызмет істейтін адамдар үшін заң, бәрінің ортақ міндеті, конституциялық құқығы. Мемлекеттік тілді білмеу – Ата заңды мойындамаушылық, заң бұзушылық. Әлемнің барлық іргелі мемлекеттерінде солай. Біздің жиырма жылға созылған, нәтижесі жоқ, дау-дамайымыздың көп болуының бір себебі осы - мәселенің әу бастан басын ашып, талаптың біліктілікпен нақты қойылмауының салдары екенін де мойындап, тиісті қорытынды шығарғанымыз жөн. Ендігі жерде мәселе қазақ тілі жөнінде емес, тек мемлекеттік тіл жөнінде ғана болуы керек және оны білуді баршадан бірдей табанды түрде талап ету қажет. Бұған ешкім қарсы да бола алмайды, уәж де айта алмайды.

Кешегі ақ, қызыл деген атпен келіп, еліміздің ішіне кеулей еніп, өз үстемдігін жүргізген отарлаушылардың сатылап жүргізіп, жүзеге асырған – жер-су, дүние-мүлік, мәдени мұра кәмпескелерін қорытындылаған рухани кәмпескеден кейін, қалыптасқан халықтық дәстүрімізді тірлігіміздің тіреніші болудан, ұлттық болмысымыздың бұзылмауына қызмет етуден қалдырғанын тек осы тіл мәселесіндегі келеңсіздіктерден ғана емес, тұрмысымыздың кез келген саласынан кездестіруге болады. Оны бұл күнде мерзімдік баспасөздер жазудай-ақ жазып та жатыр. Бірақ оған құлақ асып жатқан үкімет жоқ. Жөнге шөкпей, бетке шабу да кешегі кеңестік заманның үйретіп кеткен өнегесі ғой. Ештен кеш жақсы, қалайда, ес жинағанымыз жөн.

Ұлттық дәстүр жайында сөз болғанда, республикада тек қазақтардың тұрмайтынын, олардың сыртында жүзден астам өзге ұлттың өкілдерімен қоян-қолтық өмір сүріп жатқанымызды алға тартып, соны кедергі еткісі келетіндер де бар. Алайда бұл да мәселенің байыбына бармай айтылған ұшқары ойдың лып етпе дыздалағынан басқа ештеме емес. Мәселе, бұл арада, бір халықтың қалыптасқан салт-дәстүрін екінші халыққа, не оның өкілдеріне апарып телу

жөнінде емес, қайта керісінше, әр халықтың ұрпағын сол халықтың өзінің қалыптасқан төл салт-дәстүрімен ауыздандырып, отбасы өнегесімен тәрбиелеуде болып отыр.

Ұстану шарифатында өзіндік ерекшеліктері болғанымен, іргелі діндердің бәрі де адамдарды имандылыққа, тазалыққа, адалдыққа, шынайылыққа үндейтіні тәрізді кез келген халықтың ата-бабаларының өмір тәжірибесінің тезінен өткізіп түзген; уақыт сынынан өтіп, сұрыпталған халықтық салт-дәстүрі сол халықтың ұрпағын тектілікке, кісілікке, парасаттылыққа тәрбиелейді. Мұндай адамдық асыл қасиеттерді сәби күнінен жанына сіңіріп, сонымен тәрбиеленіп өскен ұрпақ ешқашан да көренеу қиянатқа бармайды. Өз дәстүрін қасиет тұтады, өзгенікіне құрметпен қарайды. Ал бұл – адамдар қарым-қатынасы арасындағы шынайы түсінікестік негізінде орнаған алтын көпір іспеттес. Шынайы түсіністік бар жерде ынтымақ бар. Ынтымақ бар жерде бірлік, береке бар. Халықтық дәстүрдің сол халықтың бүкіл өмір сүру заңдылығына айналатыны да сондықтан. Тек өкініштісі - осы заңдылықты қазіргі қабылданып жатқан тәуелсіз елдің мүддесіне қызмет етуге тиісті заңдарымыздың өзегіне айналдыра алмай отырмыз. Кей заңдарымыздың жүзеге аспай, тек қағаз бетінде қалып қоя беру себебі де осында ма деген ой келеді.

Түйіп айтқанда, кез келген халық – қалыптасқан өзіндік дәстүрімен халық. Бұл арада, үйреншікті әдетпен: «ой, аналар өйтпейді ғой», «мыналар бүйтпейді ғой» деп қипақтап, өзге халықтар тірлігіне қарап жалтақтаудың қажеті жоқ. Олардың дәстүрі басқа, соған сай жасар іс-әрекеті де басқа. Халықтық дәстүрін сақтауда әр халық – өзінше дара. Біз де солаймыз. Өз салт-дәстүрімізге негізделген өз жолымыз, өзіндік бағыт-бағдарымыз болуы шарт және одан қандай жағдайда да айырылмауымыз керек. Айырылсақ болды, адасып, Ұлы Өмір көшіндегі өз жолы, өз бағыты бар өзге бір елдің соңынан еріп, олар жүрсе жүруге, тұрса тұруға мәжбүр боламыз, яғни еркімізден айырылып, елдігімізді жоямыз. Бұл қарт тарихтың сан мәрте, сан қырынан дәлелдеген өмір шындығы.

Ұлттық дәстүрдің жаманы болмайды, тозығы болады. Заманның талабына, ұрпақтың ауысуына байланысты қоғамның өмір сүру қажеттілігіне қарай дәстүрдің тозығы қолданыстан шығып озығына орын беріп отырады. Бұл – ілгерлеудің талабы. Мұның бәрін өз мәнінде дұрыс түсіну үшін ұлттық дәстүріміз бұзылмай тұрғандағы халқымыз қалыптастырған отбасы дәстүрінен жалпы елдік дәстүрге дейінгі, мал бағу дәстүрінен ел бағу дәстүріне дейінгі заңдылықтарды сала-саласымен сараптап, тармақ-тармағымен таразылып көрсету қажет-ақ. Бірақ бұл сөз ретіне қарай айта салуға көнбейтін, кеңінен орап, талдап-талғап тарих тағылымымен сабақтастыра отырып әңгімелеуді тілейтін жеке арнайы зерттеудің тақырыбы. Сондықтан біз қазіргі көздеген мақсатымызға орай, бұл жерде тек халықтығымыздың негізі, ұлттығымыздың ұстыны – халықтық дәстүрімізді жедел қалпына келтіріп, оны қадірлеп қасиеттей білуге жұртшылық назарын аударуды ғана жөн көрдік. Қалайда ұлттық дәстүріміздің бұған дейінгі жоғалтқан жақсысын түгендеп, барының байыбына барып, оны бүгінгі замана талабына сай адамзаттық игіліктің озық үлгілерімен үйлестіре дамытып, жетілдіре түсу қажет. Осы бағытта жақынның

жанашырлықпен айтқан ақ ойын қараға шығармай, жақсы істің шырайын келтіріп, сәулелі де сәулетті ертеңі бар ел болудың қамына жабыла кіріскеніміз мақұл болмақ. Әрине, мұнда мәселенің түйіні мәдениетке келіп тірелері сөзсіз. Өйткені ұлттық дәстүр сол ұлтты құрайтын халықтың тамыры болса, мәдениет сол тамырдан өнген өскіннің мән-мазмұны. Ал мәні мен мазмұны бай халық қана адамзаттық өркениеттің өрісіне еркін шығып, уақыт ауасымен кең тыныстай алмақ. Соның үшін осы орайда «мәдениет» пен «өркениет» сөздерінің ұғымдық мағынасына үңіліп, олардың болмыс-бітімін мүмкіндігімізше танып-білудің маңызы ерекше. Олай болса...

10. Ұлттық мәдениет және өркениет дегеніміз не?

Қазіргі таңда Энциклопедиялық сөздіктер мен Түсіндірме сөздіктерде нақты ғылыми анықтамасы беріліп, ара жігі ашып көрсетілгеніне қарамастан, мәдениеттанушылар мен қоғамтанушылар арасында жиі қолданылатын осы сөздерді, яғни мәдениет пен өркениет атауларын жалпы жұртшылық бір-бірінен ерекшелеп жатпай, екеуін бір ұғымда қолдана береді. Мұның олай болуы, шамасы, осы екі ұғымның төркіндестік ортақтығына негіз болатын «мәдениет» сөзінің өзіне берілер анықтама мен түсініктің ғылыми тұрғыдан әлі нақтыланбағанынан ба деген ой келеді.

Уақыт озған сайын, адамның таным-түсінігі толысып, молайған сайын мәдениет ұғымының қамтыр аясы да кеңейіп, техникалық прогрестің жедел дамуымен адамзат өмірінде болып жатқан өзгерістердің мән-мағынасына қарай дамып жетіле беретін секілді. Айталық, 1891 жылдан 1919 жылға дейінгі аралықта мәдениетке, ғылыми тұрғыдан қарағанда бір-бірінен азды-көпті айырмашылығы бар, жеті түрлі анықтама беріліпті. Ал одан кейінгі өткен отыз жылда, яғни 1920 жылдан 1950 жылға дейінгі аралықта мәдениетке берілген анықтаманың саны 157-ге жеткен. Бұдан тағы он-он бес жыл өткенде, яғни алпысыншы жылдардың аяғында француз социологы А. Моль мәдениеттің 250 анықтамасы мен түсініктемесін санап шыққан. Содан бері де қырық жылға жуық уақыт өтті. Осы уақыт ішінде ғалымдардың оның санын қаншаға жеткізгенін бір Құдай білсін!.. Бірақ бұдан, қалай болғанда да, мәдениетке берілген анықтаманың көбеймесе, азаймағаны анық аңғарылады. Мәдениетке берілер анықтаманың мұндай көп болуы, бір жағынан, «мәдениет» сөзінің мағыналық ауқымының ерекше күрделі де жан-жақты екенін білдірсе, екінші жағынан ғалымдардың мәдениет проблемасын әлі күн тәртібінен түсірмегенін, ұғымды нақтыландыру үстінде екенін көрсетеді. Сондықтан да осынау сапырылысқан көп анықтаманың Сөздіктерде берілген біреуіне жіп тағып, бұл арада «мәдениет сөзінің нақты анықтамасы осы» деп, оны оқырман танымына ұсынуды жөн санамадық.

Дегенмен, әр адамның не нәрсені болсын өзінің патша көңілінің талғам таразысына салып, ұнағанын ғана жанына жақын тартатыны белгілі. Өйткені түсінігі бұлыңғыр, ой түйіні көңілге қона бермейтін нәрседен өзіне ешқандай пайда жоғын біледі. Осы тұрғыдан келгенде, біздің де кейбір ғалымдардың ойдан ой сауып, қисыннан қисын қуалаған кітаби анықтамасынан гөрі, негізгі

арқауын халықтық таным-түсініктен тартып, өз пайымдауын өмірдің нақты тәжірибесінен түйіндеген ғалымдардың пікірлеріне іштартып, оларға ерекше ілтипатпен қарайтынымызды да жасырғымыз келмейді. Оған себеп, олардың пайымдауларының өзінің ішкі түйсігімен үндесіп, ұғынуына жеңіл келетіндігінен болса керек. Мысалы, XX ғасырдың басында өмір сүрген, Түркияның халықшыл ғалымы Зия Көкалыптың **«Мәдениет дегеніміз бір ғана ұлттың дін, мораль, құқық, ақыл-ой, эстетика, экономика және тұрмыс-тіршілігінің үйлесімді жиынтығы»** деген тұжырымын осындай анықтама ретінде қабылдаймыз. Мұнда ғылыми анықтамалардағыдай түсінікке салмақ салар күрделілік жоқ, соған қарамастан танымға жақын, қарапайым да ұғынықты. Қарап отырсаңыз мәдениет деген жекелеген адамдардың тер төгіп, ізденумен, болмаса ақыл-айласымен, немесе оқып-тоқуымен келетін қасиет емес, белгілі бір ұлттың халқының тұрмыс-тіршілігі қажеттілігінің талабына сай өмір бойы саналылықпен қалыптастырған наным-сенімінің, ұстанған моральнің, қолданған заңының, ақыл-парасатының, талғам талабының, күнкөріс көзінің өзара үйлесімі екен. Бұдан кейін мәдениеттің өзін тудырған ұлтпен бірге жасасып, бірге дамитынын да, оның неліктен бір ұлтқа тән болып, «Ұлттық мәдениет» деп аталатынын да пайымдау онша қиындыққа түспейді.

Ал өркениет деген бір ұлттың мәдениетімен шектелмей, дамудың ортақ деңгейінде тұрған бірнеше ұлттың қоғамдық өмірінің жиынтығын, басқаша айтқанда, түрлі әдіс-тәсілдер арқылы және адамның ерік жігері, ақыл-ойы арқылы жүзеге асатын құндылықтардың жиынтығын қамтиды екен. Мұны Зия Көкалып былайша түсіндіреді: «Діни мәліметтер мен ғылым адамның ерік-жігері арқылы пайда болатыны сияқты мораль, құқық, көркем өнер, экономика, ақыл, тіл және жаратылыстану ғылымдарына қатысты мәліметтер мен теориялардың бәрі адамның еркімен және әдіс-тәсілімен дүниеге келген. Осыдан барып дамудың ортақ деңгейіндегі бұл ұғымдардың, мәліметтердің және ғылымдардың жиынтығы «өркениет» деген нәрсені өмірге әкеледі.

Ұлттық мәдениетке кіретін нәрселер болса, түрлі әдіс-тәсілмен, адамдардың қалауымен қалыптаспаған, яғни жасанды емес. Өсімдіктердің, жануарлардың органикалық өмірі қалай өздігінен және табиғи түрде дамитын болса, ұлттық мәдениетке кіретін нәрселердің қалыптасуы мен дамуы да дәл осындай» (*Көкалып З. Аталған еңбек. 21-б.*).

Осылай болғанымен, ұлттық мәдениет пен өркениеттің арасын байланыстыратын нәрселер де бар. Бұл, Зия Көкалып атап көрсеткендей, екеуінің де бүкіл қоғамдық өмірді қамтитындығы. Қоғамдық өмір: мораль, құқық, ақыл-ой, эстетика, экономика, тіл және күнделікті тұрмыс-тіршілік секілді салалардан құралса және оны бір сөзбен, жоғарыда айтқанымыздай, «мәдениет» десек, мұны өркениеттен де бөліп тастай алмаймыз, сондықтан бұларды да өркениет жемісі деп қабылдауға болады. Өйткені өркениеттің әуелде ұлттық мәдениеттің негізінде пайда болып, кейін басқа ұлттардың өркениетіне тән кейбір ерекшеліктерді қабылдайтыны белгілі.

Бұл айтылғандардан: өркениет дегеннің әдіс-тәсіл арқылы жасалған және еліктеу, іздену жолымен бір ұлттан екінші ұлтқа ауысқан ұғымдар

мен техниканың жиынтығы, ал ұлттық мәдениет болса, әдіс-тәсіл арқылы жасалынбайтын және еліктеу, іздену жолымен өзге ұлттардан алынбайтын сезімдер жиынтығы екені көрінеді. Сондай-ақ мәдениеттің тек бір ұлтқа ғана тән, ал өркениеттің бірнеше ұлттарға ортақ екені де анық аңғарылады, яғни өркениеттің ауқымында бір-біріне қатысы жоқ бірнеше ұлттық мәдениет қатар өмір сүре береді. Мысалы, Еуропа мен Америка өркениеті негізінде құралған Батыс өркениетінің аясында бір-бірінен бөлек-бөлек ағылшын, француз, неміс және т.б. ұлт мәдениеттерінің қатар өмір сүріп жатқаны осының дәлелі.

Осы орайда көне тарих деректеріне жүгінсек, кейбір ұлттық мәдениеті күшті, бірақ өркениеті әлсіз елдің ұлттық мәдениеті бұзылған, бірақ өркениеті жоғары басқа елмен соғысқанда мәдениеті күшті, бірақ өркениеті әлсіз елдің жеңіске жетіп отыратынын көрсетеді. Мысалы, көне египеттіктердің өркениеті жоғарлаған сайын ұлттық мәдениеті бұзыла бастаған. Бұған керісінше, осы кезде пайда болған Парсы мемлекетінің өркениеті артта қалған, бірақ күшті ұлттық мәдениеті болған. Осы екі ел бір-бірімен соғысқанда парсылар египеттіктерді жеңіп шыққан. Сол секілді жағдайлар кейінгі басқа елдерде де болған. Мұның бұлай болуының басты себебі, өркениетке өлермендене ұмтылған елдердің өзгелерге еліктеу салдарынан жат мәдениет жетегінде кетіп, өзінің халықтық төл болмысынан айырылып қалуында жатқан секілді. Ал мұндай төл болмысынан айырылу негізінен империяларға тән құбылыс. Мәдениетінің күштілігі арқасында өзге елдерді жаулап алу арқылы империяға айналған елдің билеушілері сол жаулап алған елдері мәдениеттерінің жетістіктерінің игілігіне кенеліп, мол байлыққа ие болып, салтанатты өмір сүруге үйреніп алады да, өзінің төл мәдениетін жатсынып, өз болмысынан қол үзеді. Соның салдарынан уақыт өте келе өзгелер түгілі, өз ортасына жат қауымға айналады. Ақырында негізгі тіренішінен айырылған олар көрші елдермен қақтығыста жеңіліске ұшырайды, не ішкі бірлігінен айырылып, ыдырап тынады екен. Мұның солай болатындығын Ұлы Далада кезең-кезеңімен тарих сахнасына шығып, дүниені дүр сілкіндірген атақты далалық империялардың бәрінің бірдей бірер ғасырдан кейін іштей ыдырап құлайтынынан да көруге болады. Сиуңну (Ғұн) империясының немесе одан кейін шаңырақ көтерген Түрік қағанатының құлауларының себебі сиуңнулар мен түріктердің ұлттық мәдениетін жоғалтып, төл болмысынан қол үзе бастауы екені даусыз. Бірақ біз бұл күнге дейін мұндай заңдылықты назардан тыс қалдырып, ресми тарих ғылымының тұжырымдамасы бойынша далалық империялардың құлауының себебін билік басындағылардың таққа таласып, өзара қырқысуынан деп келдік. Ал сол таққа таластың негізінде өркениетке өлерменде ұмтылған елдің ұлттық мәдениетін әлсіретіп немесе жоғалтып алғанындығында жатқанында шаруамыз болмады. Мұны тарихтың ұмытуға болмайтын ащы сабағы деп ұққан жөн.

Бұл айтылғандарға қарап, ұлттың өркендеуі үшін ұлттық мәдениеті мықты болса жетеді, өркениеттің әлсіздігі шешуші рөл атқармайды екен, болмаса өркениеттену ұлттық мәдениетті тұқыртады екен деген шала түсінік тумауы керек. Мұнда мәселенің түйіні ортақ теңдіктің сақталмауында, яғни мәдениетті

өркендетем деп, өркениетті әлсіретуге, немесе өркениетті күшейтемін деп мәдениетті әлсіретуге болмайтындығы жайында болып отыр. Құстың заңғар көкке самғауына қос қанаты қандай қызмет етсе, ұлттың даму биігіне самғауы үшін мәдениет пен өркениет те сондай қызмет атқарады. Ұлттық қайраткерлер өркениетті ұлттық мәдениеттен бөліп қарамайды, керісінше екеуінің қалыптатылуы мен дамуына ерекше мән береді.

Өмірге келетін кез келген жаңалықтың анасы – қажеттілік. Қажеттілік қана адамды ізденіс жолына түсіріп, жоқтан бар жасауға мәжбүрлейді. Өркениет те қажеттілік – жемісі. Сондықтан өркениетті бүгінгі заман жаңалығы деуге болмайды. Оның тарихы ондаған сан мыңжылдықтар қойнауынан басталады. Терімшіліктен шыққан адамзат баласына күнкөрістің басқа жолын іздеу қажеттілігі туған кезден бастап, өркениеттің алғашқы нышандарының да пайда болғаны дау тудырмайтын шындық. Ежелгі дәуірлерге тән өркениеттің болғанын жер қойнауынан табылған адам қолымен жасалған материалдық айғақтар арқылы археолог ғалымдар баяғыда дәлелдеген. Сондай-ақ «Арғы қазақ мифологиясы» атты төрт томдық іргелі еңбек жазған жас ғалым Серікбол Қондыбай да қазақтың мифтік әңгімелері мен ескі жырларынан, көне аңыздары мен ертегілерінен осындай ежелгі өркениеттің ізін тауып, ғасырлар шаңы жасырған шындықты алға тартқан болатын. Мұның бәрі өркениеттің барлық адам қоғамында болатынын және оның адам қоғамына тән екенін көрсетеді. Демек, өркениет адамзат баласымен бірге жасасып келе жатқан құбылыс. Сондықтан оған жатырқай қараудың ешқандай жөні жоқ.

Өркениетті өмірге келтіруші қажеттілік дедік. Сол себепті өркениеттің дамып, жетілуі - адам баласының өмір сүру талабының оны (*өркениетті*) қаншалықты қажетсіну деңгейіне тікелей байланысты. Қажеттілік артқан жерде өркениет те өрге басады, қажеттілік болмаған жерде тоқырауға ұшырайды. Мысалы, Еуропаның үлкен қалаларында тұратын халық тығыздығының артуы әлеуметтік еңбек бөлінісін қажет етті. Еңбек бөлінісі өз тарапынан жаңа мамандықтардың пайда болуын қажетсінді. Жаңа мамандықтар өзіне лайық білікті жаңа мамандарды талап етті. Жаңа мамандар ескі мамандарды ығыстырып, өмір ағысына өзгеріс еңгізетін жаңа тұлғаларды шығарды. Осылайша бірін бірі қажетсінген көп қажеттіліктер қоғам мүшелері рухының мән-мазмұнын өзгертіп, бұрынғыларға ұқсамайтын талабы мол, талғамы зор жаңа адамдарды қалыптастырды. Бұлардың рухынан тасқындаған жаңа өмір бұрынғы ескі арнаны бұзып-жарып, өзіне кең өріс ашты. Сөйтіп жаңа өмір жасампаз күшін тоқтаусыз дамып, толассыз ілгерлеуге жұмсады, өнеркәсіпті қалыптастырып, заманға сай өркениетке қол жеткізді. Бұл - қазіргі әлемді аузына қаратқан Батыс өркениеті еді.

Тіршіліктің осындай қажеттілігін сезінбеген, рухани тығыздықтың қыспағын көрмеген Шығыс халықтары мұндай өзгерістерден тыс қалып, өз өркениеттерін сол баяғы ортағасырлық деңгейден әрі ұзата алмады. Орыс патшалығының бодандығына енгенге дейін Қазақ хандығы да осындай күйде болатын. Бірақ бодан болғанан кейін де өркениетін өрістетіп кете алмады. Өйткені Қазақ елін отарлаған Орыс патшалығының өзі Батыс өркениетіне жаңа

ғана бет бұрған аш өзек күйде еді. Кейін патшалықтың орнын басқан Кеңес өкіметі де бодан елдердің бағын жандырған жоқ. Қолдан аштық ұйымдастырып елін аздырып, халқын қырды, жерін тоздырып шикізат базасына айналдырды.

Қазір, Құдайға шүкір, еліміз Тәуелсіз ел болды. Біздің де әлемдік өркениетке қол жеткізуімізге мүмкіндік туды. Бұл орайда бүгінгі біз жүруге тиісті жол қиыншылығын бастан кешіп, әлемдік өркениеттің өрісіне шыққан, дамудың сара жолына түскен елдердің тәжірибесіне баса назар аудара отырып, өз жолымызды табудың маңызы зор болмақ. Қазір әлем саясаттанушылары таяудағы 15-20 жылдың ішінде экономикалық өсімі және тұтыну қабылеті бойынша Қытайдың Американы басып озып, бірінші орынға шығатынын, ал Үндістанның Жапония мен Еуроодақ елдерін артқа қалдырып, үшінші орынды иеленетінін ашық айта бастады. Ал осы Қытай мен Үндістанның ортағасырлық өркениет деңгейінде қалған Шығыс өркениетінің шеңберінен шығып, Батыс өркениетіне бет бұрғаны күні кеше ғана болатын. Бас-аяғы жарты ғасырға толмайтын уақыт ішінде Батыстың байырғы дамыған елдерінің талайын артқа тастап, әлемнің озық елінің біріне айналып шыға келді.

Міне, осы елдердің тәжірибесі өркениет дегеннің қол жеткізбейтін қиял емес, жүзеге асыруға болатын нақты іс, озық технология екенін көрсетіп отыр. Демек, таяудағы жылдарда ұлттық дәстүрімізге сай халықтық қалпымызға оралып, төл мәдениетімізге табан тірей отырып, әлемдік білімді игеруге қол жеткізу арқылы біздің де осы елдер қатарына қосылуымызға, яғни адамзат өркениеті биігіне көтерілуімізге толық мүмкіндігіміз бар. Оның алғашқы қадамы жасалып та жатыр. Бәсекелестікке қабылеті бар әлемнің 50 елінің қатарына ену – осы игі істің бастамасы.

11. Қазақшылдық өрісі

Қазақшылдықтың мақсат-мұраты қазақ ұлтына қызмет ету болғандықтан, оның өрісінің кеңеюі мен тарылуы сол ұлт адамдарының ұлтшылдығына, қазақшылдығына тікелей байланысты. Адамдардың басым көпшілігі неғұрлым ұлтшыл, яғни қазақшыл болса, атқарылатын істегі қазақшылдық та солғұрлым басым болмақ. Қазақшылдықтың өрісі кеңейіп, бар мәселе ұлт мүддесі тұрғысынан шешіле бастайды. Ал бұған керісінше болса, яғни қазақшыл адамдар аз болса, онда қазақшылдық өрісі тарылып, қазақ халқының ұлттық мүддесі кейінгі ысырылып, өзгелердің аты жүре бастайды.

Ұлт адамының ұлттық мүдде игілігіне қызмет етуі, яғни қазақшылдықты тұтынуы ұлттық дәстүрге негізделген ұлттық тәрбиенің нәтижесінде жүзеге аспақ. Басқаша айтқанда, қазақшылдық ұлттық тәрбиеден бастау алып, білім арқылы өрісін кеңейтіп, ғылым арқылы мән-мазмұнын байытады. Сондықтан сөз соңында осы үш негізге қысқаша болса да тоқтала кетуді жөн көрдік.

Адамға берілер тәрбиенің бастауы тұрмыстағы қарапайым тірліктен, отбасының үлгі-өнегесінен басталатыны белгілі. Басқаша айтқанда, тұрмыстағы қазақшылдық күнделікті үй іші тірлігін ұлттық дәстүрге сай қазақша жүргізу, ұйымдастыру деген сөз. Ерте тұрып, киінуден бастап, қазақша тамақ дайындап, қазақша отырып, ас ішуге дейінгі; үй іші адамдарының өзара қарым-

қатынасының қазақы тәрбие үлгісінде болуынан бастап, қонақ қабылдап, оны күтіп, шығарып салуға дейінгі тірліктерінің ұлттық дәстүр талабына сай жүргізілуінің бәрі қазақшылдыққа жатады. Үй іші тірлігіндегі үйреншікті көрінген әдеттегі ұсақ-түйек іс-әрекеттің қай-қайсысы да отбасы тәрбиесінің қазақшылдық рухта берілуіне елеулі әсер етеді. Содан да болар ата-бабаларымыз мұның бәріне ерекше мән берген. Отбасында қанша адам болса, соның әрқайсысының үй іші тірлігінде атқарар өз жұмысы, өз міндеті бар. Оны әрқайсысы өз мүмкіндіктеріне қарай ешкімнің ескертуінсіз күнделікті өздері атқарып отырған.

Тамақ ішуге отырғанда да отбасы мүшелерінің әрқайсысының дәстүрге сай дастархан басында өзіне лайық тиісті орыны болған. Үй ішіндегілер өз орындарына түгел отырып болмай, тамақ ішілмейді. Жиналып, бәрі отырғаннан кейін отағасы Жаратушыдан отбасының, ел-жұртының амандығын, ырыздық-несібелерінің мол болуын және ішкен-жегеннің бұйыруын тілеп дастарханға бата береді. Содан кейін ғана алдымен үлкендер, сонсоң жастар алдарындағы дәмге қол созады. Ас ішіліп, үйдің үлкені бата беріп, дастархан жиылғанша әркімнің өз қалауынша тұрып кетуіне болмайды. Зәуқайыр отырғандардың біреуінің кезек күттірмейтін асығыс шаруасы болса, оның дастарханның жиналуын күтпей, үлкендерден рұқсат сұрап, олардың келісімін алған соң, «дастарханға береке берсін» деп өзі дастархан қайырып, орнынан тұруына болады.

Жалпы қазақ отбасы үшін киелінің киелісі – жаюлы дастархан. Сондықтан да қазақ дастархан аттатпайды. Атам қазақ «дастархан аттама» дегенде сөздің тура мағынасымен бірге, дәмді құрметтеуге, сол мақсатта жолдағы үйді не ауылды аттап, дастарханынан дәм татпай кетуге болмайтынын да білдірген. Мұнда үлкен мән бар. Ертеректе жолындағы үйге не ауылға соқпай кетіп бара жатқан жолаушыны үй иесі не ауыл ағасы арнайы қуғыншы жіберіп, шақыртып алып, ат-шапан айып төлеткен кездері де болған. Әрине, қазір мұның бәрі қалды. Бұл түгіл күнделікті үй ішіндегі отбасылық тірлігіміздің - отырып-тұруымыз да, тамақ ішуіміз де, киім киюіміз де, бөлмелерді жабдықтауымыз да – бәр-бәрі қазақшылдықтан алшақтап, еуропалық мәнерге ойысып кеткелі қашан. Тіпті қазақ үйінде бұрынғы қалыптасқан дәстүр бойынша балаларымыздың қазір үлкендерге: «ата», «әже», «көке», «апа», «аға», «жеңеше», «тәте» дейтін жүрекке жылы, жанға жақын бауырмал сөздерді айтуының өзі сиреп барады. Олардың орнын «дедуля», «бабуля», «папа», «мама», «браток», «сестренок» сөздері басты. Туыстық жақындықты білдіретін қазақша атаулардың да баланың жанына бауырмалдық сезім ұялатып, өскенде төңірегіндегі ағайын-туысқа, ілік-жегжатқа, ауыл-аймағына мейірімі мол азамат болуына негіз қалайтынын ескере бермейтініміз, әрине, өкінішті-ақ.

Ұлт мерейін асыруда, мемлекет қауіпсіздігін сақтауда тұрмыстағы қазақшылдық тірліктің жәй қарапайым дүниесінің өзі үлкен рөл атқарады. Мұның солай екенін, тіпті беріні былай қойып, бұдан 2200 жыл бұрын өмір сүрген ғұндар (сиуңнулар) өмірінен алынған мына бір жайдан да көруге болады.

Ғұндарға берілген Жүн-шин Иө деген қытай оқымыстысы бірде Ғұн мемлекетінің билеушісі Лаушанға «ғұн әскерінің күші неде? – деген сұрақ қойып, оған өзі былай жауап береді:

«Иө: - Ғұндардың күші еркіндігінде. Көрге үйренген көрге ұмтылады. Төрге үйренген төрге ұмтылады. Ғұндар еркіндікке үйренген. Жердің сонысын, судың тұнығын іздеп, еркін көшіп үйренген елдің баласы үнемі ат үстінде, жұтқаны - таза ауа, жегені - ет, ішкені - қымыз. Тәні сау, жаны таза. Аңсары –ерлік. Қапасқа төзбейді. Үйкүшіктікке көнбейді.

Хан: - Иө, сен мұны маған неге айтып отырсың. Сен олай жайдақтама. Көз алдымдағыны соқыр емеспін, өзім де көре аламын. Сен оқыған адамсың. Мен білмес жұмбақтың шешуін тап. Бүгіннің емес, ертеңгінің сөзін айт.

Иө: - тақсыр, мен де сол ертеңгінің сөзін айтқалы отырмын. Халқының қамын ойламаған хан азады. Ханды хан ететін халық. Халқы жоқ хан болмайды. Сіз де ертеңгінің сөзін айт дегенде сол халқыңыздың ертеңгі тағдыры не болатынын білгіңіз келетін шығар. Егер жассырмай шындығын айтсам, ғұндар, менің байқауымша, бүгінгі бар байлығы – еркіндігінен айырылып, басқа елге тәуелді болады.

Хан: - Сен не деп отырсың? Төңірегінде теңдесі жоқ, бүгінгідей дүркіреп тұрған ғұн елі не үшін басқаға тәуелді болмақ?

Иө: - Сіз қытай киімі мен тамағына үйірсіз. Ал халық сізге қарайды. Хан ұнатқанды олар да ұнатуға тырысады. Сондай киім мен тамақтың өздерінде мол болуын қалайды. Сөйтіп олар ертең әбден үйреніп алған соң, қытай матасынан басқаны кимейді, қытай тамағынан басқаны ішпейді. Сонда мұның бәрін олар қайдан алады. Ғұндарда бұлар жоқ қой. Демек, өзінде жоққа құмарлық өзгеге тәуелді болуға мәжбүрлейді. Ғұндар бүгін қытайдың киімі мен тамағына құмар болса, ертең олардың салт-дәстүрін де өгейсімейді. Сөйте-сөйте ғұндар өздерінің қалай қытайшыл болып кеткенін байқамайда да қалады» (Салғараұлы Қ. Алтын тамыр. 1986. 116-б.).

Қарт тарих Жүн-шин Иө сөзінің шындығын дәлелдеді. Бүкіл Шығысқа әмірін жүргізіп, дәуірлеп тұрған Ғұн мемлекеті ақыры Хән империясының боданы болып тынды. Тарихтың осы сабағынан қорытынды шығармаған кешегі Түрік қағанаты да, Білге қаған айтқандай: **«табғаштың тәтті сөзін малданып, жібегі мен шарабына алданып»** ақырында елдігінен айырылғанын білмей де қалды.

Бұдан шығар қорытынды сол – ұлт үшін, оның дамып, өркендеуі үшін сол ұлттың өзіне қатысты «ұлттық» деп аталатын дүниенің ұсақ-түйегі жоқ екендігі, ел тәуелсіздігін сақтауға, ең арғысы, күнделікті киетін ұлттық киіммен ұлттық тамағына дейін қызмет ететіндігі.

Тұрмыстағы қазақшылдықтың айқын көрінетін бір тұсы қазақтың қонақжайлылығына қатысты. Халқымызды «қонақжай» деп екінің бірі айтқанымен, сол **қонақжайлылықтың ұрпақ өсірудегі үлкен тәрбие мектебі** екенін, өкінішке қарай, сол екінің бірі байыптай бермейді. Қонақжайлылық – қаймана қазақтың қандай жағдайда да бір-бірін жатсынбай, емін-еркін

араласып сыйласуына, этникалық біртұтастығын сақтауына берік негіз қалайтын феномен.

Қонақжайлылық – келген қонақты ашық қабақпен қарсы алып, барынды алдына тосу ғана емес. Мұнда қонақты қарсы алып, амандасудан бастап, қоштасып шығарып салуға дейінгі аралықта, тәрбиесіз жандардың қолына түсе бермейтін қасиеттерді түгел қамтитын, үлкен өнер жатыр, дәстүрдің өнегелі үлгісі жатыр. Берген асынды қонағыңның қымсынбай еркін ішіп, еркін отыруына жағдай жасаудың өзі үй иесінен қаншама біліктілікті талап етеді. Үй иесінің аңқылдаған көңілі, ақтарыла жарылған аstatөк пейілі, орынды сөзі, инабатты қылығы қонағына да еріксіз ой салып, мейман міндеті ас ішіп, аяқ босатушылық қана емес, сонымен бірге осынау жасалып жатқан құрметке лайық бола білу керектігін сезінуіне мүмкіндік туғызады. Осыдан келіп, үй иесі мен мейман арасында екі жақты түсіністік орнап, жарастықты әңгімеге желі тартылады. Сөйтіп үй иесі мен қонақтың білімі мен білігіне, парасат пайымдарына қарай әр түрлі тақырыпта сөз қозғалып, таным талғамы таразыға тартылады. Осындай отырыстардың ортасында болып, сөз тыңдаған баланың алар мағлұматы молайып, өзіндік бір тәрбие метебінен дәріс тыңдағандай болады. Қонағы көп үйдің баласының білікті, көргенді болып өсетінінің сыры да осында.

Тұрмыстағы қазақшылдық іс-әрекеттің қай-қайсы да қазақы тәрбие негізінде өріс тартады. Солардың ішінде ең күрделі де маңыздысы бала тәрбиесіне қатысты. Жалпы қай қоғамда болсын ұрпақ тәрбиесінің алғашқы сабағы балаға әр шаңырақтың өз отбасында берілетіні белгілі. Қазақ қоғамы үшін де солай. Мұндағы отбасында берілетін сабақтың бағдарламасы да, тәрбиелеу тәсілі де ұлттық дәстүрге негізделген. Бұл ретте әр қазақтың отбасын сол үйдің баласының ресми мектепке барғанға дейінгі өзіндік үй мектебі десе де болады.

Ресми мектеп баланы білім нәрімен ауыздандырып, оның жоғары **білімді азамат** болып шығуына жол ашса, отбасы мектебі баланы ата-баба өнегесімен ауыздандырып, оның **білікті азамат** болып өсуіне негіз қалайды. Демек, баланың шынайы сезімі оның бастапқы тәрбиесі кезінде қалыптасады десек, соны ұлттық дәстүрге сай қалыптастыратын осы отбасы мектебі. Басқаша айтқанда, бұл - баланың қазақшыл болып өсуінің, кейінгі үлкен өмірге араласқандағы бүкіл қазақшылдық тірлігінің негізі осы отбасы мектебінде қаланады деген сөз.

Ресми мектептің білім беру сатысы сыныптарға бөлінетіні сияқты, отбасы мектебінің тәрбие беру сатысы – ата тәрбиесі, әже тәрбиесі, әке тәрбиесі, шеше тәрбиесі, аға тәрбиесі, жеңге тәрбиесі болып бөлінеді. Бұл ретте баланың әкесі мен шешесі, атасы мен әжесі, ағасы мен жеңгесі отбасы тәрбиесінде сынып жетекшісінің міндетін атқарса, баланың өскен ортасы жалпы мектеп рөлін атқарады.

Халқымызда қалыптасқан дәстүр бойынша бала тәрбиесінен ешкім тысқары қалмайды. Баланың білікті азамат болып өсуіне оның ата-анасы, ағайын-туғанымен бірге өскен ортасы–ауылы да жауапты. Бала тәрбиесінде желісі

үзілмей бір-бірімен сабақтасып жатқан осы үрдісті (*процесті*) халықтың өзі: «балаға ана - мейір, әке – айбар, әже – қамқоршы, ата – ақылшы, аға – қорған, жеңге – тілектес, ауыл – тез» деп өрнектейді.

Енді осы сөздердің мәніне қысқаша болса да, тоқталып көрелік.

Қазақтың отбасында өмірге келген әр сәби қашан ес біліп, етек жапқанша, негізінен, өзінің шешесі мен әжесінің тәрбиесінде болады. Анасының бесік жыры - әлди-әлдиінен басталып, әжесінің тазалыққа, адалдыққа, кісілікке үндеген ертегісімен көмкерілген қазақы тәрбие баланың көкірегіне адамгершіліктің, ізгіліктің сәулесін ұялатады. Бұл - баланың қалыптасу кезеңінің ана мейірінің шуағынан нәр алып, күн нұрымен құлпырған гүлдей жандүниесінің көрікті болып өсуіне мүмкіндік береді.

Бала оң мен солын тани бастағаннан бастап, қыз - шешесі мен әжесінің, ұл - әкесі мен атасының қамқорлығына көшеді. Шеше мен әже қызының инабатты да өнегелі болып өсіп, ертеңгі күні болашақ жарына адал серік, баласына мейірімді ана болуына қажеттінің бәрін біртіндеп сәтімен үйрете бастайды. Мұндай тәрбие мектебінен шыққан қыз бала үй шаруасына оралымды, төңірегіне жұғымды, ибалы да қылықты болып өседі. Халықтың «ана көрген тон пішеді» деуінің мәні де осында.

Ал әке мен ата ұлын адал еңбекке баулып, ертеңгі күні ел қызметіне ерінбей жегілер Есті азамат болуға тәрбиелейді. Мұндай тәрбие көрген ұл бала ер мінезді, намысшыл болып келеді. Сын сағатта бұғып қалмай, суырылып алға шығып, ел намысын қорғайтындар осылардың арасынан шығады. «Ата көрген оқ жонады».

Балалықтан қол үзіп, бой түзей бастаған бозбала мен бойжеткендер үшін ағайын-туыс арасында тетелес өскен аға мен жеңгеден артық ешкім болмайды. Әсіресе қайнысы мен қайынсіңілісіне еркелетіп ат қойып, ең жақын сырласына айналған жеңгенің орыны да, жөні де бөлек. Өйткені ұл да, қыз да ешкімге айтпайтын жан құпиясын жеңгесіне ашады, одан жасыратындары болмайды. Соған сай жеңгелері де қайнысы мен қайынсіңілісінің жаман атын шығармай, өнегелі азамат атанып, болашақ жарларын дұрыс таңдауына көмектесіп, шынайы тілеулесіне айналады. Ағасы болса, тетелес інісін қасынан қалдырмай, кемшілігін түзеп, жақсылығын жетілдіріп, жамандыққа жол бермес қорғаны болады. Халқымыздың «ағасы бардың, жағасы» бар деуі де содан.

Мұның сыртында, бала тірлігі ауылдастарының үнемі назарында болып, жетістігі үлкендер тарапынан дер кезінде бағаланып, кемшілігі орынды сыналып отырылады. Халықтың әлгі балаға «ауылы – тез» дейтінінің мәні де осында, баланы бүкіл ауыл болып тәрбиелейтінінде.

Дәстүр бойынша бала үшін ауылда ешкім бөтен емес. Сондықтан да ол ауылдағы әке-шешесінен үлкен адамдардың бәрін «әке», «әже» десе, кішілерінің бәрін «аға», «жеңеше» деп атайды. Тәрбие солай. Соған байланысты ауылдың жасы үлкен бір адамы баланың жағымсыз қылығын көріп, оған ескерту жасағанда: «сенің шаруаң қанша, маған ақыл айтатын менің папам емессің ғой» деп бүгінгідей беттен алып, ежірею деген болмаған.

Бала тәрбиесіне қатысты қазақ отбасының баршасына тән ортақ қазақшылдық - әр ата-ана өз мүмкіндігіне, былайша айтқанда, таным-түсінігінің, білім-білігінің шама деңгейіне қарай «обал», «сауап», «адал», «арам» деген қарапайым ұғымдар арқылы балаларының жанына қайырымдылықтың, адамгершіліктің, ізгіліктің, тазалықтың ұрығын егіп бағады. Ал оның өскіні кейін баланың азамат болып қалыптасуының негізгі ұстынына айналады.

Обал деген не? Табиғатпен қойындасып өскен қазақ қоғамы үшін обал дегеніміз өзінді қоршаған ортаның табиғи болмысына (*жанды-жансызын алаламай*) зиян келтіруге, жамандық жасауға, яғни жандыны жәбірлеуге не өлтіруге, жансызды бүлдіруге не құртуға тыйм салатын ұғымдар жиынтығы. Мысалы, жәндікті өлтірме, обал болады. Көкті жұлма, обал болады. Ақты төкпе, обал болады. Ағашты сындырма, обал болады, т.с.с.

Сауап деген не? Бұл да жаңағы обал секілді, бірақ мәні керісінше, яғни сауап дегеніміз өзінді қоршаған ортадағы жанды-жансыздың бәріне бірдей жақсылық жасауға, қамқорлық көрсетуге үндейтін ұғымдар жиынтығы. Мысалы, құстың бұзылған ұясын түзе, сауап болады. Жетім-жесірге қарайлас, сауап болады. Аяқ астында қалған нан қиқымын көтер, сауап болады. Тал ек, сауап болады. Шөлдеген малға уақытылы су бер, сауап болады, т.с.с.

Бұл арада кейбіреулер түсіндіріп жүргеніндей «обал», «сауап» ұғымдарының болмысына қарап, олардың атқаратын қызметін тек діни наным-сенімдердің шеңберінде ғана қарастыруға болмайды. Өйткені олардың мағыналық та, тәрбиелік қызметі бұл түсініктен әлдеқайда кең. Сондықтан «обал», «сауап» ұғымдарын моральдық-этикалық, эстетикалық, тіпті, философиялық, экономикалық категория ретінде қараған жөн. Өкініштісі сол, қазіргі таңда мұны осы мағынада, ұлттың өмір сүру тәсілі ретінде қарастырып, зерттеп жатқан ешкім жоқ. Обал, сауаптың не екенін білмей өскен баланың аяушылық сезімнен ада болып өсерін естен шығармаған жөн.

Ал «адал», «арам» ұғымдарына келсек, олар сан жылдар бойы үстемдік жүргізіп, өз дәстүрлерін өзгелерге зорлықпен таңып келген орыс халқының «жеуге болатын», «жеуге болмайтын» деп бөлетін ұғымының шеңберіне сыймайтын, қазақы түсінікте мәні бөлек, тіпті басқаша ұғым. **Дәстүр қалыптастырған қазақы ұғымда еңбексіз табылған, қиянатпен келген жеуге болатынның да, жеуге болмайтынның да бәрі - арам.** Мысалы, ұрлықпен табылған немесе зорлықпен біреуден тартып алынған нан да арам, ақша да арам, мал да арам, дүние де арам. Бұларды жеуге де болмайды, пайдалануға да болмайды. Ал осылардың бәрі адамның өзінің адал еңбегімен, маңдай терімен табылса, болмаса өзгенің ақ ниет, адал ықыласымен берілсе – адал. Сондықтан бұрын адалды аттамау, арамға жоламау – қазақ баласына тән төл қасиет болған. Күні кешеге дейін, яғни тың көтеру науқаны қызғанға дейін қазақ үйінің есігі құлып дегеннің не екенін білмей келсе, оның негізінде осы қасиет, қазақы тәрбие жатыр.

Міне, осынау қасиетті де қарапайым төрт ұғымды әр ана мейірім шуағын төге отырып, бесік тербеткен әнімен, ұйықтар алдындағы ертегісімен, ақыл

айтуымен, мақтап көтермелеуімен, қажетті жерінде ұрсып-жекуімен, әкені айбар етіп жасқауымен, тиым салуымен баласының құлағына құюмен болған. Дәстүр қалыптастырған тәрбие мәдениетінің уызымен осылайша сәби кезінен ауызданған бала ертең есейіп, жігіт болғанда, қалай дегенде де, жан түршігер жамандыққа бара алмайды. Өйткені ондай әрекетке қадам басар кезде анасы айтқан «обал боладысы» оның алдын орап, «сауап боладысы» санасын сілкіп, «адалдық» ақ туын көтеріп, «арамдықтың» жолын кеседі.

Амал не, бұл дәстүр қазір ұмыт болды. Кешегі кеңестік дәуірде әйелдің құқы еркекпен бірдей дегенді жасанды жалау етіп, аналарды Аллатағаланың өзі берген, Табиғат-ана еншілеген төл құқығынан – бала тәрбиелеу, ел атын шығаратын, халық мақтанышына айналатын азамат өсіру құқығынан айырып, ат мінгізіп, қой бақтырдық; трактор айдатып, жер жыртқыздық; қолына папка беріп, кеңсе басқарттық, әйтеуір істетпегеніміз жоқ. Ал еліміздің ертеңі, өз өміріміздің жалғасы бауыр еті – балапандарымызды қораға қамаған қозыдай, бала бақшаға тапсырып, педучилище бітіріп келген бір жас қыздың бағымына бердік. Өзгені тәрбиелемек тұрмақ, өзіне өзгенің тәрбиесі, ақыл-кеңесі керек, өмірден көрген-білгені аз, ол байғұс бала не істей алмақ, қай балаға қандай тәрбие беріп көгертпек?!.

Ал «қызмет» деп күнкөрістің қамын қуған ата-ананың баласын тәрбиелеуге уақыты болмады, тек әйтеуір кешке сәбиін бір мезгіл көріп, айналып-толғанып аймалағанға мәз. Тіпті, кейбір ата-ананың жұмыстан келіп-кеткенде баласының ұйықтап жататынын, оларды тек жексенбі күні ғана көретінін, онда да үй шаруасымен балаға көңіл бөлуге уақытының болмайтынын айтып, мұңайған сәттерінің куәгері болған кездеріміз де аз емес.

Біз мұны ата-ананы жазғыру үшін емес, керісінше кешегі күні олардың осылай істеуге мәжбүр болған шарасыздығын, бастан кешкен ортақ жағдайдың шындығын жеткізу үшін айтып отырмыз. Осыдан кейін өткенге өзіміздің түк қатысымыз жоқтай: «япырау, бұл қалай, жастар үлкенді сыйлаудан қалды», деп таңқалудың, «бұзылды» деп оларды кінәлаудың орынсыз екенін айтып отырмыз. Егер мәселенің байыбына барып, бала тәрбиесіндегі кемшілігімізді түзейміз десек, жастарды кінәлау орнына, алдымен, солардың солай болуына, тәрбиесіз өсуіне өзіміздің де қатысымыз барлығын жан-тәнімізбен сезіне отырып, алдағы уақытта сол бір кезде жіберген қатемізді жедел жоюдың қамына кірісуіміз жөн болмақ. Ол үшін және велосипед ойлап таппай-ақ, ата-баба дәстүрі қалыптастырған тәрбие шарттарын орындап, соның бәрін бұрынғы қалпына келтірсек, баланы анасының бауырынан ажыратып, аналық мейірдің жылуынан айырмасақ жетіп жатыр. Қалай болғанда да, халқымыздың ғасырлар сынынан өтіп, сыр бермей келген отбасы тәрбиесін қалпына келтірмей, ана көкіректің мейір шуағы арқылы сәбидің жүрегіне ізгілік, мейірімділік, тазалық, адалдық ұрығын екпейінше, шын мәніндегі сенімді болашақ құрылысшыларын өсіруіміз екіталай.

Өкінішке қарай, біз мұның орнына баяғы отарлаушылар жұқтырған дерттің салқынымен әйелдерді қайтадан қоғамдық жұмысқа көбірек тартып, еуропалықтың дақпыртымен гендерлік саясаттың көрігін қыздыра басып жатырмыз.

Сөйтіп әйелдердің бала тәрбиесімен айналысуына тағы да мүмкіндік бермеуге айналдық.

Біз бұлай дегенде әйелдердің орны тек от басы, ошақ қасы деген ойдан аулақпыз. Талабы бар, таланты бар апа-қарындастарымыздың өмірдің қай сала-сында болсын өз қабылетіне сай халқына қызмет етуіне жол ашық болуға тиіс. Ол және дәстүрімізде ежелден бар тірлік. Ел басқарған, ел анасы болған аналарымыз қаншама. Олардың өнегелі өмірі, үлгі болар істері жөніндегі әңгіме әлі күнге ел жадында.

Бұл арада мәселе басқада, кеңестік дәуірдегідей тағы да «ана салада пәлен әйел, мына салада түген әйел болуы керек» деген зиянды теңгермешілікті мақсат етпеуде, оны жоспарлап міндеттемеуде, пайыз қуалауды үрдіске айналдырмауда және әр отбасының ұйытқысы, шаңырақтың құт-берекесі әйелзатына өзінің табиғи міндетін атқаруына жан-жақты мүмкіндік туғызуда болып отыр.

Қазір, жасыратыны жоқ, анасы қызметте жүрген үйдің балаларын телевизор тәрбиелеп жатыр. Олар күн сайын өзімен өзі болып, телевизордан шетелдің ату мен шабудың, зорлық пен зомбылықтың, ұрлық пен кісі өлтірудің небір құпиялы қыр-сырын үйреткен фильмдерін көреді. Солардың аяушылықты білмейтін қатыгез, қанішер кейіпкерлеріне еліктейді. Еліккіш бала қиял солардай болуды, солардай «ерлік» жасауды аңсайды, армандайды. Баса көктеп төрімізге шығып, үміт еткен болашағымыздың санасын улап жатқан Батыстың «мәдени» экспансиясына тосқауыл қойып, рухани азғындаудан арашалап алудың қам-қаракетін жасап жатқан үкімет тағы жоқ. Ал бұл, түптеп келгенде, мемлекеттің бірінші кезекте қолға алар жұмысы болса керек. Ұлттық мемлекетте бүкіл бағдарламасы ұлт тілінде берілетін, ең болмағанда, бір арнаның осы күнге дейін болмауы - кім-кімді болсын ойландыруға тиіс.

Халқымыз адамның отбасынан, өскен ортасынан алған тәлім-тәрбиесі арқылы бойына дарыған ізгілікті қасиетті «білік» дейді. Міне, осы білікті адам кейін оқу-тоқу арқылы жиналар білімге берік негіз ете алса, ол Абай айтатын «толық адамға» айналады. Бірақ «бірі кем дүние», осы кезге дейін білік пен білімнің тізгінін тең ұстап, қазақшылдығымызды қасиеттендіруге баршамыздың бірдей жағдайымыз бола берген жоқ. Оның себептері де белгілі. Бұл арада оны қайталап жатудың қажеті де шамалы.

Жалпы халқымыздың арғы-бергі тарихына барлау жасап, өмір жолына зерде көзімен үңілсек, елімізде халықты жаппай сауаттандыруға арналып, бір жүйеге келтіріліп қалыптастырылған, өзімізге тән ұлттық білім беру жүйесі болмағанын көреміз.

Арғы кезде қазақ балалары мүмкіндігіне қарай ауылдағы молдадан діни негізде сауат ашып, хат таныған. Сәті келіп, қаржысы жетіп, жолы болған бірлі-жарым жастар ғана ел көлемінен шығып, орта және жоғары білім алған.

Бергі кезде қазақ балаларының орыс өкіметі ашқан бастауыш, орта және жоғары мектептерде оқып, жаппай білім алуына мүмкіндік туды. Соның арқасында қазақ елі келе-келе жаппай сауатты елге айналды. Бірақ мұндағы білім берудің негізі ұлттық сипаттан ада, отарлаушылардың өз мүдделеріне сай ұрпақты барынша ұлтсыздандыруға бағытталған, кеңестік идеологияның сойы-

лын соққан, саясаттанған жүйе болатын. Сол себепті осы жүйе бойынша білім алғандардың жақсы маман болып шыққанымен, ұлттық мүддені ойлаудан тысқары қалып, бибауырмалдық (*интернационалистік*) ұранның туын көтерушілерге айналуы заңдылық еді. Ол заманда басқаша болу мүмкін де емес-тін. Осының салдарынан Қазақстан мектептерінде қазақ балалары ұлттық дәстүр өнегесінен тысқары тәрбиеленіп, ұлттық құндылықтардың қадір-қасиетін жете меңгере алмады. Қазақ халқының тарихы қазақ баласына оқытылмады, оқытылғаны өзгенің таным-түсінігімен, өзгенің тілімен жазылды. Нәтижесінде дінсіз, тілсіз ұрпақ пайда болып, жат дәстүрдің жетегінде кетті.

Қазір жағдай басқаша. Қазақ елі тәуелсіздікке қол жеткізді. Өз тағдырын өзі шешетін елге айналды, өмірдің қай саласында болсын біреуге тәуелді болудан құтылды. Осының арқасында, қазір, шүкір, не нәрсені болсын, Тәуелсіз еліміздің мүддесі тұрғысынан кемел ойлап, кең пішуге мүмкіндігіміз бар. Сондықтан Тәуелсіздік берген осы мүмкіндікті, ең алдымен, біздегі қалыптасқан білім беру жүйесін **ұлттық білім беру жүйесіне** көшіруге кеңінен пайдалануымыз қажет. Өйткені, білім - қоғамының алға басуының негізгі тұтқасы. Қазақ қоғамы үшін де солай. Білімсіз ілгерлеу жоқ. Бірақ, сонымен бірге, білім алға басудың негізгі тұтқасына айналу үшін білім беру жүйесі сол қоғамның мүддесінің қажеттілігін өтуге негізделуі тиіс. Олай болмаған жағдайда, білім қоғамның игілігіне қызмет етпейді. Ұлттық білім беру жүйесіне көшудің, оны жедел қалыптастырудың қажеттілігі де сондықтан. Білім берудегі қазақшылдықтың жарқырап көрінер жері де, міне, осы тұс.

Бірақ біз, өкінішке қарай, тәуелсіз ел болғанымызға 15 жыл болса да, әлі күнге ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыруға көңіл бөлмей, баяғы Кеңестер одағының білім беру жүйесін атамыздан қалған мұрадай сақтап, айырылмай жалғастырып келеміз. Ал бұл жүйе ұлттық құндылықтардың бәрін тәрк еткен, жалаң бір кәсіптің мамандарын ғана дайындауға бағытталған жүйе болатын. Сол себепті бұл жүйе әлем өркениетіне өзінің қазақы болмыс-бітімімен шығуды мұрат тұтып отырған бүгінгі қазақ елінің ұрпаққа білім берудегі қазіргі талап-тілегін қанағаттандыра алмайды. Өйткені 260 жыл бодандықта болып, ұлттық болмысынан айырыла бастаған ел үшін жоғалған халықтық құндылықтарын түгендеп, табиғи төл болмысын қалпына келтіру - ең басты міндет. Соның үшін мектептерде, жоғары оқу орындарында оқыту жаппай қазақ тілінде жүргізілуімен бірге, қазақ халқының баласын қаршадайынан кісілікке, ізгілікке, бауырмалдыққа баулитын ұлттық тәрбиесі білім беру ісінің тұғырына айналуы қажет. Әр үйдің отбасы мектебінің тәрбиесі ресми мектеп тәрбиесімен ұштасып, білім берудің өзіндік ұлттық жүйесін құруы қажет. Сонда ғана **біз бүгінгі заман талабын қанағаттандыратын білімді Маман дайындаумен бірге, өзіміздің ұлттық болмысымызға сай халқымыздың рухани қазынасын толық меңгерген, салт-дәстүрін бойына сіңірген білікті Азамат та тәрбиелей аламыз**. Ендігі жерде мектеп – аттестат, университет – диплом беруші ғана емес, сонымен бірге азамат тәрбиелейтін, қоғамның ертеңгі тұлғаларын дайындайтын орын болуы керек.

Тәуелсіз мемлекетіміздің іргесі берік, мерейі үстем болуы үшін ұлттық білім беру жүйесінде ұлттық рух атойлап тұруы шарт. Өйткені Рух – биік асуларды алудың, ірі жеңістерге жетудің, айтулы ерліктер жасаудың қозғаушы күші. Ұлттық білім беру жүйесінде ұлттық рух басым болса, қазақшылдықтың өрісі кеңейіп, білім берудегі оқыту-тәрбиелеу, методикалық ұйымдастыру және ғылыми зерттеу жұмыстары ұлттық мүдде тұрғысынан жүргізіліп, тікелей ел болашағының игілігіне қызмет істейді.

Ұлттық білім жүйесін жасау үшін ұлттық мемлекет болмысының мәнін жете ұғыну парыз. Бізде қазір ерінбеген екіншісі бірі «көпұлтты Қазақстан» деп айтуды әдетке айналдырып алды. Және оны кеңестік идеология жұқтырған дерттің әсерімен мақтанышпен, үлкен жетістік ретінде айтады. Бұл дұрыс емес. Мемлекеттің көпұлттылығы мақтаныш та, жетістік те емес, керісінше сол мемлекеттің басы артық бейнеті, бас ауыртар проблемасы. Тағдырдың жазуымен бір шаңырақтың астына бірігуге мәжбүр болған бірнеше ұлттың әрқайсысының талап-тілегін қанағаттандыра отырып, баршасын ортақ бір мүддеге – мемлекеттік мүддеге ұйыстыру оңай шаруа емес. Халықтар бірлігін, мемлекет тұтастығын, ел тыныштығын қамтамасыз ету үшін, амалсыздың күнінен, бермесінді беруге, қимасынды бөлісуге, айтпасынды айтуға тура келеді. Басқаша айтқанда, қатар бірге бейбіт өмір сүру үшін жан-жағыңмен үнемі есептесіп, көпке ие болу үшін азды құрбан етіп отыруға мәжбүрсің. Басқаға амалың жоқ, тағдырдың басқа салғаны сол.

Ал Қазақстан, кімнің қалай ойлап, қалай айтып жүргеніне қарамастан, көпұлтты мемлекетке жатпайды. Қазақстанда бір ғана ұлт – қазақ ұлты ғана бар. Сонымен бірге тарихи жағдайларға байланысты соңғы бір жарым ғасыр ішінде саясат желінің айдауымен ерікті-еріксіз келіп, қазақ жеріне бауыр басқан басқа ұлттың өкілдері тұрады. Заң жүзінде де Қазақстанды «біртұтас, унитарлы ел» деп атайды. Бұл, басқаша айтқанда, жер - қазақтың жері, ел - қазақтың елі деген сөз. Ол және бүгін емес, ежелден солай. Тәуелсіз мемлекетіміздің **«байырғы қазақ жерінде құрылғаны»** туралы Ата Заңымызда да атап көрсетілген. Арғы тарихын былай қойғанда, Қазақ хандығы шаңырақ көтерген XV ғасырдан бергі уақытта жерімізге қазақ ұлтынан басқа ешбір ұлттың еншілестігі болған емес. Сол секілді әкімшілік-аумақтық бөліністе де басқа ұлттың үлесі жоқ. Бұл – баршаға белгілі, басы ашық мәселе. Олай болса, Қазақстан республикасын «көпұлтты Қазақстан» деп айту қай тұрғыдан алғанда да дұрыстыққа жатпайды. Қазақстанға көпұлттылықты телу - қазақ ұлтының мүддесіне іштей қарсылардың біреулерге жел беріп, емексіту үшін әдейі құйтұрқылықпен айтатын жымысқы әрекеті ғана.

Қазіргі Қазақстан – бір ұлтты, көп диаспоралы мемлекет. Сондықтан Қазақстанда қазіргі уақыт талабына сай атқарылатын жұмыстың, жасалынатын реформалардың, шет елдер тәжірибесінен алынып, енгізілетін жаңалықтардың – бәрі-бәрі осы жалғыз ұлттың мүддесі тұрғысынан жүзеге асуы міндет. Бұл білім беру саласына да тікелей қатысты.

Бірақ, жасыратыны жоқ, біздің бұл саладағы жүзеге асырып жатқан жұмыстарымыздың нәтижесі әзірге ұлт мүддесін көздегендікті көрсетпейді. Оның

басты себебі – ұлттың келешегі жас ұрпақты ұлттық дәстүрге негізделген ұлттық тәрбие тағылымымен тәрбиелеп, әлемдік білім нәрімен жетілдіруді қамтамасыз етуге бағытталған қалыптасқан ұлттық білім беру жүйесінің жоқтығынан болса керек. Соның салдарынан ұлттық тәрбие білім берудің негізіне айналмай келеді. Тәрбиесіз білімнің бір ұлтқа ғана емес, бүкіл адамзат баласына зиянды екенін әл-Фараби бабамыз бұдан мың жыл бұрын ескертіп, **«Адамға бірінші тәрбие беру керек. Тәрбиесіз берілетін білім адамзаттың қас жауы. Ол келешекте адам өміріне және қоғамға үлкен апат әкеледі»**, - деп айтқан болатын. Данышпан бабамыздың айтқанының ақиқаттығына қазір өзіміз де куә болып отырмыз. Жыл сайын жер бетіндегі миллиондаған адамдардың өмірін жаламап жатқан экологиялық апаттар, көрініп келіп алар ажалға айналған рак, спид секілді түрлі індеттердің бәрі сол тәрбиесіз берілген білімнің кесепатты салдары екеніне қазір ешкім күдіктенбейді.

Бұл орайда кешегі Екінші дүниежүзілік соғыстан титықтап шыққан Жапонияның жағдайларын түзеу үшін білім керек екен деп еуропалық білімге жалаң ұмтылмай, ұлттық тәрбиеге ерекше көңіл бөліп, ұлтқа: «жапондық дәстүр, еуропалық білім» деп ұран тастауының үлкен мәні барлығын ескерген жөн. Ұлттық дәстүрге негізделген ұлттық тәрбие өнегесін алған жастар ғана игерген білімін ұлт тағдырының дұрыс шешілуіне жұмсай алады. Әлемнің дамыған елдері тәжірибесі дәлелдеген осы ақиқатты біздің де мойындап, ұлттық тәрбиені мемлекеттік білім беру стандартының тұғырына айналдырып, **«қазақы дәстүр, әлемдік білім»** ұранын ту етіп көтеруіміз қажет. Бұл біздің адамзат өркениетіне өз болмыс-бітімімізбен қосылуға жол ашады.

Қазіргі таңда біздің білім беру саласында өзіндік бет-пішінін айқындауға бағытталған нақты мақсаткерліктен гөрі, солай болсақ деген ниеттен туған жалаң еліктеу басым секілді көрінеді. Реформа жасауда мәселенің байыбына жетіп, алдымен, пайда-зиянын таразылып, екшеп сараптаудан гөрі, науқандық алақұйын асығыстық байқалады. Жоғары білім жүйесінде білім берудің ұлттық моделін жасап, оны тәжірибеден өткізіп жетілдірмей жатып, Еуропаның оқу кеңістігіне кіруге күш салуымыз, түсер суының терең-таяз екенін білмей тұрып, көз жұмып қойып кеткен жүзу білмейтін адамның аусар әрекетіне ұқсайды. Содан да болар, қазіргі таңдағы білім беру саласындағы реформалар жас ұрпаққа замана талабына сай сапалы білім беріп, білімді де білікті маман кадр дайындауды мақсат еткендіктен емес, қалайда шетелдіктерге ұқсау үшін жасалып жатқандай әсер қалдырады. Мұндай жағдайда білім беру нәтижесінің ұлттық мүдде тұрғысынан шешілмейтіні, әрине, заңды да. Мұның солай екенін биылғы, яғни 2006-2007 оқу жылында жоғары оқу орындарына студенттер қабылдаудың қорытындысындағы ұлттық бірыңғай тест емтихандарын тапсырып, мемлекеттік білім грантына ие болғандардың көрсеткіші анық көрсетіп берді. Бұдан, тіпті, ұлттық мәселені былай қойып, жоғары оқу орнына студент қабылдаудың дүниежүзіне ортақ қағидасының өзі бұзылғаны да анық байқалады. Өйткені бұл қағида бойынша **тек кімнің білім деңгейі өзгелерден жоғары, яғни сынақтан өткенде жинаған балы көп болса, сол киелі білім ордасының есігін ашуға хақылы болуға тиіс**. Ал бізде бұған керісінше, үміткердің грант-

қа ие болуының тағдырын білім деңгейінің жоғарылығы емес, оның оқитын оқу орнының қай бөліміне, яғни қазақ не орыс бөліміне түсетіні шешкен. Ең ғажабы, Білім және ғылым министрлігіндегілер орыс бөліміне түсетіндерге ерекше Атымтай жомарттық жасаған. Баланың оқуға түсу-түспеу тағдырын бір балл артық, не кем алғаны шешетін аса жауапты сынақта қазақ бөліміне түсетіндерге қарағанда, орыс бөліміне түсетіндерге бақандай 20-30 баллға жеңілдік берілуі осының айғағы іспеттес. Одан да кереметі, бұл жеңілдіктер әртүрлі мамандық алатындарға емес, бір оқу орнында бір мамандық алатындарға жасалған. Сөзімізге дәлел ретінде баспасөзде жарияланған материал дерегіне жүгінсек, онда, мысалы, үміткерлер арасында конкурсы өте көп болған Мұнай, газ ісі мамандығы бойынша **қазақ бөліміне түскендердің ең төмені 90 балл алса, ал орыс бөліміне түсетіндер олардан табаны күректей 28 балл кем жинап, мемлекет есебінен оқу мүмкіндігіне қол жеткізген.** Бұл жағдай тек мұнда ғана емес, емдеу ісі мамандығын; өңдеу өндіріс технологиясы мамандығын; көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру мамандығын және басқа мамандықтарды игерушілер үшін де осылай болған. Нәтижесінде, егер балл жиынтығы баланың білім деңгейінің көрсеткіші десек, орыс бөліміне түсетіндерден білім деңгейі әлдеқайда жоғары қазақ балалары оқуға түсе алмаған, яғни мемлекеттік білім грантына ие бола алмаған (*«Егемен Қазақстан».* 2006 ж.). Сонда мұны қалай түсінуге болады? Мемлекеттің қазақ бөліміне түсетіндерден гөрі, орыс бөліміне түсетіндерге бұлайша ерекше жеңілдік беріп, айырықша қамқорлық жасалуы неліктен? Әсіресе саясатшылдықтан ба, жоқ әлде орыс тілді мамандарға зәруліктен бе? Болмаса ұлт мүддесін көздеудің жаңа түрі ме? Қалай болғанда да, мұны, білім берудегі қазақшылдыққа жатқызуға болмайтыны анық.

Білім беру жүйесінде қазақшылдық өрісінің кең болуы – «Болашақ» бағдарламасы бойынша шет елдерге барып білім алатын жастарымыз үшін де аса қажет. Бұл өзі - әлемнің дамыған елдерінің қатарына қосылу үшін өндірістің тілін білетін, озық технологияларды іске қоса алатын замана талабына сай әлемдік деңгейдегі білікті мамандар дайындауды мақсат тұтқан бағдарлама ғой. Осы бір жақсы ниеттің жүзеге асуы үшін, яғни сырттан білім алатын жас мамандардың Отанына өз халқының мүддесін ойлайтын ұлттық кадр болып оралуы үшін алдын-ала негіз жасау парыз. Ол үшін қазіргідей тек жақсы оқығандарды іріктеп алып жібере беру жеткіліксіз. Сондықтан, біздің пайымдауымызша, шет елге жіберетін болашақ мамандарды мектепті үздік бітірген дарынды балалар арасынан іріктеп алып, оларды елміздегі ұлттық университеттердің бірінде арнайы оқыту керек.

Бұл арада «арнайы» деуіміздің мәні бар. Өйткені біздегі «ұлттық» деп аталған университеттеріміздің өзінде ұлттық ерекшелік сезіле бермейді. Атына заты сай емес. Сондықтан бір университетті осы мақсатқа арнайы мамандандыру қажет. Сөйтіп мұнда шет елге баратындардың бірыңғай қазақ тілінде білім алуымен бірге, толыққанды ұлттық тәрбие мектебінен өтуіне жағдай жасап, туған халқының өзгеде жоқ асыл қасиеттерін қанына сіңіруге күш салған жөн. Сонда өз халқының рухани қазыналарын терең мегерген, ұлттық дәстүр негізін-

де ұлттық тәрбие көрген, қазіргі заман білімін игеріп, білікті азамат болып қалыптасқан жастардың ертеңгі күні шет елге барып, өзгелердің озық деп дәріптеген жат мәдениетінің жетегінде кетпей, өз мәдениетінің игілігіне қызмет істейтін білікті маман болып оралары даусыз. Мұндай мамандарды, шын мәнінде, ұлттың болашағы десек артық болмас. Ал қазіргі шеттен оқып келгендерге мұны айту қиын. Басқаны қойғанда, ана тілін білмейтіндері қаншама!

Шет елге барып оқитын болашақ жастарды дайындауды мемлекеттік тұрғыдан осылай қолға алсақ, екі бірдей ұтысқа шығар едік. Біріншіден, халқының халықтық асыл қасиеттерін бойына сіңіру арқылы Отанын қалтқысыз беріле сүйген мемлекетшіл маман кадр дайындауға негіз қаласақ, екіншіден, «ұлттық» деп аталғанымен бар болмысымен ұлттық бола алмай жүрген ұлттық университетіміздің, ең болмаса біреуін шын мәніндегі ұлттық университетке айналдырар едік. Кейін ол университет аты әлемге танылған ұлттық жоғары оқу орыны болар еді. Елбасымыз 2004 жылдың 3 қазанында Парламентте сөйлеген сөзінде: «Жапония мен Кореяда өздерінің жоғары оқу орнын бітіргендер, сырттан білім алғандарға қарағанда, жоғары бағаланады. Біз үшін өнеге аларлық мысал», - дегенде осындай жоғары оқу орнының өзімізде болуын, содан түлеп ұшқан түлектің сырт елден бітіргендерден білімі де, білігі де жоғары болып, халқына пайдалы қызмет етуін көздеген болар. Олай болса, білім берудегі қазақшылдық өрісін кеңейтіп, шын мәніндегі халықшыл, мемлекетшіл, отаншыл кадрлар дайындауға уақыт оздырмай мақсаткерлікпен жұмыла кірісу - баршамыздың ортақ міндетімізге айналғаны жөн.

Жоғарыда біз: «қазақшылдықты қандай бір істе болсын жасалынатын іс-әрекеттің қазақ ұлтының талап-тілегіне сай болу, яғни қазақ ұлтына қызмет ету» деген едік. Осы тұрғыдан келгенде ұлттық ғылымды өркендетуде қазақшылдықтың ғылымның бар саласынан көрініс беруі оның ұлт мүддесіне сай дамуына мүмкіндік береді. Ал ұлт мүддесіне сай дамыған ғылым қашанда әлемдік ғылым жетістіктерін өз табиғатына үйлестіре қабылдап, жаңа биіктерге көтерілуге мүмкіндік алады. Бұл, әсіресе, қоғамдық-гуманитарлық ғылым салаларына қатысты.

Осы ретте қоғамдық ғылымдардың негізі әу баста еуропалық таным-түсінік тұрғысынан қаланып, содан өріс тартып, қанат жайғандықтан, адамзат өмірінің әр саласына қатысты жасалынған ғылыми тұжырымдамалардың бәрі бірдей әлемнің өзге халықтарының, соның ішінде Шығыс халықтарының, төл болмысы шындығын өз деңгейінде ашып бере алмай келе жатқанын ескермеске болмайды. Мұндай жағдайлар, әсіресе, әр халықтың жеке тарихына қатысты болғанда, тіпті ерекше байқалады. Байырғы замандарда болған оқиғалар ежелгі Шығыс халықтарының дүниетанымы, өмір сүру ерекшеліктері тұрғысынан талданып, жан-жақты зерттелмей, оларға тек еуропалықтардың таным-түсінігімен кесіп-пішілген баға берілгендіктен, бұл орайда жасалынған ғылыми тұжырымдамалардың сыңаржақтылығы, оны, тіпті, қанша жерден «ғылыми» деп әспеттегенімізбен, көп жағдайда ап-анық көрініп тұратын. Бірақ соған қарамастан, ғылымда үстемдігін жүргізіп келген еуроцентристік бағыттағы ғалымдар өз дегендерінен қайтпай, жасанды тұжырымдарын тарихи шындық ретінде ғылымға ен-

гізіп, соны басшылыққа алуға өзгелерді мәжбүр етумен келді. Ғылымға жасалған осынау қиянатшыл тоңмойындылықты бар саналы ғұмырын көшкіншілер өмірін зерттеуге арнаған орыс ғалымы Л.Н. Гумилев: «XIX ғасыр дамыған өркениетті тек отырықшы халықтар жасаған, ал Орталық Азияны бейне тоқыраушылық болмаса жабайылық пен тағылық жайлады деген тұжырымдаманы бізге мұра етіп қалдырды. Бұл тұжырымдамадағы ең сорақылық - оның қателігінде ғана емес, сонымен бірге оның ешқандай сынауға жатпайтын ғылым жетістігі ретінде ұсынылуында» (Гумилев Л.Н. *Хунну в Китае*. С.-П. 1994. стр. 6.), - деп, сол кездің өзінде-ақ жалтақсыз ашып көрсеткен еді. Алайда XIX ғасырдың осы зиянды «мұрасын» қабылдап алып, сол күйі әрі жалғастырған XX ғасыр да бұл шындықты қаперіне алған жоқ. Сол себепті осындай қате тұжырымдардың ғұмыры ұзайып, ғылымда осыларды негіз еткен біржақты көзқарастар өз үстемдігін жүргізе берді. Ерте замандарда өмір сүрген көшкіншілерді «жабайылар», «тағылар» деп мойындатқан еуропалықтардың ғылымдағы өктемдігі осылай ой сананы құрсаулап, барды көруден, жоқты іздеуден қалдырып, зерттеушілерді сол баяғы ескі сүрлеуді шиырлай беруге мәжбүр етіп қойды. Соның салдарынан көшкіншілердің ежелгі тарихының әлі күнге ақтаңдақтары айқындалмай, шиелі түйіндері шешілмей, Л. Гумилев атап көрсеткендей, Орталық Азия жабайылар мен тағылардың мекені деген ұғым өзгеріссіз қала берді.

Қазір заман да, заң да өзгерді. Тәуелсіз елдің ғалымдарының қатып қалған қағидалар құрсауына шырмалған сана тәуелділігінен құтылып, төл тарихына төл таным-түсінік тұрғысынан үңілуіне мүмкіндік туды. Зерттеудің жаңа арнаға түсуі басқа ғылым салалары секілді Қазақстан тарихын да реформалау қажеттігін алға тартты. Бірақ біз, өкінішке қарай, осы қажеттілікке әлі күнге дейін мән бермей келеміз.

Рас, қазір мемлекет тарапынан экономикалық үлкен табыстарға тезірек қол жеткізуге мүмкіндік беретін нақты қолданбалы технологиялық ғылымдарға баса назар аударылып, соны жедел дамытуға жан-жақты қолдау көрсетіліп, мол қаржы бөлініп отыр. Бұл бүгінгі заман талабынан алып қарағанда дұрыс та. Өйткені әлемдік саудада жаңа, жоғары өнімді технологиялардың, ғылымды көп қажет ететін тауарлардың үлесінің өсіп келе жатқаны бір біз ғана емес, қай елден болсын осылай істеуді талап етеді. Онсыз сұраныстың сұрапыл тегеурініне шыдай алмай, бәсекелестік айналымынан шығып қалу – оп-оңай. Дамыған елдердің ғылыми зерттеулерінің экспортқа бағдарланған салаларға шоғырлануының да бар сыры осында.

Бірақ солай бола тұрғанмен, ұлттың ұлт ретінде сақталып қалуына, оның дамып өркендеуіне негіз қалап, айырықша ықпал ететін қоғамдық-гуманитарлық ғылымдарды да назардан бір сәт тыс қалдыруға болмайтынын да естен шығармаған жөн. Бұл, әсіресе, ғасырлар бойы бодандықта болып, халықтық құндылықтарынан айырыла бастаған біз сияқты ел үшін аса қажет. Ұзақ жылдар азат өмір сүріп, кемелденіп қалыптасқан елдер үшін, бәлкім, қоғамдық-гуманитарлық ғылымдарды екінші, үшінші қатарға ысырып, уақыт талабына сай алғы кезекке нақты қолданбалы технологиялық ғылымдарды қоюы қай тұрғыдан алғанда да ақталатын болар. Өйткені олар біздегідей отарлаушылардың ойранына

ұшырып, ұлттық құндылықтарынан айырылмаған елдер. Оларда біздегідей бұзылған халықтық қалпын қайта қалыптастырып, төл мәдениетіне оралу арқылы ұлттық сананы оятып, ана тілін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын және т.б. сақтап қалуға деген зәрулік жоқ. Ал біз болсақ, бұларға зәруміз. Сондықтан бізге қандай қиындық туғанына қарамастан, нақты қолданбалы технологиялық ғылымдар мен қоғамдық-гуманитарлық ғылымдарды қабат қамтып, қатар дамыту парыз. Алғашқысы - экономиканды ілгері бастырса, кейінгісі ұлттық таным-түсінігінді қалыптастырып, отаншылдығынды оятады. Осы орайда ұрпақты өткеннің өнегесімен тәрбиелеуде қоғамдық ғылымдардың ішіндегі ең маңызды салаларының бірі - тарих ғылымы екені дау тудырмайды.

Алайда солай дегенімізбен, «ең маңызды» деп үкілегенімізбен, егер ақиқатын айтсақ, бүгінгі таңда біздегі бас иесіз, ескерусіз қалып отырған ғылым саласы да осы тарих. Қазақстан сияқты отарлық бұғаудан босап, төл тарихын төл таным-түсінігі тұрғысынан танып-білуге кіріскен елдердің бәрі дерлік тарихтарын бастан-аяқ жаңадан қайта жазып, ұрпағын ұлтының ұлағатты өнегесімен тәрбиелеп жатқанда, біз әлі күнге не істеу керектігін анықтап, бағыт-бағдарымызды белгілей алмай отырмыз. Даурықпа сөз көп те, атқарылған нақты іс жоқ. Мұның бұлай болу себептерін тарих ғылымдарының докторы, профессор **Қамбар Атабаев** жақында Қазақстанның тарих ғылымын реформалау арқылы түбегейлі қайта құрудың теориялық-методологиялық негіздері мен жолдары туралы ой толғаған **«Реформа жасалмай, отандық тарих оңалмайды»** деген проблемалық мақаласында, кеште болса, ашып көрсетіп, «біздің тарих ғылымының методологиялық проблемасы өзінің кең көлемдегі **ең басты зерттеу объектісін** (нысанын) әлі күнге анықтай алмай отырғанын, Қазақстанның тарих ғылымының ұлттық деңгейдегі басты зерттеу объектісі қазіргідей **Қазақстан тарихы** немесе **Отан тарихы** (Қазақстан Республикасының тарихы) емес, **Қазақ тарихы** болу тиіс» (Атабаев Қ. *Реформа жасалмай, отандық тарих оңалмайды* // «Қазақ тарихы». № 1.3-9-беттер) екенін дәлелдеді. «**Қазақ тарихын** жазу ұлттық рухымызды ұлықтау болса, ал **Қазақстан тарихын** жазу негізін патша үкіметі қалап, Кеңес өкіметі ұшар биікке көтерген қазақтарды ұлтсыздандыру процесін одан әрі жалғастыру болып табылатынын» тыңдар құлақ болса, жетесіне жетердей-ақ қылып айтты. Сондықтан бұл мәселені одан әрі қаузап, қайталай айтудың мәні болмас. Сайып келгенде, мәселенің өзі айтуда емес, ғылымның осы саласының алдағы даму бағытын дұрыс айқындап, тарихшылардың ғылыми зерттеу жұмыстарын ұлттық мүддеге сай сай жүргізуіне мүмкіндік беруде ғой. Сонда ол үшін не істеу керек?

Біздің пайымдауымызша, **ең алдымен**, уақытты босқа жібермей, Қазақстанның қоғамдық ғылымдарын, оның ішінде әсіресе тарих ғылымын реформалау арқылы түбегейлі қайта құру мәселесіне арналған республикалық конференция өткізу қажет. Бірақ бұл конференцияны қазіргі қалыптасқан қалыпта өткізуге болмайды. Бірыңғай баяндамалардан тұратын мұндай конференциялардан ғылымға түк пайда жоқ. Өйткені мұндай конференциялар негізінен күрделі бір мәселенің тағдырын шешіп, ғылымды дамытуға үлес қосудан гөрі, ғылыми

атақ-дәрежелер алуға талпынған ізденушілердің өз тақырыбы бойынша баяндама жасап, жарияланған еңбектерінің санын көбейтуіне ғана қызмет етіп келді.

Сондықтан мұндай конференциялардың қорытындылары том-том болып жарияланғанымен, ілуде бірлі-жарымы болмаса, көбісі ғылымға ешқандай жаңалық әкелмейтін. Енді мұндай тәжірибеден бас тартып, конференцияны күн тәртібіне қойылған мәселені жан-жақты талқылап, содан ғылымға пайдасын тигізетін ортақ ғылыми тұжырымға қол жеткізетіндей деңгейде өткізу қажет. Ол үшін конференцияның тақырыбы бойынша бір негізгі және бір қосымша баяндама ғана жасалып, қалған уақыт сол баяндамаларды талқылауға арналуы керек. Сонда конференцияға шақырылған, осы мәселемен тікелей айналысып жүрген мамандардың өз пікірлерін ортаға салуына, сол арқылы ортақ бір шешімге келуіне мүмкіндік туады. Тәуелсіздік алғаннан бері арнайы бірнеше басқосулар өткізгенімізбен, әлі күнге Қазақ хандығының қай жылы құрылғаны жөнінде нақты бір тоқтамға келе алмай жүргеніміз де тарихшы ғалымдардың ой-пікірін осылай ортақ бір арнаға тоғыстыру мүмкіндігін жасамағанымыздан болса керек.

Екіншіден, қандай істің болсын дер кезінде жүзеге асуы - білікті маман кадрға байланысты екені белгілі. Бұл тарих ғылымына да қатысты. Бұл ретте елімізде ұлттық таным-түсінігі дұрыс қалыптасқан, деректану ғылымын терең меңгерген, кәсібіне берілген маман кадрлар тапшылығы анық байқалады. Қазіргі кәсіпқой тарихшылардың дені бұл талапқа жауап бере алмайды. Оның себептері де белгілі. Қазақстанда күні бүгінге дейін халқымыздың тарихының бастау кезеңінде тұрған скиф-сақ, ғұн және ортағасырлық түрік халықтарының тарихы бойынша маманданған, есімі елге танылған, ең болмаса, бір ғалымның жоқтығы соның дәлелі. Бір ғажабы, тарихшы Б. Аспандияров бұдан жарты ғасыр бұрын: «қазақ тарихшылары барлық түйткілдерді ашуға мүмкіндіктерін толық жұмылдыра алмай отыр. Әр кезде әрқалай айтылып, таптаурын болған дерексымақтардан құралған кенеусіз кітаптарға сілтеме жасаудан аса алмайды» (*Б.Аспандияров Топонимикалық атаулардың кейбір этимологиясы // «Жас қазақ». 20.х.2006 ж.*), - деп жазған екен. Содан бері соншама уақыт өтсе де, сол жағдай сол күйі өзгеріссіз қайталанып келеді. Демек, бұл да ұлттық таным-түсінігі мол білімді маман тарихшыларды даярлау – осы бағытта істелінер жұмыстың ең бастысы болуға тиіс екенін айғақтай түседі. Өкінішке қарай, бұл ретте әзірге шөп басын сындырған жоқпыз.

Тәуелсіздік алғанымызға - 20 жыл. Содан бері, ең болмағанда, көне тарихымыздың шындығын жалғандық қауызынан аршып, ақиқатын ашып көрсетуге өзіндік үлес қосар төрт-бес маман даярлап алуға болатын еді. Оған да қол жеткізе алмадық. Уақыт болса, зымырап өтіп жатыр. Мұның бәрі елімізде жоғары білім берудің ұлттық жүйесінің қалыптаспағанының салдары болса керек. Біздегі жүйе, жоғарыда айтқанымыздай, баяғы Кеңес Одағының ұлтсыздандырылған, сол арқылы ұлтсыз ұрпақ тәрбиелеуге бағытталған жүйе ғой. Осы жүйе бойынша кәсіби мамандық алғанымен, ұлттық құндылықтардың құнарлы нәрімен ауызданбаған, ұлттық тәрбие қуатын бойына сіңіре алмаған ұрпақтан шыққан ғалым ұлттық негіздерге табан тіреген ғылымды қайдан жасай алмақ. Сон-

дықтан олар өмір бойы өзі тәрбиесін көрген еуропалық таным-түсініктің шеңберінен шыға алмай, қалыптасқан қағидалардың жетегінде кетуге мәжбүр. Осының бәрі, сайып келгенде, ғылымдағы қазақшылдықтың өріс жая алмай отырғандығынан.

Үшіншіден, қазақ халқының тарихы жаңадан қайта жазылуы керек. Ол үшін ғылыми зерттеу институттары мен ғылыми зерттеу орталықтары жаңадан жазылатын оқулықтарға пайдалынатын материалдарды дайындап, даулы мәселелердің басын ашып, бір жүйеге келтіруі керек. Сонан соң осы дайындалған материалдарды пайдаланып, студенттердің талғам-танымын, қабылдау қарымын білетін ұстаз-ғалымдарға жаңадан, уақыт талабына сай оқулықтар жаздыру қажет. Өйткені бұл істі теоретик-ғалымдар атқара алмайды. Оқулықтарда қателіктер, жаңсақтықтар, ала-құлалықтар болмауы үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанынан арнайы эксперттік комиссия құрылғаны жөн. Мұның бәрі қоғамдық негізде емес, арнайы қаржы бөлініп, нарық талабына сай жасалынуы керек.

Төртіншіден, еліміздің гуманитарлық ғылымдарын жүйелеп, ұлттық бір қалыпқа түсіріп алғанша, ізденушілерге тек аса қажетті ділгер тақырыптарды ғана беріп, жалпы ғылымға керек болғанымен, қазіргі жағдайымыздың сұранысына тікелей қажетсіз тақырыптарды саналы түрде кейінге қалдыру керек. Аса қажетті тақырыптардан қорғату - аса зәру мамандарды дайындау деген сөз.

Осы орайда ескерте кетер жайт, айтқанымыздың ұғынықты болуы үшін біз бұл арада ойымызды қоғамдық ғылымның бір саласына, яғни тарихқа ғана байланыстырып айтқан болдық. Мұндай жайлардың ғылымның қай саласына болса да қатысты екенін ескерген жөн. Өйткені ұлттық ғылымда ұлттық мүддені көздеген қазақшылдық әрекеттің болу қажеттілігіне ешқандай күдік болмаса керек.

Мұның бәрі ертең емес, бүгін істелетін шаруалар. Оны жүзеге асыру және басқаның емес, ұлтын сүйетін, халқын сүйетін бүгінгі қазақ жастары Сендердің міндеттерің. Ғасырлар бойы атқарушысын күтіп келген елдік істі тындыруды Тағдырдың Сендердің еншілеріңе жазғанын ұмытпаңдар!

Іске сәт, бауырлар!

Ең соңында айтарымыз, бұл дүниеде тәуелсіздікті армандамаған, тәуелсіздік жолында қолына қару алып күреспеген халық жоқ. Біздің бабаларымыздың да бар өмірі сол күреспен өткені белгілі. Тәуелсіздік дегеніміз ауыздықталмаған асау тұлпардай, оның жалына көптің қолы жеткенімен, талайлар тізгінге ие бола алмай, аттан аударылып түсіп, қайтадан тәуелділіктің қамытын киіп жатты. Бұл тұлпарға қолы жеткен кімнің болса да ең алдымен еркі мен қайраты, білім мен білігі, елі мен жерін сүйген, соларға адал қызмет етемін деген жүрегі, шынайы патриоттық сезімі болуы міндетті. Адам мен жылқы малының қанша түрлі мінезі болса, тәуелсіздіктің де сонша саласы болады. Солардың барлығын игерген ел ғана тәуелсіздіктің қызуына жылынап, оның адамзатқа ұсынар рахатын көрмек.

Жас ұлан, Сенің соған жетуіңе біз тілектеспіз!

МАЗМҰНЫ

1. Авторлардан.....	4 б.
2. Тәуелсіздік басы- тәрбиеде.....	6 б.
3. Дін іліміне кіріспе	92 б.
4. <i>Иудаизм діні</i>	98 б.
5. <i>Индуизм діні</i>	101 б.
6. <i>Буддизм діні</i>	102 б.
7. <i>Даосизм діні</i>	104 б.
8. <i>Конфуции ілімі</i>	106 б.
9. <i>Христиан діні</i>	107 б.
10. <i>Православие діні</i>	112 б.
11. <i>Ислам діні</i>	115 б.
12. <i>Зороастризм діні</i>	124 б.
13. Құқықтық тәрбиенің кейбір мәселелері	141 б.
14. Елдік негіздері	156 б.
1.Қазіргі ахуал.....	157 б.
2.Қазақы болмысқа оралу дегеніміз не?.....	169 б.
3.Қазақшылдық дегеніміз не?.....	171 б.
4.Ұлт дегеніміз не?.....	173 б.
5.Ұлттық сана дегеніміз не?.....	174 б.
6.Ұлттық мүдде дегеніміз не?.....	176 б.
7.Ұлттық намыс дегеніміз не?.....	177 б.
8.Ұлттық мінез дегеніміз не?.....	178 б.
9.Ұлттық дәстүр дегеніміз не?.....	180 б.
10.Ұлттық мәдениет және өркениет дегеніміз не?.....	188 б.
11.Қазақшылдық өрісі.....	192 б.
15. Мазмұны.....	209 б.

Қ.Салғараұлы, Қ.Орманов, М.Ибрашев

ЖАДЫНДА БОЛСЫН, ЖАС ҰЛАН

немесе
тәрбие туралы ойлар

Басылуға 29.02.2012 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x84 1/16. Көлемі 13 б.т.

Таралымы 20 дана. Тапсырыс № 199

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының
баспаханасында бастырылды
110000, Қостанай қаласы, Таран көшесі, 118

Авторлар жасаған оригиналдан көбейтілген